ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Республиканские педагогические чтения

ЛЕТОПИСЬ ВЕКОВОЙ ИСТОРИИ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХИ ШЕЖІРЕСІ

Республикалық педагогикалық оқу

ЖИНАҒЫ

Қостанай қаласы
3 мамыр 2017жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында жинақталған

Составлено на базе Республиканского центра «Дошкольное детство» Министерства образования и науки Республики Казахстан

Редакция алқасы:
Игенбаева Б.Қ., п.ғ.к., доцент
Ерманова М.Н.
Бликова Ж.Б.
Хаменова М.О.
Мукушева Г.О.
Шотбайқызы А.

«Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» республикалық педагогикалық оқулары жинағы / «Летопись вековой истории дошкольного образования в Казахстане» сборник Республ. педагогическ. чтениях. Астана, 2017 жыл, 3 мамыр. – Астана, 2017. – 424 б.

Жинаққа «Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» республикалық педагогикалық оқуларына қатысушылардың баяндамалары және мектепке дейінгі білім беру саласындағы қызметкерлерінің ұсынған мақалалары енгізілді.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
Республикалық орталық, 2017

I СЕКЦИЯ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Б.Қ.Игенбаева
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Еліміздің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің қалыптасуы тарихи күрделі даму кезеңдерінен өтті. Оның мазмұны қоғам дамуының бағыт-бағдарына қарай жаңарып, заман талабына сай өзгеріп отырды.

Тарих беттерін парақтайтын болсақ, 1917 жылы желтоқсан айында Кеңестік Халық ағарту комиссариатының баланың туылған сәтінен бастап, оны жан-жақты дамытуды іске асыру қажеттігі айтылған «Мектепке дейінгі тәрбие туралы» декларациясы жарияланды.

1919 жылғы Коммунистик партияның VIII сьезінде қабылданған бағдарламада бала тәрбиесі мәселесін жетілдіру мақсатында мектепке дейінгі мекемелердің желісін құру: ясли, бақша ашу міндеттері белгіленді. Сөйтіп осы жылы Кеңес халық ағарту комиссариаты балаларды тәрбиелеудің маңызды факторы ретінде мектепке дейінгі мекемелердің жұмысын ұйымдастыру, әйелдерді социалистік құрылыстың барлық саларына тарту мәселесі қарастырылған «Біріңғай еңбек мектебінің ережесі» және мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі қағидалары нақтыланған алғашқы «Инструкция по ведению очага и детского сада» нұсқаулығы ұсынылды.

1929 жылы Кеңес халық ағарту комиссариатының «Мектепке дейінгі мекеменің мектеппен байланысы және жұмысты жоспарлау туралы» әдістемелік хаты жіберілді. Осыдан кейін «Мектепке дейінгі мекемелерге арналған бағдарлама» әзірлеу жұмыстары қолға алына бастайды. Сөйтіп, 1932 жылы мектепке дейінгі педагогика және психология саласындағы ғалымдардың, педагог мамандардың қатысуымен мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының алғашқы жобасы әзірленеді.

Кеңес Үкіметінде мектепке дейінгі тәрбиенің сапасын жақсарту үшін балабақша жұмысының ғылыми негізделген бағдарламасын жасаудың маңызы зор болды. Әрбір бағдарламалық материал белгілі тарихи кезеңде пайда болып, мектепке дейінгі тәрбиенің теориясы мен практикасының дамуының деңгейін айқындап берді.

Бұл құжат қызмет түрлеріне сәйкес мынадай бөлімдерден тұрды: қоғамдық-саяси тәрбие, еңбек тәрбиесі, музыкалық-қимылдық тәрбие, бейнелеу әрекеті, математика, сауат ашу. Осы Бағдарламаның шығуы мектепке дейінгі мекемелердің жұмыстарын реттеуге, педагог-тәрбиешілер қызметінің бағытын айқындауға және білімін кеңейтуге мүмкіндік берді. Бірақ бағдарламадағы әрбір бөлімі бойынша қарастырылған біліктер мен дағдылардың көлемі шағын болған.

1934 жылы жетілдірілген «Тәрбиелеу бағдарламасы» шығарылады. Онда балабақшадағы балалармен жүргізілетін жұмыс мазмұны, оны ұйымдастыру жолдарына баса назар аударылған. Ол мынадай бөлімдерден тұрған: қоғамдық тәрбие, дене тәрбиесі, сурет салу, мүсіндеу, тіл дамыту, кітаппен жұмыс,

табиғат туралы білім негіздері, алғашқы математикалық түсініктерді қалыптастыру, сауат ашумен айналысу. Бірақ бұл бағдарламаның да кем тұстары болды, олар: күрделі танымдық материал күрделі, балалардың жас ерекшеліктері ескерілмеген, педагогикалық процесті ұйымдастыруда тәрбиешінің жетекші рөлі толық айқындалмаған.

Кеңес Одағы Коммунистік партиясы орталық комитетінің «Халық ағарту комиссариаты жүйесіндегі педагогикалық бұрмалаушылық туралы» 1936 жылғы 4 маусымдағы қаулысына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие бойынша жаңа бағдарламалық құжат жасау қажет болды.

Осыған байланысты 1938 жылы «Балабақша тәрбиешісіне арналған нұсқаулық» шығарылды. Онда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу міндеттері айқындалды. Балалардың жас ерекшеліктері, тұлғаны жан-жақты дамыту туралы айтылды. Бірақ Нұсқаулықта балалармен ұйымдастырылатын жұмыс мазмұны жас топтарына сәйкес емес, тәрбиенің жеке бөлімдері бойынша анықталған. Дене, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесі Нұсқаулықта жан-жақты қарастырылмаған, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселелері ғылыми негізделмеген, ата-аналармен жұмыс түрлері қамтылмаған.

1953 жылы тәрбиелеу-оқыту жұмысының сапасын арттыру және балаларды мектепке даярдау мақсатында балабақшада оқытуды енгізуге байланысты «Нұсқаулық» қайта өңделіп, бағдарлама ретінде тәрбиешінің басқаруымен ұйымдастырылған сабақтарда балалар игеретін білім беру мазмұны нақты берілген.

Онда психологиялық, педагогикалық ғылымның жаңа жетістіктері, озат тәжірибелер, сондай-ақ балаларды ана тіліне оқытудың, оларды қоршаған ортамен таныстыру, музыкаға тәрбиелеу ескерілген. Балалардың анатомиялық, физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері ескеріліп, кіші (3-4 жас), ортаңғы (5 жас) және ересек (6 жас) топтарға арналып әзірленген. Сондай-ақ балалардың денесі, ақыл-ойы, адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбек және көркем сөйлеуге тәрбиелеу, ойын әрекетіне басшылық жасау және т.б. көрсетілген.

1959 жылы 21 мамырда Коммунистік партия орталық комитеті мен СССР Жоғарғы Кеңесі ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу туралы ғылымның қол жеткен даму деңгейін ескеріп, «Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің болашақ дамуы және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оларға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда Үкімет жергілікті жерлердің жағдайлары мен мүмкіндіктерін ескеріп, мектепке дейінгі мекеменің екі типін: ясли мен балалар бақшасын - біріңғай мектепке дейінгі мекемеге (ясли-бақша) біріктіруді және мектепалды мен мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің біріңғай бағдарламасын әзірлеуді ұсынды. Бағдарламаны әзірлеу Кеңес одағы педагогикалық ғылым академиясы мен медицина ғылым академиясына бірге жасау тапсырылды.

1960 жылы мектепке дейінгі білім беруді ғылыми қолдауға маңызды үлес қосқан Кеңес Одағы педагогика ғылымдарының академиясы құрылды.

Мектепке дейінгі педагогика, балалар психологиясы және әдістемесін дамытудағы жетістіктер мектепке дейінгі тәрбие практикасы үшін барынша жетілдірілген құжаттың жасалуына негіз болды.

Осылайша, 1962-1965 жылдары Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің дамуы мен қалыптасуында үлкен бетбұрыс жасалды. 416 мың бала қамтылған мектепке дейінгі мекеменің желісі 5054-ке жетті. 1963-64 оқу жылы еліміздің мектепке дейінгі мекемелері Кеңес Одағы ағарту министрлігі бекіткен «Балабақшадағы тәрбие бағдарламасы» ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мемлекеттік құжат ретінде қолдануға ұсынылды.

«Балабақшадағы тәрбие бағдарламасы» - мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу-оқыту жұмысының мақсаты мен міндеттерін және мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжат болып танылды. Бағдарламада жалпы халықтық білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы, жаңа адамды, коммунистік қоғамның болашақ белсенді құрылысшысын қалыптастырудағы балабақшаның рөлі сипатталып, мектепке дейінгі мекемелердегі әрбір жас тобында тәрбиелеу-оқыту мектепке дейінгі баланы жан-жақты дамытуға бағытталған педагогикалық процестегі тәрбиешінің жетекші рөлі көрсетілген. Аталған бағдарламаға сәйкес әрбір одақтағы республикада жергілікті ерекшеліктерді (ана тілі, ұлттық дәстүрлер және т.б.) ескеріп, өз бағдарламалары жасалды.

Осы бағдарлама одақтас республикаларда соның ішінде Қазақстанда да 1964 жылы қосымшалар мен өзгерістер енгізіліп қайта басылып шығарылды. Дене тәрбиесі бөлімі сабақтарда, серуен кезінде, қимылды ойындар барысында балалардың қимыл белсенділігін ынталандыратын жаттығулармен толықтырылды, таңғы жаттығудың балаларды сауықтырудағы мәні күшейтіліп, оның ұзақтығы артты. Жылдың суық және жылы кезеңдері ескеріліп, барлық жас топтарына Күн тәртібі құрылды. Қазақстанда мәдени-тарихи және өлкетану бағыттарымен жұмыс бөлімдері қосылды.

Еліміздегі мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесін дамытуда 1984 жылдың мамыр айындағы Кеңес Одағы Министрлер Кеңесінің «Мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиені одан әрі жақсарту және балаларды мектепке даярлау туралы» қаулысының маңызы зор болды. Онда мектепке дейінгі мекемелер желісін кеңейту жоспарланып, тамақтандыруға шығыннның барынша жоғары нормалары енгізілді, баланы күтуге төлем ақының өлшемі қарастырылды, тәрбиешілердің еңбекақысын едәуір көтеру қарастырылды, ясли және ересек топтардағы тәрбиешілердің, медицина қызметкерлерінің теңестірілген демалысы белгіленді.

Реформаның негізгі ұстанымдарына сәйкес мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиені жетілдіру бағыты айқындалған 1984 жылы жаңа «Балабақшада тәрбиелеу мен оқыту» типтік бағдарламасы шықты. Бағдарлама баланың жасына сәйкес педагогикалық процестің тұтастығы, үздіксіздігі, тәрбие мен оқыту мазмұнының ғылымилығы, олардың бірлігі, жүйелілігі, сабақтастығы ескеріліп әзірленген. Тәрбиелеу-оқыту жұмысының көлемі екі бөлім бойынша «Балаларды тәрбиелеу және тіршілік әрекетін ұйымдастыру», «Сабақтарда оқыту» берілген. Осы бағдарлама қазақстандық ғалымдар мен педагог

мамандардың қатысуымен өңделіп, қазақ тіліне аударылып, қазақ балабақшаларына құжат түрінде берілді. Екінші сәбилер тобынан бастап, бағдарламаға қазақ халқының ертегілері, халық ауыз әдебиеті (жұмбақтар, мақал-мәтелдер), қазақ жазушыларының шығармалары енгізілді.

Ал Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің дамуына және балабақшалар желісін кеңейтуге өздерінің сүбелі үлесін қосқан, құнды әдістемелік оқу құралдарды әзірлеген Н.Құлжанова («Балабақшадағы тәрбие», «Ана мен бала»), Б.Баймұратова («Біздің кітап», «Мектепке дейінгі ұйымдарда және отбасында баланың тілін дамыту әдістемесі», «Баланы мектепке қалай даярлауға болады?» т.б.) және А.К.Меңжанованың еңбектері осы күнге дейін мектепке дейінгі жастағы бала тәрбиесінде маңызын жойған жоқ.

1992 жылы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институты Мектепке дейінгі білім беру зертханасында «Балбөбек» бағдарламасы (М.С.Сәтімбекова, Б.Баймұратова, Ф.Жұмабекова) әзірленіп, бірнеше жыл бойы эксперимент алаңдарында сынақтан өткізілді. Нәтижесінде мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің дәстүрлі әдістемелік жүйесі қалыптасты.

2006 жылы «Балбөбек» бағдарламасы өңделіп, толықтырылған нұсқасы қайта басылды. Бағдарламада көзделген басты мәселе - балабақшада тәрбие мен білім беруді кіріктіре жүргізу, апталық жүктемені азайту, балаларды еңбекке баулу, ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу болды.

Соңғы онжылдықта «Қарлығаш», «Қайнар», «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» т.б. білім беру бағдарламалары әзірленіп, кеңінен қолданылып келді.

2013-2014 жылдары қолданыстағы білім беру бағдарламаларының саны мен сапасы бойынша жүргізілген зерделеу жұмысы олардың атауы түрленіп, санының артып отырғанын көрсетті. Баламен ұйымдастырылатын жұмыс түрлеріне, тақырыптық жоспарлауға, қосымша білім беруге арналып, әр түрлі бағытқа ие бола бастағаны, жекеленген тақырып аясында әзірленген авторлық бағдарламаларға айналғаны анықталды.

Сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мазмұны бойынша шетел тәжірибелері де зерделенді.

Мемлекет/жас		**1**	**2**	**3**	**4**		**6**	
Ресей	ФГОС							
Финляндия	Мектепке дейінгі оқыту бағдарламасы							
Германия	Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тәрбиелеу бойынша білім беру ұсыныстары					15 жасқа дейін		
Ирландия	Балалардың білім беру бағдарламасы							
Жапония	Балаларға күтім көрсететін орталықтарға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы							
Белорусь	Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы							
Шотландия	Перинаталдық кезеңнен үш жасқа дейінгі - педагогикалық кадрлар үшін нұсқаулық			Жетістікке жету бағдарламасы		18 жасқа дейін		

Мониторинг нәтижелері ғылыми қызметкерлермен, мектепке дейінгі білім беру саласының мамандары және тәжірибелі педагогтарымен түрлі республикалық және өңірлік іс-шараларда талқыланды.

Нәтижесінде республикадағы білім беру жүйесін жаңғырту аясында, нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді қажет ететін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын және білім беру үдерістерінің әдістерін жаңарту туралы шешім қабылданды.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарты жаңартылды, оның негізінде 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі құрылымды толық қамтитын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы (ҚР БҒМ №499 бұйрығы 2016 ж.) әзірленіп, еліміздегі мектепке дейінгі 77 ұйымда сынақтан өткізіліп, 2016 жылдан бастап, еліміздің барлық өңірлеріндегі мектепке дейінгі ұйымдарда қолданысқа енгізілді.

Аталған Үлгілік бағдарламаның мазмұны жоғарыда зерделенген білім беру бағдарламаларының ұтымды тұстары мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін «Мәңгілік ел» идеясына негізделді, заман талабына сай баланың дамуына қажетті жағдай туғызуды қарастыратын дидактикалық ұстанымдарға сәйкес құрылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының құрылымы мен мазмұнындағы және оның әдістемелік кешенінің басты ерекшеліктері:

- балалардың жас кезеңдерінің ескерілуі;
- білім беру салаларының өтпелі тақырыптар арқылы кіріктірілуі;
- баланың білім, білік және дағдыларының жасына сәйкес даму деңгейінің көрсеткіші - күтілетін нәтижеге бағдарлануы;
- білім беру үдерісінің өтпелі тақырыптар жүйесімен ұзақ мерзімді (перспективалық) және қысқа мерзімді (циклограмма) жоспарлануы;
- баланың бағдарлама мазмұнын игеру деңгейін анықтаудың әдістемелік ұсынымдарының жүйеленуі.

Осы бағыттағы тәрбие мен оқыту мазмұнын балаға игерту, оларды тәрбиелей отырып, мектепке оқуға даярлау кәсіби қалыптасқан педагогтың құзырындағы жауапты қызмет екені баршамызға мәлім. Іске сәт, әріптестер!

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпығаміндетті стандарты, 2015 ж.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2016 ж.

3. Ильясова А.Н. Становлние и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг), Алматы, 1997.

4. Храпченков Г.М. К вопросу о методологических основах историко-педагогических исследований. – Қайнар, 1997.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Ф.Н.Жұмабекова, п.ғ.к, доцент
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

«Мәңгілік ел»– ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті»– деді Елбасымыз.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен келешекке жаңаша көзқарасы бар жас ұрпақты дер кезінде ең қымбат адами көзқарастар негізінде рухани-адамгершілік, имандылық ізгі қасиеттерге баулу қажет»–деген, еліміздің болашағы өскелең ұрпақ қолында екенін, жақсы тәрбие беру барысында жас ұрпаққа адамзаттық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеуді мектепке дейінгі ұйымдардан бастау керек.

Президентіміздің қазіргі кезде басты назар аударған бір мәселесі– бүгінгімақтанышымыз, ертеңгі келер ұрпағымыздың тәрбиесі. Өйткені, бала– өмірдің сәні, бақыттың нысаны, ертеңгі күнді жалғастырушы ұрпақ. Ұрпақ тәрбиесі–келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени–ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу– педагогтардың міндеті. Ал, қазіргі кезде ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатыгездікке құрылған фильмдердің еркінде кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз? Бүгінгі таңда бұл сұрақ ұлтымыздың болашағын ойлайтын, санасы сергек барша қауымды толғандыруда.

Толғанысты ой, тартымды пікір, шешімін күтіп тұрған көкейкесті мәселелер көптеп саналады. Осыған орай, мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің тарихи шежіресіндегі жеткен жетістіктеріміз атап айтар болсақ.

Егемендік алғанға дейінгі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тарихы мен дамуын зерделеген зерттеулер: Н.Құлжанова (1887-1939), Г.П.Охотская (1917-1941), Р.М.Жұмағожина (1941-1945), Н.И.Храпченкова «1946-1980), Меңдаяхова (1958-1980), В.Н.Андросова, Л.И.Давиденко (1980-1990), Б.Б.Баймұратова (1970-1999) т.б. еңбектерде сипатталды.

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қоғамдағы әлеуметтік рөлі мен оны дамытудың мәселелерін қарастырған ғалымдар: Т.Ж.Қалдыбаева, В.Н.Андросова, Р.К.Аралбаева, Б.О.Арзанбаева, Ә.С.Әмірова, Б.Б.Баймұратова, С.Г.Бәтібаева, А.Б.Бақрединова, Н.Б.Баримбеков, М.С.Сәтімбекова, Г.Х.Дүкенбаева, А.К.Меңжанова, Г.Ж.Меңлібекова, Қ.М.Меңдіаяқова, А.Е.Мәнкеш, Г.Метербаева, М.Т.Тұрсыкелдина, Т.А.Левченко, Х.Т.Шерьязданова, С.Н.Жиенбаева, Ф.Н.Жұмабекова, М.Оспанбаева, Р.Қ.Керімбаева, А.Ж.Салиева, Ш.Сапарбаева, Н.С.Сайлаова, Ғ.З.Таубаева, Ұ.Төленова, Т.И.Иманбеков т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Қазіргі кезеңде қарқын алып отырған мемлекеттік деңгейде шешімін табуға ықпал етіп отырыған «Балаларды мекепке дейінгі оқыту мен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы дайындалып онда мектепке дейінгі тәрбиенің күшті және әлсіз жақтары атап көрсетілді.

2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі, мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған жалпыға міндетті стандарт, тұжырымдамалар мен жаңа тұрпатты бағдарламалардың дайындалуы, ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік мүмкіндіктердің тиімді тенденцияларын, қағидаларын, негізгі бағыттары мен күтілетін нәтижелерін, оны іске асырудың кезеңдері мен шарттарының бірлігі қамтамасыз етілуде.

Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 100 жылдық мерейтойының қарсаңында атқарылар ауқымды істер, зерттеуді қажет ететін, зерделеуде зеректік танытатын мәселелер жеткілікті. Атап айтар болсақ:

Біріншіден, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырудың шарттарын айқындап алу қажет. Мұнда Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру саласының *нормативтік-құқықтық құжаттарына* білім беру мазмұнының сәйкестігін қадағалау және заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану, балабақша, мектепішілік және жоғары оқу орнында БАҚ, тәрбие мәселелері бойынша баспа қызметін ұйымдастыру.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуде–педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, ғылыми-әдістемелік кешендер әзірлеу, вариативтік бағдарламаларды, тәрбиелік және ақпараттық технологияларды енгізу. Тәрбиемен білім беру үдерісін ұйымдастырудың озат тәжірибесін анықтау, зерделеу және кеңінен тарату, тәрбие үдерісінде, сондай-ақ оны басқаруда жаңа технологияларды меңгеру, адамның рухани әлемін қалыптастыруға бірізді бағдарлану.

Психологиялық-педагогикалық қолдауда - балаларды тәрбиелеуде білім беру ұйымдары педагог-тәрбиешілерінің педагогикалық ЖОО және колледждердің, ғылыми ұйымдардың профессорлық-оқытушылық құрамымен, ата-аналар қауымдастығымен және қоғамдық ұйымдармен серіктестік пен

ынтымақтастық орнату. Ол балалар мен жастардың әлеуметтік-педагогикалық қорғанысын қамтамасыз етуді, өзіндік құндылық және психологиялық жайлылық сезімін қалыптастыруды, дамудың психологиялық-педагогикалық кемшілігін түзетуді қажет ететін балалар мен жастардың түрлі категорияларымен жұмыс жүйесін жетілдіру.

Ұйымдастыру-басқарушылықты қамтамасыз етуде - балабақшаларда тәрбиелеу мен оқытуды оңтайлы жоспарлау, оқу қызметінің мазмұнын үйлестіру және оған жағдай жасау, инварианттық және вариативтік білім беру мазмұн интеграциялау, тәжірибе жұмыстарына ұдайы зерттеу жүргізу, озық іс-тәжірибелерді насихаттау, тарату, оқу қызметі мен тәрбиеге мониторинг жасау, тәрбие үдерісі субьектілерінің пікірін зерделеу негізінде біртұтас білім беру кеңістігін құру. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім беру деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын дамыту, зерттеушілік және инновациялық қызметке қолдау көрсету. Отбасылық тәрбие жүйелерін қайта өркендету, балабақшадағы ата-аналар комитеті жұмыстарын жетілдіру және оларға арналған кеңестер, бірге ұйымдастырылатын отбасылық шаралар, балабақша өміріне қатысуы, әкелер, аналар, әжелер, әкелер клубы, педагогикиалық оқулар мен конференциялар ұйымдастыру арқылы ұстанған негізі идеяны насихаттау маңызды міндет.

Екіншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңартуда мектепке дейінгі ұйымдарға арналған стандарт негізінде дайындалған оқу әдістемелік құралдардың сапасын арттыру, тәжірибеде пайдаланудың мүмкіндіктерін жетілдіру, мамандардың кәсіби біліктілігі мен құзіреттілігін арттыруға баса назар аудару қажет. Оқу-әдістемелік құралдар, оқу бағдарламаларының мазмұнын тәрбиеленушілер мен білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, қазақстандық патриотизмге, жалпыұлттық идеяны іске асыруға тырысу, этносаралық және мәдениетаралық байланыс жағдайында толеранттылықты және қарым-қатынас жасау білігін дамытуға бағыттау. Жаңартылған білім мазмұны аясында қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет көрсету, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмірлік дағдыны қалыптастыру. Қазақстанның тәуелсіздігі және азаматтық жауапкершілік, Отанға деген сүйіспеншілік, елінің жетістіктері үшін мақтаныш, мемлекет мүддесіне қызмет ету маңызды мәселе деп есептейміз.

Үшіншіден, мамандар даярлау мәселесін жетілдіру және олардың сапасын жақсартуға басым көңіл бөлу. Болашақ мамандардың қазақ тілін мемлекеттік тіл, ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі, қазақ халқының, қазақ жерін мекендейтін барша халықтар мен ұлыстардың руханияты мен бірлігінің тұғыры, тұтастай ұлттық рух дамуының негізі ретінде белсенді түрде меңгеруге дайындығын дамыту. Қазақ халқының озық дәстүрлерін (қонақжайлық, барша адамдарға деген ықыласты көңіл мен қамқорлық, төзімділік) негізге ала отырып, болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың салт-дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына деген құрмет сезімін дамыту. Болашақ мамандарды өз бойында келесі

қасиеттерді саналы түрде қалыптастыруға бейімдеу: а) жоғары деңгейдегі ұлттық абырой, патриотизм мен азаматтық, төзімділік (толеранттылық) пен гуманизм; ә) этносаралық, конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбат құруға әзірлік; б) Ақиқат, Сүйспеншілік, Дұрыс іс-әрекет, Ішкі тыныштық, Қиянат жасамау құндылықтары мен «мәңгілік» мұраттарды бейнелейтін жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық орнауына септігін тигізетін, зорлық-зомбылыққа жол бермейтін өмір, еркіндік, ар, сенім, махаббат, бақыт сынды жалпыадамдық тұғырлы құндылықтар бағдарын ұстануға ықыласты болу. Болашақ мамандардың заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда келесі қасиет-сапаларға ие бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаға деген сұраныстың жоғары болатындығын саналы түрде пайымдап түсінуге бағыттау: а) өзін жетілдіруге, өздігімен дамуға, өзінің негізгі күш-қуатын іске асыруға және өзін танытуға ұмтылыс; ә) жаңа білім мазмұнын игеріп, тың идеяларды ойлап табуда бастамашылдық таныту және оларды отан игілігі үшін жүзеге асыруға дайын болуға үйрету.

Төртіншіден, мектепке дейінгі ұйымдарда баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ең алдымен «тәрбиешінің - өзі тәрбиеленген» болуы керек, балаға өзі үлгі бола алатын, мектепке дейінгі ұйымдарға кемеңгер басшы, кемел педагог-тәрбиеші қызмет жасауы қажет. Педагог мамандығы жасандылыққа, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Болашақтың адамын тәрбиелейтін, болашақ жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін бала жанының бағбаны тәрбиешілер болғандықтан олардың ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болу сияқты адами қасиеттерді өз бойында дамытып ұрпақ тәрбиесінде қолдана білу арқылы мектепке дейінгі жаста рухани тәрбие берудің негізгі тірегі бола білуі шарт. Балаларды еңбек етуге баулу арқылы өз өмірінің мәнін түсінуге ықпал ететіндігі, үнемдеу, өмірлік дағды қалыптастыру, сөз бен істің бірлігін сақтауға баса назар аудару, ата-аналармен ынтымақтастық орнату. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу меноқыту үдерісін жалпыадамзаттық құндылықтарға негіздей отырып тұтас білім беру үдерісінде үздіксіз іске асыру, балалардың жүректеріне жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, олармен жұмыс жасауда рухани бастауларды ашу, шабыттандыру, оқу қызметі барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жетілдіріп отыруға көңіл бөлу қажет.

Бесіншіден, мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерістерінде инновациялық технологияларды қолдануға жете мән беру. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңалау, жаңалық енгізуде - инновациялық мазмұнды дамыту, жаңаша ұйымдастыру, ал «жаңаша» дегеніміз жаңа мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын тәжірибеде тиімді пайдалана білуге ұжымды жұмылдыру. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялықтехнологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялықтехнологияларды пайдалану негізінде мектепке дейінгі білім беру тұжырымдамасының алгоритмі төмендегідей түрде ұсынылады: білім беру жүйесінің түпкі мақсаттарын баяндау; аралық мақсаттардың болжамдық көрсеткіштерін баяндау; оқыту мазмұнына сүйену; көзделген мақсатқа жеткізетін және оқыту сапасын объективті тексеру әдістемесімен қамтамасыз ететін стандартты оқыту технологиясын ұсыну; оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен шарттарын баяндау.

Инновациялықтехнологияларды мектепке дейінгі ұйымдарға енгізу барысында мына факторлар ескерілуі керек: алынып отырған технология тәрбиелеу мен білім берудің тақырыбы мен мазмұнына сай болуы; тиімділігі, жүйелілігін сақтау мен оны тәжірибеде пайдалануда төмендегідей кезеңдер арқылы іске асыру: 1-кезең – оқып үйрену. 2-кезең – меңгеру. 3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану. 4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Қазіргі заманғы қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті тәрбиеші – педагог қана өз жұмысын жаңадан құрып, жоғарғы нәтижелерге жете алады. Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұны аясында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын академиялық пәндер, жобалау-зерттеу және сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру, таңдау курстары арқылы балабақша, мектеп және жоғары мектепте оқу мазмұнына енгізілетін болады. Оқытудың интербелсенді әдістері: ойын технологиясы, рухани тәрбие негіздерін берік қалаудың жаңаша әдістері мен тәсілдемелері, трениенгтер, сыни тұрғыдан ойлау, ой қозғау, кейс-стади, зерттеушілік т.б. әдістерді оқу қызметінде тиімді пайдалануға басымдық берілу керек.

Алтыншыдан, ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту, республикалық, облыстық, аудандық және қалалық ата-аналар қауымдастығын құру; бала тәрбиесіндегі өзара келісім, түсіністік, отбасындағы берілетін рухани адамгершілік тәрбиенің жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуіне арналған кеңес беру әдістемесін жасау. Балабақша ұжымының басқа білім беру ұйымдарымен (мектеп, колледж, университ т.б) қоса білім министрлігі, басқа да қоғамдық басқару ұйымдары, мешіттер, ата-аналардың қоғамдық ұйымдарымен, бизнес саласының өкілдерімен, БАҚ-мен тығыз байланыс орнату және олармен жүйелі, тұрақты қарым-қатынаста болып, ғылыми-зерттеулер жүргізіліп оның нәтижелерін әлемнің деңгейде тәжірибеге енгізе алатындай үлгі болуымыз керек.

Ойымызды қорытындылай келе, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың басты тетігі ретінде білім беру ұстанымдарын анықтап, оларды үздіксіз білім беру жүйесінде үзбей іске асыру мәселесінде нақты іс-шаралар ұйымдастырылу қажет. Ең бастысы ұрпақ тәрбиесінде ата - ана, ұстаз, тәрбиеші, білім беру ұйымдарын басқарушы әкімшілік өздері үлгі бола отырып жас өркенді ақпараттар ағымымен қаруландыруды ғана мақсат тұтпай, адами құндылықты, рухани адамгершілік тәрбиені жас ұрпақтың бойына сіңіруде нақты іске көшудің жолдарын қарастыру қажет. Мұнда баланың рухани бастауын ашуда кемел мұғалім ретінде ізгілік стилін, ізгілік тәсілдемелерін пайдалану, ата-

анамен ынтымақтастық орнату, әрдайым жағымды көңіл күй туындату арқылы жас ұрпақтың бойына имандылық, ізгілік, кісілік, бауырмалдық, ұлтжандылық т.б. құнды адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру маңызды болмақ. Ұрпақ тәрбиесіндегі парызымызды орындауда ғасырлар бойы тағдырдың талқысынан өткен, заманымыздың сынында шыңдалған, еленіп-екшеліп жасығы жоғалып, асылы жеткен жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған білім беру мен тәрбиелеудің әдіснамасы мен тұжырымдамасын, осыған дейін жасалған тұғырлар мен қағидаларды жүзеге асырудың әдістемесін қалыптастыруды қолға алуымыз қажет. Ұлтымызға тән даналық қасиеттерге сүйене отырып, жас ұрпақтың ой, ниет тазалығын сақтауға, ақиқаттың ақ жолын таңдауға, риясыз сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет жасауға, бүгінгі «беймаза» заманда ішкі тышытық орната алуға, төзімділікке, шыдамдылыққа, өмірден адам ретіндегі өз орнын таба алуға бағыттай білу – ең маңызды мәселе.

Әдебиеттер

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».2017.
2. Н,Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. 2017.
3. Қазақстан жоо-ларында «мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы.Алматы. 2015.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана. 2016.
5. Қосымова Г. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тетіктері. Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы.2016.

Түйіндеме

Мақалада «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырудың шарттары: нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық қолдау жәнеұйымдастыру-басқарушылықты қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту, мамандар даярлау мәселесін жетілдіру және олардың сапасын жақсарту, білім беруде инновациялық технологияларды пайдалану және ата-аналармен ынтымақтастық орнату арқылы жүзеге асыру жолдары жан-жақты талданған.

Резюме

В данной статье рассмотрены условия реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел» в дошкольных организациях: нормативно-правовые, научно-методические, психолого-педагогические сопровождения и организационно-управленческое обеспечение.

Обсуждены всесторонние пути реализации обновления содержания дошкольного воспитания и обучения, совершенствования подготовки кадров и

повышение их качества, использования инновационных технологий в образовательном процессе и сотрудничество с родителями

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

М.Н.Ерманова
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы,
мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны бөлімінің жетекшісі

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі ғасырлық тарихта күрделі жолдан өтті. Елдің мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуымен бірге осы жүз жылдың ішінде мектепке дейінгі білім беру саласы да үздіксіз дамып отырған. Кеңес Үкіметі құрылғаннан кейін елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін осы саланың дамып, өркендеуіне үлкен бетбұрыс жасалған.

Осы кезеңде Қазақстан үшін қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиені дамыту мәселесінің маңызы зор болған, өйткені өмір бойы мал бағумен айналысып, көшіп жүрген халықты отырықшылыққа көшіру жағдайында ең алдымен әйелдерді азат ету және оларды қоғамдық өмірге, өнеркәсіптік жұмысқа тартумен байланысты саяси маңызды жұмыстармен тұспа-тұс келген.

Деректерге сүйенсек, Қазақстанда алғашқы балалар бақшасы Верный (қазіргі Алматы) қаласында, Семей, Орал, Қызылорда қалаларында балалар алаңдары және мектепке дейінгі киіз үйлер түрінде 1917 жылдан бастап ашылып, 1921 жылы олардың саны 115-ке жеткен.

Елдегі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің қарқынды дамуы мектепке дейінгі мекемелердің желісін кеңейтуге зор әсер еткен, себебі осы аталған жұмыстарға балаға қарап үйде отырған әйелдерді тарту сол жергілікті жерлерде мектепке дейінгі мекемелерге сұранысты арттырған. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында да елдегі балабақшалар саны артқан. Мысалы, 1941 жылы балабақшалар саны 521 болса ондағы бала саны 25721, ал 1945 жылы балабақша саны 705 болса, ондағы бала саны 42972 жеткен. Бұл сол жылдардағы сұрапыл соғыс жағдайына қарамастан мемлекеттің балаларға деген аялы алақаны мен ыстық қамқорлығын дәлелдейді. Әрине соғыс уақыты болғандықтан қазіргідей жылы жай, жұмсақ төсек, уақытылы құнарлы тамақ болмағаны белгілі, бірақ осы қолдан бейімделген, жұпыны жабдықталған, балалар бақшасында балаларға қамқорлық пен күтім көрсетіліп, аналарының соғыс жылдары елдің азаттығы мен болашағы үшін жұмыс істеуіне, ал балаларға соғыс зардабынан қарны ашпай, аман қалуына ықпал еткен.



Соғыс жылдарынан кейін де мектепке дейінгі тәрбиенің даму қарқынының артқанын зерттеулер көрсетіп отыр. Сол жылдардағы елдің өшпес тарихына көз жүгіртетін болсақ, соғыс жылдарында ер азаматтардың соғысқа кетуіне байланысты елде жұмысқа жарамды ана мен етекте оратылған жас балалар қалған. Дәл осы кезеңде маңызды жұмыс күші ретінде елдегі аналарға ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп тізгінін ұстауға тура келген.



Елдегі бұл әлеуметтік-экономикалық міндетті шешу, аналарды қоғамдық өнеркәсіпке тарту мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жетіспеушілігіне әкеп соқтырған. Бірақ ауылдағы қазақтар үшін бұл айтарлықтай өзекті мәселе болды деп те айта алмаймыз. Өйткені анасы жұмысқа кеткенде үйдегі балаларға атасы мен әжелері қарайтын болған.

Осы жылдары сұм соғыстың басталып кетуі және елдегі түскен қаражаттың барлығы дерлік елді қорғауға жұмсалуына және халықтық білім беруде балабақшалардың қызмет етуіне берілетін қажетті қаржының жоқтығына байланысты өнеркәсіптің жанынан балабақшалардың салынуы қарқынды дамыған.

1949 жылғы шілдедегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесі «СССР Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 18 мамырдағы №2004 қаулысын іске асыру шаралары туралы» «Мектепке дейінгі балалар мекемелері мен перзентханаларды кеңейту және олардың жағдайларын жақсарту шаралары туралы» қаулыны қабылдады. Онда мектепке дейінгі мекемелердің санын арттыру бойынша республикалық Министрліктер мен ведомстволардың жұмыстарының нақты іс-шаралары анықталып, олардың материалдық базасын

жақсарту және жоғары сапалы тамақпен жабдықтау қарастырылды. Қаулы 1949 жылғы 15 тамызға дейін 13140 баланы балабақшамен және 22500 баланы яслимен қамтамасыз ету жоспарын орындауды қойды. Сонымен бірге бұрын алынған және мақсатты түрде пайдаланылмаған ғимараттарды босатып, жөндеп балабақшалар мен балалар яслилеріне беру тапсырылды.

Ал 1956-1965 жылдары ірі әлеуметтік жобалар іске асырылды. Қазақстан үшін мұндағы маңыздысы тыңды (целинаны) игеру және Теміртауда Қазақстан магниткасы құрылысын салу, Қостанай облысында Соколов-Сарыбай темір кен орны ашылуы және ауылды жерлерде біріккен шауашылықтардың (совхоз) ашылуы осы жерлерге халықтың соның ішінде жастардың жан-жақтан ағылып көшіп келуіне, сонымен бірге әйелдерді халық шаруашылығына жаппай тартуға, нәтижесінде ауылдар мен өнеркәсіпті қалаларда балабақшалардың жаппай ашылуына ықпал еткен.

Осы жылдары халықтық білім беру саласында түбегейлі өзгерістер орын алған. 1958 жылдың желтоқсан айында СССР Жоғарғы Кеңесі одағы «Мектеп пен өмірдің байланысын нығайту және халықтық білім беру жүйесінің болашақ дамуы туралы» Заңды қабылдаған. Онда кеңес мектебінің негізгі мақсаты: өскелең ұрпақты өмірге, қоғамдық-пайдалы еңбекке дайындау, алдағы жалпы және политехникалық білім беруді жетілдіру болды.

Осыған байланысты баланы өмірге дайындаудың алғашқы қоғамдық-педагогикалық баспалдағы ретінде мектепке дейінгі білім беруге талаптар жоғарылай бастаған. Балабақшалар саны көбейіп, ондағы орындар саны артады. 1958 жылдың аяғында 75355 бала контингентіне 1371 балабақша ашылып, оның ішінде 16 балабақша мен 2 топ қана қазақ тілінде жұмыс істеп, олар барлығы 489 қазақ балаларын қамтыған. Бұл сол кездері қазақ тілінде тәрбиелейтін балабақшаларға ғана қатысты мәселе емес сондай-ақ елдегі басқа да неміс, кәріс, ұйғыр және т.б. ұлттар үшін де өз ана тіліндегі балабақшалардың болмауы, халықтың әлеуметтік-мәдени сұранысын қанағаттандырмағанын және өкінішке орай өзге ұлттардың өз ана тілінде балаларын тәрбиелеуіне мүмкіндік болмағанын көрсетеді.

Сонымен 1958 жылы типтік үлгідегі 100 балабақша құрылысы салынып, басқа мақсатта қолданылып келген ғимарттар пайдалануға беріліп, барлығы 182 балабақша ашылған.

Ал тың жерлерді игеруде ауылдық жердерде маусымдық егін егу, оны жинау кезінде уақытша балалар алаңдары құрылған. Әрине аталған мекемелерде тәрбиелеу жұмысының деңгейі жоғары болмаған, бірақ сол жылдарда колхоздар мен совхоздарда аталған уақытша мектепке дейінгі мекемелерді ұйымдастыру жас балалары бар аналардың ауыл шаруашылығы жұмыстарына белсенді араласуына түрткі болған.

50 жылдардың соңы мен 60 жылдардың аяғында балалар мектепке дейінгі мекемелері жалпы білім беру жүйесінде орнықты орын алып, қоғамдық тәрбиенің тұрақты факторына айналған. Коммунистік партия орталық комитеті мен СССР Жоғарғы Кеңесінің 1959 жылғы 21 мамырдағы «Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің болашақ дамуы және мектеп жасына дейінгі балаларды

тәрбиелеу мен оларға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту бойынша шаралар туралы» қаулысы сол жылдардағы болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісін алдағы жақсартуға бағытталған маңызды құжаттардың бірі.

Балаларды балалар бақшалары мен яслилерде тәрбиелеудің біріңғай жүйесінің болмауы мектепке дейінгі тәрбиенің басты кемшілігі деп ескерген, Үкімет жергілікті жерлердің жағдайлары мен мүмкіндіктерін ескеріп, оларды мектепке дейінгі біріңғай ясли-бақшаға біріктіруді ұсынды. Оның мақсаты: балаларды туғаннан бастап мектепке барғанға дейін тәрбиелеу мен дамыту. Бұл Қаулы Кеңес одағындағы болашақ ұрпақты үздіксіз оқыту мен тәрбиелеуді қалыптастыруға ұйытқы болған.

Сонымен, 1960 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Қазақ ССР ағарту министрлігімен ұсынылған «Біріккен мектепке дейінгі мекемелер және типтік штаттар туралы ережені» бекітті. Осы Ережеге сәйкес ясли бақшаларды бірге ұйымдастыру халықтық білім беру бөлімдеріне, өнеркәсіп мекемелеріне, колхоздар мен совхоздарға жүктелді. Барлық ясли-бақшалардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан ондағы тәрбиелеу-оқыту жұмысына басшылық және бақылау жасау халықтық білім беру бөлімдеріне жүктелді. Ясли-бақшалар әрбір жас топтары үшін оқшауланған бөлмелері, кемінде екі топқа арналған кіріп- шығатын жеке есігі, медициналық және оқшаулау бөлмелерінің, музыка және дене шынықтыру залдарымен, балалардың ойындары мен сабақтары үшін жасыл желекке оранған, қоршалған жер телімдері бар арнайы салынған немесе бейімделген ғимараттарда ашылған.

Осы ясли және бақшаларды біріктіру ондағы тәрбиелеу жұмысының сапасын жақсартып, сол жылдары осы жасалған қадамның дұрыстығын дәлелдеген, нәтижесінде педагогикалық талаптардың бірлігі мен тұрақтылығы сақталған, балаларды яслиден балабақшаға ауыстыруға байланысты мәселелер ығысып, тәрбиелеу жұмысының деңгейі артқан.

Қазақстанда мектепке дейінгі мекемелер санының қарқынды өсуі белсенді өнеркәсіп құрылысы аймақтарында жүрген. Оған мысал, 1959 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласында ең алғаш рет «Огонек» балабақшасы ашылып, 1967 жылы олардың саны республика көлемінде 70-ке жеткен. Осы 1967 жылы Қарағанды облысында 7600 орынға 30 ясли бақша, Шығыс Қазақстан облысында 1340 орынға 14 ясли бақша, Алматы облысында 4050 орыға 32 мектепке дейінгі мекеме ашылған.

1975 жылғы 29 тамыздағы Коммунистік партия орталық комитеті мен Қазақ ССР министрлер кеңесі «Республикадағы балабақшалар мен яслилерде қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиелеу және дамытуды жақсартудың шаралары туралы» қаулысы республикадағы мектепке дейінгі тәрбиенің дамуына серпін берді. Осы қаулыға сәйкес ғимараттардың жаңа құрылысын, қосымша ғимараттарды беруді, ведомстволық мектепке дейінгі мекемелердің құрылысына министрліктер мен ведомтволар, өнеркәсіп мекемелері мен құрылыс ұйымдарын қосымша қаражат салуға тарту қарастырылған нақты шаралар әзірленді.

Мұнан басқа мектепке дейінгі мекемелердің қарқынды дамуы 10-ыншы және 11-інші бесжылдықтарда байқалады. Тек 1976-1980 жылдары 164256 орынға құрылыс салынған, оның ішінде мемлекеттік қаражаттың есебінен 138911 орынға, ал 28945 орынға өздерінің бастамалары бойынша құрылыс салынып енгізілген. Аталған жылдары мектепке дейінгі мекемелердің материалдық жағдайына аса мән берілген, олар жиһаздармен, жұмсақ жиһаздармен, ойыншықтармен, еңбек және бейнелеу әрекетіне қажетті құралдармен және тб. жабдықталған. Осы 80-інші жылдары ауылдық жерлерде мектепке дейінгі мекемелердің дамуы шапшаң қарқында жүргізілген. Осы жылдары Қостанай облысында балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамтудың ең жоғарғы көрсеткіші 53,6 % құрап, мектепке дейінгі мекемелер желісі шапшаң қарқында дамыған.

Сонымен:

- 1970 жылы балабақша саны 4978 болса, ондағы бала саны 495 мың;
- 1980 жылы балабақша саны 7186 болса, ондағы бала саны 890 мың;
- 1988 жылы балабақша саны 8096 болса, ондағы бала саны 1млн астам;
- 1991 жылы балабақша саны 8881 болса, ондағы бала саны 865 мың болған.

Мектепке дейінгі мекемелердің дамуы, қоғамдық тәрбиенің сапасы тек қана ондағы материалдық-техникалық қорға ғана байланысты емес сондай-ақ тәрбиеші педагог құрамының саяси-идеялық, психологиялық-педагогикалық және арнайы дайындықтарына байланысты болған. Мектепке дейінгі тәрбиенің түрлі даму кезеңдерінде кадрларды даярлау және қайта даярлау үйлесімділігі түрліше болған.

1946-1980 жылдары тәрбиешілерді дайындау облыстық біліктілікті арттыру институттарынының, өнеркәсіпке оқыту мектептерінің педагогикалық кластарының айлық курстарында, медучилище мен пединститутардың күндізгі және сырттай бөлімдерінде жүргізілген. Ал біліктілікті арттыру қалалық аудандық әдістемелік бірлестіктерінің, облыстық біліктілікті арттыру институттарынының, жанындағы әдістемелік бірлестіктерде, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, педоқулар және т.б. жүргізілген.

1663-1664 оқу жылынан бастап мектепке дейінгі мекемелер ерте және мектепке дейінгі балалармен жұмысты қарастыратын кешенді «Балабақшада тәрбиелеу бағдарламасы» бойынша жұмыс жүргізуге көшкен. Зерттеулерге сүйенсек, осы кезеңде жоспарлаудың жақсартылғаны, сабақтарды ұйымдастырудың нақтылығы, оқу процесінде оқытудың техникалық құралдары (ТСО) мен жабдықтарды қолдану, қарым-қатынас жасаудың, әрекеттің әр алуан түрлерін қолдану байқалады. Мұның барлығы педагогикалық ұжымның тәртіпті жұмысын, әрбір тәрбиешінің жоғары біліктілігі мен теориялық және практикалық дайындығын талап еткен. Бірақ педагогикалық оқу орындары бұл міндеттерді шешуге дайын болмаған.

Республикада жоғары білікті мамандарды дайындау мәселесі соның ішінде қазақ тілінде даярлау өзекті мәселе болған. 1957 жылы Орал және Алматы қыздар педагогикалық институттарында мектепке дейінгі бөлімдер

ашылып, нәтижесінде қыздар педагогикалық институты қазақ қыздарын қабылдай бастаған.

Орта және жоғары біліммен мамандарды даярлау кеңейтілгенмен, балабақша кадрлеріне сұраныстың күннен-күнге артуы мәселені түбегейлі шешуге мүмкіндік бермеген, сондықтан тәрбиешілерді даярлауға орта және жоғарғы оқу орындарының сырттай бөлімдері жұмылдырылған. Орал және Алматы қыздар педагогикалық институттарында Қарағанды, Қызылорда және т.б. педучилищелерінде мамандарды сырттай оқытып даярлауға бөлімдер ашылған.

Мектепке дейінгі мекемелерге педагогтарды даярлауда атқарылған ауқымды жұмыстар өз жемісін бере бастаған. Мысалы:

- 1953 орта білімі жоқтар 2041 педагог (ол барлық педагогтың 50,7 %), жалпы орта біліммен 942 (23,4 %), орта біліммен 853 (21,3%), жоғары біліммен 18 (4,6%), барлығы **3844** педагог болса;

- 1993 жылы орта біліммен 67928 (69,6%), жоғары аяқталмаған біліммен 3147(3,2%), жоғары біліммен 20075 (20,6%), ал барлығы **97565** педагог болған.

Еліміздің Тәуелсіздігіне қол жеткізген алғашқы жылдарында мектепке дейінгі білім беру саласы еріксіз «оңтайландыруға» ұшырады: Осы 1991-2002 жылдар аралығында балабақшалар желісі 8 есеге қысқарған (8881-ден 1095 бірлікке дейін). Саладағы саясат сол уақыттан бері ең алдымен инфрақұрылымды дамытуға бағытталды. Мектепке дейінгі білім берумен қамтуды түбегейлі кеңейтуге Елбасының бастамасымен 2009 жылдан бастап іске асырыла бастаған «Балапан» бағдарламасы ықпал етті. Ал бүгінде 6 жылдан кейін біз 1991 жылғы (8881 бірл., 2015 жылы - 8834 бірл.) желі көрсеткішіне қол жеткізгенімізді қуанышпен айта аламыз.

Қазіргі таңда республикада **807,2** мың бала контингентіне **9410** мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде **2336** – жеке меншік мектепке дейінгі ұйым қызмет етеді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың мақсаты мен бағыттары айқындалған.

Елбасы өз сөзінде: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу», – деп атап өткендей, біздің міндетіміз – аға буынның қажырлы еңбегі мен елдің күрделі тарихи арнасынан бастау алған мектепке дейінгі білім беру саласын дамыту жолында аянбай еңбек ету, мемлекет пен ата-ананың алдындағы ұрпақ тәрбиелеудегі жауапкершілігімізді жоғары ұстау, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еліміздің жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру атты мақаласы. Айқын газеті.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 жарлығы)

3. История школы и педагогической мысли Казахстана Храпченков Г. М. Алматы-1998г.

ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СЕМИПАЛАТИНСКОМ РЕГИОНЕ

Бликова Ж.Б., старший эксперт РЦДД
Амиргалиева Д.Ж., воспитатель д/с «Мирас
г.Усть-Каменогорска ВКО

История развития дошкольного образования отражает этапы формирования истории Казахстана. В конце XIX-ого века началась разработка вопросов образования среди коренного населения Акмолинской и Семипалатинской областей. «Дело шло довольно медленно для народа этого края, т.к. не был решен вопрос об открытии в областях сети начальных школ для инородцев. Ожидать благоприятного открытия школ для кочевников, можно только в том случае, если детям инородцев будет открыт свободный доступ в проектируемое учебное заведение…»

Главный попечитель Западно-Сибирского учебного округа господин Л.Н. Лаврентьев в письме министру просвещения царской России 4 февраля 1899 года писал: «…нельзя не указать на особенно важное значение Семипалатинской учительской семинарии, как рассадника русской культуры среди кочевых киргизов и других инородцев, которых насчитывается в настоящее время в Семипалатинской области 555259 душ. Новая семинария тем более уместна в Степном крае, что она будет отвечать заботам правительства о просвещении полукочевого народа».

Настойчивость инспектора народных училищ г-на Алекторова и попечителя Западно-Сибирского учебного округа Л.Н.Лаврентьева увенчались успехом. 1 июля 1903 года в г. Семипалатинске была открыта Семипалатинская имени Наследника Цесаревича Алексея Николаевича учительская семинария.

Занимаясь подготовкой учительских кадров начального звена, семинария обеспечивала специалистами не только регионы Казахстана, Алтайский край,

но и другие области России: Томскую, Тобольскую, Воронежскую, Тульскую, о чем свидетельствуют сохранившиеся в архиве документы.

Было принято 24 воспитанника из Семипалатинского, Керекуского, Усть-Каменогорского, Каркаралинского и Акмолинского уездов. Позднее стали принимать учащихся из Семиреченской области, Тобольского уезда, Томской, Воронежской Тульской губерний.

Первым директором вышеупомянутого учебного заведения стал надворный советник г-н Александр Владимирович Белый. К приемным экзаменам было допущено 53 человека, выдержали экзамены и были приняты в приготовительный класс 24 мальчика.

Первые семинаристы изучали предметы: закон божий (в здании находилась молельня), русский язык и словесность, история, география, естествознание, математика, искусство, основы сельского хозяйства, пение, ручной труд, гимнастика, медицина. В перечень учебных занятий с 1906 года дополнительно были введены французский, немецкий и латинский языки, где каждый семинарист в свободное от занятий время 2 раза в неделю получал уроки.

В формирование семинарии внесли вклад педагоги: братья Белослюдовы (выпускники Строгановского училища), Т.Жомартбаев (учился в городе Уфе), Н. Я. Коншин, (выпускник Петербургского университета), К.Н.Маргайлик (после Томского института), Сатпаев Абикей Зеинович (окончил духовную семинарию и Петроградский историко–филологический институт), И.Я. Малахов, В. Н. Попов, супруги Нургали и Назипа Кульжановы и др. Занятия велись, в основном, на русском языке, так как педагогов-казахов по существу еще не было.

Эти люди способствовали зарождению и формированию нового класса в Казахстане – интеллигенции, яркими представителями которого являются и выпускники семинарии – Мухтар Ауэзов, Каныш Сатбаев, Алькей Маргулан, Жусипбек Аймаутов, Турлыхан Касенов, Бекен Жамакаев, Азильхан Нуршаихов, Шакен Айманов и многие другие.

Начиная с 1917 г в республике стали создаваться первые детские сады, которые существовали в виде детских площадок. Такие площадки одними из первых отрылись в городах Семипалатинск и Верный (ныне г.Алматы).

В городе Семипалатинске в 1921 г. насчитывалось 5 детских площадок: по одной для мусульманских и еврейских, три для детей русской национальности.

В г. Алматы функционировала одна детская площадка на 300 детей, которую вскоре преобразовали в детский сад. В ряде областей создавались дошкольные юрты по обучению матерей правильному уходу за ребенком, дошкольные библиотеки, проводились «недели ребенка».

В 1922 году в целом в стране работали более 22-х детских садов и площадок.

Молодое советское государство заботиться о кузнице кадров по ликвидации безграмотности в нашей республике. По решению Наркомпроса в

1928 в г. Семипалатинске открылся Русский педагогический техникум с четырехлетним сроком обучения. В составе техникума были **дошкольное** и политико-просветительное отделения.

В 1923 году Приказом Губернского отдела народного образования в Усть-Каменогорске открывается педагогический техникум по подготовке учителей начальных классов. И в 1967 году открывается дошкольное отделение.

В педагогический техникум посылаются самые преданные советской власти молодые люди. Принимали в техникум только детей рабочих и крестьян.

В СССР в те годы еще не было единой программы обучения учителей. В каждом техникуме преподаватели сами писали программу и план. Большое внимание в обучении уделялось политграмоте.

1920–1930 годы - это период коллективизации в стране, учащихся привлекают к участию в хлебозаготовках. Страна, особенно промышленные центры Петроград, Омск, нуждались в хлебе, продуктах. А в Прииртышье кулачество, а частью и середняки, срывали хлебопоставки. В течение всего периода хлебозаготовительной компании с 28 сентября по 14 декабря 1929 года принимали участие в хлебозаготовках (из отчета заведующего Семипалатинского русского педагогического техникума А.М.Моргайлик (стр.115, дело 81, о планах и программах).

Работа учащихся выражалась в дежурствах при уполномоченных районах, в выполнении нарядов, в распространении займа, в сборе тары, и в выполнении секретных поручений райуполномоченных, в индивидуальной агитации среди посевщиков, в работе с молодежью и женщинах, в культурной работе с посевщиками района и с населением района – проводились собрания, читались доклады, ставились концерты и спектакли.

Потребность в педагогических кадрах была очень высокой. По архивным данным за 1936 год на II пятилетку требовалось – 20430 учителей, в том числе 10872 казаха, для дошкольных учреждений потребность составляла 13000 человек. Такого количества дать педтехникумы не могли, несмотря на новые 62 отделения в стране. Поэтому нехватку учителей решено было покрыть краткосрочными курсами по подготовке учителей. Таких, как были в с.Шемонаихе.

Мирную жизнь людей прервал грохот орудий. Наступили суровые годы Великой Отечественной войны. Многие учащиеся и выпускники педучилища ушли защищать нашу Родину. Среди них Герои Советского Союза Изгуты Айтыков, Василий Александрович Шулятиков, Василий Васильевич Бунтовских, педагоги Тиунов Е.Г, Перелыгин Л. М., Мирошин А.В и многие другие. В это тяжелое время и учащиеся и преподаватели стойко переносили тяготы войны: давали шефские концерты, дежурили в госпиталях, подписывались на государственный заем, рассылали подарки на фронт.

Примечательно, что и в годы Великой Отечественной войны детские сады продолжали открывать в стране.

Война окончилась, но время оставалось все еще очень трудным. В стране существовала карточная система, хлеб по карточкам получали по месту жительства, ларьки были разбросаны по всему городу. Приходилось стоять по нескольку часов в очередях, часто учащиеся опаздывали на уроки, иногда пропускали занятия.

1947 год знаменателен тем, что длительного перерыва вновь открывается 1-й класс по подготовке работников дошкольных учреждений. Город и села области нуждались воспитателей детских садов и яслей. Заслуга директора педучилища Тюрина Л.И. состоит в том, что в трудные послевоенное годы, при полном отсутствии учебно-программной документации, было открыта новая специальность.

В 1950 году состоялся первый выпуск работников дошкольных учреждений, который, по сути, и заложил в нашем регионе профессиональную систему дошкольного образования и воспитания. Каждый из 30 специалистов первого выпуска оставил заметный след в системе дошкольного воспитания.

В 1953 году были объединены русское и казахское педагогические училища, и преобразованы русско-казахской педагогической училище имени К. Д. Ушинского. Выпускало педучилище учителей начальных классов и дошкольных работников. Основные задачи Семипалатинского русского - казахского педучилища заключались в следующем:

I. Подготовка образованных, культурных учителей начальной школы и дошкольных работников хорошо владеющих педагогическими уменьем и навыками.

2. Улучшение постановки учебно - воспитательной работы, обращая особое внимание на воспитание у учащихся любви к детям и школе.

3. Привлечения учащихся с первого года обучения к работе с детьми путем участия в дежурствах базовой школы, проведения под руководством учителей внеклассной работы и присутствия на педагогических советах школы.

4. Способствовать всей организацией работы педучилища воспитанию у учащихся точности и аккуратности в исполнении своих обязанностей, умения держать себя в коллективе и стремления совершенствовать свои знания.

В 1965 году училище переезжает в здание старой семилетней школы №10, которая размещалась в купеческом доме по улице Ленина. Из старой конюшни, расположенной во дворе, был построен актовый зал. Несмотря на материальные трудности, учебный процесс был организован на должном уровне.

В 1967 году учебному заведению присвоено имя М. Ауэзова.

В 1971 году В ЖенПИ на базе факультете филологии сформировалась кафедра дошкольной педагогики. В числе первых выпускников данного факультета «Дошкольной педагогики» была и Сулейменова Мариям Сулейменовна, которая приехала по распределению в село Георгиевка Жарминского района Семипалатинской области. Директором педучилища в те годы работал Бекбаев Асылхан Табылдинович. Понимая важность подготовки собственных кадров для региона, вновь поставил вопрос о подготовке

национальных кадров для дошкольных организаций. Мариям Сулейменовна была первым квалифицированным педагогом в области дошкольного образования на казахском языке. Более 30 лет трудилась в педколледже. За это время было выпущено тысячи выпускников с казахским языком обучения, которые трудятся не только в восточно-казахстанском регионе, но и за его пределами.

Много известных людей нашей страны окончили наше педагогическое училище г. Семипалатинск. Среди них: Жусипбек Аймауытов - просветитель, общественный деятель, романист, поэт, драматург, переводчик, основоположников казахской педагогики, М.Ауэзов- писатель, автор эпопеи «Путь Абая», академик, лауреат Ленинской и Государственной премий, Каныш Имантаевич Сатпаев - ученый-геолог, академик, первый президент Академии Наук Казахской ССР, крупного общественного и государственного деятеля, Алькей Хаканович Маргулан- доктор исторических наук, академик АН КазССР, профессор, Абдыхамит Сембаев с 1941 по 1955 г.г- министр просвещения Казахской ССР., Шрақбек Қабылбаев, доктор педагогических наук, с 1954 – 1959г.г министр внутренних дел Казахской ССР, Турлыхан Қасенов - педагог, общественный деятель, Герои Социалистического труда: Ж.Чайжунусов, М.Носова, Д.Парий; писатель А.Нуршаихов и др.

К 1990 году число дошкольных организаций достигло своего пика и составило 8881, их посещало 47,8% детей страны от 2 месяцев до 7 лет. Около половины детей были охвачены системой дошкольного образования. Дефицита мест на получение места в дошкольной организации не было.

С развалом Советского Союза, идет значительное сокращение сети детских садов, связанное со сложной экономической ситуацией: ростом безработицы, бедностью, сокращается уровень рождаемости. За 90-е годы прошлого века на свет ежегодно стало появляться вдвое меньше детей:

Это явилось следствием сворачивания базы объектов социально-бытового назначения предприятий региона, а также сокращения финансирования государственных учреждений образования.

За 10 лет количество детских садов сократилось в 12.5 раза, число мест в них – в 5.4 раза. В селах этот процесс происходил более быстрыми темпами. Если в городах и поселках количество детских садов сократилось в 6.7 раза, то в селах – в 60 раз. В 1990 году сельские детские сады составляли 52% их общего количества, в 2000 году – 11%.

Особенности переходного периода поставили систему дошкольного образования в новые условия развития. Одной из закономерностей, обусловивших реформы в образовании, стал переход страны на рыночный тип хозяйствования. Содержание образования освободилось от излишней политизации и догматизации.

На 1.01.2001 г. детские сады посещали 9654 ребёнка, из них 3887 (40%) детей областного центра, 1593 (17%) – г. Семипалатинска, 1303 (13%) – г. Лениногорска, 528 (5%) - Бородулихинского района, 362(4%) – Шемонаихинского района.

Государственную форму собственности имеют 57 детских дошкольных учреждений, частную - 16.

Одними из направлений Программы развития системы образования области на 2001-2005 годы названы «постепенное увеличение охвата детей системой дошкольного воспитания, а также «дальнейшее развитие сети учреждений образования всех типов», при этом указывается, что «сохранится число детских садов, финансируемых из средств бюджета».

История развития дошкольных организаций в ВКО

За годы становления Независимости Республики Казахстан произошли существенные изменения, в основном за счет развития ГЧП. По состоянию на 1.10. 2016 года в ВКО всего ДО -786 ед., из них д/с-279ед, мини-центров-504

ед., санаторных д/с-3. В них детей-59352 ребенка. По форме собственности: государственных-706 ед., частных – 80. Охват составляет 100%.

Согласно Индексу развития образования в настоящее время Казахстан является лидером среди стран СНГ по охвату детей дошкольным воспитанием и обучением.

Проведенные за последние годы преобразования, позволили значительно развить потенциал ВКО региона: удовлетворить образовательные и профессиональные потребностей всех социальных слов населения области и повысить профессионализм педагогических кадров.

В разные годы Семипалатинский педагогический колледж претерпевал изменения, меняя свой статус: Учительская семинария, педтехникум, педучилище, и, наконец, педколледж.

Выполняя свою главную миссию - подготовка специалистов начального и среднего звена, на всех этапах своего развития это учебное заведение с честью и достоинством выполняло свои функции.

Данные преобразования позволили успешно решать задачи по подготовке кадров в системе дошкольного воспитания и обучения для суверенного Казахстана.

Литература

1. Альманах «Литературная Алма-Ата» - История и современность № 12-13. 2015 г.
2. Сулейменов Д.Д. Научно-педагогическая деятельность А.Е.Алекторова. — Семипалатинск, 1997. — С. 104.
3. Кульжанова Назипа Сагызбаевна / Кашляк В. Семипалатинск: Их именами названы.- Семипалатинск, 2006.- С.297-298.Казинформ]
4. Материалы и фотодокументы из архива Центр документации новейшей истории ВКО г.Семей
5. Бликова Ж. Слово о Турлыхане // Спектр.- 2002.- 5 апреля.-С.16.
6. Бликова Ж. Имена улиц родного города // Спектр.- 2002.- 24 мая.- С.3
7. Бликова Ж. Первый генерал – учитель // Спектр.- 2002.- 5 июля.- С.4
8. Основные показатели системы дошкольного воспитания и обучения РК (по состоянию на 1.10.2016 год), Астана, 2016 г.

КАРАГАНДА – КОЛЫБЕЛЬ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Бугубаева А.Д.,
методист Учебно-методического центра
развития образования Карагандинской области

«Я живу в городе Караганде. Люблю свой родной город, потому что здесь живут мои родители, мои дедушка с бабушкой, мои друзья, и здесь есть мой любимый детский сад», - так начала свой рассказ о своём городе воспитанница

одного из детских садов города Караганды Алёна Гусарова на конкурсе, посвященному Дню города. И это правда, детишкам в детских садах Караганды хорошо, а история развития дошкольного воспитания неразрывно связана с историей возникновения и строительства самого города.

Год рождения города Караганда – 1934, а первый детский сад был открыт в 1937 году на 50 мест. Он располагался в старой части города, которая в последствии, так и называлась - Старый город. Заведующей была любящая детей Сойникова Зинаида Михайловна. В районе, называемом в народе Дальний парк, работали ясли, куда принимали детей с 3-х месячного возраста. Ясли были необходимы в то далекое время, потому что декретный отпуск у женщин был всего 3 месяца.

Вместе с тем, с развитием нового индустриального центра, стали строиться и дошкольные учреждения. В 1950 году был открыт детский сад № 1 «Ручеек». В этом же году были введены в эксплуатацию ясли № 1 «Медок», где первой заведующей была Юдина Антонина Ивановна, которая проработала в этом учреждении более тридцати лет. Антонина Ивановна возглавила ясли «Медок» в послевоенное время. Во время Отечественной войны она была медсестрой одного из военных госпиталей. Антонина Ивановна часто вспоминала военные годы, и было очень трогательно слушать ее рассказы о тех тяжелых временах. Антонина Ивановна проработала до 65 лет и, выйдя на заслуженный отдых, много времени уделяла воспитанию молодых педагогических кадров в регионе.

Детские сады нуждались в квалифицированных кадрах, поэтому в 1952 году, впервые в республике при Саранском педагогическом училище было открыто дошкольное отделение. Училище готовило грамотных воспитателей для дошкольных организаций, из которых впоследствии выросла целая плеяда талантливых руководителей.

60 годы XX века – это период бурного развития Караганды, как индустриального центра республики. Крупные предприятия строили детские сады для своих работников, и, соответственно, в городе начали функционировать, так называемые ведомственные дошкольные учреждения. Крупные предприятия, такие как «Карагандажилстой», «Карагандаобувь», «Карагандаодежда» имели свои детские сады, только в одном объединении «Карагандауголь» их было более 30.

Дошкольные организации были разделены на ясли, которые относились к городскому отделу здравоохранения и детские сады - к городскому отделу народного образования. Надо отметить, что в яслях работали сестры-воспитательницы, которые обеспечивали хороший уход за детьми раннего возраста, но обучение малышей не проводилось.

С выходом в 1962 году первой общесоюзной «Программы воспитания в детском саду», детские сады стали объединяться в ясли-сады. Чтобы обеспечить детей полноценным дошкольным воспитанием и обучением, решением Горисполкома было издано «Временное положение о детском дошкольном учреждении», в котором указывалось, что вся воспитательная и

образовательная работа яслей-садов должна быть организована районными и городским отделом народного образования, а также ими и контролироваться. Медицинское обслуживание детей осталось под надзором органов здравоохранения.

«Программа воспитания в детском саду» четко определила содержание воспитания и обучения дошкольников в каждом возрастном периоде. Одной из важнейших задач дошкольного воспитания была подготовка детей к обучению в школе, поэтому независимо от ведомственной принадлежности образовательная работа в детских садах проводилась под руководством отделов народного образования.

Во второй половине 70-х годов вводится в строй большое количество дошкольных учреждений, одним из которых был ясли-сад «Светлячок». Руководителем этого детского сада была Сулейменова Маргарита Васильевна. Она была первая заведующая с высшим дошкольным образованием.

Для полноценной реализации Программы дошкольного воспитания и с целью совершенствования педагогического мастерства педагогов детских садов специалистами отделов народного образования в системе проводилась контрольно-аналитическая и методическая работа, в ходе которой выявлялся передовой педагогический опыт.

Так в 1982 году детский сад «Ветерок» представил свои достижения на ВДНХ СССР по теме: «Ознакомление дошкольников с природой родного края», который был отмечен золотой медалью. Заведующая Лагода Александра Георгиевна много сил отдала созданию благоприятных условий для развития детей. Это был первый в городе Караганде детский сад с бассейном, зимним садом, здесь детей поили кислородным коктейлем, проводились занятия в изостудии. Кроме того на территории детского сада была представлена флора и фауна Казахстана: имелись вольеры с животными и птицами, на участках росли высокие ели и сосны. Детский сад был достопримечательностью города и его посещали иностранные гости.

В 1983 году заведующая детским садом «Искорка» (принадлежащий ТЭЦ-1) Шапошникова Надежда Фирсовна на ВДНХ СССР представила опыт работы по теме: «Развитие воображения у дошкольников в процессе занятий по изобразительной деятельности», его отметили бронзовой медалью, в 1984году там же свой опыт работы по физическому воспитанию детей представил детский сад «Надежда» (объединения «Карагандауголь» (заведующая Лобова Лидия Васильевна), где коллектив стал обладателем серебряной медали.

Одним из важнейших достижений 70-х и 80-х годов является то, что в городе Караганда стали открываться специализированные ясли-сады для детей с проблемами в развитии: ясли-сад «Батыр» и «Сказка» - для виражных детей, я/с «Мурзилка» и «Чижик» для детей с нарушением зрения, для умственно-отсталых детей – ясли-сад «Катюша» в районе завода ЖБИ, а ясли-сад «Медок» стал оказывать коррекционную помощь детям с нарушениями речи. В последующие годы количество специализированных садов и групп постоянно

росло, и все карагандинские дошкольники с проблемами в развитии были обеспечены коррекционным обучением.

В период активного строительства и ввода новых детских садов возникла острая нехватка высококвалифицированных специалистов и в 1984 году на базе Карагандинского педагогического института открывается факультет дошкольной педагогики и психологии.

К концу 80-х годов основная масса руководителей дошкольных учреждений и воспитателей города Караганды имеют высшее дошкольное образование. Открытие факультета дошкольной педагогики и психологии существенно повлияло на повышение уровня дошкольного образования региона.

В эти годы воспитатели широко внедряют в свою практику педагогические инновации. На высоком методическом уровне организуется работа с воспитателями в кустовых методических объединениях. Были проведены всесоюзные семинары по внедрению физкультурных занятий на воздухе по методике В.Г. Фролова, обучение чтению, счёту и письму по методике Е.Е. Шулешко, внедряется педагогика Ш.Амоношвили, Крыловой, кубики Зайцева, ТРИЗ и др.

С обретением Независимости Республики Казакстан появилась потребность в детских садах с казахским языком воспитания и обучения. В 1993 году первыми такой статус получили детский сад «Балапан» - (заведующая Амирова Сара Сагадиевна) и детский сад «Жулдыз» (заведующая Кожахметова Батима Тлекбековна).

До периода оптимизации организаций образования в Караганде охват дошкольным образованием составлял 78%.

В конце 90-х в связи с экономическими проблемами начался процесс массового закрытия детских дошкольных учреждений и из 134 детских садов осталось функционировать всего 26.

В связи с дефицитом в городском бюджете было принято решение о переводе детских садов в коммунальные предприятия. Сохранившиеся детские сады под руководством заведующего городским отделом образования Жылбаева Жонбола Октябровича (ныне президента национальной академии образования имени Ы.Алтынсарина МОН РК) обеспечили воспитанием и образованием карагандинских дошколят, к сожалению, охват детей составил всего 50%.

Весомый вклад в развитие методологии дошкольного образования внесла специалист по дошкольному воспитанию управления образования Карагандинской области Сынтина Галина Александровна, отличник просвещения Казахской ССР.

В этот сложный период дошкольные работники Караганды проявили настоящую преданность дошкольному делу. С целью совершенствования профессионального мастерства педагогов, выявления, изучения и распространения передового педагогического опыта организована работа методических объединений по разным направлениям: для специалистов

коррекционных групп, учителей казахского языка, музыкальных руководителей, педагогов дополнительного образования, секции для воспитателей по современным образовательным технологиям. Руководителями секций были директора и методисты дошкольных организаций: Омар Б.С., Сочнева Л.Д., Шутова Е.Д., Воробьёва Э.А., Ламзина А.И., Чернявская Ю.В., Барабанова Э.А.

Дошкольные организации стали работать по различны направленим, например:

-детский сад «Алтынай» с 2001 года под руководством директора Юняевой Людмилы Павловны одним из первых начал работать по экспериментальному проекту Сары Алпысовны Назарбаевой «Самопознание»;

-детский сад «Куаныш» - по поликультурному воспитанию. По инициативе директора Вэй Марины Владимировны дошколята изучали китайский язык;

-детский сад «Арман», (директор Липатова Вера Петровна) разработал и внедрил проект «Моя семья, мой дом, мой край».

-КГКП я/с №53 «Алмагуль» (руководитель детского сада Омар Бакыт Сарсенбайкызы) педагогами при непосредственном участии руководителя разработаны и утверждены МОН РК учебно-методические комплексы по обучению дошкольников казахскому и русскому языкам, в течение 15 лет успешно функционирует Лекотека. Чтобы обеспечить дошкольным воспитанием детей самого социально-незащищенного района города - поселка Пришахтинск коллективу пришлось из здания большого детского комбината переехать в другое списанное здание ведомственного детского сада. Педагоги своими силами восстановили его и сегодня это один из лучших садов города. Руководителю удалость сохранить педагогический коллектив и так организовать его работу, что и по настоящее время он находятся в авангарде дошкольного образования города. В августе 1998 году по приглашению руководства педагогического училища из ФРГ Бакыт Сарсенбаевна представила опыт руководимого ею детского сада на международном семинаре. Детский сад неоднократно становился победителем городского конкура «Лучший детский сад года», несколько лет возглавлял рейтинг работы детских садов. Работая в режиме эксперимента, они первыми в 2012 году приняли детей с особыми образовательными потребностями. С августа 2016 года детский сад является участником республиканского пилотного проекта по внедрению инклюзивной образовательной практики.

С 2010 года начался процесс возрождения дошкольного воспитания по программе «Балапан». По поручению Главы государства в городе началось строительство новых детских садов. Так были введены в эксплуатацию современные детские сады «Толагай», «Байтерек», «Балакай», восстановлены ранее арендованные и приватизированные «Балдырган», «Балбобек», «Мерей». Всего на сегодняшний день в Караганде функционирует 41 бюджетная дошкольная организация, 51 частная, 20 мини-центров. Успешно реализуется ГЧП.

Таким образом, система дошкольного воспитания и обучения в городе Караганда, несмотря ни на какие трудности сохранила свои традиции и продолжает успешно совершенствоваться и развиваться.

«Спасибо судьбе за великое счастье,
Рядом с детьми каждый день проживать.
Вместе весь день быть у сказки во власти.
И каждый раз заново мир открывать!», - это девиз педагогов дошкольных организаций города Караганды.

Литература

1. Войеков А.А. Город солнечного камня. - Алма-Ата: Казахстан, 1977 г.
2. Имашев М. Караганда-история городов Казахстана.// Алма-Ата, 1986 г.
3. Нургалиев Р.Н. Энциклопедия Караганды. Карагандинской области. //Алма-Ата. Казахская советская энциклопедия, 1986 г.
4. Могильницкий В. Город в степи: Художественно-документальная книга.- Караганда: Казахстан, 1993г.
5. Одарённые дети - будущее Казахстана: Энциклопедия: - Алматы: «Редакция энциклопедии «Одарённые дети – будущее Казахстана», 2012.- 296.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

Жанаева Ш. А.
Семейдің М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж директоры, ф.ғ.к.

М.О.Әуезовтің есімімен аталатын білім ордасы - білім нұрын шашқан жүздеген, мыңдаған қазақ мұғалімдерін даярлаған білікті оқу орны. Семей топырағында алғашқы қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда, ақын-жазушылар, ғалымдар тобын даярлап шығаруда биік те дара тұрған білім ордасы.

Бүгінгі М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі мұғалімдерді даярлау ісінде Республикаға кеңінен танымал іргелі оқу орнының бірі. Оқу орнының қабырғасында ғасыр басында негізі қаланған мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мамандығы өз бастауларын өз ұлтын өркениетті елдер қатарынан көруге ұмтылған қазақ зиялыларының бірегейі Нәзипа Құлжанованың есімімен байланыста қарастырады. 1905 - 1920 жылдар аралығында сол кездегі Семейдің оқытушылар семинариясында педагогикалық қызмет атқарған Нәзипа Сегізбайқызы қоғам өміріне белсене араласқан қайраткер, өткір журналист, педагог-тәлімгер ретінде танылды.

Н.С.Құлжанованың «Мектепке дейінгі тәрбие» атты еңбегі - қазақ педагогикасында сәбилер тәрбиесіне арналған алғашқы әдістемелік құрал болса, «Ана мен бала тәрбиесі» атты кітабындағы қазақ әйелінің қоғамдағы орнын ұлт тәрбиесімен байланыста қарастырған қайраткерлік көзқарасы бүгінгі

күннің де өзекті мәселесі. Н.С.Құлжанованың ұлтқа қызмет етудегі қайыспас қайраткерлік тұлғасы - бүгінгі даярлап отырған ұрпақтарымызға үлгі - өнеге, педагогтың педагогикалық мұрасын насихаттау мақсатында колледжде Н.С.Құлжанова атындағы дәрісхана жұмыс жасайды.

Оқу орнында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға үлес қосқан педагогтар: Крюкова В. А., Лыткина Н. Я., Райымбекова Н. С., Маслова В. А., Бүркітбаева Р. М., Лұқпанова З. Л. Абремская Т. И., Битебаева М. С., Мұхаметжанова Н. Д., Хамидулина Н. А., Петрова Т. И., Каштекова Б. А. Полулях Е.А. т.б.болды.

М.С.Битебаеваның «Тұмар» авторлық бағдарламасы – мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие берудегі қоғам қажеттілігіне қарай жасалған құнды бағдарламаның бірі. Бұл бағдарлама бүгінде қаладағы «Ертөстік» балабақшасы жүйесіне енгізілген.

Бүгінде колледж «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша 2010 жылдан бастап «Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі» біліктілігімен мамандарды даярлайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп

тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазақстан Республикасы Президенті

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтарында бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек»,- деген болатын. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Маман даярлау ісінде олардың жан-жақты білім алуларына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау - әр педагогтың міндеті. Оқу орнында мамандарды даярлауға қажетті жағдайлар жасалған: техникалық құралдармен жабдықталған, интербелсенді тақталы, мектепке дейінгі білім беру зертханасы бар оқу дәрісханасы жұмыс жасайды.

Колледж әдіскерлері білім алушыларды кәсіби тұрғыдан даярлауға ғылыми ізденіспен, шығармашылықпен өз үлестерін қосуда. Теориялық білім іс тәжірибемен ұштасқанда толық сипат алатыны анық. Осы ретте оқытушылар түрлі деңгейдегі іс-шараларды бірізді ұйымдастырып келеді: мысалы,

2016-2017 оқу жылында «Балабақшадағы инклюзивті білім берудің еркешеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы ойын технологиясын қолданудың өзіндік ерекшеліктердін көрсету, ойынның балалар өмірінде алатын орны білім деңгейі мен таным белсенділігіне қарай әсер ететіндігін меңгерту, мектепке дейінгі ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында қала тәрбиешілермен «Тәрбиешінің жұмыс технологиясы» атты тренинг, қалалық деңгейде «Жұлдыз-Ардақ» балабақшасының әдіскері, психологы, логопеді, дефектологының қатысуымен «Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл кемістіктерін түзету жолдары» тақырыбында ашық үйірме отырысы ұйымдастырылды.

Колледж әдіскерлері: А.С.Маметекованың «Балабақшада өткізілетін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті және оны талдау үлгісі»,

С.А.Мұқышеваның «Ойын-ойдың қазығы» атты оқу құралдары білім алушылар тарапынан және балабақша тәрбиешілері тарапынан қолданысқа ие.

Мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Бүгінде XXI ғасыр білімі деп батыл санауға болатын инновациялық креативті білім беру мәселесі алға қойылып отыр. Инновациялық креативті білім беру – қазіргі мектептерде, балабақшада оқытудың шығармашылық қызметі сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттайтын интеллектуалдық процесс. Білімнің алғашқы бастамасын мектепке дейінгі ұйымдарда алған бүлдіршін баланың шығармашылық әрекет арқылы білімді біртіндеп қалыптастыруы жүзеге асырылады. Осы бағытта колледж білім алушыларының іс тәжірибелік іскерліктері мен дағдыларының, құзыреттіліктерінің қалыптасуына әлеуметтік серіктестіктермен байланыс жұмыстары үздіксіз жүзеге асырылады. Іс тәжірибе базалары қаладағы мектепке дейінгі ұйымдар: «№1 Арман ясли-бақшасы», «Жұлдыз-Ардақ», «Қуаныш», №8 «Балбөбек», «Нұрдәулет», №6 «Нұрсауле», №12 «Ажар» ясли-балабақшалары».

Балабақшада машыққерлер ұйымдастырылған оқу қызметтерін жаңа мазмұнда жүргізеді, балалардың күннің бірінші және екінші жартысындағы күн режимдерін ұйымдастырады, ертеңгіліктер мен сауықтыру мерекелік іс шараларды бірлесіп ұйымдастыруға ат салысады.

Қазіргі кезде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім беру кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Үштілділік туралы ел Президенті Н. Ә. Назарбаев 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілде пайдаланылатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі- жаһандық экономика, ойдағыдай кірігу тілі» [1] деген болатын. Тіл мәдениетін игеру - әр баланың сәби шағынан басталып, ары қарай біртіндеп жетіліп отыратын үрдіс. Осы ретте колледжде 2013 жылдан бастап «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы, «Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі» көптілді жүйеде біліктілігі бойынша мамандар даярланады. Көптілді оқыту - жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, баланы дамытатын, өз қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін бүгінгі күннің ең басты мәселесі. Қазақстандағы көптілді білім беру моделі әр білім алушының мектеп жасына дейінгі кезеңінен бастап, ел дамуының игілігі үшін бойындағы тұлғалық қабілеттерін ашуға үш тілді - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қарқынды түрде меңгеруге бағытталған. «Мектепке дейінгі ұйымдарда тілдің үштұғырлығын дамыту» бағдарламасы негізінде оқыту үрдісінде үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) оқытуға басымдық беріледі. 2014 жылдан колледжде «Оқу процесіне көптілділікті енгізудің тиімді жолдары мен өзектілігі» атты аймақтық семинар, қала балабақша тәрбиешілерімен «Тәрбиеші болу-бақыт» атты педагогикалық эстафета, білім алушылардың көптілділік мәдениеті туралы көзқарастарын кеңейту және үш тілде сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында «Көптілдің үш тұғырлығы» семинар-тренинг, онлайн жүйесінде интеграциялық сабақтар, ашық сабақтар, колледжішілік «XXI ғасыр тәрбиешісі» атты шығармашылық олимпиада ұйымдастырылып, біліктілік дағдыларының қалыптасуына жағдайлар жасалуда. Білім алушылар іс тәжірибе базаларында үш тілде оқыту, тәрбиелеу үрдісітерін ұйымдастырып жүргізеді.

Семейдің М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжіндегі мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ісінің бүгінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың орталығына айналуы - ғасырлық тарихы бар, осы салада еңбек еткен педагогтар олардың өшпес мұралары мен қызметінің бүгінгі күнмен сабақтастығының, үздіксіздігінің көрінісі десек те болады. Оқу орны мемлекет саясатын жүзеге асырушы ретінде, қоғамдық сұраныс пен тапсырысты орындауда инновациялық-креативті сапалы білім мен саналы тәрбие беру арқылы Қазақстан ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісі жалғасын таба бермек.

Әдебиеттер

1. Н. Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы. А., 2007

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ТҮПҚАЗЫҒЫ

Ж.С. Коздигарина
ОҚО «Әдістемелік кабинеті» МКҚК-ң
мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдіскері

Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындарухани тұтастану мен ұрпақтар жалғастығы, ұлттық сана-сезім мен жаңа қазақстандық патриотизмнің белгіленген бағдарға орай қалыптасуы мәселелерімен сабақтас сауалдардың маңыздылығына тоқтала отырып, жақын болашақта аса қуатты да күшті Қазақстан мемлекетін өркениетті жолмен құруға барлық жағдай жасалғандығына айрықша назар аударды. Сонымен қатар «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын жүзеге асыру бойынша ерекше жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, ұлттың мәдени коды (тілі, руханияты, дәстүрлері) сақталғанда ғана уақыт үніне ілесе алатынымызға көңіл бөлген болатын.

Елбасы: «Ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтатын болса, ұлттың өзі де жоғалады. Абыройлы тарихымыз, даңқты ата-бабаларымыз туралы жады естеліктер ғана бізге алдағы уақытта қиындықтарға төтеп беруге көмектеседі», – деген еді. [1].

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті», – деп М.Жұмабаев жазғандай халық педагогикасы ілімдерін негізге алып жұмыс жүргізген дұрыс деп есептей келе, ауыз әдебиеті жанрлары арқылы жұмыс өрбітілді [2]. Ауыз әдебиеті үлгілері арқылы халықтың өткендегі өмірін, тарихы мен тұрмыс-тіршілігін, арманын білуге болатынын көрсете білдік.

Бұл пікірлердің қазақ фольклорына да қатысты екені даусыз. Жалпы ауыз әдебиеті үлгілерінен халықтың ой-өрісінің сәбилік дәуіріндегі көрінісін байқауға болады. Ф.Энгельс «Неміс халқының кітаптары» деген еңбегінде ауыз әдебиеті үлгілерінің шығу тегіне талдау жасай келіп, оның халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты туындағанын айтады. Ал М.Горький ауыз әдебиеті туралы жазған еңбегінде: ауыз әдебиетінің ең ескі түрлерінің өзі шаруа адамның күн көрінісіне, еңбек ету үрдісіне байланысты туындаған», - дейді. Сондай-ақ бір топ ертегі, аңыздарда жауыздық пен ізгілікті, жалқаулық пен елгезектікті салыстырмалы түрде сөз етіп, ертегідегі кейіпкерлердің іс әрекеті арқылы ишарамен меңзеп, жақсыдан үйренуді, жаманнан жиренуді балаға үйретеміз. Яғни В.Г. Белинский айтқандай, ертегі-аңыздарды «халық өмірінің айнасы» деуге болады. Бабаларымыз ертегі айтуды ермек еткен емес, керісінше бала тәрбиесіне қолдана білген. Неше түрлі ғажайып уақиғаларға құрылған ертегілердің жігін келтіріп, тартымды етіп айтып беру, әр эпизодтың арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, кейіпкерлеріне мінездеме беру, оларды тыңдаушының көз алдына елестетердей етіп бейнелеп беру, әр кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарай сөз сараптау, тілдік сипаттау таба білу, ертегі айтушының мол өнері, тіпті айтқыштық шешендігі, әрі дикторлық, әрі ораторлық шеберлікті талап етеді. Демек, ертегінің тартымды, қызықты, тыңдаушыға әсерлі болуы оны айтушыға байланысты. Ал, балаларды ертегі айта білуге үйрету сөз өнеріне, тілінің дамуына, ой-өрісінің жетілуіне әкелері анық. Ертекші өнер адамы болғандықтан, репертуарына аса жауапкершілікпен қараған. Ол жөнінде орыс фольклористері А.Н.Афанасьев, Н.Е. Окучев, М.К.Азайдовский Ю.М.Соколов , сондай-ақ қазақ фольклористері: М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Исмайлов, М.Ғабдуллин т.б. еңбектерінде терең талдау жасап, келесі пікірлер айтқан. Мәселен, С.Мұқанов: «Халық ертекшілері үлкен өнер адамы саналған», - десе, М.Әуезов: «Ертек айта білушілерді ұзақ мазмұнды эпикалық жыр орындаушы ақындармен, жыршы, жыраулармен пара - пар бағалаған», - дейді. [3]. Ал көрнекті фольклорист ғалым М.Ғабдуллин: «Ертекшілер ауыз әдебиеті үлгілерін шебер орындаушылар ғана емес, тың сюжетті ертегілерді туғызушы, шығармашылық адамы», - деп тұжырым жасайды. Қазақ ауылында аты жұртқа жайылған атақты ертекшілердің көп болғаны, олардың Құламерген, Аяз би, Ер Төстік, жерден шыққан Желім батыр, шық бермес Шығайбай, Алдар көсе, Жиренше шешен, Тазша баланың қырық өтірігі, т.б ертек-аңыздарды біздің дәуірімізге сақтап, жеткізудегі рөлі жөнінде ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші Г.Н.Потонин, В.В.Родолв, Ә.Диваев, Н.Пантусов т.б. айтқан ой-пікірлері де бар. Ал, осы ертегілерді біз әжелеріміздің аузынан, пластинкадан тыңдап өскенбіз. Оны қазіргі ұрпағымызға айтып тарихымыздың құндылығын дәріптеудеміз. Оны тыңдаған баланың да таным-білімі кеңейеді. Мен жұмыс жасаған балабақшада Тазша баланың қырық өтірігі секілді жарыс та болды, бірақ нәтиже ойдағыдай шығып шешендік таныта алған жоқ, өйткені ұлттық мұрағатымызды дәріптеу әлі де жеткіліксіз. Сондықтан осы ертегілерді айтып қоймай, қуыршақ, саусақ театры арқылы өрбіттік. «Менің сүйікті ертегім», «Ертегі сыры», «Ерте, ерте, ертеде»

тақырыптарында суреттер көрмесі де өткізіліп тұрды. Осы шаралар баланың қиялын, қызығушылығын арттырды. М.Әуезов өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында былай жазған екен: «Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгіменің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Әуелі Абай ауыра бастағанда бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады.

Сонда ол ойланып отырып:

- Е-е.. Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен...? – деп, кішкене тақпақтап бастап еді». Міне, осы сөздің өзі Абайдың санасына ұялап, ертегіге деген қызығушылығын оятады. [5].

Осыдан-ақ ертегінің бала қызығушылығына нақты септігі тиетінін анық көз жеткізіп, педагогикалық жоба жазылды. Жоба – педагогтардың оқыту және өз білімін көтеру әдістерінің бірі. Негізгі бағыты: зерттеп өңдеу шеберлігі, мәселені қоя білу, мәліметтерді жинақтау және өңдеу, тәжірибе өткізу, алған нәтижелерді талдау.

Жобаның тақырыбы: «Халық ертегілерінің мектеп алды тәрбиесіндегі орны». Алға қойған мақсатымыз: баланың шығарманың көркемдік мазмұнын түсініп және оны қабылдай білу; оқиғаның баяндалу ерекшелігін түсіну, әңгіме-ертегілерді өз бетінше құрастыра білу; сахналық қойылым барысында кейіпкер бейнесіне ене білуге машықтандыру. Міндеті: ауыз әдебитінің көне жанры ертегінің әр түрлі салада кіріктірілуін тереңдету. Балалардың көркемдік эстетикалық талғамын арттыру. Оны қандай жұмыстар түрімен ұйымдастыруға болады, яғни ұйымдастыру түрі; көркем әдебиет, бейнелеу өнері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, музыкалық тәрбие, әлеуметтік тәрбие жүйесі. Бұл жүйелерді іске асыру үшін негізгі бағытымыз; балалармен, ата-анамен, педагогтармен жұмыс болды. Балалармен жұмыс: ұйымдастырылған оқу қызметі, сахналық қойылым, әңгімелер, ойындар, көрмелер, сайыстар, фотожұмбақтар. Ал ата-аналармен жұмыс: кеңестер, әңгімелер, көрмелер, қойылымдар, саяхаттар, бірлескен жұмыстар, сауалнама; сонымен қатар, педагогикалық ұжыммен жұмыс: кеңесер, семинарлар, шебер қолдар үйірмесін құру, педагогтардың мамандық құзреттілігі, ертегі, ойындарды безендіру. Ата-анамен «Ертегі айта білесіз бе?», «Баланың ертегіге қызығушылығын қалай арттырасыз?» тақырыптарында кеңестер, пікірталастар қаралды. Педагогтармен «Халық ертегісінің мектеп алды тәрбиесіндегі жүйесі», «Халықтың қарасөз ғибратының бірі ертегі», «Ертегіні дене тәрбиесі сабағында қолдану», Ойын «Эвристикалық айтыс, Ертегімен сусындаған жас ұрпақтың даналығы» тақырыптарында кеңестер, оқыту семинарлары, шебер-сыныптар өткізілді. Балалармен жұмысты халқымыздың аңызын негізге алып домбыраның шығу тарихы жөнінде мәлімет беру мақсатымен, домбыраны таныстыру үшін 10 кезеңге бөлдік. Олар: домбыраның құрылымымен таныстыру, домбырамен ән айту өнері, домбырамен күй тарту өнері, домбырамен би билеу өнері, күйші, домбырашы Құрманғазы Сағырбайұлымен таныстыру, домбыра жасаушы шебер Қамбар ағаймен кездесу, өнер қайраткерлерімен кездесу күй құдіретіне тәнті болу, домбыра туралы аңызбен таныстыру «Ақсақ құлан», домбыраны

құрметтеу мақтан ету, домбыраның шығу тарихымен таныстыру, сахналандыру.

Осы 10 кезең тақырыпқа сай жоспарланып өткізілді.

Негізгі мақсат: балаларға домбыра туралы түсінік беру, оның құрылымымен таныстыру. Домбырадан тартылған әуенді тыңдауға, оған еліктеп ләззат алуға дағдыландыру, балалардың есту қабілетін музыка тыңдау, сезіну арқылы жетілдіру, музыкалық сезімін ояту. Ол баланың осы мәселені толық түсінуіне мүмкіндік береді. Осы шаралардан соң домбыраның шығу тарихын «Ақсақ құлан» аңызымен таныстырдық. Бұл жерде балаға ертегі мазмұнын меңгерту маңызды. Шығарманы жүйелі баяндап өз көзқарасымен мәнерлеп айта білуін қалыптастыру ерекше мәселе. Адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу, аңыз арқылы бала Жошы хан, нөкерлер, біршама, құлын, оқ, көмей сөздерін меңгере алды. Баланың сөйлеу мәнері тілі дами түсті. Ертегіні бекіту үшін мультфильмдер көруі тиіс. Ертегіден есімізде не қалғанын пысықтау үшін «Сүйікті ертегі», «Ертегі оқиға желісімен» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастырдық. Балалармен «Не? Қайда? Қашан? ертегілер сыры» тақырыбында ойын өткізілді. Бұл әрекеттер баланың түсінігін, өз ойын еркін жеткізу қабілетерін, қиялын дамытады. Осы кезеңдерді қорыта келе, «Домбыра асыл мұра» тақырыбында сазды көрініс сахналадық. Бұл сценарийді домбыраның шығу тарихы аңызын негізге ала отырып жазылды. «Домбыраның шығу тарихы» аңызын оқып шумақтар жүректен бұлқына шығып, тек қазақпын деген пенденің жүрегін оятар туынды дүниеге келді. Оны балабақшамыздың балаларының орындап шығатынына кәміл сенген соң көрініс қоюға бел будық. Халық аңызы арқылы қасиетті домбыраның тарихы жөнінде балаға түсінік беру басты мақсатымыз болды. Домбыраны дәріптеп қастерлей білуге үйрету, домбырадан тартылған күйлерді, домбырамен айтылған әндерді тыңдауға, оны қабылдап, салыстырып, айыра білуді үйрету керек. Балалардың ой-өрісін, талғампаздығын арттыра отырып, бүлдіршіндерімізді жан-жақты етіп тәрбиелеуге, отансүйгіштікке, мейірімділікке, әсемдікті сүюге тәрбиелеуді басты ұстаным етіп алдық.

Сонымен бірге, баланың музыкалық мәдениетін, эстетикалық талғамын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру сөзбен жеткізе алмайтын әсемдікті музыка тілімен жеткізу маңызды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы патриоттық тәрбие беру жұмыстары ұлттық мұра, тарих, тіл, елге құрметпен қарауға баулуға негізделді. Жалпы жасалған жобаның қорытындысында алған нәтижелер бойынша адамгершілік, рухани, азаматтық, сұлулық ақыл ойы дамиды, шыншылдық, зұлымдық, ізгілік туралы түсінік алады, сөз қоры молайып сөйлеу мәнері өседі. Сондай ақ танымдық-шығармашылық қабілеті жан-жақты дамиды, үлкендермен, достарымен еркін қатынас жасайды, жеке шығармашылық қабілеті, құзыреттілігі дамып, баланың эстетикалық талғамы қалыптасады. Міне, осындай нәтижелер баланың танымын, ой-қиялын көрсете алады. Балалар ертегіні шын пейілмен, кейіпкер бейнесіне ене орындап шықты. Балалардың қызығушылығы басым болып, оны кез келген кезде өз беттерінше де ойнап, өзге жолдастарына да айта жүрді. Біз осылай баланың тіл байлығын

дамытып, сөз қорын молайтып, сөйлеу мәнерін жетілдіреміз. Баланың шығармашылығы артып, таным білімі ұлғаяды. Баланың танымдық білімі тереңдеп, тілі дамыған баланың ой-өрісі, шығармашылығы дамитыны бәрімізге аян. Бала кейіпкер рөлінде ойнай жүре ойы өседі. Аңыз, ертегілер балаларды елін, жерін сүюге әділет үшін, бақыт үшін күресуге баулиды. Оны қойылым барысы дәлелдей білді. Ол балаға өсиет, өнеге, уағыз, насихат береді. Ертегі арқылы жақсыдан өнеге алып тұшынса, ғибрат алса, ал жауыздықтан, зұлымдықтан жиіркенетін, бойын аулақ салатын болады. Аңыз әңгіме, ертегілер адамға ой салушы, тәлімдік мән-мағынасы зор халықтық шығармалардың аса қызықты да көркем түрлеріне жатады. Ең бастысы бала оған қызығады, тыңдағысы келеді әрі айтып, әрі оны сахналағысы да келеді. Олардың еркін ойнауына ықпал етеді, ал ойын өсіп жетілуіне арналған басты құрал.

Бұл іс-шаралар арқылы баланың адамгершілік қасиеті дамып, патриоттық тәрбие алады, тілі дамып, сөз қоры молаяды. Өз елінің тарихын, әдет-ғұрпын біледі. Бұл шаралар әр кез жалғасын табады, келесі қойылым «Ана өмір гүліміз», «Бәйтерегім мәуелі»- деп аталады. Осы бағытта балаларға аңыздың мәні неде екенін түсіндіру, мейірімділікке, қайырымдылыққа, зеректікке үйрету – басты мақсатымыз. Аңызды жан-дүниесімен сезіне білуге баулу арқылы сахналандыру кезінде кейіпкер бейнесіне ене орындап жаттықтырады. Халық ауыз әдебиет жанрларына сүйіспеншілігін арттыра, ананы құрметей білуге үйренеді. Бұл қойылымдар жалпы балаларға абыройлы тарихымыз, даңқты ата-бабаларымыз туралы мағлұмат береді.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті –Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ» // Егемен Қазақстан, 23 қаңтар. 2014 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-А.,1999

3. Қожамжарова.Д.П. Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы «Мәңгілік Ел» идеясы –«Бәсекеге қабілетті қоғам тірегі-ұстаз: «Мәңгілік Ел-ұрпақтың мәңгілік болашағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Шымкент, 2014ж. I бөлім.

4. Күлтегін Тоныкөк. Ежелгі түркі рун жазбалары. Алматы, Өлке баспасы,2001.

ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

Станова Гульжан Кереевна
«Қызғалдақ» ясли – бақшасының меңгерушісі
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы

Бала тәрбиесі қашан да қоғам назарында болатын маңызды мәселе. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам

болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана — басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен, ананың ақ сүтіне байланысты болса, екіншіден, балабақшадағы тәрбиешісі берген тәлімнің жемісі. Сондықтан балабақша – баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Елбасымыздың Жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады», – деген.

Мектепке дейінгі сапалы білім мен баланың қабілеттерін толықтай дамыту қоғам үшін маңызды, өйткені бала еліміздің болашақ интеллектуальдық және оның гүлденуінің негізі.

Ауданда мектепке дейінгі мекемелер 1932 жылдан бастап ашыла бастаған. Алғашқы жылдары 5 балабақша жұмыс жасаған. 1932-1998 жылдар аралығында аудандағы балабақшалар саны 32-ге жетті. Осы жылдары аудандағы мектепке дейінгі мекемелердің жұмысы өте қарқынды дамыды, 32 балабақшаның 8 балабақша аудандық оқу бөліміне,(«Салтанат», «Буратино», «Бүлдіршін», «Снежинка », «Балауса», «Балдырған», «Айгөлек», «Зайчик», 13 балабақша «Теңіз мұнай-газ» мекемесіне, («Әсем», «Золотой ключик», «Березка», «Рябинушка», «Қарылғаш», «Радуга», «Бөбек», «Дюмовочка», «Родничок», «Светличок», «Балдырған-Қаратон», «Бөбек-Сарқамыс», «Ақбота») 4-уі «Теңіз-теміржол» мекемесіне, («ЖД-224», «ЖД- 615», «ЖД-63», «ЖД- 62») 2-уі «ЛПУ» мекемесіне, («Сказка», «Огонек») 1-еуі «ТПС» мекемесіне («Васелек») 1-еуі «АТП-1», («Солнышка») 1-еуі «ЮЭНРЭ» («Золушка»), 2-уі «ПНГС» («Ладушки», «Золотая рыбка») мекемесіне қарасты болды. Мектепке дейінгі мекемелердің оқу-тәрбие жұмысына бағыт беріп, қадағалау аудандық білім беру бөлімінің құзырында болды. Аудандық білім бөлімінде мектепке дейінгі бөлімнің бас маманы қызметін атқарған тұлғалар: 1977-1988 жылдар аралығында Ғалымжанова Роза Фатиховна, 1988-2000 жылдары Станова Гүлжан Керейқыздары еңбек етті.

Бүгінде Елбасының тапсырмасымен іске асырылған «Балапан» бағдарламасының нәтижесінде аудандағы балабақша саны 5 жетті. Ол мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтылған балалардың 50 % құрайды. Әрине бұл жетістіктер біздің мемлекетіміздің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ерекше назар аударып отырғандығын дәлелдейді.

2012 жылы пайдалануға 280 орындық, типтік жобада, заманауи талаптарға сай салынған «Қызғалдақ» атауымен яслибақша ашылды. Яслибақша меңгерушісі Станова Гүлжан Керейқызы.

2012-2013 оқу жылының басында 280 бала қамтылды. Оның ішінде 137 қыз бала, 143 ұл бала болды.

Ясли-бақшада: I кіші – 4 топ, II кіші – 2 топ, ортаңғы – 5 топ, ересек – 1 топ. Тәрбиеленушілердің контингенті әлеуметтік жағдайы жақсы балалар. 79% толық отбасында, 20 % толық емес отбасында тәрбиеленеді. Ата-аналардың 68% жоғары білімді болса, 70% жеке баспанасы бар ата-аналарды құрайды. Балалар білім бөлімінің бірыңғай кезегі бойынша балабақшаға қабылданды.

Жалпы 77 адам қызмет етеді. Оның ішінде 32 педагог бар. Педагогтар арасында арнайы мамандар жұмыс істейді: 1 музыка жетекшісі, хореограф, информатика, орыс және ағылшын тілі мұғалімі педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында», – деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, балабақшада баланың таным процесін ізгілендіру мақсатында көптеген оқу-тәрбие үрдістері, жан-жақты ұйымдастырылып, өткізіледі.

Біздің МКҚК «Қазғалдақ» балабақшасында оқу тәрбие үрдісі жаңа стандарт бойынша құрылған, білім берудің оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны қолданып жұмыс жасауда.

2013 жылы балабақшада аудан көлемінде семинар ұйымдастырылды. Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйым басшыларының кәсіби дамуын басқару, педагогтардың біліктілігін арттыру». Семинарда жаңашылдыққа байланысты «Компьютер әлемінде» тақырыбында информатика маманы Досмагамбетова Мейрамгуль ересек тобына ашық оқу іс-әрекетін өткізді.

Балалардың ой-өрісін дамытуға арналған «Сиқырлы қалам» оқу-ойын кешені қолданылуда. Сонымен қатар, дискісімен және сөйлетін қаламы бар түрлі әңгіме, ертегі кітаптармен қамтылған.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға педагогтардың қатысуы. Саидмахмадова Зебо «Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі-білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» Аудандық педагогикалық оқудан II-орын, Облыстан Алғыс хатымен мараппаталды.

Даулеткереева Гүлнар Байтанатқызы 2014 жылы Атырау қаласына «Ұлттық құндылық негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» атты республикалық конференция жұмысына қатысты және мақаласы конференция жинағына жарияланды, сертификатқа иеленді. «Мұғалімнің құзыреттілігін дамыту – білім берудің сапасын жақсартудың негізі» XV- Аудандық педоқуда I орын, облыстық педоқуда II орынды иеленді.

2014 жылы Мәскеу қаласы «Формула-2014» IV халықаралық педагогтардың шеберлік конкурсына Г. Даулеткереева, Л.Бегежанова, Ж.Қурманова қатынасып марапатталды.

2015жылы Кокшетау қаласында I-ші Қазақстандық слётке қатысқан Даулеткереева Г. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтарының» «Жүрек жылуын балаларға береміз» Алғыс хатпен мараппаталды. Іс тәжірибесі таратылды.

2015жылы Сочи қаласында өткен халықаралық мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің VI слетіне Балабақша меңгерушісі Станова Г.К. қатысып «Мейірімді жүрек» төсбелгісімен, ясли-бақша әдіскері Н. Ермекова Алғыс хатпен марапатталды. «Қызғалдақ» ясли-бақшасы Лауреат атағына ие болды.

2016жылы I Республикалық «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауы «Тәрбиешінің үздік баяндамасы» номинациясы бойынша Әуелбаева Құралай диплом, Шадирова Ажар «Үздік портфолио» номинациясымен I орын иеленді.

Мектепке дейінгі мекеме жұмыстарына инновациялық технологияларды енгізу және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие сапасын және тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында 2015-2018 оқу жылдарына арналған ясли-бақшаның әдістемелік тақырыбы таңданып, міндеттері анықталып, 3 кезең бойынша жұмыс жоспары құрылды. 2015-2016 оқу жылы дайындық кезеңі болды. Мақсаты:инновациялық технологияларды қолдану бойынша педагогикалық ұжымның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу. Міндеттері: «Инновациялық педагогикалық технологиялар» диагностикасын жүргізу; технологияларды қолдану бойынша жетекші педагогикалық тәжірибелер мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі мәселелердің жағдайын зерттеу.

Міндеттерді шешу барысында педагогтар 5 әдістемелік орталықтарға бөлінді, және зерттеу тақырыптары таңдалып алынды. Әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру мақсатында 5 педагогикалық кеңес және 5 семинар өткізілді.

Қазіргі таңда яслибақшамызда білім беру стандартын жүзеге асыру мақсатында инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті негізгі міндетіріміз: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Басты мақсатымыз: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Яслибақшада кен қолданып жүрген тиімді технологиялар:

1. «ТРИЗ» (ӨТШТ) технологиясы;
2. «Тәй-тәй» технологиясы;
3. «Монтессори» технологиясы;
4. «Зайцев» технологиясы;
5. Дамыта оқыту технологиясы.

1)«ТРИЗ» (ӨТШТ) технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттіліктерді дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып шығармашылыққа баулиды.

2) «Тәй-тәй» технологиясы. Джорж Сорос негізін қалаған.

Мақсаты: Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.

3)«Монтессори» технологиясы балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеп табу.

4)«Зайцев» технологиясын мақсаты: Оқыту мен санауды қатар үйрете отырып, балалардың дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауын қамтамасыз ету.

5)«Дамыта оқыту» технологиясы. Негізін салушылар мен зерттеушілер: В.Давыдов, В.Занков, В.Эльконин, П.Эрдниев.Мақсаты: Баланың жалпы жан дүниесін, және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік

қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті – оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу.

«Дамыта оқыту» технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиымды әдістері: «Ой толғаныс», «Ассоциация», «Салыстыру», «Топтау».

Жылдық жоспарды жүзеге асыру мақсатында қыркүйекте «Білім күні», «Денсаулық фестивалі – 2016», қазан айында «Үлкенге құрмет» атты концерттік бағдарламасы қарттар үйінде ұйымдастырылды. Қарашада «Күз ханшайымы» байқауы, желтоқсанда «Ертегілер елінде» сахналық қойылымы, «Тәуелсіздік тұғырым» мерекелік шара, «Біз қазақша сөйлейміз» байқауы, қаңтарда «Әнші балапан» ән-байқауы, ақпанда «Өзін-өзі тану: махаббат және шығармашылық педагогикасы» апталығы, наурызда «Наурыз жыл – басы» меркесі, сәуірде ТЖ бойынша аудандық байқауы өткізілді.

Жыл бойы бейнелеу өнері бойынша тәрбиешілердің ұйымдастыруымен балалар шығармашылығының көрмесі өтті: «Менің Отаным Қазақстан», «Күзгі базарлық», «Тәуелсіздік тұғырым», «Сиқырлы шырша», «Қош келдің, Наурыз!», «Тоқтар, Талғат ағамдай мен ғарышкер боламын», «Ұлы Жеңіс жасасын!»

«Тәлімгер мектебі» бірнеше жылдар бойы жұмыс істейді. Жұмыс жас мамандардың сұраныстары, оқу-тәрбие жоспарына сәйкес құрастырылған жоспармен жүзеге асады. Барлығы 2 тәлімгер Шадирова Ажар, Даулеткереева Гульнар жас мамандармен Нарынбаева Диана, Амиева Мерует, Кылышбаева Салтанат жұмыс істеді.

«Тәлімгер мектебінің» нәтижелілігі «Үздік жас маман – 2016» балабақшаішілік байқауында шығарылды.

2017жылы I Республикалық «Жас маман» байқауына тәрбиеші Илесова Ақтоты мен қазақ тілі маманы Муратова Мадина қатынасып «Алғыс хат» және «Құрмет грамотасымен» марапатталды .

Басылым 2015- 2016 оқу жылында төмендегі мына педагогтар өзіндік білім көтеру тақырыптары бойынша әдістемелік басылымдарға жарияланды: «Мектеп ұстаздарының әлемі» журналының №6,7,8 сандарына тәрбиеші Г. Коканова «Орманға саяхат», «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар», «Ертегілер еліне саяхат» ҰОҚ жарияланды, сертификат иеленіп, Алғыс хат алды. «Мектеп ұстаздарының әлемі» журналының №8 санына тәрбиеші Бегежанова Ләззат «Приключение Даши в детском саду» ҰОҚ жарияланды.

Ясли-бақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі –ата-анамен жұмыс. Оқу жылының басында ата-аналардан сауалнама алынып «Отбасының әлеуметтік портреті» шығарылды. Сонымен қатар «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Отбасындағы денсаулық сақтау шаралары» тақырыптарында сауалнамалар алынды. Нәтижелері педагогикалық кеңестер мен семинарларда шығарылып отырылды. Жыл сайынғы ата-аналармен жүргізілетін біріккен іс-әрекеттеріміз әртүрлі бағытта жүзеге асты. Жыл сайынғы ата-аналармен

жүргізілетін біріккен іс-әрекеттеріміз балабақшаның отбасымен ынтымақтастығының негізгі төрт бағыты бойынша жұмыс жүргізілді: дәстүрлі, ағартушылық, қоғамдық басқару, интерактивті. «Ата-аналармен кездесуде балаларды, ата-аналарды және педагогтарды жақындастыратын өзін-өзі танудың элементтері жиі қолданылады. Сонымен қатар, жыл сайын дәстүрге айналған «Ата-ана махаббаты» тренингі, әкелер конференциясы, «Жыл ата-анасы», «Екі жұлдыз» сайысы, бірлескен сенбіліктер өткізілді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық «25 жұлдызды күн» аясында өткен отбасылар байқауындаБас жүлде иеленді.

Үштұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымда тілдердің үштұғырлығын дамыту» шағын лекция, интеллектуалдық ойын «Полиглот», «Балабақша жағдайында үштілділікті ендіру мәселелері» тақырыптарында дөңгелек үстел, «Ағылшын тілі күні» іс-шараларын жүргізді.

«Ағылшынша сөйлейміз» тақырыбында театр қойылымы қойылып, «Шалқан» ертегісі сахналанды.

2016 жылы айында «Теңізшевройл» ЖШС-ң жұртшылықпен байланыс бөлімі мен Құлсары қаласы әкімі аппаратымен бірлескен шара негізінде «Мерекелі күз» ертеңгілігін көрсетті.

Бала тәрбиесіндегі нәтижелі еңбегі үшін Құлсары қаласының әкімінің грамотасымен Р. Кудайбергенова, аудандық білім бөлімінің грамотасымен Н.Ермекова, білім саласының кәсіподақ ұйымының грамотасымен З.З.Саидахмадова марапатталды.

Осы бес жыл ішінде біздің балабақшамызда тәрбие алған балалардың саны 1400-ге жетті, олардың әрқайсысы ізгі адам боларына сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан мектебі» журналы 11.2013 ж.;
2. «Бала мен балабақша» журналы 7.2012 ж.;
3. «Отбасы және балабақша» журналы 4.2015 ж.;
4. «Дошкольный мир» журналы 2016 ж.

НРАВСТВЕННО – ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Афинова Бахытжамал Амишевна,
руководитель КГКП я/с № 10 «Сказка»
г.Экибастуз, Павлодарская область

Приобщение юного поколения к национальной культуре становится актуальным вопросом современности, так как каждый народ не просто хранит исторически сложившиеся традиции и особенности, но и стремится перенести их в будущее, чтобы сохранить национальные культурные ценности и самобытность народа для последующих поколений.

Детям надо помочь понять с самого раннего возраста, что они – часть великого казахского народа. Дошкольный возраст благоприятный период для

развития интеллекта, мотивации к образованию, формирования стремления быть полезным людям, своей малой родине, стране. Проблема приобщения подрастающего поколения к культуре и истории своего народа нашло отражение в Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения.

Данные задачи решаются во всех видах детской деятельности: в ОУД, играх, в труде, в быту, в ходе которых воспитываются в ребенке не только патриотические чувства, но и формируются его взаимоотношения с взрослыми и сверстниками.

Опираясь на имеющийся опыт по формированию патриотических качеств дошкольников, сложившийся в ясли - саду № 10 «Сказка» г. Экибастуза, творческий коллектив педагогов разработал собственную программу патриотического воспитания дошкольников в контексте реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел».

Патриотическое воспитание дошкольников формируется через такие средства, как устное народное творчество, декоративно–прикладное искусство, народная игровая культура, поликультурное пространство города.

Наиболее эффективными формами работы в коллективе являются: дискуссии, семинары-практикумы, мастер-классы, мозговой штурм, деловая игра, тренинг, ролевые игры, самообразование, обмен педагогическим опытом и др.

В целях реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел» в ДО проведен семинар «Как приобщить дошкольника к традициям и обычаям народов Прииртышья», где воспитатели познакомили детей с традициями и обычаями Прииртышья; людьми, чьими именами гордится Павлодар: Героями Советского Союза М. Камзиным, С. Муткеновым, А. Ёлгиным, М. Каирбаевым, И.Кривенко, М.Катаевым. Организованы экскурсии к культурным памятникам нашего города: вечному огню, стеле Победы, Сатпаеву К.И., Ауэзову М.О., Пшембаеву К. с возложением цветов.

Важнейшим средством патриотического воспитания является приобщение детей к народным традициям. В рамках программы детей приобщают к истокам казахской народной культуры, где воспитатели знакомят их со способами изготовления войлока, плетения циновок, вышивкой. Итогом данной работы стала тематическая выставка «Умелые руки не знают скуки».

Патриотизм формируется и через труд взрослых, где каждый ребенок начинает осознавать, что труд объединяет людей, благодаря ему мы пользуемся благами. Родители каждой возрастной группы изготовили макеты предприятий, где они работают: «ГРЭС», «Разрез Богатырь», «Жасыбай». С помощью макетов дети знакомились с промышленностью города и природным заповедником.

В кабинете казахского языка создан мини–музей, где детей знакомят с предметами обихода, убранством жилища, с казахской национальной одеждой, музыкальными инструментами: домбра, кобыз, канырау. Приобщая к историческому прошлому, мы воспитываем у детей гордость, уважение к казахскому народу, умение ценить и беречь свой край.

В проекте «Моя Родина – Казахстан через рассмотрение иллюстраций, слайдов, видеофильмов, художественные произведения, творчество, игры-путешествия дети называют столицу нашей Родины - Астану, знают ее достопримечательности. Детей знакомят с символикой страны, рассказывают, что у каждой страны есть свой флаг, герб, гимн. Рассказывают где и когда они могут их увидеть. Проведены тематические недели «Казахстан под единым шаныраком», «Язык – богатство народа», «Наша дружная семья».

Большое внимание уделяется сотрудничеству с родителями с целью формирования духовного единства семьи, знания и уважения семейных традиций.

Опыт работы ясли-сада по патриотическому воспитанию в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел» показал, что активная позиция дошкольной организации влияет на личную позицию педагогов, детей, родителей, делает процесс более эффективным, открытым и полным. Мероприятия проводятся с участием НПО: славянского центра «Братство», польского «Болония», татаро - башкирского центра «Шатлык». Используя позитивный опыт взаимодействия с НПО, участники получили хороший стимул к сотрудничеству, появилось желание украшать и улучшать мир вокруг себя, осталось удовлетворение от совместной работы и общения.

Таким образом, от того, какими глазами ребенок увидел окружающее, какие уроки извлек он из увиденного и услышанного, зависит и становление личности гражданина. У ребенка проявляется гражданственность в чувствах, в сознании, в поведении, так необходимые для воспитания патриота своей родины– Казахстан.

Литература

1.Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана «Стратегия «Казахстан2050».

2.Методические рекомендации Патриотического Акта «Мәңгілік Ел».

3.Маханева М. Д. Нравственно-патриотическое воспитание детей старшего дошкольного возраста. – М., 2003.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ПАТРИОТТЫҚ АКТІСІНІҢ НЕГІЗДЕРІН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ

Кардарова Гүлжанат Жабайқызы
«Болашақ» бөбекжай-балабақша меңгерушісі
Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті

«Мәңгілік Ел» идеясының маңыздылығы «Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. «Мәңгілік Ел» – бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыртын идея, бұл кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы.....»

Н.Ә Назарбаев

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейінгі күндерде «Білім негізі – бастауышта» деген ұғымды ұстанған болсақ, қазіргі жаңарған заман талабына сәйкес «Білім негізі – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда» деуге әбден болады. Елбасымыз Н.Ә Назарбаев еліміздегі білім саласының дамуы мен жаңаруын қазіргі күннің ең өзекті мәселесі етіп қойып отыр. Соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының дамуы бірден-бір назардан тыс қалған емес.

Елбасымыз Н.Назарбаев Халыққа жолдаған жыл сайынға дәстүрлі Жолдауларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын бірден-бір назардан тыс қалдырған емес. Елбасымыздың білім саласын жаңалаудағы көрсетіп отырған қолдауы да ерекше.

Ұлт көшбасшысы «Қазақстан – 2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қаз стан халқына Жолдауында «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» деген болатын. Сондықтан да біздің алдымызда тұрған басты міндет – ұлттық идеяны қоғам өміріне енгізу.

Сол сияқты білім саласының жаңаруының тағы да бір өзектілігі «Мәңгілік Ел Патриоттық Актісін білім беру мен ұрпақ тәрбиелеу үдерісіне енгізу болып отыр.

«Мәңгілік Ел Патриоттық Актісі бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңымен бекітіліп, 2016 жылдың 26 сәуірінде қабылданған алғашқы жалпыхалықтық идея.

«Мәңгілік Ел Патриоттық Актісі бала тәрбиелеу мен оқытуда маңызы зор біршама ауқымды мақсаттар мен міндеттерді, сонымен қатар тұжырымдарды қамтиды. Атап айтқанда әлеуметтік құндылықтар жүйесін қалыптастыру, тәрбие ұстанымдары мен ойларын біріктіру, ата-бабамыз бен басқа халықтардың мәдениетін үйлестіру және сақтау және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Бұл идеяны мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне енгізу негізгі кезеңдерге бөліп қаралған.

Осы негізгі тұжырымдардың бірі «Қазақстандық патриотизмді» балабақшамыздың оқу- тәрбие үдерісіне енгізу мақсатында дайындық, негізгі және қорытынды жұмыстар бойынша жоспар жасақталып, біршама жұмыстар атқарылды.

Жалпы бала бойындағы басты рухани құндылық – жақынына деген сүйіспеншілік. Жаныңдағы адамның өмір сүру дәстүрін, әдет-ғұрпын, сезімі мен пікірін, ойын сыйлау. Өскелең ұрпақты елінің дәстүрі, ғұрпын, ұлттық құндылықтарымен тәрбиелеу қай қоғамда болсын басты мәселе болған.

Мектепке дейінгі тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы, сәбидің жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Алғашқы отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді отбасы мен балабақшадағы тәрбиеден бастау алады. Туғандарына, жақындарына деген махаббаты, туған өлкесіне, қаласы мен ауылына деген сүйіспеншілігі бала санасына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Мектеп жасына дейінгі баланың тілінің, сөздік қорының дамуы өзінің қоршаған ортасымен тығыз байланысты. Туғандары, анасы, тәрбиешісі қандай тілде сөйлесе, бала сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. «Бала тілі – бал», олар әр түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Еліміздің әр азаматы ана тілінде еркін сөйлеп, өз туған жері туралы құндылықтарды жете меңгеріп, тілін, жерін құрметтеп өсуі керек. Осы сәтте балаға отбасы үлгі болып, мектепке дейінгі ұйымда педагог қызметкерлер баланың ойын, білімін дамытып, жігерлендіру, алға жетелеу арқылы талпындырып отырғаны абзал.

Елбасымыз айтқандай, мәңгілік Ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда педагог қызметкерлер қауымының атқарар ісі баршылық. Алдымызда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш елі мен жерінің қамын ойлаған, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жанымыздан шығармауымыз шарт. Сол үшін Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыру жолында өз үлесімізді қосу әр педагогтың алдына қойған мақсат, міндеттерінің ең көлемдісі болуы қажет деп ойлаймын.

Баланың өзі дүниеге келген жерінде өмірдің бастапқы әлеуметтік тәжірибесін жинақтауын, онда қалыптасқан мінез-құлық, өзара қарым-қатынас жасаудың жағымды нормаларын сіңіруін, олардың мәдениет әлеміне қосылуын, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың ең бастапқы қолайлы кезеңі деп санаған дұрыс. Сол себепті баланы туған жерінің мәдениеті мен дәстүрі, қысқаша тарихы, табиғатындағы ерекшелігі мен экологиясы туралы мәліметтер беріп, таныстыру «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісінің негізгі тұжырымдарының бірін жүзеге асыру деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім берудің үлгілік жоспарын бекіту» туралы жоспарына сәйкес ересектер тобында вариативтік компонентке 3 сағат қаралған. Вариативтік компонент мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағыты, эксперименталды жұмысы, педагогтардың шығармашылық қызметі, ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс балалармен жұмысы, олардың мүддесі және шет тілдерін үйрету бойынша жұмыстарды болжайды.

Аталған құжатты басшылыққа ала отырып, осы бағыттағы баланың өз туған өлкесін жан-жақты танып білу және « Мәңгілік Ел» патриоттық Актісі негізгі тұжырымдарының бірін оқу-тәрбие үдерісіне енгізуді көздедік.

Бұл жұмыстар балабақшада қарапайым пәндік қызмет (ҰОҚ) , саяхаттар, сурет салу, жапсыру, өлең жолдары мен әндерді үйрену, үлкендердің еңбегіне көмектесу т.б сияқты жұмыстармен іске асырылады.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізу барысында балаларды адамгершілікке және отансүйгіштікке, өз еліне деген құрметке тәрбиелеу міндеттері шешіледі.

Алдымен «Мәңгілік Ел» патриоттық Актісін оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мақатында ересектер тобына арналып «Туған өлке – Мақат ауданы» бағдарламасы жасақталып, балабақшаның педагогикалық кеңесінде

талқыланып, ұсыныстар қабылданып, бекітілді. Жылдық жұмыс жоспары жасақталып, 6 негізгі блокка бөлінді. 36 сағатқа арналған технологиялық карта жазылды. Топта материалды-техникалық база жасақталды. Топ тәрбиешілері туған жердің тарихы туралы өз білімдерін жетілдірді.

Бағдарлама балалар өздері келетін балабақшасы, оның құрылу тарихы, ата-анасы және олардың қызмет жасайтын орындары мен қызметтері туралы мәліметтерден бастап ауылымыздағы тарихи ескерткіштер мен ірі өндіріс орындары, мәдени ошақтар мен жергілікті ақын-жазушылар, Ұлы Отан соғысы және оларға теңестірілген ардагерлер және жалпы туған жердің іргетасының қалануы жөніндегі қысқаша тарихи мағұлматтарды қамтиды.

Туған өлке туралы көрнекілік құралдар, бейне баяндар жинағы, фотосуреттер мен коллаждар және тарихи деректер жинақталды.

Балабақшада шағын музей ұйымдастырылды.

Музейде туған жеріміздегі әсем ғимараттар мен орталық мешіт, ірі өндіріс орындарының макеттері мен жергілікті ақын-жазушылардың еңбектері, публицистика, поэзия материалдары, жергілікті соғыс ардагерлері және оларға теңестірілген адамдардың өмірлік ұстанымдары, туған өлкеміздің табиғат ерекшеліктері туралы бейне суреттер, республикамыз, облысымыз және ауданымыздың картасы жинақталып қойылды

Қойылған әр ғимарат макетінің жанында сол ғимараттың қысқаша тарихы жазылды. Жалпы бағдарламаны жүргізу барысында балалардың өз туған өлкелері туралы білімдері артып, ата-аналар тарапынан жағымды пікірлер мен қызығушылықтар байқалды.

Тәуелсіздігіміздің 25-жылдығына байланысты балабақшамызда ұйымдастырылған ашық шаралар мен мерекелік қойылымдар туралы метериалдар жинағы орналастырылып, «ЭКСПО-2017 халықаралық көрмеге қосқан үлестеріміз» тақырыбындағы ата-аналармен бірлесіп жасақталған ұлттық нақыштағы бұйымдар мен көрнекіліктер қойылды.

«Бала қиялындағы туған өлке» тақырыбында фотогалерея жасақталып, келешектегі туған жерді бейнелеген балалар туындысы тамашаланып, бала қиялындағы болашақ туған жер туралы ұсыныстар жоғарғы атқарушы орындар назарына берілді. Түрлі тақырыптарда саяхат сабақтар ұйымдастырылды. Тәжірбие жинақталып, жұмыс жетістіктері аудан көлемінде семинар-практикум болып таратылды.

Жыл аяғында балалардың осы бағдарлама туралы білім деңгейлерін анықтау және күтілген нәтижеге қол жеткізуі шамасын байқау мақсатында бағалау критерилері белгіленді.

Ол баланың өз туған жерінің атауын, үйін, мекен-жәйін, телефоны, ата-анасының еңбегі мен олардың қызмет орнын, Мақаттың көрікті жерлерін, алаңдары мен көшелерін, ауданын, кенттің пайда болуы мен дамуының тарихи фактілерін, өлкетанымдық мәліметтерді, белгілі өнер және мәдениет қайраткерлері, мемлекеттік және халықтық мерекелерді, Мақаттың әр жыл мезгіліндегі, балабақшадағы ойын алаңдарындағы табиғат өзгешеліктері, өсімдіктер әлемін, қоршаған ортаны қорғауды, көлік түрлерін, өнеркәсіптегі,

өндірістегі, еңбектегі, кенттегі өмір сүру және қауіпсіздік ережелерін меңгеру деңгейлерін қамтыды.

Бағалау нәтижесінде баланың өз отбасы мүшелеріне деген сыйластығын, балбақшасын, ондағы тәлім-тәрбие беріп отырған педагогтар мен басқа да қызметкерлер еңбектерін бағалау, адамгершлікке және отансүйгіштік тәрбиенің тиімділігіне қол жеткізгендігін, туған жерге деген сүйіспеншілігінің артқанын байқадық. Бала бойында өзінің туған өлкесінде болып жатырған өзгешеліктерге деген жауапкершілігін қалыптырып, оны мақтан тұтуға тәрбиеледік. Сонымен қатар, «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінің негізгі тұжырымдарының бірін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісіне енгізу және оның жүзеге асуына өз үлесімізді қосқандығымызды айтуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық, рухани-адамгершлік тәрбиесі бойынша педагогтардың кәсіби-құзіреттілік деңгейлерінің арттқандығын және өз туған жерінің жетістіктеріне мақтаныш пен патриотизмді білдіретін, Отанына болашақта адал қызмет етуге дайын тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігінің бар екендігін айтуға болады.

Сондықтан да «Мәңгілік Ел» – еліміздің лайықты дамуының болашағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілік, еліміздің мәңгілігінің негізгі идеясы.

Әдебиеттер

1. Атырау облысы энциклопедиясы; Алматы- 2000 Атамұра баспасы;
2. Мақат ауданы энциклопедиясы; Алматы- 2004 Ислам- Нұр баспасы;
3. Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы (бірнеше нөмірлері);
4. Отбасы және балабақша журналы (бірнеше нөмірлері);
5. Ата –ана қадірі. Д.Б.Алтаева;
6. Баршаға бақыт тілеп жатайын мен. Қ.Елеместегі;
7. Өмір өткелдері. Ж. Сарбалиев Ислам- Нұр баспасы- 2005.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Кунасова Маншук Амиргалиевна
№ 17 бөбекжай-балабақшасының директоры
Атырау облысы. Атырау қаласы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиясында негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған. Бұл талаптардың жүзеге асырылу бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген шәкірт тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор. Мектепке дейінгі ұйымдардағы

балаларға білім мазмұнын жаңаша құру арқылы оқыту, білім беру сапалы білім кілтіне жол ашады. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін білім негізі қаланатын болғандықтан, бұл саладағы кез келген мәселе өзекті.

Бүгінде еліміз бойынша тарихы тереңге кеткен балабақшалар жеткілікті. Жарты ғасырлық тарихы бар тәрбие ордасының бүгіні мен өткенін еске алу мақсатында қарашаңырақтың тарих беттерін ақтардық.Балабақшамыз тарихының бастауы сонау 1966 жылдан алады. [фото 1]

1966 жыл

Осы аралықта тәрбие ошағы 3000-ға жуық түлекті қанат қақтырды. Бірнеше ұрпақ алмасты.Алғашқы түлектердің балалары мен немерелері бар. Осы жарты ғасырда тәрбие ордасынан түлеп ұшқан шәкірттер қазіргі таңда Қазақстанның гүлденуіне үлесін қосып, алыс-жақын шетелдерде түрлі салада бизнесмен, прокурор, заң қызметкері сынды беделді қызмет атқарып еңбек етуде. Біздің мақтанышымызға айналған тұлғалар көп. Тәрбие ордасының тарихы тереңде жатыр. 50 жылдың ішінде бақшамыз тек шәкірттерді ғана емес, білікті ұстаздарды да тәрбиелеген. Кеңес Одағының тұсында да бақшамыздың қабырғасында бірнеше білім беру ісінің үздіктері еңбек еткен екен.[фото 2]

Балабақшаның алғашқы педагогтары. Бурлакова Л.П. (ортада) [фото 2]

Нарықтың алғашқы қиындық жылдары дағдарыс тұсында балабақшалар жабылып, біздің де балабақшамыз тұрақсыз кезеңді бастан өткізді. Аяғына тік тұрғызу жолында бақшамызда өз мамандықтарына адал, жұмысын тоқтатпай еңбек еткен көптеген ардагер ұстаздарымыз болды. Аталмыш балабақша ашылғалы білім беру ісін атқарып, ағартушылық саласында аянбай еңбек еткен балабақшамыздың алғашқы директорлары: Зубарева Валентина Васильевна,

Бурлакова Лариса Павловна, Ким Валентина Григорьевна. Бұл кісілер біз үшін әрқашан зиялылықтың, балаларға деген құрметтің және өз ісінің шебері үлгісінде қала береді [фото 3].

Директор Ким В.Г тәрбиешілермен . [фото 3]

«Өткенсіз бүгін жоқ» дегендей 50 жылдық тарихында балабақша өміріне өздерінің өшпестей ізін қалдырған ұстаздар жайлы айтпай кетуге болмас. Олар: Торбунова Людмила Ивановна, Бабушкина Татьяна Константиновна, Черняева Татьяна Георгиевна, Бакишева Ольга Сабировна, Егизекова Жамига Омаровна, Яковлева Татьяна Генадьевна, Чендева Людмила Николаевна т.б.

2012-2016 жылдарда мекемені басқарған Кошкинова Гулайым Мұхтарқызының басшылығымен біршама жұмыстар атқарылып, мекемеміздің одан әрі дамуы мен өсуіне қосқан үлесі зор. Бақшамыздың аты қала, облыс, қала берді республикаға танылған. 2016 жылы балабақшамыздың 50 жылдық мерейтойын тойладық. Мерейтой еліміздің Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығымен бірлесе келген мекемеміз осы жылдар аралығында талай түлектерді тәрбиелеп, еліміздің білім кеңістігінде білім беру ордасы ретінде ерекше орын алды десек, артық айтпаған болар едік. [фото 4]

Балабақшаның 50 жылдық мерейтойы. [фото 4]

Балабақша кешенінде мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу жолында бірқатар жұмыстар атқарылып, балабақша бүлдіршіндеріне көп көңіл бөлінуде.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе білім сапасы болып отыр. Білім сапасының жоғары болуы үшін педагогтардың кәсіптік деңгейі жоғары болуы тиіс. Осы орайда, білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу әдістемесінің өзгеруі педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін жаңартуды, шығармашылық ізденістерін көбейтуді талап етіп отыр. Білім сапасы педагогтар қызметіне тікелей байланысты болғандықтан, бұл ретте педагогтың біліктілігі қажет. Демек білім-тәрбие сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.Сондықтан тәжірибемізде педагог-мамандардың біліктілігін көтеруіне мән беріліп, олар шығармашылық жұмысқа бағытталған.

Осы орайда, бүгінгі таңда балабақшамызда 18 педагог еңбек етуде. Балабақшаның басты мақсаты – егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін көрсететін көрсеткіштің бірі – өз білімін жетілдіру қабілеттілігі, алға ұмтылу, өзін жетілдіру. Жұмыстың бастапқы кезеңінде сауалнама таратылып, сауалнама қорытындысымен тақырып таңдалады. Екінші кезеңде педагог мамандар библиографиялық жұмыс жүргізіп, кәсіби білім алу, дәріс алу, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу, алған мәліметтерді сараптау жұмыстарын жүргізеді. Зерттеу кезеңінде педагог мамандар тақырыптарды зерделеп, материал жинақтап, оларды өз еңбектерінде пайдаланады. Бағыт бойынша жұмыстарды балабақшаның жылдық жоспарына енгізіп, ашық шаралар, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер жоспарланып, өткізіледі. Әр педагог-маман өз таңдаған тақырыбы бойынша шығармашылық жұмысының нәтижесін осы шараларда көрсетеді.

Педагог-мамандардың шығармашылық тақырыптары «Ұлттық тәрбие», «Интернационалдық тәрбие», «Экологиялық тәрбие», «Сенсорлық тәрбие», «Сахналау – іс әрекеті», «Ерте жастан ағылшын тілін үйретуде ойын элементтерін қолдану», «Математика сабақтарында балалардың қисынды ойлау қабілеттерін дамыту», «Патриоттық тәрбие», «Ән-күй арқылы балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту». Атап айтсақ, тәрбиеші В.Д. Шевченконың тақырыбы «Интернационалдық тәрбие». Мақсаты: балаларға Қазақстан халықтары туралы қарапайым түсінік беру және салт-дәстүріне, тұрмысына қызығушылық пен сыйластық қалыптастыру. Әр түрлі ұлт өкілдері балаларын мейірімділікке, сыйластыққа тәрбиелеу. Бұл бағытта қалалық «Достық үйімен» серіктестік жұмысы ұйымдастырылып отыр. В.Д. Шевченко ұйымдастырған «КОРИНа», «Алтыбақан», «Чаепитие» шараларына «Иверия» грузин, «Новруз» әзірбайжан, кәріс, татар ассамблеяларынан қонақтар шақырылды.

Ересек орыс топ тәрбиешісі А.С.Болдусова «Экологиялық тәрбие» тақырыбында жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыстың мақсаты:қоршаған орта туралы білім жүйесін қалыптастыру; табиғаттағы заттар мен құбылыстар туралы қарапайым білімдерін нығайту, баланың қоршаған ортада өзін-өзі дұрыс ұстай білуіне бағыт-бағдар беру. Осы бағытта ашық шаралар, сабақтар, ойын-сауықтар, акциялар өткізді.

Ортаңғы қазақ топ тәрбиешісі Ш.К.Табылдиеваның тақырыбы «Сахналау іс-әрекеті». Мақсаты: Сахналау іс-әрекет кезінде балалардың өздігінен үйренген дағдысын қолдана отырып, ойын-сауықтарға белсене қатысу талпынысына қолдау көрсетіп, коммуникативті және әртістік қабілеттерін қалыптастыру. Тәрбиеші балаларды қуыршақ театр түрлерімен таныстыра отырып, оларды сахналау іс-әрекетіне бейімдеп, балалардың қызығушылығын оятады. Ертегіні сахналау кезінде, балалардың тілдерін жетілдіру мақсатында сөйлемді толық, сөздерді анық айтуға, ым-ишараны дұрыс қолдануға басты назар аударып отырады. Бұл бағыт бойынша тәрбиеші «Ертегілер елінде», «Әдеби кеш» атты шаралар өткізді. 2013 жылы облыстық конференцияда іс-тәжірибесімен бөлісті.

Математика пәні мұғалімі М.Е.Нигиметованың тақырыбы «Математика сабақтарында балалардың қисынды ойлау қабілеттерін дамыту». Мақсаты: Қарапайым математикалық ұғымдарды үйрете отырып, мектепке дейінгі баланың бойында кіші жастан тұлғалық дамуындағы қабылдау, ойлау бейімін қалыптастыру. Осыған орай педагог осы тақырыпта тереңдете жұмыс жүргізіп, балаларға ойын арқылы үйрете отырып, математикалық диктант, заттарды әртүрлі геометриялық пішіндерден құрастыру, ауызша есеп шығару, көру арқылы салыстыру, қиялдау, жұмбақ жаттығуларын қолданып, бүлдіршіндердің логикалық ойлау ұғымдарын күнделікті дамытып отырады. Сонымен қатар Н.А.Зайцевтің «Жүзге дейін санау», «Сандық лента» методикасын, Мария Монтессоридің методикасының элементтерін қолданады.

«Дәстүрден тыс тәсілдер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту» тақырыбында бейнелеу өнері пән мұғалімі Е.Г.Быченкова шығармашылықпен жұмыс жасап, материалдар жинақтауда. Мақсаты: Бейнелеу ойыншықтарды, көркем сурет, мүсіндік объектілер, сәндік-қолданбалы өнер заттарын бейнелеудің дәстүрден тыс техникасын қолдана отырып құру. Педагог дәстүрден тыс тәсілдермен техниканы қолдануда қиялын, ойлауын, тілін дамытады. Өз тәжірибесінде жобалау жұмысын қолданып, «Сиқырлы қағаз» тақырыбында жұмысын қорытындылады.

«Дәстүрден тыс тәсілдер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту» тақырыбындағы жұмыс. Быченкова Е.Г. [фото 7]

Саз жетекші Н.Х.Абрекова «Балабақшадағы ертеңгіліктер мен сценарийлер» тақырыбында жұмысын жүргізуде. Мақсаты: Мерекелерді ұмытылмастай етіп өткізу арқылы, балалардың эмоциялық көңіл-күйлерін дамыта отырып, бала жүрегінде өшпестей із қалдыру. Өз тәжірибесінде Надежда Хамитовна музыкалық дидактикалық ойындарды тиімді қолданады. Педагог ертеңгіліктер жинағын дайындау үстінде.

Ағылшын тілі пән мұғалімі Р.Ж. Тулешованың тақырыбы «Ағылшын тілін ерте жастан үйретуде, ойын элементтерін қолдану». Мақсаты:ағылшын тілін ерте жастан оқытуда ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылатын ойын түрлерін, оның элементтерін және өзара сөйлесу үлгілерін қолдану. Педагог өз тәжірибесінде тиімді рөлдік, дидактикалық ойындарды, соның ішінде сөздік ойындарды жиі қолданады.

2008 жылы мектепалды даярлық қазақ тобының тәрбиешісі ретінде «Ұлттық тәрбие» бағыты бойынша шығармашылық жұмысты бастап жүргіздім. Бұл жұмыстың мақсаты: ата-бабадан қалған өшпес мұраны, мол қазынаны қабілеті жоғары ұрпақтың бойына дарыту. Ұлттық тәрбиенің сарқылмас қазынасы халық ауыз әдебиетімен балаларды таныстырып, тереңдете жұмыс жүргіздім.

Балабақшаның психолог қызметі жақсы жолға қойылған. Жоғары санатты психолог Ж.Д.Шаманова өз жұмысында отбасылық және қоғамдық тәрбиелеудің бірлігі мен сабақтастығына аса көңіл бөледі. Бұл бағытта балаларды тәрбиелеу, оқыту мен дамытудың түрлі мәселелері бойынша ата-аналармен кеңестер, балалармен тренинг, ойын-тапсырмалар жүргізеді. «Барлық психологтар» халықаралық сайтына тіркеліп, халықтың сауалдарына кеңес беріп келеді.

Осындай тәжірибелі педагог-мамандардың жұмыстарымен қатар жас-мамандармен де тәлімгерлік жұмыс жүргізіліп, оларда жүйелі жұмыс жүргізуге тырысуда.

Ұстаздар жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде елімізде жүргізіліп жатқан жаңа талаптарды орындай отырып, қала, облыс, республика көлемдерінде өз білімдерін жетілдіріп, бүгінгі күні сол жинақталған тәжірибені өз қызметтерінде кеңінен қолданып, ізденіспен еңбек етіп жүргені анық. Оған ұстаздар мен шәкірттеріміздің жеткен жетістіктері дәлел бола алады:

2005 жылы сауат ашу, тіл дамыту пән мұғалімі Аустниязова А.С. облыстық «Панорамалық сабақ» сайысында I орынға ие болды. 2012 жылы «Жыл тәрбиеші» сайысына қатысып, III жүлделі орынға ие болды.

2008 жылы қалалық педагогикалық оқуда қазақ тілі пән мұғалімі Сұлтанғалиева Г.Қ. I орынға, облыстық педагогикалық оқуда II орынға, тәрбиеші Умбеталиева М.М. II орынға ие болды.

2009 жылы тәрбиеші Кунасова М.А қалалық, облыстық «Жыл тәрбиешісі» байқауында Бас жүлдеге, 2012 жылы республикалық «Үздік педагог» атағы мен төсбелгісіне ие болды.

Республикалық «Үздік педагог -2012 » байқауы.

2010 жылы математика пән мұғалімі Ильясова С.С. қалалық педагогикалық оқуда I орынға, облыстық педагогикалық оқуда II орынға, 2010 жылы облыстық «Әдістемелік идеялар калейдоскопы» фестивалінде «Ең үздік білім бағдарламасы» номинациясына ие болды.

2012 жылы тәрбиеші Умбеталиева М.М, саз жетекші Абрекова Н.Х. қалалық педагогикалық оқуға қатысып жүлделі III орындарға ие болды.

2011 жылы тәрбиеші Шевченко В.Д «Баламалы бағдарламалар» атты қалалық сайысына «Давай подружимся» бағдарламасымен қатысып, «Зерттеуші педагог» номинациясына ие болды. «Интернационалдық тәрбие» бағыты бойынша жұмыс материалдары 2016 жылы облыстық «Білім беру: Әріптестер диалогы» форум, ғылыми-практикалық конференция, тамыз маслихаты көрмелерінде ұсынылды.

2013 жылы ағылшын тілі пән мұғалімі Тулешова Р.Ж. қалалық педагогикалық оқуға қатысып жүлделі III орынға ие болды, директор Кошкинова Г.М қалалық педагогикалық оқуда I орынға, облыстық педагогикалық оқуда II орынға ие болды.

2013 жылы Кошкинова Г.М Талды-Қорған қаласында өткен Республикалық педагогикалық оқуда Алғыс хатпен марапатталды.

2015 жылы бейнелеу өнері пән мұғалімі Быченкова Е.Г. қалалық педагогикалық оқуларға қатысып сертификат иеленді.

2016 жылы психолог Шаманова Ж.Д қалалық, облыстық педагогикалық оқуларға қатысып жүлделі I орынға ие болды.

Атқарған жұмыстардың нәтижесінде әдістемелік нұсқау, бағдарлама, тәрбиешілерге көмекші құрал, балабақшаның жинақ кітаптары шықты: «Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін оқыту» Г.Қ.Сұлтанғалиева, «Занимательная и увлекательная, интересная и полезная математика» С.С.Ильясова, «Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеуде халық ауыз әдебиетін қолдану» М.А.Кунасова, «Давай подружимся» Шевченко В.Д, «Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог-мамандардың шығармашылық жұмысы» Г.М.Кошкинова. [фото 13]

Әдістемелік жинақтар қоры. [фото 13]

Тәрбиеленушілердің қабілетіне педагогикалық ықпал ету, олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына әсер ету нәтижесінде, балалардың білім деңгейлері, шығармашылық қабілеттері дамып, балалардың қабілеттері әр түрлі салада көріне бастады; ән салу, бейнелеу өнері, математикалық бейім, көркем сөз оқу, сахналау іс-әрекетінде әртістік қабілеттерін көрсеткен балалар көп. Айталық, қалалық «Білім жолымен» олимпиадасында, «Айгөлек» фестивалінде, Республикалық «Үркер», «Пони» марафондарында балалар жүлделі орындарды иеленді.

Елдің болашағы білімді ұрпақтың қолында. Жаһандану дәуірінде білімнің арқасында ғана елді танытып, абыройын асқақтатуға болады. Осы орайда, қазіргі таңда баланы балабақшадан тәрбиелеп, өнегелі азамат қылып шығару – еліміз үшін басым бағытқа айналып отырғаны анық, яғни тәрбие ордаларына жүктелер міндет орасан зор. Отанды сүю, туған жерге тағзым етуді жас жеткіншектерге балабақшадан үйрететін болсақ, еліміздің болашағы жарқын болатыны сөзсіз.

Осы бір қағиданы мықтап тұрып ұстанған тәрбиешілеріміз 50 жылдық тарихымызды зерделеген ұстаздар қауымы осы тарихымызды темірқазық етіп алып, бүлдіршіндердің бойына отаншылдық дәнін себелеп, өз істерін адал атқарып келеді.Қай кезең, қай ғасырда болмасын ұстаз болу әр кімнің қолынан келе бермейтін, қиындығы мен қызығы қатар жүретін ұлы іс. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей біздің мұғалім болудағы айқын мақсат - Қазақстан елінің болашағын жарқын ете алатын ұлтжанды, елжанды, келешегіне сенім артатын, ең басты адамдық парасатын ұмытпайтын тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі күні балабақша ұжымы - бұл іргелі, бірыңғай педагогикалық команда қағидасы бойынша еңбек ететін ұжым. Әлі де балабақша табалдырығынан дарынды да, талантты, ақылды да, білімді тәрбиеленушілер түлеп ұшады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы».
2. С.А.Назарбаева. «Ұстаздан ұлағат» кітабы.
3. Ж.Б.Букешова «Менеджмент и стратегия директорского управления».
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030 даму стратегиясы».
5. Жайтапова А.А. Профессиональный рост учителя в системе повышения квалификации. - Алматы: РИПК СО, 2006.
6. «Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. Алматы. 2005 ж.
7. Саятова Ш.Е. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық іс-әрекеті. Алматы. Білім. Образование. - 2005. №2.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Байназарова Т.Б.
ҚазМемҚызПУ, п.ғ.к., доцент
Абдыкалыкова Г.К.
№81 балбақша меңгерушісі
Алматы қаласы

Бүгінгі таңда егеменді еліміз өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Білім беру жүйесіндегі болып жатқан реформа жаңа ұлттық

модельдегі білімді құрумен және оқу-тәрбие процесінің педагогикалық теориясы мен практикасында елеулі өзгерістермен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралыЗаңындабілім беру жүйесінің басты міндеті – делінген [1].

2012 жылы Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі білім беру» стандартының осы кезеңге дейінгі қалыптасқан отандық және халықаралық тәжірибені сәйкестендіре отырып, мектепке дейінгі балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жобасы талқылануда. Стандарттың негізгі мақсаттардың бірі – бала дамуындағы күтілетін нәтижелер, яғни өмір дағдылары және балалар құзыреттілігінің жиынтығы алынады. «8.7.3. …баланың психологиялық қорғанысын, қоршаған ортаға деген сенімін, өмір сүруге қуануын, бастапқы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз ететін тұлғаға бағдарлану сипатын қамтиды» деп тұлғаға бағдарлану тұғырын тірек еткен. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында ағымдағы жағдай және білім беруді дамытуды тежейтін факторларды талдай келе, «бір жастан бес жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың ұйымдастырылған бағдарламаларымен нашар қамтылғанын көрсетеді». Аталған кемшіліктерге сай мектепке дейінгі баланың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін дамыту ортасын құратын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейінде әрекеттің өзіндік түрлерін, баланың даму бағытын, оның кейінгі мектеп жағдайына бейімделуін қамтамасыз етуі тиіс екендігі көрсетілген.

Бұл аталған күрделі міндеттер сәби шақтағы балалардың сенсорлық тәрбиенің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда педагогика ғылымында оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеулердің маңызды қоры жинақталды.

Қазақстанда мектепке дейінгі педагогика ғылымында Н.Қ.Құлжанова, А.К.Меңжанова, Б.Баймұратова, М.С.Сәтімбекова, Қ.А.Аймағамбетова, Г.Меңлібекова, С.Н.Жиенбаева, Ә.С.Әмірова, Ф.Н.Жұмабекова, Г.З.Таубаева, Г.М.Метербаева, А.И.Искакова және т.б. мектепке дейінгі тәрбие салаларының түрлі бағыттарын зерттеген.

«Мәдениет» сөзі латын тілінен аударғанда арнайы жасау, өңдеу деген мағына береді. Оның жанды немесе рухты тәрбиелеу деген екінші мағынасы болған. «Мәдениет» сөзін теориялық термин ретінде римдік философ және шешен Марк Туллий Цицерон «тускуландық пікірталас» (б.з.д. 45ж) деген еңбегінде бірінші рет қолданды. Ол кезде агротехникалық термин болатын, соған сай «жерді өңдеу, топырақты баптау» дегенді білдіретін. Цицерон оны бірінші рет ауыспалы мағынасында, адамның санасына әсер ету деген мәнде қолданды. Цивилизация «Өркениет» сөзі де латын тілінен шыққан. Азаматтық, қоғамдық дегенді білдіреді. Оның мағынасы үлкен өзгеріске ұшырады. Уақыт өте келе «өркениет» түсінігінің мағынасы өзгерді. Қазіргі кезде ол ең аз дегенде: 1) мәдениеттің көрінісі; 2) қоғамдық даму дәрежесі, материалдық және рухани мәдениет сатысы; 3) жабайылықтан кейінгі қоғамдық дамусатысы деген ұғымдарды береді.

Мәдениет адамның рухани ішкі қуатын, даму дәрежесін көрсетсе, өркениет оған сырттай байлығының көрінісі ретінде әсер етеді. Мәдениет және өркениет ұғымдарына берілген анықтамаларды талдай келе олардың мағыналары ұқсас екенін көреміз. Бұл екі терминнің мағынасы өте жақын, бірақ бірдей емес. Мәдениет теориясы адам табиғатының биологиялық және әлеуметтік екі қырын бірдей есепке алу керек.

Белгілі ғалым Б.Малтновскийдің пікірінше, мәдениет дегеніміз – бойына тұтыну құндылықтарын әлеуметтік топтарға конституция берген құқықты, мақсатты, кәсіпті, сенім мен әдет-ғұрыпты жинақтаған тұтас ұғым.Американдық антропологтар Кребер мен Клакхон «мәдениет» түсінігінің –тарихына арналған арнайы еңбектерінде, мәдениеттің табиғатын, оның құрамды бөліктері мен ерекшелігін, психологиямен, тілмен, қоғаммен қарым-қатынасын талдауын үш бағытта жүргізеді: адамның табиғатпен байланысы, құндылықтармен байланысы және басқа адамдармен байланысы төңірегінде.

Лесли Уайт мәдениетті «адам мен табиғат – ажырамас тұтастықта» деген алғышарттан шығарып анықтайды. Ол мәдениеттің екі бағытын бөліп алады. Антикалық немесе «нақты мәдениет» және логикалық.Б.Х.Балтабаев: «Мәдениет – дегеніміз адам жасаған заттың және рухани құндылықтардың, әлеуметтік-мәдени қалыптың, қарым-қатынас пен мінез-құлықты қалыптастыру әдістерінің тарихи даму жүйесі, сондай-ақ, адам табиғатындағы күштердің заттық өндіріс әдістерін ескере отырып даму әрекеті, өз мүмкіндігін жүзеге асыруды, оның шығармашылық еңбегінің адамзат әлемін өзгертуге және игеруге бағытталған әлеуметтік маңызды шаралары» - деп тұжырымдайды. Қазіргі ғылымда мәдениет ұғымына мыңға тарта пайымдау бар. Ғалымдардың мәдениет ұғымына берген анықтамаларды зерттеу келе оның анықтамасының көптігі «мәдениет» ұғымының құрылымын жойып жібереді, сондай-ақ оның қызмет аясын анықтауға мүмкіндік бермейді. Балгілі бір дәрежеде мәдениеттің гносеологиялық және онтологиялық қасиеттерін анықтауда тұлғасыздық, формасыздық байқалады, мәдениеттің арнайы ғылыми тетігі, қауымның саласы ретінде өзіндік бейнесі мойындала бермейді.

«Мәдениет» терминін саралай келе, мәдениет жеке тұлға өміріндегі материалдық, рухани және көркемдіктің бәрін өз бойына жинаған деген пікірге қосыламыз.

ХХ ғасырдың екінші жартысында алғаш рет мектепке дейінгі жастағы балалардың даму саласын зерттеумен сипатталатын мектепке дейінгі педагогиканың дамуы кезеңі толықтай қарастырылды. Бұл кезең – психологиялық және педагогикалық зерттеулердің «Алтын ғасыры». Бұнда алдыңғы кезектегі ғылымның мәліметтері, атап айтқанда балаларды құрылыс ойыны мәселелері сәйкес келеді. Мектепке дейінгі жастағы балалар өздерінің сенсорлық қабілеттерін келесідей іс-әрекет түрлерінде дамытады: сурет салу, жапсыру, аппликация, құрастыру.

Мектепке дейінгі балалардың сенсорлық даму мазмұнының негізіне мыналарды жатқызуға болады:

1) Сенсорлық эталондарды меңгеруі.

Сенсорлық эталондар дегеніміз не?

Л.А.Венгер, В.С.Мухина атап көрсеткеніндей, заттардың сыртқы қасиеттерінің негізгі үлгілері туралы көрнекі түсініктер болып табылады.

Түстік сенсорлық эталондары – спектр түстері және олардың шағылысуы, пішіндер – геометриялық фигуралар және олардың әртүрлілігі, өлшемдер – сызықтық өлшемдердің метрикалық жүйесінің бірлігі және т.б.

2) Қабылдау тәсілдері. Қабылдау тәсілдері 2-ге бөлінеді:

- сыртқы, яғни затқа үлгіні жапсыру, үлгінің контурын және затты саусақпен жүргізу. Бұл тәсіл мектепке дейінгі жастағы балалар үшін тән қасиет.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін келесідей тәсілдер (көрнекілік-іс-әрекеттік ойлау), көрнекі салыстыру, балалар затты көзбен қабылдағанда, басқа сыртқы әсерлердің көмегінсіз салыстыра, оны басқа заттармен сәйкестендіре алады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ересек тобына тән қасиет болып табылады.

3) бала алдымен жетекші іс-әрекет үдерісінде затты зерттейді, оның түсін, пішінін, өлшемін, бөліктерін ерекшелейді, содан соң мектепке дейінгі жастағы ересек тобында сөзбен нақты заттың әртүрлі қасиеттерін сипаттайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың қабылдауының даму мазмұны осындай. Тек қана жүйелік және мақсатқа бағытталған оқытуда мектепке дейінгі жастағы балалардың сенсорлық дамуының жоғарғы деңгейіне қол жеткізуге болады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады.

Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.Сенсорлық даму, бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оларды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады.Білімнің бұл жүйесін тану иерархиялық басқыштар бойынша жүзеге асады, олардың әрқайсысы мазмұны бойынша

нақты белгілі объект сәйкес келеді [3, 11]. Заттар туралы білімнің шағын жүйесінің негізінде ұғымды маңызды белгілер анықталған. Бұл білімдер мен заттардың ерекшеліктерін даралау шеберліктері балаларға байланыстарды саналауға мүмкіндік береді: ой мен материалды таңдау, материал мен қажетті әрекеттерді орындауға арналған құралдар, ой мен еңбек процесінің нәтижесі арасындағы.

Әдебиеттер

1.Пилюгина Э.Г. Занятия по сенсорному воспитанию с детьми раннего возраста / Э. Г. Пилюгина. – М. : 1989. – 93 с.

2.Сенсорное воспитание в детском саду / под ред. Н. П. Сакулиной.- М. : - 1981. – 79 с.

3.Формирование восприятия у дошкольника / под ред. А.В. Запорожца, Л. А. Венгера. – М. : 1989. – 279 с.

4.Возрастная и педагогическая психология. Тексты. - М.: МГУ, 1992.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Балабаева А.И.
П.ғ.к., доцент
Салимханова Гүлмира
№64 балабақша меңгерушісі
Алматы қаласы

Адамның адамгершілік құндылығының қалыптасуы оның туған кезінен басталады, ал рухани-адамгершілігі қоршаған орта, адамгершілік тәрбиесінің тәрбие міндеттері мен мазмұнына байланысты жетіледі. Кіші мектеп жаста балаларда бастапқы адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары тәрбиеленеді. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде мектепке дейінгі жас топтарда адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады.

Мектепке дейінгі жастағы баланың адамгершілік құндылығының дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б.50-80 жылдары мектепке дейінгі педагогикада мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік тәрбиесін мақсатқа бағытталған тұрғыда зерттеліп, Р.И.Жуковская, Ф.С.Левин-Ширина, Д.В.Менджерицкая, В.Г.Нечаева, Е.И.Радина, Л.А.Пенская және т.б. зерттесе, 80-90 жылдары Т.И.Ерофеева, Г.И.Григоренко, Е.В.Шишлова[], И.М.Княжева, Г.Н.Гришина және т.б. зерттеулеріндеізгілік сезім, ересектер мен құрдастарына қатынастарын тәрбиелеу, көркем әдебиетке деген жағымды қатынасын тәрбиелеу, бейнелеу, түрлі әрекетке ойын және еңбек әрекет арқылы адамгершілікке тәрбиелеуді ұсынады. Сол сияқта достық қатынасын тәрбиелеу, өзара көмек жасау, адамгершілік сапаларын қалыптастыру мәселелерін қарастырды.

Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде қарым-қатынастың да рөлі зор. Адамгершілікке негізделген тәрбие қарым-қатынастың қарапайым түрі – ұжымдық өмірдің талаптарымен, ерекшеліктерімен танысу арқылы жүзеге асырылады. Олардың қарым-қатынастарында бірте-бірте өзара көмек, бүкіл топқа тапсырылған қоғамдық жұмыстың орындалуына бірдей жауапкершілік сезімі, бүкіл топтың жұмысын басқару кімге тапсырылса, соған бағына білу, топқа жетекшілік міндетін мойнына алып, жалпыға тән ережелер мен тәртіпке қатаң мойын ұсына отырып, атқара білуі қалыптасады. Ал, балалардың барлық белсенді іс-әрекетінде білімді, ізденімпаз педагог балалар жігерінің көзін ашып, әрбір баланың шығармашылық күшін, қабілеттерін шешуге бағыттайтын мүмкіндік табады. Бірлескен іс-әрекеттің барысында балалар бір-бірін жақынырақ, тереңірек таниды. Балаларды бағалау көрсеткіші әрбірінің оқудағы табыстары және оның мінез-құлқының негізгі қырларынан көрінеді.

Көркем шығармалардан алған әсерлер баланың ақыл-ойын өсіріп, бірте-бірте мінез-құлқына өзгеріс енгізеді, адамгершілікке тәрбиелейді, еңбекке және еңбек адамына деген құрмет сезімі пайда болады. Бұл салада А.К.Меңжанова, О.А.Михалкова нәтижелі зерттеу жүргізді. Аталмыш авторлардың еңбектері мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке баулудың тиімді жолдарын ғылыми түрде дәлелдеуге арналды. Адамгершілік тәрбиесі адамның барлық іс-әрекетіне, әдет-дағдысына, мінез-құлқына, еңбекке қарым-қатынасының дұрыс қалыптасуына бағыт беріп, еңбек тәрбиесімен тығыз байланыстырылған.

Адамгершіліктің ең жоғарғы рухани қажеттілігінің бастау көзі – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынаста, дүниетанымда өзінің шығармашылық қабілетін таныту. Бұл арада балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу шарттарының бірі – мектеп жасында жеке тұлғаның өздігінен даму заңдылықтарын білу. Осы орайда, рухани-адамгершілік тәрбиесінің ойдағыдай, табысты болуы жеке тұлғаның өзін рухани дамыту мақсатында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруіне байланысты. Адамның өзіндік сана-сезімінің көрінісі туралы басқа адамға үңіліп көз тоқтатып, өзін өзгелермен

салыстырғанда ғана, ол өзін-өзі таниды. Баланың жеке басы сана-сезімінің қалыптасуына оның құрдастарымен үнемі араласуы және бірлескен өмірі шешуші рөл атқарады. Бала өзіндік сана-сезімнің жаңа сатысына көтеріледі. Бала өзге балаларға қырағылықпен үңіліп, мына талаптарға құрбыларынан қалыспай бірдей атсалысуға тырысады: олар қалай жазады, қалай санайды, қалай сөйлеседі, сұраққа қалай жауап береді, суретті қалай салады, бірімен-бірі қалай сөйлеседі және оларға ересектер мен құрдастары, үлкендер мен кішілер қалай тіл қатады. Өзінің табыстарын, жетістіктері мен сәтсіздіктерін өзге балалардың да осындай істерімен үнемі еріксіз салыстыру – балаға өзіне-өзі баға беруге мүмкіндік туғызады. Өзін бағалау, өзіне-өзі баға беру оған тәрбиешінің қатынасының әсері арқылы пайда болады. Өзіне-өзі баға беру мектепке дейінгі кезеңде қалыптасып, есейген кезге дейін жалғасады. Міне, осындай бірлескен ынтымақпен, сабақтастықпен жүргізілген өзін-өзі бағалау балалардың адамгершілік қасиет-сапаларының қалыптасуының өзегі болмақ.

Оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие ісімен тығыз байланыстыру – педагогикалық шеберліктің маңызды компоненті. Көптеген оқу орындарында бұл мәселеге әлі жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Қоғамдамуының барлық кезеңдерінде қоғам мүшелерінің жақсы өмірі туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қандай болу керек екендігі туралы армандары, идеалдары әр түрлі болады.

Мектепке дейінгі балалардың тез қабылдауы, жеңіл үйренуі, жүйке жүйесінің икемділігі құрбыларымен жеке тұлғалық өзара қарым-қатынасында және әрекеттерінде бақыланады. Осы жастағы балаларды ойын, еңбек, оқу және тұрмысттық әрекеттерінде мінез-құлық нормаларын және адамгершілік құндылықтарды меңгереді. Мұның өзі белгілі ережелер, ересектердің талаптары мен нұсқауларының негізінде құрылады. Адамгершілік тәрбиесі процесі баланың жеке тұлғалық әлеуметтік дамуынан тыс жүргізілуі мүмкін емес. Балабақшадан ересектермен және құрдастырымен қарым-қатынаста болып бағалауға және өзін-өзі тануға мүмкіндік туғызылғанда азаматтық, еңбексүйгіштік, қарым-қатынас және мінез-құлық мәдениетін меңгереді.

Топтағы мектепке дейінгі балаларқарым-қатынасы ситуативтік және тұрақсыз болады. Олар тез келіспей қалып, тез келісе алады. Бірақ сонымен қатар қарым-қатынас барысында өзара қарым-қатынасының белгілі нормаларын меңгеруге ықпалын тигізеді. Баланың топтағы қарым-қатынас жасай алмауы, өзінің ортасында белгілі болмауы, қарым-қатынасының төмендеуі әлеуметтенуін баяулаттады. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дамуында ең басты орында өзінің ұлтының адамгершілік құндылықтарын және жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтарды меңгеру негізгі болып саналады. Сондықтан баланың әлеуметтік дамуы адамгершілік тәрбиесімен тығыз байланысты. Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік мінез-құлық тәжірибесі ересектермен қарым-қатынасында қалыптасады.

Баланың сәбилік кезеңінен отбасындағы жақын адамдарымен әке-шешесі, туысқандарымен және таныстарымен қарым-қатынасқа түседі. Балабақшада әрекеттерінде танымдық қарым-қатынаста болады. Ойында, еңбек, оқу

әрекеттерінде көптеген сұрақтар қойып, олар үшін ересектердің білмейтіні жоқ көрінеді. Сондықтан баланың қойған сұрағы толық, түсінігіне лайықты жауап беру арқылы белгілі көлемдегі ақпараттармен қамтамасыз ету қажет. Осы жастағы балаларға ересек өнеге болып, олардың сөзіне және ісіне, мінез-құлқына еліктеп көшірмесін беріп отырады. Балалар 4 жастан кейін ересектің сөзі және іс-әрекеттерін қайталай беру жалықтырады, сөйтіп ересектермен бірлесіп, ынтымақсатықта әрекет жасап, одан белгілі нәтижелерді көре алады. 6-7 жаста бала өзімен басқалардың санасқанын, өзінің пікірін ынта ықылас қойып тыңдағанын жақсы көреді.

Ересектің мектепке дейінгі балалармен қарым-қатынасы жәй нәрсе емес. Ересектің мінез-құлқы баланы шынайы өмірге жақындастыруда және қызығушылығын қанағаттандыруда белгілі деңгейде маңызы зор. Басқаша айтқанда ересек баланың әлеуметтік дамуына көмектеседі. Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік дамуында құрбыларымен қарым-қатынасының маңызы ерекше. Бұл тұста балалар өзінің құрбысының көңіл-күйін түсінуге, әлсіздерді қорғау, қолдау, көмектесуге және қоғамдық орындарда ережелерді сақтауға үйретіледі. Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік дамуы өзінің елінің мәдениетіне байланысты болады. Отанына деген сүйіспеншілік, оның мәдениеті, тарихы оқиғаларға, халықтың отбасы салт-дәстүрлеріне және ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтан туындайды. Бұл жұмыс баланың жас ерекшелігіне және өмірлік тәжірибесіне қарай қалыптасады.

Бұл салада А.К.Меңжанова, О.А.Михалкова нәтижелі зерттеу жүргізді. Аталмыш авторлардың еңбектері мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке баулудың тиімді жолдарын ғылыми түрде дәлелдеуге арналды. Адамгершілік тәрбиесі адамның барлық іс-әрекетіне, әдет-дағдысына, мінез-құлқына, еңбекке қарым-қатынасының дұрыс қалыптасуына бағыт беріп, еңбек тәрбиесімен тығыз байланыстырылған.

Мектепалды балаларының адамгершілігі ойынмен тығыз байланыста дамуы тиіс. Балалар ойында ересектердің еңбегін бейнелеп, ойнай отырып адамгершілік дағдысын меңгереді. Республикамызда педагог ғалымдар Т.Иманбеков, М.Т.Тұрыскелдина ғылыми зерттеулерінде қазақтың отбасы ойындарының балаларды адамгершілікке баулудағы маңызына да аса мән берген.Қазіргі тәрбие мақсаты елдің ертеңгі болашағын ойлайтын азаматтарды тәрбиелеп, оларды әлеуметтік өмірмен үйлесімді тіршілік етуге даярлау халықтық тәлім-тәрбиенің үлесіне тиеді. Мұндай қастерлі міндеттерді жүзеге асырудың бірден-бір тиімді жолын халықтық тәлім-тағылымының ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесінен іздестіру қажет болмақ.

Әдебиеттер

1. Меңжанова А.К. Мектепке дейінгі балаларды көркем шығармалар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.- Алматы, 1992

2. Островская Л. Ф. Педагогические ситуации в семейном воспитании дошкольников. – М., 1990.

3. Петерина С.В. Воспитание культуры поведения у детей дошкольного возраста. - М., 1986

БАЛА ТӘРБИЕСІ - БАРШАҒА ОРТАҚ

Н.А. Кулмаганбетова
А.А. Ахметжанова
Жезқазған гуманитарлық колледжі

Баланы бұзуға, түзеуге себеп
болатын бір шарт - жас күнде көрген өнеге.
Ж. Аймауытов

Бала – біздіңболашағымыз. Ал олардың болашағын дұрыс қалыптастыру, ата-анамен педагогтың қолында.

Халқымыз ұлт болып қалыптасқаннан бері, болашақ ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген. Елін, жерін қорғайтын, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде дала перзентіне тән еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік, парасаттылық тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген. Осы аталған қасиеттерді өскелең ұрпақ ата-бабадан қалған өнеге деп қабылдаса, ертеңгі күннің жарқын болашағына сеніміміз арта түсері анық.

Тәрбие – жекетұлғаны мақсатты түрде қалыптастыру әдістерінің жиынтығы, шәкірт тұлғасын сомдайтын ұстаз болса, ал тұлғалық қасиетін қалыптастырып дамытатын отбасы.

Бала болашағы бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, тұтас бір ұлттың бүгінін ертеңмен жалғайтын алтын көпірі тәрізді. Әр отбасында дүниеге келген сәби ата-анасының ғана емес, туған елінің ертеңгі арқа сүйер азаматы, төл ұлтының туын көтерер перзенті.

Жас ұрпақтың дені сау болып өсіп, уақытында білім алып, жүрек қалауымен еңбекке араласып, туған Отанына қызмет ету - бір ғана ата-ананың емес, қоғамның міндеті.

Олай болса, баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін рухани құндылықтарды, адамгершілікті бойына сіңіртетін, этноәлемділік құндылықтарды тәрбие үрдісінде пайдалана отырып, отбасы, мектеп, жұртшылық өзара бірлікте, педагогикалық ынтымақтастықта болуы балаларды дұрыс тәрбиелеуге жетелейді.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі, отбасы - ең үлкен мықты тәрбие ошағы.

Қоғамда отбасы үш қызмет атқарады:

1) дүниеге ұрпақ әкелу;

2) дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз ету;

3) өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп,оны тұлға ретінде қалыптастыру.

«Баланың құқығы жөніндегі конвенцияда» (1989ж.) отбасында баланың құқығын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы

мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет.Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтай отырып, сыйластықта болуы қажет.

Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Бүгінгі ұл – ертеңгіәке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгіана, ол шешесіне қарап бой түзейді. Данышпан Абай: «Балаға үш мінез алуан адамнан жұғады,бірінші ата-анасынан, екінші ұстазынан, үшінші құрбысынан»,-дегенекен. Қай бала болса да құрбысы мен ұстазынан гөрі отбасында көбірек болатындықтан, ата-анасынан үйдегі өнегесі, мәдениеті мен ішкі жан дүниесі балаға зор ықпал ететіні белгілі.

Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасыішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлеріне байланысты:

-ынтымақтастық қарым-қатынас;

-ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым-қатынас;

-өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас;

-бәсекелестік қарым-қатынас;

-отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас. Демек, әр отбасында түрлі қарым-қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Олай болса, ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға екенін естен шығармаған жөн.

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесінде қоғам ата-анаға үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Оның ең басты міндеттері дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор т.с.с. қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Бала негізгі тәрбиені алдымен отбасында ата-анадан алады. Әркім өз баласын болашақта білімді, тәрбиелі, еңбек сүйгіш, жақсы адам болса, еліне қызмет ететін жақсы маман иесі болса екен деп тілейді. Ал осы тілектердің орындалуына мүмкіндік жасайтын алдымен ата-ананың өзі. Отбасында тәлімді тәрбие, өнеге көріп өскен бала жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуметіне көтеріле алады.

Данышпан, ойшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби *«Балаға білім беру үшін, алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім, ол ертең бір апатқа әкеліп соғады»* - деген. Балабақша тәрбие - білім берудің алғашқы ошағы. Алайда, баланы балабақшаға беріп тәрбие, білім алады деп бар жауапкершілікті тәрбиешіге жүктеп қоюда жеткіліксіз. Баланы балабақшаға берген соң, ата-ана тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі керек. Мұндай әрекет баланың даму деңгейіне әсер

етіп, тәрбиеші жұмысының сапасын арттырады. Бір-бірімен серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім нәтижелі болады.

Қазіргі балабақша мен отбасы бір-бірімен ынтымақтастықта болған жағдайда ғана бала тәрбиесіне оң ықпал етеді. Ата-аналар балабақшаның тәрбие-білім беру процесіне, тыныс-тіршілігіне белсенді қатыспайынша, ата-анамен тәрбиешінің қарым-қатынас принциптеріне қол жеткізуі мүмкін емес.

Қарым-қатынас принциптері:

- өзара сенім мен құрмет
- өзара сыйластық
- өзара қолдау мен көмек
- бір-біріне төзімділік пен шыдамдылық таныту
- әлемге деген түсіністік көзқарасының тиімділігі мен ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну.

Тәрбиешілердің отбасымен қарым-қатынас сипаты жіктелім жүйесіне негізделеді.Тәрбиеші ата-аналардың барлығына бірдей қарым-қатынас формасын артпайды, керсінше қажеттіліктеріне, сұраныстарына, отбасылық тәрбие ерекшелігіне бағытталады. Ата-аналарды балабақшаның, топтың іс-шараларына араласуына барынша күш сала отырып, тәрбиелік іс-шаралардың түрлі формаларымен таныстырады.

Отбасымен жұмыс жасаудың негізгі формалары – топтық және даралық болып екіге бөлінеді:

Даралық формалары: бала тәрбиесі мәселелеріне байланысты әңгімелесу, кеңес беру, сауалнама.

Толық формалары: ата-аналар жиналысы, ата-аналар клубы, дөңгелек үстел, семинарлар, пікір алмасу, дискуссиялар, кездесулер, ашық есік күндері т.с.с. Дегенмен ағарту жұмыстары мұнымен шектелмейді.Себебі отбасы мен мектепке дейінгі тәрбие білім беру ұйымдары-баланы әлеуметтендірудің маңызды екі институты. Балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуметін арттыруға бағытталады. Біздің колледж білім алушылары жыл бойына қаламыздағы балабақшаларда байқау және бақылау іс тәжірибелері кезінде ата-аналармен жұмыстар жоспарлап ұйымдастыру жұмыстарына атсалысады. Атап айтсақ, ата- аналар бұрышын безендіру, ата-аналар жиналыстарына қатысу және педагогикалық, психологиялық ақыл кеңестер беру сияқты т.б ата-аналармен бірге тәрбиелік іс шараларды өткізуге көмектесе отырып, өздері де болашақ мамандықтарының қыр-сырын үйреніп, шеберліктерін шыңдап, мол тәжірибе жинақтайды. «Мен және менің отбасым», «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар», «Қырсықтық пен қыңырлықтың алдын алу», «Мен баламды қалай тәрбиелеймін?», «Отбасы алтын діңгек», «Әкем, шешем және мен», «Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ» сайыстары сонымен бірге ашық есік күндері, осы тақырыптарда тәрбиешілердің жетекшілігімен 4 курс білім алушылары ата-аналармен семинар-тренингтер, сауалнама, ата-ана

жиналыстарында баяндама жасап, жеке тұлғаны тәрбиелеуге дұрыс ықпалын тигізе отырып, ата-ананың тәрбиелік тұрғыдан көзделген мақсатқа жетуіне көмектеседі.

Тәрбиешілер бала тәрбиесіне көмектесу үшін сол отбасына қатысты барлық ақпараттармен танысып, баланың отбасы туралы білуі қажет. Сонда ешқандай қиындықсыз баланың отбасылық тәрбиесіне көмектесе алады. Тәрбиешілердің көмегі арқылы ата-аналардың педагогикалық сауаттылықтары дамып, балаларына дұрыс жолды таңдай білуіне септіктерін тигізері сөзсіз. Ата-ана да тәрбиешінің, психологтың көмегіне, берген кеңестеріне үнемі назар аударып, бала болашағына жауапкершілікпен қараған жағдайда ғана балаға дұрыс тәрбие бере алады.

Сонымен қатар тәрбиеші өзінің жұмысын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы, ата-анамен байланыс жасауы қажет. Отбасындағы бала тәрбиесіне психологиялық көмек негізінен психологиялық жағынан орын алған жағдайларда беріледі. Ең бірінші психолог ата-анамен кеңес жүргізеді. Олар психологқа бала тәрбиесіндегі қиындықтарды әңгімелейді. Содан кейін психолог әр ата-анамен жеке сөйлеседі.Өйткені ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтап, сол арқылы дұрыс шешімін табады.

Баламен әңгімелесу – психологтың ең жауапты жұмысы. Психологиялық әртүрлі әдістер арқылы психолог баланың мінез-құлқына әсер етіп, оның жан дүниесін аша алады. Тағы бір психологтің маңызды жұмысы баланың мектепке дайындығын анықтай отырып, оқудағы қиындықтардың себебін анықтайды. Және балаға көмектесіп, ол қиындықтардан шығуға көмектеседі. Балалардың өз үйлерінде ата-анамен, туыс-туғандарымен қарым-қатынастары туралы әңгіме кеңестер өткізіп, арнайы сауалнама бойынша жұмыс жүргізуге болады.

Қорыта айтқанда, педагогикалық ұжымының мақсаты ата-аналармен бірлесіп баланы өсіріп-тәрбиелеуде қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, болашақта дені сау, рухы таза, ана тілін толық меңгерген ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бірлікпен жұмыс жасасақ, бала тәрбиесінде қателеспейтініміз анық.

Әдебиеттер

1. Республикалық педагогикалық журнал «Бала мен балабақша» №3 2015ж
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Мектепалды даярлық» №5,6 2016 ж
3. «Отбасы және балабақша» журналы. №4 2014 шілде, тамыз
4. Мектепке дейінгі педагогика Р.Қ.Аралбаева Алматы 2012
5. В.С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы- А. Мектеп,1986

Мақалада мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы көрсетілген. Білім алушылар бойына

шығармашылық, ізденімпаздық және жаңашылдыққа қаблетті маманға қатысты сипаты берілген.

В статье сформулированы основные принципы взаймодействия семьи и дошкольного учреждения в воспитании ребенка. Данная публикация раскрывает основные характеристики воспитателя нового формата.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ІС-ТӘЖІРИБЕ БАРЫСЫНДА ДАМЫТУ

Идрисова Толқын Маратхановна
МКҚК «Гуманитарлық колледж»
практика оқытушысы
Астана қаласы

Адам өзін-өзі тануға талаптанбаса, онда өзге адамдарды да танып-түсініп, сәйкесінше көмектесе алмайды. Қоғамда қарым-қатынасқа түсетін әрбір адам өзін-өзі тануын тереңдетуі шарт, бірақ Джерсиидтің байқауынша бұған жеткілікті мөлшердегі жүректілік керек, өз рефлексиясының нәтижелері қандай болса да, оларды әділ түрде қабылдауға мүмкіндік бererлік белгілі мөлшердегі объективтілік қажет.

Студент тұлғасының өзін-өзі тануы білім беру жүйесінде жетекші мақсаттардың бірі өзіндік дәрежесін алуы қажет. Студенттің «Мен»позициясын қалыптастыру қазіргі таңда педагогика мен психологияғадеген гуманистіккөзқарастың бірден-бір маңызды саласы, оқыту мен тәрбиелеу ісіне қатысы бар әр адамның өзін-өзі адамгершілік тұрғыда дамуын қамтамасыз ететін басты құралы. Болашақ маманның өзін-өзі дамыту қағидаларын меңгеруі қажет, әйтпесе ол өзгелерге бұл процесте қажетті көмек бере алмайды.

Бүгінгі таңда қоғам өзгерістерінің шешуші факторы – Адам. Адамныңқарым-қатынасының үйлесімділігін қамтамасыз етуде адамгершілік құндылықжетекші орын алады. Жалпы «Адам-Қоғам», «Адам-Әлем» қатынасының адамныңдүниеге деген көзқарасы қандай ұстанымдарға, принциптерге арқа сүйейтініненқұндылықтарды анықтауда үлкен маңыздылыққа ие болғанын көреміз.

Педагог – тәрбие беру басымдылықтарының негізгі жолсерігі. Тәрбиеүрдісінің ақырғы нәтижесі оның кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне байланысты.Мейірімділік, кішіпейілділік ортасы, педагогикалық қолдауды күшейту,балаларға белсенді сенім арту – бала тұлғасының адамгершілік-руханиқалыптасуының негізін қалаушы жағдайлар. Тәрбиеленушілерге жүргізілгенсауалнамалардың нәтижесі бойынша олар ең алдымен басқа адамдардың бойындамейрімділік, сүйіспеншілік қасиеттерін бағалайды. Достық, адалдық, ақ жүректік,қайырымдылық, көпшілдік, адамдарға құрмет сезімі, жауапкершілік, өзін-өзіқұрметтеу сезімі де маңызды.

Әрбір педагог өзінің оқушыларының қандай болғанын тілесе, өзі десондай болуы тиіс. Бұл кәсіби іс-әрекетте құзыретті әдісті іске асыруғамүмкіндік береді. Әр педагогтың ұстанымы:

- өз-өзіне сенім – өмірдің негізі;
- педагогтың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға қабілеті;
- балалардың өзін-өзі көрсетуінің алуан түрлілігіне дене және сөз реакцияларының вариативтілігімен жауап беру қабілеті;
- психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруі, балалардың жекеерекшеліктерін ескеру;
- ақжарқын және балалармен қарым-қатынас жасаудың табиғи дарыны, жанжүрегімен қызмет етуге дайындығы.

2014 жылдың 17 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деп көрсеткен болатын. Елбасымыздың алға қойған мақсатын іске асырудың бірден – бір жолы студенттердің кәсіби білімін жетілдіру, мәдениетті де білімді азамат болып шығуына ықпал жасау.

Жаңа білім ғасырында теориялық білімді терең меңгерген, жаңа технологиямен қаруланған, жан-жақты білімді, білікті педагог қана еліміздің болашағына өз үлесін қоса алады. Кәсіптік іс-тәжірибе кәсіптік білімнің бағдарламасының құрамдас бөлігі және білікті мамандарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудың тиімді формасы. Дәл осы болашақ мамандарды бүгінгі қоғам талабына сай дайындау мақсатында жаңа педагогикалық технологияларды оқу үрдісінде жүйелі пайдалану қажет. Білім алушы өзінің бейімділігін, шеберлігін, алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастырғанда ғана педагогке тән іскерлік, шеберлік қалыптасады. Қазіргі заман педагогі – қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың қабілетін, өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын әрі шығармашылықпен еңбек ете алатын маман болуы тиіс.

Педагог балалармен қарым-қатынасқа түсе алатын жоғары ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырғанда жоғары және мол тәжірибе жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзіреттілігі анық байқалып тұрады. Кәсіби құзыреттілік – педагогтың жеке тұлғалық сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімнің кәсіби біліктілігі мен дағдысының бір арнада тоғысуы. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы педагог болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және қарым – қатынас мәдениетін меңгеріп әлемдік білім кеңістігіне талпынуы керек. Ахмет Байтұрсыновтың пікірінше: «Бала білімді тәжірибе арқылы өз бетімен алу керек. Ал балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындап беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беру, бұл –педагогтің қызметі».

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық іс-тәжірибе үлкен рөл атқарады. Педагогикалық іс-тәжірибеден өту кезінде

машыққерлердің іскерлігі мен дағдылары қалыптасады және өзіне деген сенімі артады, шығармашылық деңгейде жұмыс істеу барысында өз білімдерін дәлелдейді. Жоғарыда аталған іс – әрекеттер арқылы, мысалы: Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға және белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауына, талдауға, түзетулер енгізіп отыруға деген белсенділігінен көрінеді.

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды. Болашақ мамандарды дайындауда – болашақ жас мамандардың өз бетінше жаңаша жұмыс істеу қабілетін, шығармашылығын дамыту арқылы бәсекеге қабілетті маман дайындау алға қойылған мақсаттардың бірі. Студенттер педагогикалық іс-тәжірибені өту барысында, қалыптасқан қағидалар бойынша сабақ бермей, мейлінше жаңа инновациялық технологияларды пайдалана білуді үйрету қажет. Бұл тек болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырып қоймай, сонымен қатар оқушылардың да сабаққа деген ынтасын арттыра түседі.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген.

Білім беру технологиялары оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Білім беру технологиясын оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін білім саласы; оқытуға ықпал ететін барлық факторларды есепке алу мен іріктеу негізінде оқытуда мейлінше жоғары жетістікке жету мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған ғылыми білім саласы; білімді меңгерудің барлық аспектілерін қамтитын жоспарлаудың, қамтамасыз етудің, басқару мен бағалаудың кешенді, кіріктірілген үдерісі; қойылған білімдік мақсаттарды табысты іске асырудағы оқыту мен тәрбие үдерісінің әдістері мен құралдарының жиынтығы түрінде тұжырымдау кең тараған. «Білім беру технологиясы» ұғымынан басқа «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» (дидактикалық технология), «тәрбиелеу технологиясы», «тұтас педагогикалық үдеріс технологиясы», «педагогикалық үдерісті жобалау технологиясы», «педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясы», «педагогикалық және өзара мақсаттас қарым-қатынас технологиясы» және басқалар қазіргі кезде педагогикалық лексиконда жиі қолданылады.

Әдебиеттер

1. АбульхановаСлавсккая, К. А. Развития личности в процессе жизнедеятельности Текст. / К.А 2005

2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші (Ілгері) деңгейі. Екінші басылым

3. Филипп Шлехти. «XXI ғасырдың мектебі. Білім саласын өзгертудегі басындықтар» 2012

4. Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития./ В.Г Маралов – М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 256

Резюме

В данной статье автор раскрывает пути формирования профессиональныхнавыков будущих специалистов на практике.

Аталмыш мақалада автор болашақ мамандардың кәсіби дағдыны қалыптастыру жолдарын ашып көрсетеді.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЫҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУДЫҢ ЗАМАНУИ ҮРДІСТЕРІ

Шангреева Айнұр Жетесовна
№ 9 «Бәйтерек» балабақшасының әдіскері
Мұнайлы ауданы Маңғыстау облысы

Мәңгілік ел болашағы - білімді ұрпақ,
саналы жастар! Ендігі ұрпақ- Мәңгілік Қазақтың перзенті.
Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы- Мәңгілік Ел!...
Н.Ә. Назарбаев

Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол- Мәңгілік ел идеясы.

Президент 2014 жылы қаңтар айындағы «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Тәуелсіз жылдары жүріп өткен қазақстандық жолдан туындаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жария етілді. [1]

Бір мақсат – бұл «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз!

Қазақ халқының шолпан жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбиенің мақсаты – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына сай қылып шығару. Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі» дегеніндей ақпараттық технологиялар заманында жоғары білімді ұлт болуымыз үшін жас ұрпақты, оның ішінде мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің маңызы өте зор.

Мен жоғарыдағы айтылған ұлағатты сөздерді ескере, өз жұмысымды «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы контекстінде Қазақстанда мектепке дейінгі білім

берудің тарихы мен дамудың замануи үрдістері» тақырыбыда алғанды жөн көрдім.

Менің алған жұмысымның мақсаты – Қазақстандағымектепке дейінгі білім берудің тарихы мен дамуының тиімді жолдарын зерттеу және заманауи үрдіспен ұштастыру.

Қойылған мақсатқа байланысты келесі міндеттердішешуді көздедім:

а) мектепке дейінгі білім берудың тарихи дамуының теориясын қарастыру;

ә) мектепке дейінгі білім беру мәселесінің қазіргі жағдайын сипаттау;

Зерттеу болжамы:

Мектепке дейінгі білім берудің тарихы мен дамуының тиімді жолдарын зерттеу негізінде, балабақшада жүйелі дамыту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы алға қойылған заманауи мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Зерттеу әдістері: қолданылған педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау жасау, озық педагогикалық тәжрибе.

Өзектілігі: Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Мәңгілік ел — ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз.[2] Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді… Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. «Мәңгілік ел» идеясына мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақты тәрбиелеуде баса мән берілу қажет.

Жаңашылдығы: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы контекстінде Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің тарихы мен дамуын зерделеу, еркін және өркендеген елде тәрбиелеуге талпыныс жасау.

Негізгі бөлім: Қазіргі қоғамда білім берудің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі дамыту болып табылады. Мектепке дейінгі жас – әрбір адамның өміріндегі ең жарқын қайталанбайтын шақ, жеке тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі, баланың өзіндік тануы мен даралағының қалыптасу кезі.

Сол мектеп жасына дейінгі тәрбиенің тарихи дамуына зеттеу жұмысын педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттермен танысу, талдау арқылы жүргіздім. [6] Педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерды талдау нәтежесінде анықтағаным шет елдердегі мектеп жасына дейінгі тәрбиенің тарихи дамуы Я.Коменский, Г.Пестолоций, Р.Оуэн, Ф.Фребель ғылымдардың жұмыстарымен басталса, Қазақстан Республикасында Қазақ қоғамындағы білім беру ісі «қазақтың тұңғыш ұстазы» ретінде танылған Ы. Алтынсарин есімімен тығыз байланысты. Қазақ даласында Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі мен идеялары бүгінде педагогика саласының ғылыми-зерттеу жұмысына айналды.

Ұлт мәдениетінің маңызы және оның жеке тұлғаның рухани дамуына тигізер әсері, білім беру туралы ой-пікірлердің қалыптасуына Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин,А.Құнанбаев,Ш.Құдайбердиев,Ж.Аймауытов,А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Т.Шонанов, Ә.Бөкейханов сынды халқымыздың ағартушылары мен өнер қайраткерлерінің қосқан үлесі зор болды. Өз халқына

білім мен өнер сәулесін шашқан Н.Құлжанова, М.Бегалиева, М.Ниязова, Ш.Иманбаева сияқты қазақ әйелдерінен шыққан алғашқы қарлығаштар өз еңбектерінде жас ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелеріне байланысты айтқан құнды пікірлері әр кезеңдердегі білім мазмұнын жаңартуға негіз болмақ.

Ал ағартушы қайраткер педагог-ғалым қазақ әйелі Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленді. Н.Құлжанова 1925-29 ж.ж. М.Горкийдің, В.Г.Короленконың, А.Куприннің, В.В. Лаврененконың, Н.К. Крупскаяның еңбектерін қазақ тіліне аударды.

Н.Құлжанова А.Байтұрсыновтың ұстаздық үлгісінен нәр алған адам. Ол өзі педагогикалық екі еңбек жазды. Оның бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие» (1923) деп аталса, екіншісі, «Ана мен бала» (1927) деп аталады. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне А.Байтұрсынов кіріспе сөз жазып, бұл еңбектің «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға береді. [5]

Н. Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін - бала әлемін сөз етеді.

Әсіресе, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайтындығына, баланы табиғат аясында тәрбиелеудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Н.Құлжанова баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелеудің тиімділігін айта келіп, «Бала даланың кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендемек» дейді.

Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттары «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлілігі» «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әдемілік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншығы», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әр қайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар ана тілімізде күні бүгінге дейін тапшылық етуде. Олай болса бұдан 75-80 жыл бұрын жазылған Н. Құлжанованың еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылына қылау түсірмес аса құнды еңбек екені даусыз. Сөйтіп Н.Құлжанова - тұңғыш мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы педагог, ғалым болды.

Қазақстанда тұңғыш мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салған көрнекті педагог-ғалым қазақ әйелі Нәзипа Құлжанованы мәңгі есте қалдыруда

Қазақстан үкіметі арнаулы қаулы қабылдап, оның туған жері Қостанай облысы Рудный қаласындағы педколледжге ғалымның атын берсе, сондай-ақ Қостанай, Семей қалаларында Н.Құлжанованың атында бір көшенің аты берілсе, ағартушы қайраткер ғалымға жасалған үлкен құрмет болар еді деп ойлаймын.

Әрине сапалы мектепке дейінгі білімді бала балабақшада алалатындығы сөзсіз. Елімізде балаларды нәрестелік шағынан қоғамдық мекемелерде тәрбиелеу, олардың күтімі мен денсаулығын жақсарту, мектепаралық сабақтастық мақсатында 1917 жылы 2 қарашада 1-рет декларация жарияланып, бұл іс қолға алына бастаған. 1917 жылы мамыр айында Алматыда тұңғыш балабақша ашылып, онда әр түрлі ұлттан жүзге тарта бала тәрбиеленген. Еліміздің әр өңірінен біртіндеп балабақшалар ашылғанымен, ата – аналар тәрбиенің мәнісін жете түсінбегендіктен балаларын балабақшаға беруден бас тартқан жайттар орын алды. Балабақшалардың ашылуы мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнының жетіліп, қалыптасуын қамтамасыз етті.

1917-2017 жыл аралығы ол бір ғасыр. Бұл жылдар арасында балабақшаларда бірталай өзгерістер болған.

Қайта құру кезеңінде біраз балабақшалар саны жойылып, жекешеленіп сатылып кеткен. Тарихқа жүгінсек, Алматы қаласында қайта құру кезеңіне дейін мемлекетке және ведомстволарға қарасты 363 балабақша болған.

Ол кезде қала халқы 1 миллионға енді ғана жеткен болатын. Қайта құру дәуірінен кейін небәрі 135 балабақша қалған. Бұл балабақша ғимараттары жаппай сатуға шығарылды. Көңілге медеу болатын жайт, жыл сайын оларды мемлекет қайтарып алып жатыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері балабақшалар күннен күнге бой көтеріп көбейіп, мектпеке дейінгі білім дамып келеді. Елбасымыздың тапсырмасымен 2010 жылы «Балапан» бағдарламасы енгізіліп біршама балабақшалар ашылды, білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілік жүйесі дамып, білім беру әдістемелерін жаңғырту секілді мәселелермен айналысу нақты жолға қойылды.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім мазмұны жаңартылып Мемлекеттік стандарт бойынша бағдарламалар жасақталды, жаңа инновациялық технологиялар, педагог ғалымдардың әдіснамалары бойынша жұмыстанады.

Бүгінде мен қызмет атқаратын № 9 «Бәйтерек» балабақшасы «Балапан» бағдарламасы аясында Мұнайлы ауданының Маңғыстау - 5 тұрғын массивінде ашылған болатын. «Бәйтерек» атауының: Ежелгі түпкі ұғымында «Бәйтерек» деген сөздің өзі «өмір ағашы» деген мағынаны білдіреді. Міне, осы жапырақ жайған алып ағашқа ұқсап біздің балабақша тамырын тереңінен жайып, жапырағы жайқалып өсіп келеді. Осы балабақшада іс-әрекеттік тұғырда баланың және тәрбиеші педагогтің өздігінен алдына мақсат қоя отырып іс-әрекетті жоспарлап, ұсынылған тапсырмаларды өнімді, нәтижелі орындауға талап етемін. Білім мазмұнын меңгертуге ықпал етіп, оны жүзеге асыруға жағдай туғыза білемін және мектепке дейінгі ұйымдағы білім сапасын көтеруде нәтижеге жетудің жолдарын таңдауға, іс-әрекетті арнайы ұйымдастыруға, бақылау жасауға, өзіндік талдауға өз үлесімді қосқанымды мақтан

тұтамын.Балабақшада балаларға экологиялық тәрбие беруде жалықпай жаңа технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар балаларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Экологиялық жұмыстар балалардың білімін ғана дамытып қоймайды, оларды жан-жақты тәрбиелеудің де міндеттерін шешеді.

Балаларға арналған балабақша ішінен экологиялық бұрыштар жасақталды. Тәрбиешілермен тәрбиеленушілер аудандық, облыстық, республикалық сайыстарда жүлделі орындарға ие болды. Жұмыс нәтижелері арқасында ата-аналармен бірлесіп «Табиғатты аялайық» акцияларын, «Туған жерім – мақтанышым» атты көрме, «Табиғатпен үндес» байқауларын ұйымдастырдым. Ата-аналар тарапынан балабақшаның көркейе түсуі үшін, өз ұсыныстарын білдіріп балабақша жанынан балаларға арналған шағын жылы жай (теплица), шағын су бұрқауы (фонтан) және спорттық алаң жасақтау жобасын ұсынып өз белсенділіктерін танытты. Маңғыстау облыстық балалар кітапханасы және маңғыстау облыстық мұражаймен байланыс жұмыстарын жүргізіп, балалардың танымдық көз қарастарын қалыптастыру үстіндеміз.

Мен мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңартуда өздігімнен ізденіс жасауда ғылыми әдістемелік әдебиеттерді оқып үйренуге, идеялар базасын құруға, дайындауға дағдылануына жұмыстанамын. Білім мазмұнын балаларға жеткізуде тиімді әдіс-тәсілдерді, көрнекі құралдарды: бейне таспалар, үн таспалар, фонотека, фильмотека, видеотека, демонстрациялық, дидактикалық құралдарды т.б тиімді пайдалануына тәрбиешілерге көмек беремін. Атап айтқанда ол жаңа технология арқылы (құм терапия, жобалық қызмет, степ бай степ, т.б) ұлттық негіздегі білім беру ұйымдарының мәні халқының мәдениетін тереңде жан-жақты үйрету, олардыңсанасынаұлтына деген құрмет пен мақтаныш сезімін сіңіре білуді басқа ұлттардың мәдениетін қадірлей білумен ұштастыруды жүргіземін.

Жоғарыда айтылған ойлардан мен өз зерттеу жұмысымда мектепке дейінгі білім беру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздей отырып, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық, әдістемелік және тәжірибелік мүмкіндіктерін қарастырып, тәрбиеші педагогтардың шығармашылығын дамытудың жолдарын әлдеде зерттеу үстіндемін. Н.Құлжанованың айтқан сөзіндегі яғни «Баланы табиғат аясында еркін тәрбиелеу» дегеніндей біздің балабақшамыздың басым бағыты экологияға бағытталған. Балаларға экологиялық тәрбиеде жұмыстанып, экологиялық дамыту жағдайаттарын жасадық. Балаларды табиғатты сүюге, өз жерін, елін қадірлеуге, патриоттық сезімдерін қалыптастыруда жұмыстанудамыз. Мәңгілі Ел ұлттық идеясыныңда бір принцептері туған елін, жерін сүю, қадірлей білуге тәрбиелеуді көздейді.

Өз жұмысымда Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудың тарихы мен дамуын ашып көрсетуге тырыстым, дегенмен бұл мәселе өте ауқымды болғандықтан әліде зерттеу керектігін назардан тыс қалдырмай және алдағы уақытта әр қырынан тереңірек зерделеу болашақта алдыма қойылған мақсаттардың бірі болады.

Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізілген абзал. Оның ішіне рухани-адамгершілік қасиеттері мен отаншылдық сезімнің ұдайы дамып отыру бағытындағы іс-әрекеттер кіріктірілуі тиіс. Балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағида болуы қажет. М.Шаханов айтқандай төрт ана үшін күресуге белді бекем буған ұрпақ елі үшін аянбайды. Н.Құлжанова түйіндеген қазіргі кездегі күрделі мәселенің бірі болып отырған ана тілі бала үшін асыл қасиет екенін ұқтыру баршамыздың міндетіміз.

Сонымен қатар бірлікке тәрбиелеу, бір-бірінің ынтымақтастықта жұмыс істету, берекелі орта қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар Мәңгілік ел идеясындағы басты құндылық екенін ескеріп отыру қажет. Тәрбие мен білімді тәрбиеші ретінде тәжірибемен ұштастырып отыру да өзі нәтижесін береді. Әр мағыналы іске балаларды үнемі қатыстырып, көшбасшылыққа ұмтылудың іргетасын балабақшадан бастау Елбасымыз көрсеткен Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың басты құралы екенін ұмытпағанымыз абзал. Тарихи оқиғалар, әсіресе отаншылдыққа бағытталған ізгілікті істердің мазмұнын үнемі тәжірибемен ұштастыра отырып бала бойына сіңіру қазіргі қоғамдағы өзекті мәселе. Бала әр нәрсеге қызығушылықпен қарайды. Осыған байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын шараларды жиі өткізу қажет.

Мәңгілік ел идеясы ең алдымен болашақ ұрпақ үшін екенін ескерсек, еліміздің мәңгілік болуы жолында халқымыздың гүлденуі басты орында. Оған ең алдымен ұрпақтың құнды тәрбиесі мен сапалы білімі жол ашады. Сондықтан да танымдық шаралардың барлығы осыған бағытталуы қажет. Төл тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын балабақша тәрбиеленушілеріне жасына сай түсіндіріп, бойына сіңіріп отыру қажет. Тарихи тұлғалар жайында айту, электронды құралдар арқылы көрсету, тарихи оқиғаға байланысты ойларын айтқызу, қиялын шарықтату отаншылдыққа баулудың мағыналы жолы. Тарихи тұлғаларға еліктеуге, хакім Абай айтқандай «болмаса да ұқсап бағуға» тырысуға бағыттау өзі нәтижесін береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Егемен Қазақстан. 2007. 15 тамыз. 4 б.

2. Елбасының жолдауы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Егемен Қазақстан. 2010.- 12 б.

3. Назарбаев Н.А. Қазақстан халқының әл ауқатын арттыру–мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. – Астана, Елорда. 2008.- 64 б.

4. Назарбаев Н.А. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы: проблемалар және оларды шешудің жолдары.–Алматы. Қазақстан, 1998. – 134 б.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Қазақстан мұғалімі. 20 қаңтар. 2004. - 3-4 б.
6. Қазақ балабақшасындағы тәрбие тұжырымдамасы. Алматы. 1991.-43 б. 16. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы. Ана тілі. 1992.- 155 б.
7. Сафонова О.А. Управление качеством образования в дошкольном образовательном. 2004. Москва. – с.156.

НЕТРАДИЦИОННЫЕ ФОРМЫ РАБОТЫ С ПЕДАГОГАМИ, РОДИТЕЛЯМИ И ДЕТЬМИ ПО ПАТРИОТИЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ ДОШКОЛЬНИКОВ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Захарчук Е.В.,
Методист ГККП я/с «Чебурашка»,
Северо-Казахстанская область,
Аккайынский район, с. Черкасское

Рост научно-технического прогресса, новые открытия и технические изобретения отодвинули на второй план духовные ценности. В процессе экономического и политического реформирования, в ходе которого существенно изменилась социокультурная жизнь подрастающего поколения, возникла важная проблема – патриотическое воспитание. В такой ситуации, среди молодежи появились такие тенденций как, цинизм, бездуховность, безнравственность. Не случайно возникли неформальные молодежные движения, субкультуры, порой агрессивного характера. Конечно же, все это привело к упадку нравов, росту правонарушений среди подростков.

Ситуация изменилась, когда глава государства озвучил в своем Послании народу Казахстана «Стратегия "Казахстан-2050» идею «Мәңгілік Ел», в которой поставлена цель возрождения духовных и нравственных ценностей. При этом очевидно, что данная идея волновала его и в более ранний период времени, в частности, он к ней апеллировал на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан 15 декабря 2010 года, она нашла отражение в одноименной триумфальной арке, названной «новым символом современного Казахстана и триумфа казахстанского народа, реализовавшего многовековую мечту о Независимости и суверенитете своей страны», которая была открыта 16 декабря 2011 года.[1]В наиболее полной форме идея «Мәңгілік Ел» прозвучала в Послании Президента «Нурлы жол – путь в будущее» от 17 января 2014 года: «Мәңгілік Ел» – это национальная идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков. За 22 года суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Они взяты не из заоблачных теорий. Эти ценности – опыт Казахстанского Пути, выдержавший испытание временем.» [2]

В связи с этим проблема патриотического воспитания детей и становится одной из актуальнейших. Вместе с тем она обретает новые характеристики и соответственно новые подходы к ее решению, как составная часть целостного

процесса социальной адаптации, жизненного определения и становления личности. В настоящее время в период нестабильности в обществе, возникла необходимость вернуться к лучшим традициям нашего народа, к его вековым корням, к таким вечным понятиям как род, родство, Родина. И поэтому, начиная с дошкольного возраста необходимо формировать у детей высокие нравственные и морально-психологические качества, среди которых важное значение имеет патриотизм. Понятие патриотизм – это чувство любви к Родине. Понятие «Родина» включает в себя все условия жизни: территорию, климат, природу, организацию общественной жизни, особенности языка и быта. Быть патриотом – это значит ощущать себя неотъемлемой частью Отечества[з].

Эти проблемы могли быть восполнены участием в фольклорных праздниках, посещениями разнообразных выставок народного искусства, в музее – краеведческих экспозиций. Однако для воспитанников детского сада, который находится в селе, это не всегда возможно, не говоря уж о том, что такие экспозиции рассчитаны на восприятие взрослого человека, а для детей требуется большая, педагогически грамотная переработка материала.

Проанализировав работу детского сада по патриотическому воспитанию детей за прошлые годы, учитывая все минусы и плюсы, изучив все методы и формы работы по данному направлению, мы организовали в 2016-2017 учебном году работу клуба для педагогов, родителей и детей «Оазис дружбы народов Казахстана» по патриотическому воспитаниюдетей дошкольного возраста в контексте реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел». Разработали цели и задачи, составили план работы клуба.

Цель клуба: создать единое образовательное пространство детского сада и семьи по патриотическому воспитанию детей в контексте реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел».

Задачи клуба:

Для воспитателей:

1.формирование представления о многообразии направлений педагогической деятельности по нравственно-патриотическому воспитанию;

2.оказание практической помощи в выборе и овладении современными формами и методами в работе по данной теме;

3.формирование у педагогов понимания актуальности работы по воспитанию патриотических начал у подрастающего поколения в современном обществе;

4.создание условий для самообразования, для профессионального самосовершенствования педагогического коллектива по данному направлению.

Для родителей:

1.обеспечение эффективного взаимодействия между ДО и родителями детей в целях оптимизации нравственно-патриотического воспитания и развития детей в условиях ДО и семьи;

2. оказание педагогической помощи родителям (законным представителям) и детям дошкольного возраста, посещающим ДО, в обеспечении нравственно – патриотического развития;

3.психолого-педагогическое просвещение родителей детей с учетом индивидуальных особенностей, возможностей и потребностей семьи.

Для детей:

1.воспитание у ребенка любви и привязанности к своей семье, дому, детскому саду, улице, селу;

2. формирование бережного отношения к природе и всему живому;

3. воспитание уважительного отношения к труду;

4. расширение знаний о городах Казахстана;

5. формирование знаний о правах человека;

6. развитие чувства ответственности и гордости за достижения страны;

7. формирование толерантности, чувства уважения к другим народам, их традициям.

Права и обязанности сторон:

1.Каждый член клуба имеет право на свободное посещение заседаний клуба.

2.ДО предоставляет помещение для заседаний клуба.

3.Участники клуба имеют право давать рекомендации, выступать с предложениями.

Заседания клуба: 1 раз в месяц.

Дети: Дети испытывают гордость за свою страну, интересуются историей Родины. Знают традиции родного народа, символику Казахстана, историю малой родины, природу Казахстана. Сопереживают персонажам сказок, былин, историй и рассказов о героях воинах и героях батырах. У детей более глубокие знания о народах, проживающих на территории Казахстана, об их обычаях. Умеют высказывать свое мнение, делиться впечатлениями друг с другом.

Родители: Родители стали понимать важность воспитания патриотических качеств в дошкольном возрасте. Сформировалось желание сотрудничества с детским садом. Укрепилась значимость семьи в воспитании гражданско-патриотических чувств ребенка, сплочение всех членов семьи, возрождение и сохранение семейных традиций.

Педагоги: Повышение уровня педагогического мастерства в вопросах гражданско-патриотического воспитания детей дошкольного возраста; творческая самореализация в профессиональной деятельности.

Детский сад: Апробация и внедрение в воспитательно-образовательный процесс работы клуба для педагогов, родителей и детей «Оазис дружбы народов Казахстана» по патриотическому воспитанию дошкольников в контексте реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел».

Начиная работу по патриотическому воспитанию, педагог должен, прежде всего, сам хорошо знать природные, культурные, социальные и экономические особенности своей области. Он должен продумать, о чем рассказать детям, особо выделив признаки, характерные только данной местности, доступно показать связь родного села со всей страной. *Воспитатель должен обладать личностными качествами, которые могут служить положительным примером в воспитании патриотизма у детей, иметь достаточно знаний по*

краеведению и уметь ясно, образно и выразительно донести до сознания детей информацию по проблеме патриотического воспитания. Поэтому с педагогами по данному направлению проводились огромная работа.



Родители воспитанников детского сада принимали активное участие в работе клуба, делились опытом семейного воспитания, участвовали в мероприятиях, организованных педагогами.

Воспитанники детского сада так же посещают заседания клуба. Благодаря организованной работе клуба, дети в свободной форме говорят о дружбе, братстве, толерантности и терпимости. Ребята с большой гордостью рассказывают о своей стране, ее достижениях, природе, людях, которые нас окружают.

За период существования клуба было проведено множество мероприятий по разностороннему развитию личности воспитанников в различных направлениях. Они охватили нравственное, эстетическое, экологическое, физическое, патриотическое и трудовое воспитание. На основе ярких впечатлений о родной природе, об истории родного края, о Родине у ребенка формируются определенные черты характера, которые помогут ему стать гражданином своей страны. Подготовка, проведение праздников и развлечений воспитывает у детей основы коллективизма, расширяет их кругозор, развивает память, речь, воображение, способствует умственному развитию. Радостные события в жизни ребенка оказывают большое влияние на чувства и сознание детей. У родителей сформировалось желание сотрудничества с детским садом. Укрепилось значимость семьи в воспитании гражданско-патриотических чувств ребенка, сплочение всех членов семьи, возрождение и сохранение семейных традиций.

В конце учебного года будет проведено отчетное заседание клуба, где выступят с презентациями, отчетами, защитой проектов, как педагоги, так родители и дети. Творческой группой педагогов будет разрабатываться содержание возможных коррекционных мероприятий.

Литература

1.Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012г. Текст, 7 раздел

2.Бижанов А. Казахстанский патриотизм: проблемы и решения. Казахстанский патриотизм: Проблемы становления. – Алматы, 1997.

3.Махин В. Уроки мужества и патриотизма. – Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда» от 19.02.2009г №43-44 стр. 3

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТЖАНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ - «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Қамаубаева Гаухаркул Тоқмолдакызы
№28 балабақшасының әдіскері
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Қазақстанда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиенің мазмұнын жаңартудың жалпы мақсаты – білім кеңістігін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру әлемдік стандарттарға сай жүргізіле отырып, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізінде дамуы тиіс.Бұл туралы «ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» «Мектеп жасына дейінгі балаларды «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу» атап көрсетіле отырып, мектепке дейінгі ұйымдағы біртұтас педагогикалық үрдістің мақсаты ретінде белгіленді [1].

Бүлдіршіндердің ұлттық дүниетанымын балабақша қабырғасынан бастап қалыптастырып, оларды Ұлы даланы мекендеген мәңгілік елдің болашағы ретінде, патриоттық рухта тәрбиелеу – жаһандану заманыныңталабы. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауында,адами капитал сапасын жақсарту мақсатындағы төртінші басымдықта «Біздің міндетіміз – ...ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу...» екенін тұжырымдады [2].

Қазіргі Қазақстанның геосаяси және әлеуметтік жағдайында осы мәселені басымдық ретінде анықтаудың маңыздылығын талдау – ұсынылып отырған жобаның өзектілігін негіздеу болса, ал оның ғылымилығы – «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын мектепке дейінгі ұйым жағдайында жүзеге асырудың жолдарын белгілеп, күтілетін нәтижені алдын-ала болжаумен айқындалады.

Тараз қаласындағы № 28 балабақша ұжымы,мектепке дейінгі ұйымдарда «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асырудың негізгі алғышарты –

ұлтжандылықты дамыту деп болжап, оны балабақша кеңістігіне бейімдеуді қолға алды. Мектепке дейінгі мекеменің заттық-кеңістіктік ортасын ұлттық болмысқа сай жасақтай отырып, балаларды ақпараттық қоғамның өзгермелі тыныс-тіршілігін қабылдауға,замана талабымен бірге жаңаша ойлап, айналаға сергек қарауға, зерек те, елгезек болуға баулуды мақсат тұтқан ұжым, жобаны жүзеге асыру барысында күтілетін нәтижені белгіледі:кеңістік заңдылықтарымен қоса, бабалар аманатынан хабардар, салт-дәстүр мен ауыз әдебиетінің озық үлгілерін терең меңгерген ұлтжанды, ана тілінің нәрімен барынша сусындаған, еркін, дені сау ұрпақтың қалыптасуы. Стратегиялық маңызы жоғары осы нәтиженің орындалуын қамтамасыз ету – ұлтжандылыққа тәрбиелеудің кешенді міндеттері арқылы шешіледі.

Балабақшадапедагогикалық процесті ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар негізге алынады. «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» сынды білім беру салаларында инновациялық технологиялар мен ұлттық тәрбие үлгілері кіріктіріліп, заманауи талаптарға сай пайдаланылады. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және сабақтан тыс тәрбие іс-шараларында халық ауыз әдебиеті үлгілері қолданылады. Ертеңгіліктерде, топтық серуенде, ойын үрдісінде, балалардың еркін іс-әрекеттерін ұйымдастыруда аңыз әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдер, санамақ, мадақтамақ, бата-тілек тілеу, жаңылтпаштар т.б. арқылы балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға зор көңіл бөлінеді.

«Денсаулық»білім беру саласында қазақ халқының денсаулық педагогикасын қолдану аса тиімді. Бүлдіршіндерді сауықтыру және шынықтыру құралы ретінде ұлттық ойындар қолданылады; ал денсаулықты сақтау және нығайтуға байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиетінің озық үлгілері, тыйым сөздер пайдаланылады. «Ойы саудың – жаны сау, жаны саудың – тәні сау» нақылын басшылыққа алып, жан саулығы мен тән саулығы ұғымдары интеграцияланды және оны балабақша жағдайында қолдану әдістемесі жасалынуда. Олардың негізіне мұсылман әлемінің және қазақ ойшылдарының тұжырымдары (Қорқыт ата, Әл-Фараби, М.Х.Дулати, Ж.Баласағұни, А.Жүйнеки, А.Ясауи, Қайқаус, М.Қашқари, Абай, Шәкәрім т.б.) және заманауи психологиялық инновациялар (Л.Хей, В.Синельников, А.Свияш, М.Норбеков т.б.) қаланған [3].

Мысал ретінде, балаларға Абайдың «Адам болам десеңіз...» шығармасындағы «бес нәрсеге асық болудың» мазмұнын талдап, жетекші идеясын түсіндіру негізінде ойды реттеу, мінезді түзеу, сөйлейтін сөзді жүйелеп, тұлғаны тәртіпке келтіру арқылы адам атты ұлы атқа ие болу ұғындырылады. Білім беру саласындағы қазіргі жаңа парадигмалар адамды біртұтас жүйе ретінде қарастыратындықтан, денсаулықты реттеуші күш сырттан келмейтінін, ол адамның өзінде екенін ерте жастан түсіндіру – болашаққа құйылған зор инвестиция, үлкен ресурс болары сөзсіз. Денсаулық білім беру саласын қазақ халқының сауықтыру-шынықтыру жаттығуларынегізінде, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің жас

ерекшеліктеріне сәйкес тиімді пайдалану, балалардың денсаулық сақтау құзіреттілігін қалыптастырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлтжандылығын дамытуды жүзеге асыру формасы ретінде балабақша ұжымында «Коммуникация» білім беру саласына аса зор мән беріледі. Ұлттық мазмұндағы материалдар үлгісін қолдану негізінде балалардың тілдік-коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруды мақсат ете отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының қарым-қатынас ерекшелігімен таныстыру әдістемесі жасалды. Бұл ретте өзара қарым-қатынастар, тұлғаның өзіне - өзінің қатынасы, қарым-қатынастың мәнерлі белгілері, қатынас құралы – тіл туралы қазақ халқының аса бай ұлттық қоры таптырмас ресурс болып табылады. Ұлттық коммуникацияны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу; халық ауыз әдебиетінің озық үлгілері арқылы сөйлеуді дамыту, сөздік қорды байыту және қазақ фольклорының кіші жанрларын логопедиялық құрал ретінде пайдалану – балабақшада ұлтжандылықты «Коммуникация» білім беру саласы арқылы дамыту тетіктері.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісіне ендіруді «Таным» білім беру саласы арқылы жүзеге асыру – балалардың танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда ұлттық өркениеттің озық үлгілерін қолдану нәтижесінде жүзеге асырылуда. Тәрбиешілеріміз балалардың ой ұшқырлығын, тапқырлығын, танымдық сергектігі мен рухани елгезектігін дамытуда ұлттық педагогика құралдарын пайдалану әдістемелерін жасап, оны тәжірибеде тиімді қолдануда. Ауыз әдебиеті жанрларын балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеп, оны ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың қабылдау, есте сақтау, түйсік, қиял сынды танымдық үрдістерін дамыту мақсатында тиімді пайдаланып келеді. Баланың өзін-өзі тану үрдісін Қ.Йасауидың «рух еркіндігі» теориясы, «кемел адам» концепциясы және Абай мен Шәкәрімнің «толық адам» ілімдері негізінде дамытуда. Педагогикалық ұжым мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда көшпенділер танымы, орта ғасыр ойшылдарының мұралары және қазақ халқының қоршаған ортаны қорғау, табиғаттанудәстүрлерін қолдануда.

Ұлтжандылықты дамытудың негізгі аспектілерінің бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру. Ол балабақшада келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылып жатыр:

- балалардың шығармашылық қабілеттерін ұлттық қолөнер туындылары, музыка, халық шығармашылығы, айтыс, жыр өнерлерінегізінде саралау және шығармашылық құзіреттілікті қалыптастыру;
- тәрбиешілерге шығармашылық пен эмоцияның өзара байланысы туралы халықтық идеяларды үйрету және шығармашылықтың синергетикалық мазмұнын ашу;
- ата-аналарға мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын кеңістік заңдылықтарына сәйкес, табиғатпен үйлесімді дамыту маңызын ұғындыру.

Ұлттық құндылықтар арқылы әлеуметтік орта нормаларын меңгеру балабақшада халықтық педагогиканың озық үлгілерін қолдану негізінде жүзеге асырылып келеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік әліппесі, мінез-құлық мәдениеті туралы қарапайым түсініктерді үйретуде аса бай ұлттық мұрамызға жүгінеміз. Адам табыстылығының, саулығының, бақытының кепілі ұстамдылық, ал оның негізі – сабыр екенін ұғындыра отырып, сабырлылық туралы ұлы ойшылдар қазынасымен таныстырамыз. Қазақ халқының үлкенді сыйлау, құрметтеу, адамгершілік-рухани нормаларды, имандылық тәрбиесін меңгерту дәстүрлерін әр жас ерекшеліктерінде қолданамыз. Балалардың өзін ұстауы, өзін-өзі тану, әлеуметтік ортаға бейімделуі, төзімділік пен сабыр сынды асыл қасиеттерді қалыптастыруда этнопедагогика, этнопсихология үлгілерін пайдаланамыз. Осылайша «Әлеумет» білім беру саласында ұлттық ресурстарды қолдану арқылы балалардың әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру мүмкіндігін дамытамыз.

Балабақшада заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар шеңберінде ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың заманауи үлгілерін қолданамыз. Мәселен, заттық ортаны ұйымдастыруда ұлттық бұйымдар, музыкалық аспаптар, ыдыс-аяқ, ұлттық ойыншықтар, ою-өрнек, әшекей үлгілері пайдаланылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда бүлдіршіндерге ұлттық тәрбие беру мазмұнын ізгілік қағидасына сәйкес құру тиімділігін көздей отырып, олардың жас және даралық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Балабақшадағы негізгі іс-әрекет түрлеріне орай, педагог материалды жетік білу және әдістемені шебер меңгерумен қатар, бала жанын ұғыну, оны өзіне тарта білу, танымдық қызығушылығын арттыру; өмірді сүюге баулу; білуге құлшынысын ояту және әр балаға жеке қатынас жасауға міндетті. «Білім – берушіден» қағидасына сәйкес, білімді тасымалдаушы, бала жанына жеткізе білуші, тәрбиелеуші, дамытушы деңгейінде жүргізу жоғары нәтижелілікке қол жеткізері анық. Мәселе – тәрбие мазмұнына қоса, тәрбиешінің өз ісін қаншалықты жауапкершілікпен, нәтижелі атқара алуында.

Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік семинарларда тәрбиешілермен заттық-дамытушы ортаны ұлттық мазмұнда құрудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні талданып, жеке, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізу, балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру, танымдық қызығушылығын қалыптастыру негізіне халықтық педагогика элементтерін қалау әдістемелері үйретіледі. Бала бақша ұжымы қала, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылған форум, конференция, семинарлар және курстарға тыңдаушы ретінде қатысып қана қоймай, тәжірибе алмасу алаңында өз жетістіктерімен бөліседі. Бұл өз кезегінде ұсынылып отырған жобаның аралық нәтижелерін талдауға және сынақтан өтуіне тиімді ықпал етуде. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбие беру жұмысын нәтижелі жүргізу үшін «Отбасы-балабақша» жүйесінің сабақтастығына аса ден қоямыз.

Жоба шеңберінде белгіленген міндеттерді сапалы орындау мақсатында мамандардың біліктілігін жетілдіру ісіне № 28 балабақша әкімшілігі үлкен жауапкершілікпен қарайды. Дуалды білім беру қағидасы аясында Тараз

мемлекеттік педагогикалық институтымен жасалған келісімшартнегізінде «Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру» курсы жүргізіліп, тәрбиешілерді жаңа дәуір балаларын ұлттық рухта тәрбиелеу методологиясы игерілді. Балабақшада жоғары санатты тәрбиеші Г.Т. Қамаубаеваның жетекшілік етуімен «Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар» бағытында бағдарлама нәтижелі жүргізіліп келеді.

Бала бақшаның педагогикалық ұжымының осы бағытта игерген істерінің көрсеткіштері ретінде тәрбиеленушілерде ұлтжандылық қасиеттің қалыптасып, дамуын атауға болады. Бүлдіршіндердің толықтай мемлекеттік тілде сөйлеуі, топтағы өзара қарым-қатынастардың қазақы қалыпта өрбуі, балабақшадағы іс-шаралардың қазақы сипаты – ұлтжандылықтың даму факторы. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының негізгі алғышартының жүзеге асырылу сапасын ата-аналар көзімен бағалау мақсатында алынған сауалнама қорытындысы келесі нәтижені көрсетті: «баламыздың ұлттық дәстүрлерді білуі және оған жағымды қатынасы артып келеді» – 89%, «баламның ұлтжандылығының артуына мектепке дейінгі ұйымның ықпалы зор» – 92%, «тұлға ретінде қалыптасу үшін ұлтжандылық қасиеттің маңызы зор» – 94%. Ата-аналардың басым көпшілігі баланың ұлтжандылығының көрінісі ретінде қазақы салт-дәстүрлерді білуі, ұлттық ойындарды үйренуі, қазақ тілінде сөйлеуі және өз ұлтына деген сүйіспеншілік факторларын атап көрсеткен.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының барлық мектепке дейінгі ұйымдарында жаңартылған білім мазмұны енгізілуде. Жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне интеграциялану мақсатында біліктілік мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгеруде. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйене отырып, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамытуды ұлттық тәрбие тәсілдерінің негізінде жүзеге асыру – оны жан-жақты етумен қатар, ұлтжанды азамат ретінде қалыптастырады. Туған халқының ұлттық болмысы туралы білімдер баланың жан-дүниесін, рухын қазақиландырады, әрі әлемдік аренада бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындайды.

Әдебиеттер

1. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы – Астана. 2016.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы. – А., 2017.

3. Бөлеев Қ., Оспанбаева М., Керімбаева Р. Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру. – Тараз, 2014.

ӨТКЕНДІ АЯЛАЙ ОТЫРЫП, ЖАҢАҒА ЖЕТЕМІЗ

Конкаева Саида Танатовна
«Бәйтерек» балабақшасының орыс тілі мұғалімі
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы

Тербетіп тұрса болды жер-бесігім,
Дәулеттің тілемеймін көл-көсірін...
Көз тимей, кірбің түспей қабағыңа,
Жалғыз-ақ-
Құтты болғай енді осы күн!...
С.Жиенбаев

Біздің елімізде ғасырлар бойы ел мүддесінің мұраты мен мұқтажы жолында құрбан болған ірі тұлғалардың аңсап өткен тәуелсіз таңы елімізде арайлап атты. Кемеңгер көшбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы бастаған Қазақстан халқы аз уақытта ауыз толтырып айтарлықтай талай табыстарға қол жеткізді. Әлем жұрты таң қалатындай, тамсанатындай, қызыға қарайтындай биіктерді бағындырды. Елін береке бастауына бастаған Елбасы «Қазақстан-2030» жылға дейін даму стратегиясының қорытындысын шығарып, Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» атты жолдауын жария еткен болатын. Тәуелсіздігімізді алғалы бері Елбасымыздың салиқалы саясатының нәтижесінде экономикамыз нығайып, дамудың жаңа жолына түстік. Қазір Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында дегенге ешбір күмән жоқ. Бір кездері кеңестік жүйенің құрсауында болған қазақ елі әлемге танылып, ата-бабаларымыздың сан жүздеген жылдар бойы аңсаған тәуелсіздігі берік орныққалы, ісіміз ауқымды жолмен алға басып келеді. Мәселеміз шешіліп, тағдырымыз өсіп келеді. Соның бір айқын дәлелі, халқының берекелі болашағына жасалған тағы бір жарқын қадам – Қазақстан-2050 стратегиясын жүзеге асырудағы «Мәңгілік ел» жобасы. Елбасы алғы сөзін: «Қазақстан XXI ғасырдың басында тәуелсіз әрі өзіне сенімді болып отыр. Біздің басты масқатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру», – деп бастады. Биылғы жолдаудың атының өзі бүкіл қазақ елін бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа жұмылдыруға бағытталған. Елбасының бұл жолдаудағы биік мақсаттардың барлығы жастар үшін жасалып жатқандығы белгілі. Себебі, ел ертеңі жастардың қолында емес пе?

«Қазақстан-2050» – қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» Стратегиясында рухани тұтастану мен ұрпақтар жалғастығы, ұлттық сана-сезім мен жаңа қазақстандық патриотизмнің белгіленген бағдарға орай қалыптасуы мәселелерімен сабақтас сауалдардың маңыздылығына тоқтала отырып, Президент жақын болашақта аса қуатты да күшті Қазақстан мемлекетін өркениетті жолмен құруға барлық жағдай жасалғандығына айрықша назар аударды. «Қазақстан-2050» жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыру бойынша ерекше жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей

отырып, ұлттық тіліміз, руханиятымыз, дәстүрлеріміз сақталғанда ғана уақыт үніне ілесе алатынымызға көңіл бөлген болатын Елбасымыз: «Мәңгілік Ел» идеясы оқу бағдарламасына енуі керек», – деп айтқандай, бұл идея Қазақстандық бірегейлік бағытындағы ең маңызды құжатқа, екінші Конституцияға айналып келеді.

Білім берудің негізгі бағыттарының бірі – тәрбие жұмысы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», – деп көрсеткен болатын.

«Ұстаздарға көрсетілер құрмет қандай болса, қойылар талап та сондай» дегендей, бүгінгі заман талабына сай, білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба білетін, жалпы бәсекеге қабілетті білімге ие болатын өскелең ұрпақ тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан, біздің мақсат – өз тәжірибемізге өзгеріс енгізу. Біз бұл мақсатқа мәңгі ізденісте болуды қажет ететін өз жұмысымыз жайлы ойлану, мониторинг жасау, саралау, зерттеу, кәсіби біліктілігімізді арттыру міндеттерімен жете аламыз.

Біздің «Бәйтерек» балабақшасы 2014 жылдан бастап «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік құндылығы бағдарламасы бойынша жұмыс жасап келетінін айта кеткім келеді. Балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде жүзеге асырып келеміз. Біз ескіні аялай отырып, жаңаға жетуді көздейміз. Күнделікті өткізген оқу қызметімізге биік мақсаттар қоя отырып, балаларды соған ұмтылдыруға, жан-жақты білімді болып, адами құндылықтарды бойына сіңіріп, үш тілді еркін игеруіне атсалып жүрміз. Балабақшамызда әр тәрбиеші әртүрлі жаңа технологияларды, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастырамыз. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық идеямызды балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге жете жеткізу үшін қажырлы жұмыс атқарып жатырмыз. Себебі, өскелең ұрпақтың санасына, өмір салтына сіңген құндылық пен сенім «Мәңгілік ел» орнатудың қозғаушы күші болары сөзсіз. Балабақшамызда 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тілге, математикаға, логикаға оқытуға арналған «E-Blocks» интерактивті бағдарламасымен қамтамасыз етілген. Мантессори әдісі әр топта кеңінен қолданылып, бала өз ісіне өзі жауаппен қарап, өзі шешім шығарады және де балалардың жан-жақты дамуына, тілдерге ерте оқытуға, Қазақстан халқының мәдениеті мен ұлттық мәдениетті оқытуға бағытталған оқыту кешендері: 1) сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі»; 2) сөйлейтін қаламы бар «ZEREK»; 3) Интерактивті дыбыстық картасы», сонымен қатар жетекші отандық және шетелдік инновациялық әдістер мен технологияларды одан әрі тереңірек зерттеуін, бейімделген технологияларды анықтау, білім беруді жаңғыртумен байланысты әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес болуды дамытуға алға міндет қойып отырмыз.

Балаларды азаматтыққа және патриотизмге, рухани-адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру мақсатында білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мейрамдарын өткізу, «Қазақ хандығының 550 жылдығына» арналған халықаралық пони турнирі, "Зерек бала» облыстық зияткерлік сайысы, облыстық балалар шығармашылығы фестиваль-байқаулары т.б. іс-шараларын кең ауқымда ұйымдастырылуы оқыту процесінің тәрбиелік мәнін күшейтеді.

Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел». Н.Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды айқын сеніммен айтқан болатын. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы баршамызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай Қазақ елінің, қазақ тілінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан-2050» стратегиясы ұлттың ұлы бағдары.

Елдігімсің теңеуі жоқ бағаңның,
Қызығады қаншама ел маған мың.
Отыз емес, елуімен тартысар,
Қазақтан жолбарысы жаһанның!

Әдебиеттер

1.«Қазақтан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа арнаған жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014ж

2.Сатай Сыздықов. «Мәңгілік ел». «Бұл көне тарихтан тіл тартқан идеяның жаңа дәуірмен ұштасуы». «Егемен Қазақстан» газеті 2014ж

3.Құттыбаева С.Ж. Қазақстандық патриотизм мен толеранттыққа тәрбиелеу-мұғалімнің басты борышы.//Тарих Қазақстан мектебінде. №4.2010ж.

ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Т.Г.Деринг,
Воспитатель мини-центра «Байтерек»
при КГУ «червонная средняя школа»
район им. Г.Мусрепова
СКО, с. Червонное

«Нам выпало жить в эпоху перемен, стать свидетелями
второго и начала третьего тысячелетия.
Это редчайший повод для того,
чтобы заглянуть внутрь самих себя,
задуматься о своей жизненной миссии
и предназначении…»
(С.А. Назарбаева).

Философы Древнего Рима уделяли большое внимание проблеме воспитания детей. Так, Плутарх говорил о громадной важности обучения и воспитания ребенка в семье. Он подчеркивал необходимость материнского воспитания: «Мать должна оставаться кормилицей собственных детей».

Сенека отводил воспитанию роль формирования личности, подчеркивая важность постижения подрастающим поколением нравственных основ. Главным методом воспитания он считал беседу с яркими примерами из реальной жизни. Квинтиллиан сравнивал ребенка с «драгоценным сосудом», который способен вместить в себя все хорошее или дурное. Именно поэтому он считал, что роль воспитания заключается в развитии позитивных качеств человеческой натуры. Он подчеркивал необходимость соединять воспитание ребенка и природную доброту человеческого существа.

Первые праобразы детских садов в Казахстане стали функционировать в 1917.г. в г. Верном (ныне г.Алматы). Это были детские площадки, дошкольные юрты. Даже в годы военного лихолетия количество детских садов увеличивалось. Дети войны находили заботу и уход в очень скромных приспособленных детских садах. Это позволяло матерям работать на фронт, а детям – просто выживать.

В годы Великой Отечественной войны (1941-1945гг.) особое внимание партия и правительство уделяли обеспечению нормальных условий жизни, воспитания и обучения сотен тысяч детей, лишившихся родителей и переселенных в восточные районы страны, усложнилась работа по дошкольному воспитанию. Многие дошкольные организации были разрушены. Новые дошкольные организации открывались обычно при эвакуированных предприятиях. Было увеличено время пребывания детей в них, широкое распространение получили группы с круглосуточным пребыванием детей. Возник новый тип воспитательных организаций – дошкольные интернаты, в которых воспитывались дети, временно потерявшие связь с родителями. Широкое распространение получили дошкольные детские дома.

В 1960 году стали создаваться ясли-сады с целью «осуществления единой системы воспитания детей дошкольного возраста».

Огромное преимущество Казахстана заключается в том, что дошкольное воспитание стало частью государственной системы образования уже во второй половине XX века. Система дошкольного воспитания являлась важной частью выполнения государством своих обязанностей перед семьей, так как услуги предоставлялись либо бесплатно, либо за очень низкую плату. Это делало систему широкодоступной. Детям, как правило, гарантировались хорошее питание, медицинский контроль, а также возможность раннего обучения по официальной программе. Более половины детей в возрасте от 1 года до 7 лет охватывались системой дошкольного образования. Была создана мощная «детская индустрия», работающая на ребенка. Однако, нельзя не отметить и некоторые негативные стороны. После резкой критики работы дошкольных организаций, обвиненных в переоценке роли среды в воспитании детей,

центральной фигурой в детском саду стал педагог. Все это обернулось ограничением инициативы и самостоятельности ребенка. Деятельность педагога и ребенка стали жестко регламентированы. Во главу угла был поставлен процесс обучения, а не развития.

Открытие и работа дошкольных мини-центров привлекли внимание общественности и средств массовой информации, прежде всего, что они являются одной из мер поддержки малообеспеченных слоев населения и представляют собой конкретную реализацию социальной политики нашего государства.

Главной целью воспитания и обучения является: развитие личности ребенка, владеющего ключевыми компетентностями, личностной культурой на основе общечеловеческих и национальных ценностей.

Воспитание гражданина начинается с детства и базируется на отношении ко всему тому, что происходит в окружающей общественной жизни, такое отношение складывается у детей под влиянием взрослых, родителей.

В дошкольном возрасте формируются навыки и привычки нравственного поведения, именно в привычных поступках, отвечающих принятым в нашем обществе нормам, формируется характер будущего гражданина.

Чувство патриотизма многогранно по содержанию. Это и любовь к родным местам, и гордость за свой народ, и ощущение своей неразрывности с окружающим миром, и желание сохранять и приумножать богатство своей страны.

Нашему поколению выпала высокая честь и ответственность под лидерством Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева созидать историю нового Казахстана. Сплотившись вокруг Первого Президента, мы прошли великий путь свершений и сегодня с гордостью называем себя гражданами Независимого Казахстана – сильного и успешного государства. Следуя историческому "Слову о Независимости" Нурсултана Назарбаева, мы, граждане Казахстана, едины в своем стремлении созидать Нацию Единого Будущего – **Мәңгілік Ел.**

В основе **Мәңгілік Ел** – простые, понятные и самые ценные для каждого из нас истины: благополучие наших семей, гостеприимство и трудолюбие, стабильность, безопасность и единство, уверенность в завтрашнем дне. Мы призываем укреплять, хранить и передавать от поколения к поколению.

Глава государства Н.Назарбаев призывает укреплять национальный дух Казахстана – дух традиций, патриотизма, обновления и побед. Он отмечает, что подрастающее поколение должно воспитываться по трем принципам – мир, согласие, созидательный труд.

Все мероприятия, организованные в целях реализации программы «Мәңгілік ел», должны быть направлены на формирование человека образованного, обладающего развитыми лидерскими качествами, готового самостоятельно принимать решения, способного к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу страны, активно участвующего в ее развитии.

Быть патриотом своей Родины это ─ знать свои права и обязанности, быть трудолюбивым, поддерживать достойный уровень своей жизни, соблюдать традиции и обычаи своих предков и тогда подрастающее поколение будет гордо нести голубое знамя Республики Казахстан ─ к процветанию и благополучию единого народа страны к новым вершинам.

С чего начать, что нужно делать, чтобы уже в дошкольном возрасте посеять в ребёнке зёрна будущего гражданина Республики Казахстан? Конечно, нужно помнить, что ребёнок – дошкольник ещё не всё может понять, осознать. Он ещё не способен глубоко переживать поступки, события, как взрослые, но время «серьёзного» воспитания пришло.

Очень правильно сказал В.А. Сухомлинский: *«Детские годы, тот возраст, который мы считаем возрастом беззаботной радости, игры, сказки – это истоки жизненного идеала. Именно в это время закладываются корни гражданственности».*

Работа по формированию нравственно – правовых представлений должна осуществляться в различных формах: беседах, решением ситуаций, играх, при рассматривании иллюстраций, просмотре телепередач и т.д. Важно чтобы дети не только приобретали знания о нравственных нормах, но и систематически приучались руководствоваться этими нормами в повседневной жизни, в своих взаимоотношениях с детьми и взрослыми.

Патриотизм – это чувство, которое живет в человеческом сердце, мерцая неугасимой искрой, готовой разгореться решительным пламенем в трудный для любимого Отечества час. Любовь к Родине прививается с первого слова, первого шага, первого звонка, первой буквы, проявляется уже с раннего возраста патриотическими чувствами в доверчивом, свободном от лжи и лицемерия сердце. С большой, переполняющей душу гордостью наблюдаем за военными парадами, где демонстрируется сила и мощь страны.

Особую роль в приобщении ребенка к народной культуре и традициям играют праздники: это проведение музыкально-игровых праздников: «Новый год», «8 Марта», «Наурыз», «День Победы», «День Независимости», «День Конституции Республики Казахстан» и др. При подготовке к праздникам дети знакомятся с их особенностями, с важными датами в общественной жизни, с героическими поступками своих предков и современников. Дети учат народные песни, сказки, былины, знакомятся с народным искусством, учатся бережно относиться к материальным ценностям, созданным предшествующими поколениями. Вместе со взрослыми дети изготавливают народные игрушки и другие предметы и украшения, приобретают навыки умения делать своими руками приятные и полезные для жизни вещи. В результате у детей формируется уважение к своему дому, соседям, друзьям, бережное отношение к природе, родному краю; ребенок приобщается к национальному культурному наследию, образцам национального фольклора, народным художественным промыслам, национально-культурным традициям, произведениям писателей, поэтов, композиторов и т.д.

В просвещении и ознакомлении родителей с идеей «Мәңгілік Ел» проводятся различные беседы, консультации, наглядные оформления по темам: «Духовная жизнь в семье», «Воспитание духовно- нравственных качеств», «Права ребенка», «Толерантность в обществе», конкурсы «Папа, мама и я – дружная семья», «Мерейлі отбасы», Спортивный праздник «Папа, мама и я – спортивная семья» и др. Все мероприятия, организованные в целях реализации программы «Мәңгілік ел» направлены на формирование человека образованного, обладающего развитыми лидерскими качествами, готового самостоятельно принимать решения, способного к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу страны, активно участвующего в ее развитии.

В процессе реализации воспитательной работы по внедрению национальной идеи «Мәңгілік Ел» у выпускника дошкольной организации к моменту поступления в школу в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения, должны быть сформированы личностные качества истинных патриотов, любящих и знающих родной язык, традиции, обычаи, историю своей родины, которые сохранят и бережно передадут накопленные знания будущим поколениям.

Педагогические усилия направлены на то, чтобы вырастить человека творческого и талантливого, любящего родных и близких, свой народ, свою Родину, настоящего гражданина своей страны.

Литература

1. План мероприятий по реализации приоритетных направлений развития образования на 2014 – 2016 годы.
2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан (постановление Правительства Республики Казахстан от 13 мая 2016 года № 292)
3. Методический материал по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілік ел»
4. История дошкольной педагогики / М.Ф. Шабаева, В.А. Ротенберг, И.В. Чувашев/ под ред. Л.Н. Литвина.—М.:Просвещение,1989.
5. Н.А. Виноградова, Н.В. Микляева Неопределенности и противоречия стандарта дошкольного образования: на пути к разработке методических рекомендаций по его внедрению // Современный детский сад.- 2013.
6. Дошкольная педагогика \ под ред. В.И.Ядешко, Ф.А. Сохина. –М. Просвещение, 1978.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДАМЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДАРУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Габдрахманова Дана Мурадымовна
«Бәйтерек» бөбекжайының тәрбиешісі
БҚО, Теректі ауданы, Подстепный ауылы

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек.
Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы,
ол келешекте оның өміріне апат әкеледі».
Әл-Фараби.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Мәңгілік ел» – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді… Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», – деді.

Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы.

Президенттің жалпы ұлттық идеясы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы бастама болмақ.

Ұлттық идея – ең алдымен туған жер, отанға деген сүйіспеншілік негізінде ұлттық менталитет, ықылым заманнан бері келе жатқан ұлттық құндылықтар арқылы топтастырылған этностық сезім. [1;5]

Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізілгені абзал. Оның ішіне рухани-адамгершілік қасиеттері мен отаншылдық сезімнің ұдайы дамып отыру бағытындағы іс-әрекеттер кіріктірілуі тиіс. Балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың, оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет. Қазіргі кездегі күрделі мәселенің бірі болып отырған ана тілі де бала үшін асыл қасиет екенін ұғындыру баршамыздың міндетіміз.

«Мәңгілік ел» идеясы ең алдымен болашақ ұрпақ үшін екенін ескерсек, еліміздің мәңгілік болуы жолында халқымыздың гүлденуі басты орында. Оған ұрпақтың құнды тәрбиесі мен сапалы білімі жол ашады. Сондықтан да танымдық шаралардың барлығы осыған бағытталуы қажет. Төл тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын балабақша тәрбиеленушілеріне жасына сай түсіндіріп, бойларына сіңіру, бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттау, тарихи тұлғалар жайында айту, электронды құралдар арқылы көрсету, тарихи оқиғаға байланысты ойларын жеткізу, қиялын шарықтату отаншылдыққа баулудың мағыналы жолы.

Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шаралар өткізгенде барынша нақты іс әрекеттер жасау керек. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Өзіне не қажет екенін пайымдайды.

«Адамгершілік» – адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез-құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез-құлық пен қарым- қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани-адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

К.Д. Ушинский: «**Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды**», – десе, дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын», – деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады.

Мектепке дейінгі тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы, сәбидің жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы сатысы. Алғашқы отансүйгіштік, патриоттық сезімдері отбасы мен балабақшадан бастау алады. Туғандарына, жақындарына деген махаббаты, туған өлкесіне, қаласына сүйіспеншілігі бала санасына ерекше әсер етіп, өшпестей із қалдырады [3;5].

Сондықтан бала тәрбиесінде оның мектепке дейінгі кезеңін ерекше назарда ұстау қажет.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады.

Біздің бөбекжайымызда мектеп жасына дейінгі балалардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіліп, халқымыздың салт-дәстүрі, қолөнері, ұлттық ерекшеліктері кеңінен насихатталып отырады. Дәстүр дегеніміз – ата-бабамыздың бізге қалдырып кеткен мол мұрасы, қазынасы, қағидасы, ережесі, шексіз байлығы. Дәстүр заман талабына сай өзгеріп отырады. Оны өзгерту керек. Бірақ біз оның дәнін, нәрін сақтай отырып, келер ұрпаққа негізгі дәнектерін дарытып отыруымыз керек. Сол кезде ғана біздің ұрпақ Мәңгілік елдің рухани-адамгершілік құндылықтарын сақтаған халыққа айналмақ.

Осы бағытта бөбекжайда оздырылған өз тәжірибемдегі бірнеше іс-шараларға тоқталып өтейін:

2015-2016 оқу жылында облыстық семинарда ата-аналардың қатыстырылуымен «Салт-дәстүр – асыл қазынам» атты іс-шара ұйымдастырылып, көпшілік көңілінен шықты. Аталмыш іс-шараның мақсаты тәрбиеленушілерді халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүр, жөн-жоралғыларымен таныстыру.

2016-2017 оқу жылдары облыстық семинарда «Қазақтың ұлттық қолөнерінде қолданылатын технологиялар» атты ата-аналармен жұмыс түрлері көрсетілді. Бұл шараның негізгі мақсаты: қазақтың ұлттық қолөнерін насихаттау, қолөнер бұйымдарын жасау жолдарымен қазіргі ұрпақты таныстыру, бойларына ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру.

2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының бірінші Президенті күніне орай «Біз Президентпен біргеміз!» атты ашық тәрбие сағатын ұйымдастырдым. Осы ашық ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы болашақ ұрпақты елбасымыздың балалық шағымен, қызмет барысымен таныстырып, ұрпақ бойына мақтаныш сезімін туғыза отырып, еліміздің патриоты болуға тәрбиелеуді көздедім.

2016 жылы еліміздің Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз Қазақстан» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге бөбекжай ата-аналары түгелдей дерлік атсалысып, Республикамыздың мақтаныштарына арналған ғимараттарының кішірейтілген үлгілерін жасап, көрмеге ұсынды. Аталмыш көрмеде еліміздің әдемі, биік ғимараттарымен танысқан тәрбиеленушілердің жанарларынан еліне деген зор сүйіспеншілік пен мақтанышты анық байқауға болатын еді. Бұл жұмыс арқылы балалардың бойына қазақстандық патриоттық сезімдерін оятумен қатар, ата-аналар мен бөбекжай арасындағы өзара байланыстары да нығайа түсті.

Отбасы – балабақша – бала арасындағы сабақтастық барлығын бірдей ойлауға, бірдей шешім қабылдауға алып келеді. Осыдан ерекше ойланудың, ұрпақ тәрбиесіне мейлінше көңіл бөлудің қажеттігі туындайды. Сондықтан да сабақтастық – Мәңгілік ел идеясының өзегі. Бұл – қағида. Осы қағида жүзеге асқанда ғана қазақ халқының азаматтары «Мәңгілік ел» идея аясында бірігіп жұмыстанады. Ал халқымыз бірігіп, ауызбіршілікте болғанда ғана біз үшін, келер ұрпақ үшін алынбас асу, бағындырмас биіктік қалмасы сөзсіз.

Бөбекжайымызда өткізіліп отырған барлық шаралардың негізгі мақсаты: келер ұрпақ бойына ұлттық тәрбиені, рухани-адамгершілік құндылықтарды, ұлтжандылық пен ізгілік қасиеттірін сіңіре отырып, Мәңгілік елдің тұтқасын мықтап ұстайтын, Тәуелсіздік туымызды көк аспанда мәңгілік желбіреттетін, Қазақстан мемлекетін жер бетіне әрқашанда танымал ететін келер ұрпақты, болашақты тәрбиелеу.

«Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан шықсын» демей ме дана халқымыз. Сондықтан, ұстаздық жолында жүрген біздер келер ұрпақтың жарқын болашағы белгілі бір деңгейде бізге де қатысты екенін жете түсініп, ел ертеңін қалыптастыруда аянбай еңбек етіп, талмай ізденуді басты мақсатымызға айналдыруымыз қажет. Және ол солай болмақ та.

Қорыта келгенде, Елбасымыз айтқандай «Мәңгілік ел» болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Осы тұрғыда ұстаз қауымының атқарар ісі көп, оны парыз деп білуіміз керек. Алдымызда ұлттық құндылықты бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауға тиіспіз.

Өскелең ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интнллект деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болып тәрбиеленуі керек.

Сондықтан да «Мәңгілік ел» идеясы – Қазақстаннның лайықты дамуының болашағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілік, алдағы онжылдыққа қойылған міндеттерді шешу, бұл біздің еліміздің жарқын болашағы. [3; 14].

Әдебиеттер

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы. - Егемен Қазақстан, №20, 31.01.2017 жыл
2. Қазақстан жолы – 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. - http://adilet.zan.kz сайты.
3. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне «Мәңгілік ел» патриоттық актісін енгізуге әдістемелік нұсқаулық. ҚР білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. Астана 2016 ж.
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2016 жыл 12 тамыз №499 бұйрық

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БҮЛДІРШІНДЕРДІ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ – БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ ТАБЫС КЕПІЛІ

Ж.Ботантаева, А.Маткаримова, С.Байғалым, Б.Сарсенбаева
№2 балабақшасының
қазақ тілі пәнінің мұғалімі, тәрбиешілері
Алматы облысы, Текелі қаласы

Соңғы уақытта мектепке дейінгі білім жүйесінде айқын өзгерістер орын алды: балаларды тәрбиелеу мен білім мазмұны жаңартылып жатыр, көптеген инновациялық бағдарламалар пайда болғандықтан, білім беру мекемелеріне

адами ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру жауапкершілігі жүктеліп отыр. Яғни XXI ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай,интеллектуалдық өрісі кең, білімді, жан-жақты ақпараттандырылған, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу міндеттегі айқындалды.

Н.Назарбаев «…Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденіп біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді.Олардың өз ішінде жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері бар. Олар бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады.Олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі бүкіл әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады»,- деген болатын. Елбасымыз жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру мәселесін ерекше атап өтті.

Мемлекеттік тілді құрметтеу, тілді меңгеру, оны мақтан тұту – біздің мекеменің күнделікті жұмысының құрамдас бөлігі.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің туған жерге, оның баға жетпес құндылықтарына сүйіспеншілікпен қарауы олардың болашақта Отансүйгіш, абыройлы азамат болып қалыптасуына игі бастама болмақ. Әрқайсымыз қазақстандық ұрпақтыңқоғамның бір бөлшегі болуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Осыған орай қазақ тілі пәні мұғалімі мен балабақша педагогтары бірлесіп «Мәңгілік ел мәйегі – тарихтың алтын дәйегі» атты парциалды бағдарлама құрастырды.

Бағдарламаның өзектілігі.

Қазіргі таңда балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі әлеуметтік оңалту үдерісінде,тұлғаның әлеуметтік ортада өз орнын табу және өмір жолын таңдауда жаңа сипатқа ие болып, өзінің шешу жолдарын табу үшін жаңа әдістерді таңдауға тура әкеледі.

Бірақ балаларды азаматтық-отансүйгіштік тәрбиелеу бойынша жұмыстарды тиімді ұйымдастыруда кедергі жасайтын бірқатар мәселелер орын алып жатыр, олардың ішінде:

-балаларды азаматтық-отансүйгіштікке тәрбиелеуді насихаттауда БАҚ материалдарының жетіспеушілігі;

-тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде патриоттық тәрбиеге бағытталған ойындарды сирек қолдануы;

-ата-аналармен жұмыс барысында баланың мектепке даярлығына ерекше көңіл бөлініп, осы тақырыптарда сауалнамалар жүргізіліп, ал қазақстандық патриотизмді насихаттауға ата-аналармен бірлескен іс-шаралар аз ұйымдастырылған.

Аталған бағдарламада ата-аналармен бірлесіп ауқымды іс-шаралар жоспарланған. Себебі баланың кішкентай кезінде алған тәрбиесі оның өмірлік азығы іспеттес. Бүгінгі жас ұрпақ– болашақ Қазақстан азаматы.

Бағдарламаның мақсаты – «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, рухани-адамгершілік қасиеттерін

қалыптастыру, елін, жерін, Отанын сүйетін, құрметтеп мақтан тұтатын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Туындаған міндеттер:

✓ Өз отбасының тарихын, туған-туыстары, отбасылық дәстүрлерін үйрету;

✓ Балаларды туған елі мен жерінің(қала, аудан, ауыл) тарихымен, көрікті жерлерімен, Әнұран, Елтаңба, Туымен және балабақшаның дәстүрлерімен таныстыру;

✓ Салт-дәстүрімізді қастерлеп, бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттау, қиялын шарықтату барысында отаншылдыққа баулу;

✓ Балаларды қазақ және басқа халықтың мәдени мұрасына, халық ауыз әдебиеті шығармашылығына, ұлттық ойындарына, өнеріне баулу, рухани ұлттық тәрбие беру.

«Мәңгілік ел мәйегі – тарихтың алтын дәйегі» атты бағдарламасын енгізу нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің:

- өз елінің жетістіктеріне мақтаныш пен патриотизмді білдіретін, Отанына адал қызмет етуге дайын тұлғаны қалыптастырады;
- мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі бойынша педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейлері артта түседі.

Практикалық нәтижесі

Бағдарлама жеті бөлімнен тұрады. Ұлттық тәрбиеге қатысты барлық тақырыптар қамтылған. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде билингвалды компонент ескертілген. Бөлімдерді атап айтсақ:

1. «Туған өлке тарихына саяхат жолы» туған жердің тарихымен таныстыру, ондағы мәдени орталықтар мен өнер адамдарының шығармашылығына шолу АКТ арқылы жүзеге асырылды.

Яғни АКТ-ны қолданудың басты мақсаты: тәрбиеленушілердің ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

ACTIVstudio, Smart Notebook 10 бағдарламаларын қолданудың тиімділігі:

флипчарт – жаңа материалды өте қызықты, тартымды және тез жеткізуіне көмектесетін ресурс.

Туған өлкенің табиғаты мен танымал орталықтарына виртуалды саяхаттар, «Қаңбақ шалдың ізімен», «Менің өлкем – менің үйім» «Туған өлкемнің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» тақырыбына ұйымдастырылған оқу қызметі мағыналы да тартымды өткізілді.

«Ұлы Тәуелсіздік жолы» – «Тәуелсіздік күні» туралы түсінік беру; Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін бекіту мақсатында алдыңғы толқын мектепалды даярлық тобында «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты заманауи технологиялармен ұштастыра өткізілген оқу қызметінде бүлдіршіндер Астана қаласына саяхатқа шығып, Ақордада Отан, мемлекеттік рәміздер туралы өлең-жырларын тарту етіп, қолдарын кеуделеріне қойып Мемлекеттік Әнұранды үлкен мақтанышпен шырқады. Алуан түрлі қызықты ойын-тапсырмалар барысында тәрбиеленушілердің Ту мен Елтаңба элементтерін атап, құрастырып, «Ғажайып қоржын», «Сиқырлы лупа», «Жүйрік

тұлпар» ойындарында белсенділік танытып, өз Отанының бойтұмар белгілерін қасиет тұтатынын дәлелдеді.

«Уақыт көлігімен» Отанымыздың тарихына шолу жасап, рәміздердің, ұлттық теңгеміздің шығу тарихы туралы білімдерін шыңдай түсті. «Көк жалау», ұлттық «Теңге алу» ойындарына да қызығушылықпен қатысып, қазақтың билерімен кездесіп, жадына сақтап, зердеге тоқыған мемлекеттік тіл туралы нақыл сөздерді жатқа айтып, тарту еткен өлең-жырлары үшін қариялардың алғысына кенеліп, «Жас патриот» медальдарымен марапатталды.

3. «Тұңғыш президент жолы» бөлімінде «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы», «Қазақ елін асқақтатқан Елбасы» іс-шаралардың мақсаты:тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті туралы мәлімет беру; Елбасы өмірімен таныстыру. Елбасымыздың балалық шағына саяхат бейнекөрсетілімдер, презентациялар арқылы іске асырылды.Бейнекөрсетілімдер мен презентациялар демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізеді.Өйткені олар – балаларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсететін құрал.

4. «Мәңгілік елдің нұрлы жолы» «Отанотбасынан басталады» дегендей, өз отбасы мен қаланың атақты тұрғындарына деген мақтаныш сезімдеріне баулу, қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық құндылықтарды қастерлеу мақсатында қаламыздағы «Абзал ана отауы» мүшелерімен тартымды кездесулер бала көңілінеерекше әсерсыйлады. Қаламыздағы бүркітші ата «Балаларға байғазы – қазақтың жеті қазынасы», «Туған өлкемнің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» жайлы мәлімет беріп, бүлдіршіндердің дүниетанымын кеңейтті.

5. «Астанаға арман жол» елордамыз Астана қаласының сәулетті орталықтарымен таныстыру; жаңа заманда бой көтерген заманауи ғимараттардың атауларымен таныстыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясы тиімді қолданылды. [«Астана - арман қала» фото 8] Қазіргі балабақша тәжірибесінде қолданып жүрген сыни ойлауды дамыту технологиясының стратегиялары баланың ойлауына, шығармашылық ізденісіне, педагогтың шеберлігіне жол ашты. СТО технологиясының “Кластер” әдісі, «Шиеленіскен логикалық тізбектер» тәсілінің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларға біріздiлігі алдын ала бұзылған суреттерді қарау және себеп-салдарлы тізбектің дұрыс тәртібін қалпына келтіру контейнер құралы арқылы тиімді жүргізілді.

6. «Балдырғанның көңілді жолы» балалар арасында өткізілетін іс-шаралар, ертеңгіліктер, тақырыптық сабақтар.

Жыл соңында балалардың мемлекеттік рәміздерді меңгеру деңгейін, Отан туралы қалыптасқан түсініктерін анықтау мақсатымен мониторинг жүргізіліп, инновациялық технологияларды пайдалану жоғары жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік тудырғаны айқындалды. Балабақша тәрбиеленушілері: Бубнова Олеся облыстық «Қазақшаң қалай, балақай?» байқауының жеңімпазы, «Үркер» зияткерлік орталығы ұйымдастырған Қазақ хандығының 550 жылдығына орай және «Болашақ қуаты» тақырыбында «EXPO – 2017» көрмесіне арналған «Кел,

балалар, ойнайық та, ойлайық» атты байқауына белсене қатыстқан тәрбиеленушілер: Серғазы Олжас, Кенжебаева София, Жәнібек Жанель.

7. «Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланыс жолы» бөлімі.

Балалардың әлеуметтік тәжірибені қалыптастырудың, жақын адамдарға деген бауыр басудың негізі болып тәрбиеленушілердің отбасыларының салттарымен таныстыру жұмысы болып табылады. Яғни ата-аналармен бірлесе ұйымдастырылған жұмыс дәйекті түрде жүргізіледі.

Ата-аналармен бірлесе өткізілген жұмыс әдістері:атты қолөнер көрмелері,«Ұлттық тәрбиеге қаншалықты мән бересіз?» сауалнамалар, «Егемен елдің ертеңіне саяхат» ақпараттық парақшалар,отбасылық бас қосулар туралы әсемделген фотоальбом мен фотогазеттер көрмесі өз нәтижесін көрсетті.

Қорыта айтқанда, балалармен осы жоғарыда баяндалғандай тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, бүлдіршіндердің көкейіне осындай іс-әрекеттерімізбен ой сала білсек, үлгі көрсетсек заманға сай, қоғамға керекті отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейтінімізге сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. «Мәңгілік ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. Астана 2016 ж.

2. Сағындыков Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 1991

3. Қозыбеков М. Наурыз жаңғырған салт-дәстүрлер. - Алматы,1991

4. Құралұлы С. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы, 1998

5. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Сейіт Кенжеахметұлы. Алматы. «Алматы кітап» 2006.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Шекен Жанбота,
«Ақбота» балабақшасының тәрбиешісі
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы-2050» Жолдауында: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», – деген болатын. «Мәңгілік ел» ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екені барлығымызға мәлім. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген парасатты жас ұрпақты тәрбиелеу, өсіру – отбасының, балабақшаның, барша елдің міндеті. Осы міндетті орындауда мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің атқарар рөлі зор.

Бүгінгі таңда баршамызға мәлім балабақша мен ата-ана арасындағы ортақ басты мәселе – жас ұрпақты тәрбиелеуде балабақшадан бастау алып, балаға білім мен тәрбиені қатар меңгерту. Әрбір ата-ана өз үмітін ең алдымен

ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруде отбасымен балабақшаның біріккен маңызды жұмысы өте зор.

Әрбір педагог қауым өз ісін педагогикалық процесте жас ұрпаққа білім мен тәрбиені қатар меңгертумен қоса, баланың жас шамаларына, деңгейлеріне қарай жаңа инновациялық технологияларды қолданып, өз білімін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу арқылы мәңгілік елдің іргетасын берік қалауы керек. «Мәңгілік ел» идеясын негізге алып, ересек тобында «Ұлттық тәлім-тәрбие» атты вариативтік бөлім жүргіздік. Жүктемесі жыл бойына 36 сағатты құрайды, сонымен қатар технологиялық карталар жазылып, даму диогнастикасы жүргізіліп отырады. Бұл жерде балаларды ұлтжанды, отансүйгіштікке, адамгершілік сезімге тәрбиелеуде, балаларға қамқор болу, олардың жеке қызығушылығын сыйлау маңызды рөл атқарады.

Елбасымыз: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі», – деген еді. Сондықтан «Біздің алғашқы Елбасымыз», «Тәуелсіздік – теңдігім» атты ертеңгіліктер өткізіп, Тәуелсіздіміздің 25 жылдығына орай көрме ұйымдастырдық, қалалық мұражайға саяхатқа бардық.

Өз балабақшамызда да мұражай бұрышын ұйымдастырдық. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбилеуде қойылған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру, ал бұл жолда халық педагогикасының маңызы зор. Ата-бабаларымыз өмірдегі бар асылын ұрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ақ шәлдехана, бесік тойы, тұсау кесу, тілашар рәсімдерін жасауды ойлап тапқан. Оны өлең-жырларымен кестелеп, баланың құлағына әуен еткізіп жеткізе білген. Әр ұлттың ұлттық киімдерімен таныстырып отыру, мұражайларда қазақ батырының бес қаруы мен ат әбзелдерін және халықтың ежелден қолданып келе жатқан тұрмыстық бұйымдарымен таныстыру-баланың бойына рухани құндылықтарды сіңіреді.

Қаламыздағы Ұлы Жеңістің мәңгілік алауына гүл шоқтарын қойып, тағызым етіп, игі істерді өз көзімен көру баланың өз Отанын, елін сүйетін патриот болып тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады», – деп ұлы ой айтқан болатын.

Балаларды тәрбиелеу үрдісінде «Теңге алу» , «Бәйге » , «Орамал тастау»,

«Ханталапай» т.б осы ойындарды ойнату арқылы баланың тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, батылдыққа, үйрету іске асырылды. Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атақарады. Біріншіден, ұлттық ойындарды ойнаған кезде дене дамуы жақсарса; екіншіден, ұлттық ойындарының мазмұнын ойнау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар береді.

Халықымыздың «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда түзете алмайсың» дегеніндей, баланың бойына жастайынан, мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, бауырмалдық яғни адамгершілік құнды қасиеттерін сіңіргенде ғана елін сүйер бүлдіршін, ұлтын ұлық тұтар ұлан мақтанышымызға айналар отаншыл азамат тәрбиеленетіні сөзсіз. Осы бағытта нәтижеге жету үшін жұмысты жандыра инновациялық идеяларды қолдана береміз.

Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» 2014ж
2. «Мәңгілік ел» идеясы
3. «Бала мен балабақша»-2015, №3
4. «Балабақша: тәрбиелеу және оқыту»-2015, №3

АТА-БАБА АҢСАҒАН «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Абдикаримова Гаухар Шариповна
«Ақбота»балабақша тәрбиешісі
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. Үшінші мың жылдықта жастар қандай болу керек деген сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халқымыздың алдына ғасырды құраушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұрғаны тәрбиелеуді жауапты міндет қойылып отыр. Қазіргі заманымызда болып жатқан тарихи өзгерістер ғасырлар бойына адамзатты толғандырып келген тәрбие мәселесіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етіп отыр.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасаудың маңызы зор. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беретін мекемелерде өзгерістер енгізіліп, ішкі-сыртқы жүйесі түгелдей өзгеріп жатыр. 2020 жылға дейінгі білім берудің жүйесіне көшу жағдайында жас ұрпаққа білім беру ісінде оның жеке даралық ерекшеліктеріне мейілінше мән беріп, балалардың балабақшада алған алғашқы білімдерін мектеп қабырғасында, болашақта өмірлік азығы болатындай білім беру, оны өмірге дайындау мәселесі бүгінгі қоғамның білім саласындағы кезек күттірмейтін, ауқымды мәселелерінің қатарында тұр.

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техника да, оның басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі, осыған орай мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен мүмкіншіліктер қажеттігі туындайды. Елбасы Н. Назарбаев: «Болашаққа еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі жас ұрпақ. Ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп атап көрсетті. Осы орайда, балабақша да

өскелең ұрпақтың бойына елімізде тұратын ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақты дәріптеу, Қазақстанға деген патриоттық сезімін ояту, өзара жағымды қарым-қатынасты дамыту, Отанына адал қызмет етуге «Мәңгілік ел» қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, болашаққа сенім мен қадам басу, жас ұрпақты отаншылдыққа, адамгершілікке елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Өткен тарихын біліп, Отанын сүюге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Баланың бойына сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздік қорларын молайту, ой-өрісін кеңейту, жас ұрпақтың патриоттық сезімін жандандыра түсіп, елін, жерін сүйіп, құрметтеуге жетелеу.

Ежелден еркіндік аңсаған әр қазақтың ең асыл мұраты – еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреген ақындарымыз «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп жырлап өтті. Қазақтың құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр даласы бар. Ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сол даланы қорғап қалды. Көптен күткен, тарихы терең айтулы мерекемізге де қол жеткіздік.

Міне, біздер елімізбен мақтанамыз. Бұл еркіндік оңайлықпен келген жоқ. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын қыстау кезеңдерді бастан өткерді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Қазақстан тәуелсіздік алды. Тәуелсізідікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлде қайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық.

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы баршамызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әр қайсымыз ой түйіп Тұңғыш Президентіміз айтқандай Қазақ елінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан-2050» стратериясы ұлттық ұлы бағдары. Мәңгілік ел біздің өз қолымызда.

«Ақбота» балабақшасы ашылғаннан бері біздің алдымызға қойған мақсатымыз – балаларға патриоттық тәрбие беру. Себебі баланы жастайынан Отанды сүюге тәрбиелеу – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі білім беру жүйесінің бастапқы бөлімшесі болғандықтан, балаларға қоршаған орта туралы алғашқы түсінікті, туған табиғатқа, Отанға, отбасына деген қарым-қатынасты қалыптастыруды сомдайды. Сондықтан қазіргі уақытта адамгершілікті дамыту мен отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталған мақсатты және сауатты түрде ұйымдастырылған пәндік-дамытушылық ортаның мәні зор.

Қазір, қоғамның тұрақсыз кезеңінде, өз халқымыздың үздік дәстүріне, оның ғасырлық түп-тамырына, туыс, туыстық, Отан деген мәңгі ұғымдарға оралуға мүмкіндік туып отыр.

Патриот болу деген – өзіңді Отанымыздың ажырамас бөлігі екенін сезіну. Бұл сезім сонау мектепке дейінгі балалық шақтан басталып, қоршаған ортаға деген құндылықты қарым-қатынастық негізгі қаланатын шақта және өз жақындарына, балабақшасына, туған жеріне, туған еліне сүйіспеншілікке

тәрбиелеу барысында балада ақырындап қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалық шақта, яғни тұлғаның қалыптасу кезеңінде жоғары адамгершілік сезімдерін қалыптастыратын өзіндік әлеуеттік мүмкіндіктер бар.

Балаларды оташылдыққа тәрбиелеу мейірімді істер мен әрекеттер жасауға мүмкіндіктерін қалыптастырып, жан ашу, аяушылық, білімпаздық, тапқырлық сияқты сезімдерін дамытады.

Балаларға жүйелі түрде патриоттық тәрбие бере отырып, тәрбиешілердің білімін толықтырып, ата-аналардың назарларын осы жүйеге аударып тұрамыз. Балалардың өмірі мен денсаулығын нығайтып қана қоймай балабақша ұжымының тәрбиешілері кішкентай бүлдіршіндерге адамгершілік-рухани тәрбиені сапалы түрде береді, ал патриоттық тәрбие – адамгершілік-рухани тәрбиенің бір бөлігі. Патриоттық тәрбиеге бағыт бере отырып мектепке дейінгі мекеме үшін бала адамгершілік-рухани, интеллектуалдық дамудың басты қатысушы тұлғасы. Тәрбиешінің рөлі баланы жан-жақты шығармашылыққа ұйымдастыра отырып үлкендермен бірігуге бағыттайды, нәтижесінде бала өз білімін толықтырып, ал педагог өзінің шығармашылық жетістігін шыңдап, білімін кәсіптік дәрежеге көтереді.

Патриоттық тәрбие беру бағытында жыл сайын балабақшамызда өткізіліп жатқан әр түрлі іс-шаралар атсалысып тұрады. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз. Сол себептен, жыл сайын алғашқы Президент күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай, Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне, 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі, 9 мамыр Жеңіс күніне балабақшамызда апталықтар өтіп тұрады. Ертеңгіліктер, спорттық ойын-сауықтар, балабақша тәрбиешілермен қалалық мұражайға саяхат, көрмелер өткізіліп, тәрбиешілер арасында сауалнамалар, сайыстар жүргізіледі. 2014 жылы наурыз айында мектепке дейінгі балалардың бойына патриоттық сана-сезімді тәрбиелеуге бағытталған жұмыстарды жалғастыра отырып, педагогтар мен ата-аналар, балабақша ішінен ұлттық нақыштағы мұражайға материалдар жинақтап, ашылуына себеп болды.

Талай-талай хас батырлар жанын қиып қорғап қалған, талай арулар құрбаны болған, небір өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Міне, көзді ашып жұмғанша, осы жылы Қазақ халқы тәуелсіздіктің 25 жылдығына да келіп жетті. Тәуелсіздікке жету – оңай жолмен келген жоқ, ол бәрімізге мәлім. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы.

Тәуелсіз мемлекетке айналу, бізге үлкен серпіліс, күш берді. Тарихи күш десе де болады. Біздің өз еркімізбен алға ұмтылуға, мемлекет болып өркендеуге жол ашылды.

Иә, 25 жылда мемлекетіміз күрт өзгерді. Экономикалық, әлеуметтік, интеллектуалды тұрғыда өркендеп келеміз. Елбасы айтқандай, мемлекетіміздің басты күші – Астана қаласы. Астана тәуелсіздіктің белгісі, үні, келбеті деуге де

болады. Осы жерді басып жүріп, шын мәнінде, біздің болашағымыз жарқын екеніне қатты қуанамын.

Әдебиеттер

1. Н.Назарбаев. «Тәуелсіздік белестері». Жібек жолы, 2012
2. Н.Назарбаев. «Қахақ жолы». Жібек жолы, 2012
3. «Егемен Қазақстан» газеті
4. «Бала мен балабақша», №9, 2015
5. «Тәрбие жұмысы», №2, 2014

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» - ДУХОВНО - НРАВСТВЕННАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ ПАТРИОТИЗМА У ДОШКОЛЬНИКА

Амиржанова Л.М.,
Воспитатель ГККП «Ясли-сад «Бөбек»
СКО, район Магжана Жумабаева

«Быть патриотом своей Родины –
это носить Казахстан в своем сердце»
Нурсултан Абишевич Назарбаев

Произошедшие коренные политические и экономические изменения затронули все сферы жизни нашего общества, в том числе систему образования и в первую очередь – дошкольное воспитание и обучение. Дошкольное воспитание и обучение – первый уровень непрерывного образования, создающий развивающую среду для полноценного формирования личности ребенка с учетом возрастных и индивидуальных особенностей .

Дошкольное образование создает условия для максимального раскрытия личности — человека, способного решать любые жизненные задачи (проблемы), используя для этого приобретаемые в течение всей жизни знания, умения и навыки. Дошольное воспитание и обучение - это фундамент всей образовательной системы, так как именно здесь закладываются основы личности, определяющие характер развития ребенка, оно является начальным звеном непрерывного образования и побуждает тягу к систематическому обучению.

Надежда нашего государства на устойчивые демократические преобразования – это дети, подготовленные к успешному обучению в школе, осознающие, что их мнения и взгляды ценятся в семье, школьной среде и в обществе.

Демократические изменения в области образования - процесс не легкий, требующий вдумчивого подхода. С одной стороны необходимо сохранить то положительное, что удалось добиться за последние десятилетия, а с другой стороны - назрела острая необходимость внедрения новых подходов в сфере образования.

Одним из таких шагов – это патриотическое воспитание подрастающего поколения – одно из основных направлений воспитательной системы организаций образования. Почему сегодня особенно актуально говорить о воспитании? С обретением Казахстана статуса независимости произошло переосмысление многих ценностей, многие события и факты получили объективную историческую оценку, изменились идеалы. В такой ситуации, когда произошел слом старых представлений о жизненных смыслах и принципах и не были обозначены ориентиры новых, образовался вакуум, который спровоцировал появление таких нигилистических тенденций среди молодежи, как бездуховность, цинизм, критиканство. Отсутствовали идеалы, к которым можно было бы стремиться. Не случайно возникли неформальные асоциальные молодежные течения, порой агрессивного характера. Конечно же, все это привело к упадку нравов, росту правонарушений среди подростков, безнадзорности.

Ситуация изменилась, когда государство поставило цель возрождения духовных, нравственных устоев, когда поставило задачу бережного отношения к национальному наследию, сохранению исторических завоеваний народа, когда главными ценностями были объявлены – единство народа, многовековая история, традиции и обычаи, толерантность. Поэтому сегодня быть патриотом – это значит быть защитником тех завоеваний, которые оставили предыдущие поколения, свято стоять на защите интересов Родины, беречь и приумножать ее достояние. Быть гражданином – значит своим трудом, учебой, профессиональными знаниями обеспечить благосостояние страны, ее экономическую и политическую независимость.

Воспитание патриота, гражданина начинается с раннего возраста. В этом возрасте закладываются понятия «малая и большая Родина», «мой город-моя страна», «моя семья - моя родословная», «я и мои друзья». Новый политический курс состоявшегося государства так определяет понятие «казахстанский патриотизм»: «за 25 лет суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Во-первых, это Независимость Казахстана и Астана. Во-вторых, национальное единство, мир и согласие в нашем обществе. В-третьих, это светское общество и высокая духовность. В-четвертых, экономический рост на основе индустриализации и инноваций. В-пятых, это Общество Всеобщего Труда. В-шестых, общность истории, культуры и языка. В-седьмых, это национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Благодаря этим ценностям, мы всегда побеждали, укрепляли нашу страну, множили наши великие успехи. В этих государствообразующих, общенациональных ценностях заключается идейная основа Нового Казахстанского Патриотизма».

Национальной идеей, воплощающей в себе патриотические качества граждан республики, является патриотический акт «Мәңгілік Ел». Это, по словам Лидера нации, «идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков».

Дошкольный возраст – это важнейший период становления личности, когда закладываются предпосылки гражданских качеств. Как бы не менялось общество, воспитание у подрастающего поколения любви к своей стране, гордости за нее необходимо всегда. И если мы хотим, чтобы наши дети полюбили свою страну, свое село, нам нужно показать их с привлекательной стороны.

«Мәңгілік Ел» ─ это национальная идея как источник непрерывности и неиссякаемости, вечности традиций, языка, духовно-нравственной основы народа.

Чувство Родины начинается с восхищения тем, что видит перед собой малыш, чему он изумляется и что вызывает отклик в его душе.

И хотя многие впечатления еще не осознаны им глубоко, но, пропущенные через детское восприятие, они играют огромную роль в становлении личности патриота. И наша задача — отобрать из массы впечатлений, получаемых ребенком, наиболее доступные ему: природа и мир животных, труд людей, традиции дома (детского сада, родного края), общественные события и т.д. Исходя из этого, работа по нравственно-патриотическому воспитанию в детском саду включает в себя целый комплекс задач:

- воспитание у ребенка любви и привязанности к своей семье, дому, детскому саду, улице, городу;
- формирование бережного отношения к природе и всему живому;
- воспитание уважения к труду (человеку-труженику, результатам его труда);
- развитие интереса к традициям и промыслам казахов и народов, проживающих в Казахстане;
- формирование элементарных знаний о правах человека;
- расширение представлений о городах Республики Казахстан;
- знакомство детей с символами государства (герб, флаг, гимн);
- развитие чувства ответственности и гордости за достижения страны;
- воспитание уважительного отношения к защитникам Отечества, традициям государства, общественным праздникам;
- формирование толерантности, чувства уважения к другим народам, их традициям.

Постепенно ребенок знакомится с детским садом, своей улицей, селом, а затем и со страной, ее столицей и символами. Любой регион, область, город и даже небольшая деревня неповторимы. В каждом месте своя природа, свои традиции и свой быт. Отбор соответствующего материала позволяет формировать у дошкольников представление о том, чем славен родной край, родной аул, село… (история, традиции, достопримечательности, памятники). Дети с удовольствием посещают музеи «Юрта», «Русская изба» и т.д..

Чтобы воспитать любовь к родному краю, растениям и животным, населяющим его, вызвать желание общаться с природой, оказывать посильную помощь в ее охране, сформировать активную позицию – не равнодушного созерцателя, а деятельного и культурного участника в процессе решения

экологических проблем проводятся экскурсии, целевые прогулки, наблюдения, мини – походы, маршрутные игры – путешествия.

Свою любовь к родным местам, представление о том, чем они знамениты, какова природа, каким трудом заняты люди – все это в своей работе мы стараемся передать нашим детям, что чрезвычайно важно для воспитания нравственных, духовных и патриотических чувств подрастающего поколения.

Эффективным средством воспитания юного патриота мы определили предметно-пространственную развивающую среду.

Лучший друг ребенка - это кукла. В нашей группе имеются национальные куклы, которые помогают ребенку легко понять, что наша страна многонациональна и каждый народ имеет свою культуру и традиции. Играя с ней, ребенок расширяет свой опыт об отношениях в семье, учится уважать старших, заботиться о младших, с почтением относиться к семейным традициям, познавать свои корни.

Большое удовольствие доставляют детям Государственные праздники. Стихи, национальные песни, танцы обогащают и углубляют знания детей об истории родного края, о культуре и быте народов Казахстана. Воспитывают толерантное отношение к людям других национальностей, проживающих на территории Казахстан. Неподдельный интерес вызывают у детей развлечения: «Айтыс», «Масленица», «Карусель национальных подвижных игр» и.т.д. Воспитать патриота невозможно без помощи родителей. И родители - это сегодня активные участники процесса патриотического воспитания детей.

Такая система работы дала следующие результаты: дети – овладели определенными знаниями о государстве и символике, о правах человека, научились толерантно сотрудничать с людьми разных национальностей, бережно относиться к природе Родного края, гордиться своей страной, своей Родиной, осознавать чувство ответственности за достижение своей страны.

Дошкольный возраст – фундамент общего развития ребёнка, стартовый период всех человеческих начал. В воспитании ребёнка огромное значение имеет пример взрослого, поэтому именно от нас зависит, насколько этот фундамент будет прочен. Народное творчество и искусство – вечный и чистый источник. В чём бы народ наш не проявлял, сразу видно, что из глубины души, а душа народа добра и красива. Воспитать духовно-нравственную личность и патриота своей Родины – ответственная и сложная задача, решение которой в дошкольном детстве только начинается. Планомерная, систематическая работа, использование разнообразных средств воспитания, общие усилия нас – воспитателей и родителей, ответственность взрослых за свои слова и поступки могут дать положительные результаты

Патриотизм – это чувство, которое живет в человеческом сердце, мерцая неугасимой искрой, готовой разгореться решительным пламенем в трудный для любимого Отечества час. Любовь к Родине прививается с первого слова, первого шага, первого звонка, первой буквы, проявляется уже с раннего возраста патриотическими чувствами в доверчивом, свободном от лжи и лицемерия сердце.

Задача педагогов дошкольной организации образования – воспитывать истинных патриотов, любящих и знающих родной язык, традиции, обычаи, историю своей родины, которые сохранят и бережно передадут накопленные знания будущим поколениям.

Литература

1. Патриотический акт «Мәңгілік Ел», Астана, 2014

2. Послание Президента Республики Казахстан Лидера Нации Н.А Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050»: новый политическии курс состоявщегося государства», Астана, 2012

3. Шаламова Е. Патриотическое воспитание. // Ребёнок в детском саду. №5

4. Сакавичене О. Патриотическое воспитание дошкольников // Ребёнок в детском саду. №3 – 06.

5. Алёшина Н. В. «Патриотическое воспитание дошкольников»

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Уразбаева Гүлнұр Жалғасқызы
«Алтын ұя» балабақшасының тәрбиеші
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

«Театр – адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы,
сахна өнері – тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу,
яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»
Шәкен Айманов

Республикамыздағы соңғы жылдардағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамуы жалпы білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының біріне айналды. Елбасының бастамасымен іске асырылған «100 мектеп 100 аурухана» және«Балапан» сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекетік бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдар санының шарықтап өсуіне тың серпін берді. Оның айғағы ретінде Қызылорда облысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар саны бүгінгі күні 791-ге жеткенін және 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 100 % құрап отырғанын, ал өзім қызмет ететінҚызылорда қаласындағы «Алтын ұя» балабақшасы 2009 жылы «100 мектеп 100 аурухана» бағдарламасы аясында 320 орынға арналып салынғанын, ал сол жылғы қараша айында балабақшаны Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өзі келіп ашқанынмақтанышпен айтқым келеді.

Сондай-ақ бүгінгі күні білім берудің мазмұнды аспектілерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлініп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты жаңартылды. Аталған Стандарт негізінде біріңғай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленіп, жаңа оқу жылынан қолданысқа енгізілді.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда театрландырылған әрекеттің рөлі ерекше екені бәрімізге мәлім. Ал осы аталған әрекеттің жаңартылған Стандартта «Коммуникация» білім беру саласына жеке «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі болып енгізілуі осы бағыттағы жұмыстарымызды жандандырып әрі қарай жалғастыруымызға ықпалын тигізді.

Балалардың тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады.Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады.

Өзім қызмет ететін «Алтын ұя» балабақшасында Үлгілік бағдарламаны және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын тиімді іске асыру және балаларды жан-жақты бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу мен дамыту мақсатында «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметін ғана емес сондай-ақ осы театрландырылған әрекетті жүйелі түрде жүргізу үшін балабақшада «Ертегіде қонақта» үйірме жұмысын ұйымдастырдым. Мен сол аталған үйірменің жетекшісімін.

Үйірменің мақсаты: театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, өмірге оң көзқарастарын тәрбиелеу.

Осы мақсатты орындау барысында алдымызға мынадай міндеттерді қойдық. Олар:

- балаларды театр түрлерімен таныстыру;
- театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту және сөздік қорларын байыту;
- ауызекі сөйлегенде дыбыстар мен сөздерді анық айтуға үйрету;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- байланыстырып сөйлеуге үйрете отырып, шығарманың мазмұнын толық ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету.

Алға қойған мақсат-міндеттерді орындау кезінде мынадай әдіс-тәсілдерді басшылыққа алдық:

- балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды: ширма, атрибуттар, костюмдер т.б дайындау.

Осы жұмыстарды ұйымдастыруда алдымен балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес халық ауыз әдебиеті мен шетелдік және отандық

авторлардың шығармаларының қоры жинақталды. Бұл балабақшадағы педагогтардың өзбетінше ізденуі мен танымдық қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік берді.

Балабақшадағы педагогтармен бірлесе отырып, театр әрекетіне қажетті атрибуттар, көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар қолдан жасалып дайындалды. Ал осы жұмысымызға ата-аналарды тарту үшін түрлі шараларды ұйымдастыру оларды балабақшаның тәрбиелеу-оқыту процесіне белсенді араластыруға және ата-аналармен ықпалдастықты дамытуға үлесін қосты.

Үйірме жұмысымда мынадай театр түрлерін қолданамын :

Қуыршақ театры.

Саусақ театры.

Көлеңке театры.

Үстел - үсті театры.

Желілі-рөлді театры.

Су - хауыз театры.

Балалармен театр әрекетін театрдың алуан түрлерін қолданып және түрліше сипатта ұйымдастыру балалардың осы әрекетке деген қызығушылығы мен белсенділігін арттырды. Мен балабақша хауызын театр алаңы ретінде пайдаландым. Мысалы: «Алтын балық», «Алтын кілт» ертегілерін сахналадым. Осы хауыздағы ұйымдастырылған театр қойылымы балалардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыра отырып, жағымды көңіл-күй және ұмытылмас әсер сыйласа, аталған жұмысқа әріптестерімнің де, басқа топтың балаларының да, қызығушылығы артқанын байқадым.

Сондай-ақ сөйлеу барысында ***з, р, с, ш*** дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын-жаттығулар, тақпақтар қолданылды. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында сазгер Ақтоты Райымқұлованың «Ауыл маңында» өлеңін айтқыздым.

Ауыл маңы саз, саз - саз,
Жайылады қаз, қаз - қаз.
Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,
Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең - тақпақ шумағын сахналауға баулимын. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады, шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т. б. түсініктерді бағдарлай алуды да үйренеді.

Үстелүстіндегі театры –ІІ-ші кіші тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш

кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер-театр»; ағаш ойыншықтар.

«Қасқыр мен жеті лақ»,»Үйшік», «Бауырсақ», «Қарағайлы ормандағы аю» атты ертегілерді балалар үстел үсті театры арқылы ата-аналарға қойып берді.

Көлеңкелі театр - жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең көлеңке театры арқылы айтуға болады.Көлеңке театрында балалардың өздері де қызығушылық таныта отырып қатысады. Себебі үлкен сахнада балалардың дене, би қимылдары арқылы ертегідегі кейіпкерлерді сомдауды үйренді. Театрландырылған іскерлік ойындар арқылы шешілетін өзімнің педагогикалық жұмысымнан мысал келтірейін. Балалар «Шыншыл бала», «Қолғабыс» әңгімесін, «Тырна мен түлкі» мен «Сәруар» ертегісін балалар ғарышкерлер күнінде сахналады. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістерін дамытады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш бала қатысады. Біреуі мазмұнын айтады, екеуі көрініс ті көрсетеді.

Театр – балаларға арналған ең қолжетімді және демократиялық өнердің бір түрі және ол:

- балалардың шығармашылық тұрғыда дамуына;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына;
- адамгершілік тәрбиесіне;
- тұлғаның коммуникативтік қабілеттерінің дамуына;
- ерік-жігерін тәрбиелеуге, зейінін, елестете білуін, бастамашылдығын, қиялын, тілін (диалог және монолог) дамытуға;
- оң эмоциялық көңіл-күй құруына, шаршағанды басуына, даулы жағдаяттарды ойын арқылы шешуге ықпал етеді.

Балабақшада жүйелі түрде ұйымдастырылған театр әрекеті арқылы Республика көлемінде «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына ұйымдастырылған «Ұлы дала ұрпақтары» байқауында «Мәңгілік ел перзенттері» қойылымымен және қалалық білім бөлімі ұйымдастырған «Ертегілер елінде» атты сайыста «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», атты сахналық қойылымдарға қатысып, бас жүлдені иеленуімізге септігін тигізді.

Өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтіп, әңгімеге араласуға, қойылым туралы ата-аналарына, құрбыларына әңгімелеп беруге үйретті.

Театрландырылған ойындар ойын - қойылымдары болып саналады, мұнда балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор.

Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойнату, оның жеке тұлғасын жан – жақты дамытуға, оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты оятуға ықпал етеді.

.Балалар сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Үштұғырлы тіл саясатын тиімді іске асыру мақсатында үйірмеде «Дүние неліктен жақсы?» атты ертегі арқылы балалармен сахналық қойылым қойылды. Балалар ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқына ене отырып, үш тілде ертегі мазмұнын көрермендерге көркем жеткізе білді.

Сондай-ақ түрлі тақырыптағы ертегілерді сахналау нәтижесінде балалардың сахналық сөйлеу тілі дамыды, ертегіге деген қызығушылықтары арта түсті. Ертегілер еліне саяхат балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздері ойдан шығару сияқты шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Жоғарыда аталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу арқылы мынадай нәтижесінде қол жеткіздік.

- балалар тілі дамыды;
- сөздік қорлары байыды;
- байланыстырып сөйлеуге үйренді;
- дыбыстарды дұрыс айту, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасты;
- театр өнеріне деген қызығушылықтары артты.

Жалпы театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр- балалар үшін мереке, демалыс орны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, педагогтар үшін үлкен табыс.

Балаларды театрландырылған әрекетке мақсатты түрде баулу жұмысы балалардың эмоционалдық көңіл-күйін қамтамасыз етуге және оны жалпы адамзаттық құндылықтарға тартуға ықпал етеді. Сондай-ақ балаларды декорацияларды, костюмдерді жасауға баулуда түстің, түрдің, құрылымның және олардың қасиеттерінің көмегімен образды жасауға мүмкіндіктер ашылады.

Балабақшадағы театрландырылған әрекетті табысты ұйымдастыру білім беру салаларын кіріктіруді қарастыратын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыруға сол арқылы мектепке дейінгі білім сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. ҚазақстанРеспубликасының«Білімтуралы»заңы(27.07.2007ж.№319-III).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 жарлығы)
3. Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (13.05.2016ж № 292 ҚРҮҚ)

4. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауы 2014 жылғы 11 қараша

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ((ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы).

7. Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекетті ұйымдастыруға әдістемелік ұсынымдар – Астана, «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы

8. Өтешова.Б.«Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту»-2007 ж. /42-43 бет. 118-бет/. Алматы-/168 бет.С/

9. Оразбекова.К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында»-Алматы.2000. 543 /б.Б.31-38,58-70,90-94,218-220;С./

10. С.Ғаббасов. «Халық педагогикасының, негіздері»-Алматы.1995 ж. /1.3.7.бет, 26бет/

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ОЙ – СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шайменова Н.К.
«Степная орта мектебі»
Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі
Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Степной селосы

Елбасы 2014 жылғы Жолдауында қазақ елінің ұлттық идеясы Мәңгілік Ел ата - бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атануы еді, ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.

Біз бұл арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізуді, еліміздің жүрегі Елорда тұрғызылды. Қазақтың мәңгілік ғұмыры, ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» -дегенеді.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным – сенімінен туындайды.

«Ұлтын сүю - ұлтшылдық емес, ұлтжандылық» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, ұлттық болмысты нығайту – өзін басқалардан жоғары қою болып саналып, ұлтшылдық ретінде қаралмауы тиіс. Патриоттық сезім – Отанға, туған өлкеңе, өскен ортаңа деген сүйіспеншілік. Өз ұлтыңды құрмет тұту, туған тарихтан, ана тілден ажырамау, міне, бұл – ел ертеңі - жас ұрпақтың бойына сіңіретін қағидаттар.Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен – өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси – әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады

Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық сезімін қалыптастырудың негіздері

1.1 Патриоттық тәрбиенің мәні мен мазмұны

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгінсек дұрыс болар еді: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс- қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен Отан үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау ойдан арна тартады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше. Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Біздің міндетіміз сол бабаларымызды үлгі тұта отырып, бүлдіршіндерімізді болашақта жауапкершілігі жоғары, туған өлкесін, халқын, Отанын, отбасын сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын тұратын тұлға тәрбилеу.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу – тәрбиенің басты міндеттердің бірі. Бұл саладағы күш-жігер, алдымен, бүлдіршіндерді отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашатын туған жері, кең байтақ гүлжазира даласы. Балаға «Отан», «Туған жер» дегеніміз- тарихи қалыптасқан әлеуметтік, саяси және мәдени орта екендігін түсіндіру.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде бала жас кезінен бастап көпшіл, ынтымақшыл, үлкенге сый-құрмет көрсете білетін өнегелі адам болуға,

адамгершілікке тәрбиелейді. Балалардың алдына асқарлы мақсат қойылып, келелі міндеттер жүктеген. «Болашақ ел қамқор», «Отан қораушысы», «Шанырақ иесі» - деп жақсы сөзін қазақ халқы баласына арнаған. Отанды сүю халық ауыз әдебиетінде, ақын жыраулардың шығармаларында , халықтың тәрбие-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, отбасындағы тәрбие, халық ойындары мен мерекелері, музыкалық шығармалары, бейнелеу өнері, қол өнері туындыларында тәрбиелік мазмұнда көрініс тапқан.

Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балаларды патриоттық сезімде тәрбиелеу. Отан туралы, туған жер туралы тақпақ-өлеңдер жаттату, әңгімелеу арқылы бала бойына елге , жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіру болып табылады. Сондай-ақ тәрбиешілер балалармен тақырыптық сабақтар өткізеді. Еліміздің төл мерекелерін балабақшада ертеңгіліктер өткізіп тойлайды. Осы сабақтар, ертеңгіліктерді өткізуге тәрбиешілер, ата-аналар белсене қатысып, өз үлестерін қосады. Балаларды тәрбиелеуде балабақша мен мектептің, кітапханалар мен мұражайлардың сабақтастығы дұрыс жолға қойылған. Адамзат отансүйгіш және қайырымды бала тәрбиелеуді мақсат тұрады. Қазақ халқы өз баласының ізгі ниеті, адал жүректі, өр әрі намысшыл болғанын қалайды.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу отбасынан басталады. Бүлдіршін өз отбасының да тарихын білу керек. Бала өз отбасын мақтан тұтса, өзін де сыйлай бастайды, жоғары бағалайды. Арнайы отансүйгіштікке мәжбүрлеуге болмайды деген ойдамын, себебі нәтиже болмайды. Сондықтан бүлдіршіндерді туған өлкесімен таныстыруда ата-аналармен тығыз қарым-қатынас арқылы жұмысты ұйымдастыру керек. Жұмыс мазмұнын жүзеге асыруымыз үшін балалармен әңгіме құрастырамыз, кітаптарды оқып, талқылаймыз. Осындай түрлі жұмыстарды қолдану арқылы балаларға білім беру үрдісінің тиімділігіне әсер етіп, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуге жағымды әсер етеді.

1.2 Балалардың мектепке дейінгі жасында «Мәңгілік ел» идеясының басты негізі

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты қолдаушысы. Ана тіліңді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ел тәуелсіздігін қорғаудың басты ұстанымы болуы тиіс.

Қазіргі таңда балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі көкейкесті мәселелерінің болып тұрғаны бізге мәлім. Сондықтан Мәңгілік Ел идеясын жүзеге

асыру үшін біздің міндетіміз ата-аналармен жүйелі жұмысты ұйымдастыруымыз қажет. Балаларды өз отбасын, балабақшаны, қаланы сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба,ту, әнұран), елінің, халқының, қаласының жетістіктерін мақтан тұту, жауапкершілік сезімін дамыту, басқа ұлт өкілдерін сыйлау, олардың дәстүрлерін дәріптеу сезімін қалыптастыру деген міндеттердің барлығы балалармен қарым-қатынас түрлерінде шешіледі, яғни ойындар, еңбек, тұрмыстық жағдаяттар ретінде қолдануымыз қажет. Осы тұрғыда мектепалды даярлық тобында: «Менің тұңғыш президентім»,«Рәміздерім-мақтанышым» «Менің Отаным Қазақстан»сияқты тәрбие жұмыстары жүргізілді.Осының нәтижесінде бүлдіршіндеріміздің ой өрісін кеңейтіп,тілдері дамып,Отан туралы тақпақ,өлеңдерді жаттап,рәміздерімізді танып біле бастады.

Балалардың мектепке дейінгі жасында «Мәңгілік ел» идеясын қалыптастыру үшін біздің ойын бұрыштарында аталмыш тақырыптарда рольдік ойындарды ойнатуға қажетті құралдар жиналған.Мысалы, ұл балалар үшін әскери ойын құралдары, қыз балалар үшін әскери санитарлар құралдарымен пайдаланып, мақал-мәтелдерді жай жаттаумен қатар оларды түсіндіріп, белгілі жағдайда орынды болуын көрсетіп біз жақсы нәтижеге келіп, Мәңгілік ел идеясындағы патриоттық сезімін тәрбиелейміз.

Мәңгілік Ел идеясын, ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті болмақшы. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты, негізгі іргетасы – бірлік екенін ұмытпағанымыз абзал. Бірлік – ол елдің рухани бірлігі, халықтың мәдени, тілдік, ділдік, ақпараттық кеңістікке деген бірлігі. Қазақстандықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани бірегейлігін дамыту, ұлттық идеологияны дамытудың басты факторы болуы тиіс.

1.3 Балабақшада отансүйгіштік тәрбие бойынша ата-аналармен жұмыстың әдіс-тәсілдері

Отансүйгіштікке тәрбиелеу отбасынан басталады. Бүлдіршін өз отбасының да тарихын білу керек. Бала өз отбасын мақтан тұтса, өзін де сыйлай бастайды, жоғары бағалайды. Арнайы отансүйгіштікке мәжбүрлеуге болмайды деген ойдамын, себебі нәтиже болмайды. Сондықтан бүлдіршіндерді туған өлкесімен таныстыруда ата-аналармен тығыз қарым-қатынас арқылы жұмысты ұйымдастыру керек. Жұмыс мазмұнын жүзеге асыруымыз үшін балалармен әңгіме құрастырамыз, кітаптарды оқып, талқылаймыз. Осындай түрлі жұмыстарды қолдану арқылы балаларға білім беру үрдісінің тиімділігіне әсер етіп, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуге жағымды әсер етеді.

Сонымен қатар осы мәселе әлеуметтік оңалту үдерісінде, тұлғаның әлеуметтік ортада өз орнын табу және өмір жолын таңдауда жаңа сипатқа ие болып,өзінің шешу жолдарын табу үшін жаңа әдістерді таңдауға тура әкеледі.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты тәрбиеші ата-аналармен бірге ұйымдастыруы қажет.

Осыған орай тәрбиеші ата-аналарымен тәрбие әдістерін ұйымдастыру үшін 4 топқа бөлдік:

1. Бүлдіршіннің адамгершілік сана сезімін қалыптастыру әдістері;
2. Іс-әрекет арқылы еңбекке баулу әдісі;
3. Тәртіпке іс-әрекет арқылы ынталандыратын әдісі;
4. Мінез-құлық арқылы өзіне-өзі баға беру әдісі.

Осыған орай келесі міндеттер кешенін орындау керек:

- балаларды өз отбасын, балабақшаны, көшені, қаланы сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу;
- балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба,ту,әнұран);
- елінің,халқының,қаласының жетістіктерін мақтан тұту,жауапкершілік сезімін дамыту;
- басқа ұлт өкілдерін сыйлау,олардың дәстүрлерін дәріптеу сезімін қалыптастыру;
- еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу;
- ұлттық қолөнер шеберлігін білуге қызығушылықты қалыптастыру;
- адам құқықтары жөніндегі алғашқы білімдерін кеңейту;
- Қазақстанның қалалары туралы білімдерін тереңдету.

Сонымен, қорытындылай келе, Отанның гүлденуіне және оны қорғауға деген патриоттық сезім адам жүрегінде өмір сүрген, өмір сүре бермек. Бірақ патриоттық сезім адамда өзінен өзі, не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы. Патриотизм ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой-пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. «Патриотизм, — дейді ұлтымыздың батыры Б.Момышұлы, — Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік кауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз — мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді». Қазақ халқының өткені мен бүгінін таразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ, жандары таза жас ұрпақты тәрбиелеу мен қасиетті Отанның қадірін ұғындыру, ар, намыс, ождан сөздерін ұлт, атамекен, халық сияқты киелі түсініктермен байланыстыру арқылы болашаққа бағыт сілтеу әрбір педагогтің міндеті.

Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ патриот тәрбиелесек, бұл еңбегіміздің жаңғағы, қосқан үлкен үлесіміз болмақ. Дәл осындай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамның жоғары мұраты мақсаттарына сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыру – баршамыздың алдымызда тұрған міндетіміз.

Әдебиеттер

1. Новицкая, М.Ю. Наследие. Патриотическое воспитание в детском саду./М.Ю. Новицкая. — М.: Линка-Пресс, 2003. — 200 б.

2. Гражданское воспитание в ДОУ. / авт.-сост. Е.А. Позднякова. — Волгоград: Учитель, 2008. — 148 б.

3. Сәтірқызы Г. Отансүйгіштік қасиет тәлім-тәрбие мен үлгі-өнеге арқылы қалыптасады. — Егеменді Қазақстан. — 2006 — 15 желтоқсан. -4 6.

4. Әшімов Б.Т. Жастарды патриотизмге тәрбиелеудегі еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының ролі. — Алғашкы әскери дайындық. — 2006, — №5. -14

II секция

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ

ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Сисенбердиева Актолган Жанкеевна,
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
аға оқытушы

Елбасымыз Жолдауында «XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда. Елдің даму деңгейі білімі арқылы бағаланатын болады» - деп сапалы білім беруге ерекше назар аударған еді. Бұл мектепке дейінгі кезеңге де тікелей қатысты. Ерте бастан бала еркін ойлауға, жасына сай жұмысын жоспарлап, соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға, сыни ойлауға бейімделгені жөн. Ол үшін дәстүрлі білім мазмұнын сақтай отырып, педагогтар жаңартылған жағдайға икемделу керек. Білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Бұрын оқу үрдісінде педагог басты рөл атқарған болса, қазір тәрбиеленушініңбелсенділік көрсетуі маңызды. Үдеріс педагогтың емес, білім алушының әрекетімен бағалануы тиіс.

Бала дамуы – күрделіпроцесс. Кейде бала үшін барлық жағдай болғанның өзінде баланың дұрыс қалыптасуына негіз бола бермейді. Балалар биологиялық, психологиялық, әлеуметтік заңдылық бойынша дамиды. Демек, өсіп келе жатқан тұлғаның қалыптасуы да бұзылуы да аяқ астынан. Қалай болғанда да дұрыс берілген тәрбие, балада «Мен» көзқарасын пайда пайда болуын қамтамасыз етеді. Ал бұл мәселеде мектепке дейінгі шақ рөлі ерекше.

Мектепке дейінгі кезең-бұл адамға өмірлік құндылықтар жайында түсінік беретін алғашқы ұжым. Адамның қаншалықты деңгейде дамуы көбіне оның сәби шағында қаншалықты тәрбие алғанына, кімдермен қарым-қатынас жасағанына байланысты. Қарым-қатынас барысында ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, келісім, талас-тартыс, қарама-қайшылық іске асады. Қатынас арқылы бала алғаш рет өмір жолымен танысады.

Тәжірибемнен байқағаным қарым-қатынас білім мазмұнын жаңартудың бір жолы. Ал қарым-қатынасқа әсер ететін факторлардың бірі-интербелсенді әдістер. Соңғы кезде білім беру үрдісіне дендеп еніп кеткен интербелсенді әдістерді инновация деуге әбден болады. Сондай инновацияның бірі аталған әдістер. Интербелсенді әдіс мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастырушы бола алады.«Интербелсенді әдістердің білім мазмұнын жаңартуға қандай әсері бар?» деген орынды сұрақ туындайтыны сөзсіз.

Ағылшын тілінен келген *«interactiv»* сөзі: *«inter»* дегеніміз *«өзара»* мағынасында, ал *«act»–«әрекет жасау»* дегенді білдіреді, яғни *интербелсенді әдістер*– үйренушімен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқу/оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Байқап отырсаңыз интербелсенді әдіс

арқылы бала мен тәрбиеші арасында өзара тығыз байланыс, кіріккен қарым-қатынас орнайды.

Жаңартылған оқу үрдісі баланы бірінші орынға шығаруды талап етеді. Бұл ұстаным әрбір педагогқа балаларды белсенділендіретін оқу/оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу үрдісі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» т.б. етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру» сияқты ұғымдардан тұрады. Оқу үрдісі балаға бағытталып, *үйрену мен үйрету әрекеттері мен қарым-қатынастан тұруы керек*. Бұл қарым-қатынас педагог пен бала, бала мен өзге бала, шағын топтар арасында өтеді. Басқаша сөзбен айтқанда, бүгінгі күні білім беру жүйесінде: «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады»[1,51].

Міне, осы себептерге байланысты мектепке дейінгі кезеңнен оқу үрдісінің негізін интербелсенді (интерактивті) әдістемелер құраса, әрбір педагог интербелсендіқұралдар мен тәсілдерді өзінің әдістемесінде қолданса, мектепке дейінгі білім беру үдерісін жаңартуға аз да болса үлес қосары сөзсіз. Өйткені, жаңарту тек құжаттарды өзгерту немесе жаңалау емес, оқу үрдісіне өзгеріс енгізіп, кез келген жағдайда жол таба алатын тұлға дайындау. Ондай тұлғаны балаға еркіндік беріп, қызығушылығын оятып, сенім артқанда ғана қалыптастыра аламыз. Аталған әдіс баланы шығармашылыққа, еркіндікке жетелейді. Қазіргі таңда интербелсенді әдістердің жаңаруға қосатын үлесіне, білім саласындағы қол жеткен жетістіктеріне сүйене отырып, оны мектепке дейінгі кезеңнен қолдануға деген сұраныс арта түсуде. Әйтсе де, жаңалыққа тосырқай қараушылық, оқу үрдісіне енгізуге деген қорқыныш, мектепке дейінгі оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістердің кеңінен қолданылуына кедергі келтіруде. Осы орайда мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңартудағы интербелсенді әдістердің мүмкіндігін ескере отырып, оны аталған кезеңде қолданудың жолдарына тоқталуды жөн көрдім.

Интербелсенді әдістер туралы ой-пікірлер бірнеше жылдардан бері айтылып келеді, педагогтар қауымына өте таныс. Сондықтан мен аталған әдістің теориялық негіздерінен гөрі, практикалық жағына тоқталуды мақсат етіп, мектепке дейінгі «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша бірнеше ұйымдастырылған оқу қызметінде аталған әдістерді қолдану жолдары көрсетілген үзінділер ұсындым.

1.ҰОҚ: Сурет салу.

Тақырыбы: Терек

Қолданылған интербелсенді әдістер: «ойға шабуыл», «диалог», «топқа бөлу» «бойыңмен тұр», «пазл», «синквейн», «тазалық», «ай мен күн».

Сабақ түрі: Топтық жұмыс

Сабаққа дайындық (бір күн бұрын, орманға, баққа т.б. серуен жүргізіледі): балабақша ауласына серуенге шығып өсіп тұрған ағаштармен таныстыру, бір-бірінен айырмашылығына назар аударту. Ағаш атауларын үйрету.

Сабақ барысы:

1.Қызығушылықты ояту. «Ойға шабуыл әдісі»:үнтаспадан ормандағы ағаштар дыбысы, оның желмен сыбдыры (жалпы табиғат туралы) естіледі.

«Диалог» әдісі: Балалар ненің дыбысын естідіңдер? Көз алдарыңа не келді? Сіздер қандай ағаш түрлерін білесіздер? Табиғат аясында болдыңдар ма? Серуен кезінде не көрдіңіздер?

2.Мағынаны тану. «Топқа бөлу» әдісі: «Бойыңмен тұр». Балаларды бойының ұзындығына қарай тұрғызып, 1,2,3,4 деп санау арқылы топқа бөлеміз. Әр топ өзіне ат қояды: «шырша», «қарағай», «емен», «ақ қайың».

«Пазл» әдісі:Топқа бөлінген балаларға (4 топ) «Терек» суретінің қиындыларын береміз. Олар қиылған суреттерді біріктіріп теректің пішінін шығарады. Содан соң әр топқа берілген суреттерден теректер көрмесін ұйымдастырамыз. Суреттерде жапырағы бар, жапырағы жоқ, бүршік жарып келе жатқан, топ боп өскен теректер берілген. Көрме бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Сурет салу: Балаларға бояу карындаштар, акварель, сурет салатын парақ беріледі. Серуенде көргендері, көрмеден байқағандары бойынша терек суретін өз қалаулары бойынша салу тапсырылады. Топтық жұмыс болғандықтан балалар ақылдасып әр топ бір сурет салады.

3.Ой толғау. «Сиквейн» әдісі. Соңынан 5 жол өлең құрастырады.

1 жол: 1 зат есім – Бүгінгі тақырып атауы (терек)

2 жол: 2 етістік терекке қатысты-Терек не үшін керек(көлеңкелейді, ауа тазартады, әдемілік сыйлайды т.б.)?

3 жол: 3 сын есім – Ол қандай ағаш (жасыл, биік, әдемі т.б.)?

4 жол: Теректен басқа қандай ағаштарды көрдіңдер немесе білесіздер? (қара ағаш, қарағай, емен, шырша т.б.)

5 жол: бүгінгі сабақтан алған әсерін 5 сөзден тұратын сөйлеммен беру (теректі өзге ағаштардан айыра аламын, терек тіке өсетін әдемі ағаш т.б.).

Бағалау: Әр топ өз салған суреттерін көрсетіп сөйлейді. Қалған топтар баға қояды. Бағалау «ай мен күн» әдісі бойынша жүргізіледі. Әр топтың алдына бағалау парағы беріледі. Топты балалар ағаш суреттеріне қарап таниды. Осылайша балалар бірін-бірі бағалайды. Соңынан тәрбиеші өз бағалауын айтады. «Күн» өте жақсы, «ай» жақсы дегенді білдіреді. Сол тұсқа белгі салады.

Топ атауы		
Шырша		
Ақ қайың		
Емен		
Қарағай		

«Тазалық» әдісі: Сабақ соңынан тақтаға чемодан, еттартқыш, қоқыс шелек суреті жапсырылады. Балалар сабақ түсінікті болса чемоданға, шамалы түсінсе еттартқышқа (әлі де түсіндіру қажет), түсініксіз, қызықсыз болса қоқыс шелекке (бізге керек емес қызықсыз болды, ештеңе түсінбедік т.б.) стикерлер жапсырады (кері байланыс).

2.ҰОҚ: Аппликация

Тақырыбы:Ананас.

Қолданылған интербелсенді әдіс: «ойлан, жұптас, пікірлес», «детальдарды қосу», «кластер», «жеміс-жидектер», «ауызша әңгіме», «алма ағашы».

Сабақ түрі: Топтық жұмыс

Сабақ барысынан үзінді:

«Топқа бөлу» әдісі: «Жеміс-жидектер». Балаларды қатарға тұрғызып, жеміс-жидектерді ататамыз. Алма, алмұрт, шие, банан, апельсин-осылайша қайталап шығады, алмалар бір топ, алмұрт бір топ т.т. бөлінеді.

«Детальдарды қосу»: Ананастың үлкен плакатқа салған суретін қиып, мозайка түрінде 4 топқа таратамыз. Содан соң әр топтағы балалар магнит тақтаға келіп қиықтарды (детальдарды) жапсырады. Біріктіргенде белгілі бір сурет шығу керек. Біріктіргенде «Ананас» суреті шығады.

«Ауызша әңгіме»: Тәрбиеші ананас туралы ауызша қысқа, нұсқа әңгімелеп береді.

Жапсыру жұмысы: Балалардың алдына түрлі-түсті қағаз, желім, жеміс-жидек дәндері, пластамасса қораптар (киндер шокалад ыдысы) беріледі. Сол материалдарды пайдаланып ананас суретін қайшыны пайдаланбай жапсыру тапсырылады. Қайшыны пайдаланбай дегеніміз мысалы, қағазға ананас формасын сызып алады да оған желім жағып, қағазды ұсақтап жыртып алып жапсырады, сонда қатпарлы ананас сыртына ұқсас бейне шығады, сол сияқты сопақша киндер пластмасса ыдысына жапсыру т.б.). Бұл жерде ананасты бейнелеуде алдарындағы қандай материалды пайдаланса да балалар өздері біледі.

«Талдау» : Әр топ өздерінің топтық жұмыстарын қорғайды.

«Алма ағашы» әдісі: Соңынан тақтадағы Алма ағашына қолдарына берілген қазыл, жасыл алмаларды жапсырады. Бұл сабақты қорытындылауда жүргізіледі. Жасыл алма-сабақ түсінікті, қызықты; қызыл алма-түсінбедім, қызықсыз дегенді білдіреді. (Кері байланыс)

3.ҰОҚ: Мүсіндеу

Тақырыбы:Кірпі.

Қолданылған интербелсенді әдіс: «ойлан, жұптас, пікірлес»,

Сабақ түрі: Топтық жұмыс

Сабақ барысынан үзінді:

Топқа бөлу: «Санамақ» әдісі. Балалар орындарынан тұрып 1,2,3,4,5-ке дейін кезекпе-кезек санайды. 1-санын айтқандар бір топқа, 2-санын айтқандар екінші топқа т.с.с. бірігеді.

Сабақ барысы: балалар алдына ермексаз, тұзды қамыр, шырпы, күнбағыс дәні, моншақтар, жаңғақ беріледі. Берілген жабдықтардан кірпіні мүсіндеу тапсырылады.

«Ойлан, жұптас, пікірлес» әдісі: әр топқа алдарына берілген құрал-жабдықтарды пайдаланып кірпіні қалай жасау керектігін талдау, ойлану ұсынылады. Тәрбиеші топтан қандай жолды таңдағандарын сұрайды. Сонан соң балалар жұмысқа кіріседі.Біреуі кірпіні жаңғақтан, екіншісі шырпыдан, үшіншісі күнбағыс дәнінен, төртіншісі моншақтан жасайды.

«Ыстық орындық» әдісі: Балалар жұмысты аяқтаған соң әр топтан бір бала шығып, жасалған жұмысы бойынша балалар сұрақтарына жауап береді.

«Кері байланыс»: Соңынан балалар қолдарына таратып берілген көңілді (жақсы) және көңілсіз(нашар) смайликтер арқылы сабақты бағалайды. Нәтижесінде тәрбиеші балалар берген баға бойынша сабақты қорытындылайды.

Қорыта келгенде, аталған әдістер:

1. Баланы өзіне деген сенімділікке тәрбиелейді;
2. Тілі дамиды;
3. Шығармашылығын шыңдайды;
4. Тыңдай білуін қалыптастырады;
5. Сыни ойлауға дағдыландырады;
6. Өзге пікірін құрметтей білуге үйретеді;
7. Топ алдында сөйлеуге жетелейді;
8. Жаңалыққа жаны құмар болады;
9. Ортақ пікірге келеді;
10. Өзгелермен санасады:
11. Қорқыныштан арылады (айта алмай қалам, тәрбиеші ұрсады, өзгелер күледі т.б.).

Байқап отырсаңыз, барлық жұмысты бала өзі атқарады, тәрбиеші тек бағыт беруші рөлінде болады. Интербелсенді әдістер арқылы тәрбиеші «бала үніне» ерекше назар аударады. Осылайшы, дәстүрлі әдістермен қатар интербелсенді әдістерді оқу қызметінде үйлесімді түрде, тақырыпқа сай қолдану балалар үшін қызықты әрі үрдіске енгізілген жаңалық, білім мазмұнын жаңартудың бір жолы десек артық айтқандық емес.

Әдебиеттер

1. Әлімов Асхат.Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.– Алматы, 2009. - 263 бет
2. Өз тәжірибемнен

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы интербелсенді әдістердің рөлі мен оны қолданудың жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі білім беру, жаңарту, қарым-қатынас,интербелсенді, әдіс.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы применения интерактивных методов и их роль в обновленном содержании дошкольного образования.

Ключевые слова: дошкольное образование, обновление, общение, интерактив, метод.

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММНОГО СОДЕРЖАНИЯ РАЗДЕЛА «ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ» В РАМКАХ ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

Бритвина Е.В.,
методист КГКП «Ясли-сад «Улыбка»,
Яндулова Т. Л.,
методист отдела образования
г. Лисаковск Костанайской области

Современные парадигмы образования и социокультурные, экономические потребности человечества выдвигают естественные науки на передовые позиции. В связи с обновлением содержания казахстанского образования возникла необходимость широкого распространения естественнонаучных знаний на разных уровнях образования. Предшкольная подготовка является одним из звеньев системы непрерывного образования, которое находится на стыке двух его подсистем: дошкольного и начального.

Включение в Типовую учебную программу дошкольного воспитания и обучения раздела «Естествознание» позволит вывести образовательный процесс на более качественный уровень и придать ему совершенно иной статус. Педагоги получили уникальную возможность заложить пропедевтическую основу для изучения таких предметов, как «Биология», «Физика», «Химия», «Математика», «География» и развить умение применять полученные знания в повседневной жизни.

Содержание программы позволяет формировать у воспитанников основы естественнонаучной картины мира, открыть способы познания доступным и присущим его возрасту языком. Наши дети научатся и смогут разумно относиться к любому вопросу о природе и уметь находить ответ в литературе, планировать и осуществлять самостоятельное наблюдение, добывать новые знания, выдвигать предположения и проверять их в условиях эксперимента.

Педагог должен обратить внимание на то, что акцент в естествознании делается не на обучение детей, а на развитие их активности, самостоятельности, творческих способностей, познавательного интереса, эмоционального интеллекта, умения общаться со сверстниками. А в центре – познавательно-исследовательская деятельность, на развитие которой направлено всё содержание образовательной области «Познание».

Мы, авторы учебно-методического комплекса «Естествознание» для детей классов (групп) предшкольной подготовки, опираясь на данные, полученные в ходе практической деятельности, смеем утверждать, что для полноценного развития воспитанников необходимо применение соответствующих методов с учетом специфических особенностей содержания естествознания (преимущественно практические: опыты, элементарные эксперименты), форм организации учебной деятельности (экскурсии, прогулки-исследования, практические, самостоятельные, творческие и проектные работы) и средств обучения (специфическая азбука-тетрадь, интерактивное оборудование, оборудование для экспериментальной деятельности, наглядные пособия и т.д.).

Предметное содержание обучения отражает процессы ознакомления детей 6 лет с явлениями природы и роли человека в ней, развитие личности детей средствами организованной учебной деятельности по естествознанию, решая основную цель: формирование первоначальных природоведческих представлений о предметах и явлениях, осознания себя как части природы и правильного отношения к окружающему миру. При этом педагоги реализуют следующие конкретные задачи:

- развивать навыки наблюдения за объектами природы;
- различать и видеть некоторые их особенности: внешний вид, поведение (животные), условия произрастания (растения), способы ухода за ними, видеть отдельные взаимосвязи в природе;
- формировать экологически грамотное поведение в быту, природе и предвидеть последствия негативных поступков;
- развивать речь детей, внимание, мышление и умение вести наблюдение и делать простые выводы.

Используя инновационные технологии в развитии исследовательского поведения детей и навыков критического мышления, которые входят в учебно-методический комплекс, педагоги смогут сформировать ожидаемые результаты, и воспитанники класса (группы) предшкольной подготовки будут иметь представлени об элементарных методах познания мира, уметь проводить кратковременные наблюдения за объектами и явлениями природы:

- формулировать обнаруженные закономерности и выводы в ходе наблюдения;
- выдвигать новые задачи с помощью педагога и самостоятельно в группе решать их;
- иметь представления о растительном и животном мире;
- иметь представления о человеке;
- называть основные части тела человека и знать их функции;
- называть органы чувств и знать их функции;
- знать условия, необходимые для жизни человека;
- иметь представления о неживой природе и физических явлениях.

Помимо этого у детей будет развито умение прогнозировать и экологически грамотно относиться к природе.

Педагогам классов (групп) предшкольной подготовки необходимо преодолеть инертность педагогического мышления и развиваться вместе с детьми. Особенностью организованной учебной деятельности должна являться активная деятельность самих детей по «добыванию» научных знаний. Новыми педагогическими подходами являются: умение педагога ставить перед ребенком открытые жизненные задачи для раскрытия неопределенных глобальных знаний естественнонаучного характера, умение увлечь детей интеллектуальным творчеством для реализации потребности воспитанников в непрерывном образовании: «от человека знающего» (т.е.вооруженного системой знаний, умений и навыков) к «человеку, подготовленному к жизнедеятельности».

Ключевым моментом в проведении ОУД становится исследовательская, рефлексивная деятельность. Элементарные естественнонаучные понятия дети осваивают через практическую работу: опыты, эксперименты, моделирование. Должна прослеживаться идея использования групповой работы в развитии навыков критического мышления для развития когнитивного, мотивационного, социального и эмоционального аспектов саморегуляции детей предшкольного возраста. В ходе ОУД дети знакомятся и исследуют природные явления и процессы в контексте человеческой деятельности, преобразующей этот природный материал. Поэтому содержание учебной деятельности направлено на освоение средств и способов деятельности в различных познавательных и проблемных ситуациях.

Исследовательская цель должна быть оформлена в виде вопроса и определять тему ОУД. В ходе разрешения проблемной ситуации педагоги применяют технологии развития критического мышления, технологии сотрудничества с целью достижения ожидаемых результатов, обозначенных в краткосрочном плане ОУД. Мастерство педагога заключается в обеспечении перехода от пассивного усвоения естественнонаучной информации к активному ее поиску, критическому осмыслению, использованию ее в жизни. Это происходит через использование различных форм организации детского коллектива (фронтальной, групповой, индивидуальной), применение технологии проблемного обучения экспериментальной деятельности, рефлексии и саморефлексии. Почему мы отводим значительное место рефлексивной деятельности? Это связано с тем, что рефлексия помогает воспитанникам сформулировать получаемые результаты, определить цели дальнейшей работы, скорректировать свои последующие действия, характеризует уровень развития ребенка как личности, способной к выбору на основе прогнозирования результатов своей деятельности. Рефлексия связана с формированием личностных, регулятивных и коммуникативных универсальных учебных действий, которые пригодятся на следующих ступенях образования. Развив эти навыки, дети смогут критически относиться к достигнутым знаниям и принимать самостоятельные решения. Эти навыки станут стимулом для потребности познавать, сформируют интеллектуальную культуру.

Использование личностно-ориентированного подхода на ОУД позволит педагогам постоянно обращаться к субъективному опыту детей, к опыту их собственной жизнедеятельности. Педагог и дети должны выступать как равноправные партнеры в учебной деятельности. Самым сложным является установление взаимосвязи в живой и неживой природе. Решением проблемы становится использование исследовательской деятельности, которой на ОУД уделяется постоянное внимание. Обязательным условием для расширения естественнонаучных знаний являются наблюдения за живой природой в ходе прогулок. Желательно включать в воспитательный процесс экскурсии в соответствии с темой ОУД.

Использование азбуки-тетради позволит педагогам акцентировать внимание детей на развитии активности, самостоятельности, творческих способностей, познавательного интереса, коммуникативных умений через систему разработанных заданий. Необходимо предоставлять воспитанникам возможность выбирать задание по своим интересам и возможностям.

Опыт нашей работы говорит о том, что более качественная реализация целей и задач по естествознанию будет осуществляться в рамках следующей структуры организованной учебной деятельности:

-создание позитивного настроя;

-актуализация жизненного опыта, ситуация запроса на знание, целеполагание;

- работа по теме ОУД:

- поиск новых знаний;

- порождение продуктивных гипотез;

- обучение способам познания окружающего мира;

-проведение опытнической, экспериментальной, продуктивной деятельности;

- итоговая рефлексия.

Следует обратить внимание на то, что целью первой части организованной учебной деятельности является создание позитивного настроя, побуждение к поиску. Педагог мотивирует детей желанием узнать новое, открывает значимость их деятельности, вселяет уверенность в свои силы с помощью гимнастики мозга, поэтических заставок по теме ОУД. В рамках актуализации жизненного опыта («актуализация» – обнаружение смысла, значимости проблемы для детей) создается ситуация запроса на знание (мотив к обучению, исследованию): удивление, интерес, проблемная ситуация. Основная цель применения проблемных ситуаций заключается в осознании и разрешении этих ситуаций в ходе совместной деятельности детей и педагога, при оптимальной самостоятельности воспитанников и под общим направляющим руководством педагога, а также в овладении детьми в процессе такой деятельности знаниями и общими принципами решения проблемных задач. Определяется целеполагание. Работа по теме строится на диалоге-объяснении, размышлении с опорой на образно-символическую трансляцию знаний по теме и поиск нового знания, порождение продуктивных предположений.

Педагог обучает способам познания окружающего мира, отрабатывает умение детей использовать ранее усвоенные знания и переносить их в новую ситуацию; умение определить область «незнания» в новой задаче. Организуется опытническая, экспериментальная деятельность.

Метод экспериментирования позволяет детям реализовать заложенную в них программу саморазвития и удовлетворять потребность познания эффективным и доступным для них способом – путем самостоятельного исследования мира. Эта работа проводится через демонстрацию непонятных явлений (эксперимент, наглядность), активную поисковую деятельность. Делается акцент на выводные знания, нестандартные решения, творческую деятельность, обучение групповой работе. Проводятся тематические динамические паузы.

Итоговая рефлексия направлена на осознание пройденного пути, на сбор в общую копилку замеченного, обдуманного, понятого каждым. Ее цель не просто уйти с ОУД с зафиксированным результатом, а выстроить смысловую цепочку, сравнить свои успехи и неуспехи с другими.

Мы надеемся, что при грамотном подходе к реализации принципов естествознания наши воспитанники смогут смело вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней.

Литература

1.Закон Республики Казахстан «Об образовании» (№ 319-III, 27. 07. 2007 г.)

2.Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (ППРК № 1080 от 23 августа 2012 года)

3.Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012–2016 годы, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан № 832 от 25 июня 2012 года

4.Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения. – Астана, 2016

5.Естествознание. Учебная программа для начальной школы (1-4 классы) в рамках обновления содержания среднего образования (пробный вариант для апробации в 30 пилотных школах). – Астана, 2015

8. Холодова О.Юным умникам и умницам: задания по развитию познава тельных способностей. Методическое пособие. 1 класс (1-4). 2-е изд. – Росткнига, 2005

БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Ахметкалиева Г.М
мектепке дейінгі педагогика пәні оқытушысы
Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Тоқсан жылдан астам тарихы бар Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі бір кездері Шығыс Қазақстан облысының, қала берді республикамыздың шығыс аймағының түгелдей халыққа білім беру саласын мамандармен қамтамасыз етіп отырды. Сол алғашқы қарлығаштар республикамыздың білім беру саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ісінде толымды үлес қосты. Қиындығы мен қуанышты сәттері де аз емес қилы-қилы жылдарды бастан кешкен Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі осы жылдар ішінде ұзақ та күрделі жолдан өтті. Ол жол – бүгінгіегемен еліміздегі білім беру саласы тарихының құрамдас бір бөлігі. Сондықтан оны республика тарихынан бөліп алып қарауға болмайды.

Бүгінгі гуманитарлық колледж жылдар бойы қалыптасып, берік орныққан дәстүрді одан әрі сәтті жалғастыра отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі болашақ ұрпақтарын тәрбиелейтін білікті мамандар тәрбиелеу ісіне зор үлес қосып келеді.Колледж түлектерінің білім деңгейлерінің жоғарылығынан, атқарған істерінің сапалылығынан оқу орнының мамандар даярлау дәрежесінің ауқымы кең екендігін байқауға болады.

Педагогтің ең басты мақсаты - өзін үнемі шығармашылық деңгейде ұстау дейтін болсақ, оқу тәрбие жұмысының нәтижесі - техникалық құралдарға, әдістемелік кабинетке, материалдық базаға тікелей байланысты екені баршаға аян. Кез-келген ұйымның қол жеткізген қандай да бір жоғары жетістіктері, сол ұйымның бірлігі мен біліктілігі қашанда сол ұжымның іскерлігін, беделін айқындайды.

Қазіргі кезеңдегі қоғам дамуындағы ғылым мен техникалық прогреске байланысты ерекшеліктердің бірі мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі мен оқытудың бағдарламасы қайта қарастырылды. Осыған орай, біздің мектепке дейінгі ұйымдардың алдында бүгінгі таңда алда тұрған ең маңызды міндеттерінің бірі – балалардың жас шағынан бастап, өз бетінше ойлау қабілеттерін қалыптастыру, шығармашылық белсенділіктерін дамыту, дарындылықтарын арттыру. Әбу-Насыр әл Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», – десе, біз: «Білім мен тәрбие егіз», – дей отырып, құзіреттілігі шыңдалған педагогтің берген сапалы білімі саналы тәрбиемен шынайы астасқанда ғана ұлт тілегі, мемлекет, халық мүддесі орындалып, қоғам өзінің рухани дамуында асыл қасиеттерге қол жеткізеді.

Біз дайындап жатқан мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы жыл сайын қоғамдық сұраныста болғандықтан жаңа үлгідегі оқыту жүйесінің

интербелсенді әдіс-тәсілдерін меңгеріп, болашақ жас мамандардың өз іс-тәжірибелерінде қолданып кәсіби біліктіліктерін артыра түсері анық.

Бүгінгі таңда жастардың білімін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Олардың біліктілігін, дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі еліміздегі ғылыми техникалық және әлеуметтік-мәдени жетістіктерінің қарыштап дамуынан туындайды. Жастарды оқытуға, оларға кәсіби білім беруге, мамандарды жан-жақты даярлауға қоғам мен мемлекеттің бүгінгі таңда барынша назар аударуы да сондықтан. Мұндай игі істерден колледж де тысқары қалған жоқ.Соның айғағы ретінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының білікті педагогтерінің Өскемен қалалық «Балапан», «Еркетай», «Азамат» балабақша-бөбекжайында өткізілген практикум-семинарларды айтуға болады. Айтулы семинарлардыбалабақша-бөбекжайларда ұйымдастырудың өзіндік себептері бар. Ондағы басты мақсатымыз–практиктәрбиеші-педагогтермен пікір алмасу, олармен бірге жобалар жасау, іс-тәжірибе алмасу, өзіміздегі бар жинақталған технологияларды көрсету болып табылады. Өз кезегінде Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің педагогтері білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың, техникалық және кәсіптік білім беру салаларындағы жобалардың, жалпы елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты мектепке дейінгі мекемелердегі оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде де қажеттілігін дәлелдегендей.

Инновациялық технологияның мектепке дейінгі балаларды оқытып-тәрбиелеудегі маңыздылығы – ол заман талабы. Қазіргі дүние есігін іңгәләп ашқан сәби өмірінің алғашқы жылдарда-ақ отбасындағы ұялы телефон, планшет, теледидар сияқты кез келген техниканың тілін біледі. Сондықтан мектепке дейінгі шақтағы балалардың сөйлеуі, ойлауы, қиялы өте ерте дамиды. Қазіргі мектепке дейінгі жастағы бала мән-жайдың толық түсіндірілуін қажет етпейді. Оларға жалаң сөзбен түсіндіру қызықсыз.

Сонымен қатар өмірінің алғашқы күнінен бастап өзін өте белсенді ұстайтын балалар да көп кездеседі. Іс-тәжірибеде педагог-тәрбиешілердің топ ішінде мұндай ерекше балалармен жұмыс жасауына да көп мүмкіндіктер бола бермейді. Гипербелсенді балаларды тыныштандыру, топтық тапсырманы орындауға, ұйымдастырылған оқу қызметіне бағыттау қиындықпен жүзеге асады.

Соңғы бес жыл шамасында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығына педагогтерді даярлау барысында жас мамандарды гипербелсенді балалармен қалай жұмыс жүргізу керектігін біршама алға қойып келеміз. Осы мақсатта гипербелсенді балаларды тыныштандыру, бір әрекетпен ұзақ уақыт айналысуына мүмкіндік жасау мақсатында жаңаша бір әдіс ойлап таптық. Ол арнайы қолдан дайындалған құрал арқылы баланың бізсіз тоқыма тоқи алуы. Біріншіден, бұл құралды қолда бар заттан жасауға болады. Екіншіден бала өміріне, денсаулығына ешқандай қауіп келтірмейді. Арнайы тоқыма құралы 5 литрлік бос пластмасса құтыдан жасалады.

Бұл құралдың гипербелсенді баламен жеке жұмыс кезінде маңыздылығын анықтау мақсатында Өскемен қаласындағы балабақша-бөбекжайларында эксперимент жасап көрдік. Эксперментке қатысқан қыз балаларға қуыршаққа

мойын жапқыш тоқимыз десек, ұл балаларға өрмекші адамның торын жасаймыз деп қызықтырамыз. Алғашында бір екі ілгекті ілгеннен кейін бала өзінің тоқыма жұмысымен ұзақ уақыт айналысып отырғанын ұмытып байқамай да қалады. Гипербелсенді баланың бар назары тоқымаға аударылғандықтан бастаған ісінің соңына дейін аяқтауға тырысады. Өзінің тоқыма тоқуға деген ептілігі болмасада, бір әрекеттен соң келесі әрекеттің тоқтаусыз жалғасып жатуы баланы тыныштандырады, қызығушылығын оятады. Бұл құралды тек балабақшада ғана емес, сонымен қатар отбасында да қолдануға болады. Бұл құралмен тоқыма тоқу тіпті жұмыстан шаршап келген ата-аналардың да шаршағанын басуға, дем алуына пайдасын тигізеді. Отбасы мүшелерінің бір-бірімен жақын араласуына, бастаған істерінің нәтижесіне бірлесіп жетуге ықпалын тигізеді.

Ежелгі грек ойшылы Платон айтқандай «Егер етікші нашар аяқ-киім тіккен болса, онда бүкіл мемлекет адамдары нашар аяқ-киім киеді, ал егер тәрбиеші надан болса, бүкіл бір буын адамдар өкілі надан болғаны». Қазіргі заманауи тәрбиешіге қоғам үлкен талап қояды және оңды нәтиже күтеді.

Қорытындылайкеле айтарымыз мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы, мектепте білім алуға деген құлшынысының болуы мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігінеде тәуелді. Ал кәсіби құзіреттіліктің өзі ұзаққа созылған, тыңғылықты, өзін шыңдауға бағытталған тәрбиеші еңбегінің нәтижесі. Тәрбиеші болдың - кәсібіңді арғымақша ерттеп, мін, өз ісіңнің шебері бола біл. Өйткені тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігі - бұл өте жоғары деңгейдегі, әрі, ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу және оқыту өнері. Құзіреттілік негізі - жеке тұлға мәдениеті, білім мен өрісті, дүниетаным және осы сапалармен біріге ұштасқан педагогикалық техникамен озат тәжірибе. Бұл қасиеттердің барлығы колледжіміздің мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының білім алушыларына мектепке дейінгі мекемелермен тығыз байланыс орнатудың, іс-тәжірибеден өткізудің негізінде ғана жүзеге асады. Сондықтан колледж білікті маман даярлауда мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерімен жүйелі тығыз байланыста болады.

Әдебиеттер

1. Жақсылықыва Г.И, Каженова А.М, Исмагилова Н.З. Интербелсенді әдіс-тәсілдер. Әдістемелік құрал. Өскемен 2014ж
2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселері – Алматы, 2013 ж
3. Нағымжанова Қ.М, Нұрғазиева Н.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар. Өскемен 2005 ж

Резюме

В этой статье описывается подготовка кваллифицированных специалистов через взаимодействие с дошкольными образовательными организациями. Также представлены методы работы с гиперактивными детьми дошкольного возраста.

МЕКТЕП ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ МӘНІ

Нығметова Ғ.Н.,
Пс.ғ.к., доцент
Салимханова Гуля,
№154 балабақша меңгерушісі
Алматы қаласы

Мектепке дейінгі жас – ерте онтогенез кезеңіндегі ең ұзақ және күрделі психикалық даму көрінісі. Мұның өзі психологиялық зерттеулердің объекті ретінде қосылды және ол ғылыми әдебиеттерде оқиғалардың әр алуандығылығы ретінде көрсетіледі.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С. Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды[1]. Мектеп жасына дейінгі кезеңде қиял – қоғамдық тәжірибені меңгерудегі алғышарты, өйткені балалар қоршаған ортаны, адамгершілікті, эстетикалық идеяларды өзіндік көзқараспен қабылдайды. Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз. Л.С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенмен де, баланың өмірден көрген-білгенінен негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі».

С.Л. Рубинштейннің айтуынша «Қиял – бұл образдық форманы іске асыру, өзгеріске енгізу», – деп түсіндіреді. Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьев қиялдың ерекшелігіне қарай оған арнайы психикалық процесс деп қарауға мән береді [2].Атақты психолог Л.С. Выготский баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген қорытындыға келеді.Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады. Сонымен қиялдың дамуы төмендегідей үш компоненттен тұрады:Бірінші дәрежеде қиял қоршаған болмыспен байланысты, дайын нәтижені ойластыруға мүмкіндік береді.Екінші дәрежеде баланың өткен тәжірибесімен байланысты, бірақ сонда да заттық байланыстың рөлі бар.Үшінші дәрежеде қиялдың дамуы балаға

ақиқаттан қиялдың қозғалысының жоғарғы формасы – ой-пікірден оның іске асуына байланысты.

Біздің тәжірибемізге негіз болған 5-6 жастағы балалардың құрастырған ертегілері мен қызықты әңгімелері мағыналы, жүйелі, өз бетінше еркін жүргізілген жұмыс, қиялдың дұрыс дамуына апаратын көп жолдың бірі болды. Тілі және қиялы жақсы дамыған бала қызықты сюжетті тез арада жанынан ойлап шығара алады. Қиялдың үздіксіз жұмысы – баланың айналадағы әлемді танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке тәжірибе аумағынан шығудың әдісі [2, 41 б.]. В.С. Мухина теориясы бойынша өзінің бастамалары жағынан баланың қиялы сәбилік шақтың соңында пайда бола бастайтын сананың белгілер функциясымен байланысты[3]. Белгілер функциясын дамытудың бір желісі заттарды басқа баламалармен және олардың бейнелеулерімен алмастырудан тілдік, математикалық және басқа белгілерді пайдалануға, ойлаудың логикалық формаларын меңгеруге әкеледі. Екінші желі нақтылы бұйымдарды, оқиғаларды қиял арқылы толықтыру мен алмастыру мүмкіндігінің пайда болуы мен кеңеюіне, жинақталған түсініктердің материалынан жаңа бейнелер құруға жетелейді. Алғашқы кезде қиял заттарды қабылдаудан және ойын іс-әрекеттерін орындауынан ажыратылмайтындай. Ойын үстінде қалыптасқан қиял мектепке дейінгі бала іс-әрекеттерінің түрлеріне де ауысады. Бала сурет салғанда, ертегілер мен тақпақтарды ойлап шығарғанда қиял неғұрлым айқын байқалады.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі шақта зейіннің, естің, қиялдың дамуында ұқсастықтар бар. Егер сәбилік шақта өзінде қабылдау мен ойлау іс-әрекеттері ретінде анықтауға болатын бағдарлау іс-әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі кезеңде мұндай іс-әрекеттер үздіксіз күрделілене және жетіле түседі, ал зейін, ес, қиял ұзақ уақыт жеке сипат ала алмайды. Бала бірдеңеге назар аударатындай, көргені мен естігенін жадында сақтайтындай, бұрын қабылдағанының аумағынан шығарлықтай арнайы іс-әрекеттерді игере білмейді. Мұндай іс-әрекеттер тек мектепке дейінгі кезеңде қалыптаса бастайды.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың зейіні төңіректегі заттарға және осылар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталынады. Бала бір нәрсеге ынтасы өшпей тұрған кезде ғана зейінін шоғырлайды. Жаңа бір нәрсе пайда болысымен-ақ баланың зейіні лезде соған ауады. Сондықтан балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады.

Д.Б. Эльконин пікірінше: «Мектепке дейінгі кезеңде балалар іс-әрекетінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының ілгеруіне байланысты зейін күшті шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады». Мысалы, мектепке дейінгі кезеңдегі кішкентайлар бір ойынды 30-50 минут ойнайтын болса, 5-6 жасқа жеткенде ойынның ұзақтығы 1,5 сағатқа дейін созылады. Мұны ойында адамдардың күрделірек іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының бейнеленуімен және ойынға үнемі енгізілетін жаңа ахуалдардың қолдау табуымен түсіндіруге болады. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, мектепке дейінгі шақтың соңында суретті

көру ұзақтығы екі есе артады, мектепке дейінгі кішкентайға қарағанда алты жасар бала суретті жақсырақ түсінеді, оның өзіне қызықты жақтары мен егжей-тегжейлерін бөліп алады [4].

Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды бөлу мен пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Ойында, сурет салуда, құрастыруда , жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастарды түсінуді, осы байланыстар мен қатынастар туралы білімді жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі. Бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа толық жауап бере алмайды. Бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауға тиіс**.**

Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін тәрбиеші тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады.

Әдебиеттер

1.Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.

2. Возрастная и педагогическая психология. Тексты. - М.: МГУ, 1992

3.Мухина В.С. Балалар психологиясы. - М., 1998.

4. Кулагина И.А. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет. – М., 1998.

МОДЕЛЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО КЛАСТЕРА КАК СРЕДСТВО ПЛАНИРОВАНИЯ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ПРИ ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

Макаренко Лада Михайловна,
преподаватель психологии и частных дисциплин,
Кожахметова Раушан Токтаровна,
преподаватель педагогики и частных дисциплин
ГККП «Гуманитарный колледж» города Астана

Образование – право каждого человека,
имеющее огромное значение и потенциал.
На образовании строятся принципы

свободы, демократии и устойчивого развития…
нет ничего более важного, никакой другой миссии,
кроме образования для всех…
Кофи Аннан

С начала XXI века проектирование различных моделей системы образования становится все более востребованным современным социумом. В сегодняшнем мире практически невозможно найти готовые рецепты, использование которых позволит организации образования наладить собственную эффективную систему взаимодействия с обучающимся, преподавателем, семьей и обществом в целом.

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2016-2019 годы, (Указ Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205) (далее- ГПРОН) в ожидаемых эффектах для обучающихся предусматривает доступ к качественному образованию для всех, к лучшим образовательным ресурсам и технологиям, развитие коммуникативной и профессиональной компетентности.

Цель ГПРОН - повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала для устойчивого роста экономики.

Таким образом, образовательная стратегия Республики Казахстан предполагает качественные изменения в содержании образования, а это, бесспорно, ведет к постоянному поиску новых моделей образования в подготовке специалистов. Одним из новых тенденций в подготовке педагогических кадров является образовательный кластер.

Термин «кластер» (англ. claster - скопление) пришел из информационных технологий и обозначает объединение нескольких однородных элементов, которые могут рассматриваться как самостоятельные единицы, обладающие определенными свойствами. Традиционно им пользуются экономисты, но в последние двадцать лет данный термин плавно «перетекает» в сферу образования. Обусловлено это потребностью объединить профессиональные силы для решения вопроса подготовки педагогических кадров с учетом потребностей образовательных организаций.

Не секрет, что Астана в последние годы испытывает острый дефицит в педагогических кадрах для дошкольного образования. Еще одной актуальной проблемой является неравнозначность потребностей организаций образования и уровня подготовки студентов в колледже. В чем состоит неравнозначность? Она состоит в том, что нормативная база подготовки студентов и требования в дошкольных организациях, перешедших на обновленное содержание образования – неравнозначно.

Колледж оказался в тесных рамках требований устаревшего «ГОСО ТиПО» и новых веяний реформы школьной подготовки, а ведь основная задача дошкольных организаций – подготовка детей к школе.

В этих условиях и назревает актуальность использования образовательного кластера.

Мониторинг успеваемости студентов колледжа, изучение их потребностей, а также мониторинг удовлетворенности работодателей качеством подготовки будущих специалистов отчетливо показал, что практикоориентированное обучение, при котором 40% отводится на практическое обучение оправдывает себя.

Мониторинговые исследования, проведенные в Российской Федерации показывают, что по сравнению с колледжами, ВУЗы сильно отстают в профессиональной ориентации своих студентов на профессию учителя (исследования В.Собкина и О.Ткаченко). Если на 1 курсе 22,3% студентов хотят стать учителями, то на 5 курсе таких остается 10,1%.

В сравнении с мониторинговыми исследованиями только на базе нашего колледжа – более 90% студентов трудоустраиваются по специальности.

Данные показатели находятся в прямой пропорциональной зависимости от планирования учебно-воспитательного процесса в рамках образовательного кластера, который включает взаимодействие с социальными партнерами.

Раскрывая представление об образовательном кластере, необходимо подчеркнуть, что он является не только способом влияния человека на социальную действительность, но и фактором становления, образования самого человека. В результате теоретического анализа под образовательным кластером А.В. Смирнов понимает совокупность взаимосвязанных учреждений профессионального образования, объединенных по определенному признаку и партнерскими отношениями.

На данном этапе колледж сотрудничает с 49 школами, 17 дошкольными организациями и 10 другими организациями в рамках социального партнерства.

Включение вышеназванных учреждений в образовательный кластер строится на принципах территориальной близости, взаимовыгодного сотрудничества, совместного использования имеющейся базы и ресурсов. При разработке моделей взаимодействия учреждений дошкольного, общего среднего и профессионального образования необходимо учитывать принципы, на которых опирается данное взаимодействие:

– принцип открытости, реализующийся в обеспечении образовательными учреждениями способности выбора своего пути развития;

–принцип адаптивности, обеспечивающий гармонизацию взаимоотношений внутри взаимодействующих коллективов, связей образовательных учреждений с социальным окружением;

–принцип системности, формирующий способность образовательного учреждения выстраивать собственную образовательную траекторию вне и внутри учреждения;

–принцип доступности, ориентированный на ближайшие перспективы развития образовательного учреждения, широкий доступ к образованию учащихся и родителей;

–принцип сотрудничества, проявляющийся в создании благоприятных условий для самореализации и развития личности одаренных детей и

подростков, организации совместной жизнедеятельности взрослых и детей, диалогичности взаимодействия;

Каждое учреждение, входящие в кластер, имеет свои приоритетные направления развития, положительные результаты обучения.

Однако утверждать, что модель образовательного кластера совершенна – преждевременно. Существует немало проблем в профессиональной ориентации студента на педагогическую профессию.

Данная проблема вот в чем. В последние десятилетия существует дефицит абитуриентов на педагогические профессии. Причина - низкий авторитет профессии учителя. А ведь если данную работу по профориентации начинать еще в школе – то многие ученики школ нашли бы свое место в обществе раньше.

Рассмотрим модель действующего педагогического кластера.



Как видим, модель действующего кластера несовершенна. Она соответствует линейным отношениям, когда каждая ступень организации образования от детского сада до ВУЗа решает свои проблемы обособленно.

Сравним вышеуказанную модель с современной моделью подготовки будущего педагога.



Анализируя современную модель подготовки кадров, можно констатировать, что она отражает современные реалии подготовки кадров – от государственного заказа, исходящего от Управления образования, до развития в перспективе дуального обучения, которое непосредственно связывает теорию с практикой на основе социального партнерства.

К последней модели и стремится наш колледж. На современном этапе, методом проб и ошибок, колледж быстрыми темпами вступает в конкурентную борьбу за право выпускать высококвалифицированные кадры. В данном направлении сделано немало, а именно:

1. С целью соответствия новейшим веяниям в образовании преподаватели колледжа проходят курсы тренеров по обновленной программе обучения.
2. В целях повышения научно-исследовательского потенциала преподавателей и студентов на базе колледжа созданы две педагогические лаборатории: Научно-методический центр «Гибрат» по специальности «Дошкольное воспитание и обучение» и Педагогическая лаборатория по специальности «Начальное образование». В работу данных лабораторий включаются преподаватели ВУЗов (Университеты «ЕНУ» и «Астана Университет»).
3. Расширяются и совершенствуются базы практик.
4. Изучаются перспективы внедрения дуального образования.
5. В связи с производственной необходимостью, некоторые наиболее профессионально подготовленные студенты трудоустраиваются на последних курсах обучения (в основном по специальностям «Начальное образование» и «Дошкольное обучение»).
6. Рассматриваются пути взаимодействия с ВУЗами для обеспечения непрерывного образования как студентов, так и преподавателей колледжа.

Из вышесказанного следует, что задачами по построению педагогического образовательного кластера выступают:

– разработка положения, включающего основные принципы и подходы;

– определение системы образовательных услуг внутри кластера;

– формирование системы раннего профориентирования учащихся;

– активное взаимодействие через формы сотрудничества и социального партнёрства всех субъектов образования;

– расширение доступа к качественному образованию детей с особыми потребностями либо социально уязвимых слоев населения.

Таким образом, колледж будет выступать связующим звеном между школой и ВУЗом, что обеспечит неразрывность цепочки непрерывного образования.

Литература

1. Образовательный кластер как форма организации клубной работы в школе / Под редакцией *Л.А. Флоренковой, Т.В. Щербовой*: Учебно-методическое пособие. – СПб, 2010.

2. Проект развития образовательных кластеров в республике Татарстан: Официальный портал Правительства Республики Татарстан. www.mert.tatar.ru

3. М. Портер, К. КетелсКонкурентоспособность на распутье: направления развития российской экономики, доклад. http://xrumer.csr.ru/news/original_1324.stm

4. Портер М.Конкуренция / М. Портер. СПб. – М. – Киев: «Вильямс», 2002.

5. Яворский О.Е. Образовательный кластер как форма социального партнерства техникума и предприятий газовой отрасли. Автореферат дисс. Канд. Пед. Наук, Казань, 2008.

6. Каменский А.М., Внутришкольный образовательный кластер, 2009.

7. Корчагина, Е.А. Социальное партнерство как механизм управления образовательным кластером / Е.А. Корчагин // Инновации в образовании. – 2007. – № 6. – С. 43–51.

8. Юрьев, В.М., Чванова, М.С., Передков В.М. Университет как центр инновационно-образовательного кластера / В.М. Юрьев, М.С. Чванова, В.М. Передков // Вестник ТГУ. – 2007. – Выпуск № 5 (49). – С. 7–12.

Түйіндеме

Мақалада мектепке дейінгі мекемелер үшін кадр даярлау мәселелерін ашып көрсетеді. Авторлар әлеуметтік серіктестермен тығыз қарым-қатынаста болатын білім беру кластерінің үлгісін ұсынады.

Резюме

В статье раскрываются проблемы подготовки кадров для дошкольных организаций. Авторы предлагают модель образовательного кластера, предполагающую тесное взаимодействие с социальными партнерами.

РОЛЬ ГРУППОВОЙ РАБОТЫ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

Дюсекеева Айжан Абетовна,
преподаватель педагогики
и частных дисциплин
ГККП «Гуманитарный колледж»,
г. Астана

Не секрет, что в любых образовательных организациях (школах, колледжах, лицеях и т.д.) учителя часто замечают «сильные» и «слабые», «шумные» и «тихие» классы, группы. Характеристики могут иметь разные вариации, но суть одна – мы судим о каждом ученике по группе, к которой он принадлежит. Что это? Желание обобщать? Неумение видеть индивидуальные способности каждого? Нет. Это подтверждение того, что в группах существуют свои правила. Деятельность осуществляется в соответствии с принципами *синергии,* - термин по происхождению чисто биологический,

означающий взаимосвязь групп органов тела для выполнения какой-либо функции, - отсюда и выражение, имеющее в виду совместные усилия группы людей.

Суть синергии в том, что целое больше суммы его частей: коллективное знание больше знаний одного человека, потому что внутри группы возникает дополнительная информация; совместная деятельность будет продуктивнее, так как группа мотивирует ее в более высокой степени.

Формирование группы предполагает выделение общей цели, установление центра руководства, определение способов взаимодействия членов группы друг с другом и распределение между ними обязанностей. Развитие групповой структуры характеризуется созданием групповых норм, межличностных отношений, возникновением лидерства и других феноменов социально-психологической общности людей.

А*) Выбор стиля работы с группой учителем*. Роль ведущего может быть выполнена в разных стилях, в разном формате рассматриваемые в современной литературе методического характера варианты демонстрирует следующая подготовленная нами таблица.

Таблица 1. Возможные роли ведущего

Роль	Словарное значение термина	Поведение и воздействие на группу	Когда рекомендуется
Демонстра-тор	Демонстрация – • Публичное выражение общественных настроений; • Наглядный способ ознакомления; • Публичный показ	• Показывает, как; • Настраивает аудиторию на желание выполнить задание; • Дает чувствовать аудитории свою вовлеченность и уверенность;	При: • обучении новой концепции; • Корректировке методов; • Преподавании в начинающей группе
Адвокат	Адвокат – выступающий в защиту кого-либо, чего либо	• Убеждает людей; • Защищает их позиции; • Показывает на сильные стороны их позиции; • Побуждает группу к оцениванию продукта или своей деятельности; • Побуждает группу опробовать продукт или деятельность	Для: • Воздействия на группу с целью побуждения к принятию решения; • Не применять часто (лучше делиться идеями и приглашать участников попробовать эти идеи)
Эксперт	Эксперт – специалист в какой-либо области, проводящий	• Выдает информацию; • Констатирует факты; • Рекомендует;	• Когда ограничено время; • Когда передача данных является целью;

		• Использует авторитарный тон; • Выражается четко, недвусмысленно; • Мало шансов для дискуссии; • Может «выключить» группу; • Позволяет некоторым группам чувствовать себя комфортно (если они слышат желаемое)	• Когда ведущий компетентен в теме.
Автократ	Автократ – (от «самовластный») правитель с неограниченной властью, самодержец	• Ведет группу; • Точен; • Указывает («вот верный путь») • Надежный панцирь для некоторых; • Может запугивать	• Экстренные случаи
Консультант	Консультант – (от «советующий») – специалист в какой-либо области, дающий советы по вопросам своей специальности	• Слушает; • Предлагает; • Выясняет; • Руководит группой; • Отзывается на нужды группы; • Обеспечивает окончание дискуссии; • Защищает групповые обязательства; • Выявляет хорошие начинания	• Для обеспечения обратной связи – чтобы узнать насколько комфортно чувствуют себя люди
Инструктор	Инструктор – (от «организатор, устроитель») – должностное лицо, дающее указания, обучающее правильной постановке какого-либо дела	• Выдает информацию; • Действует гибко; • Делает обзор; • Критикует; • Руководит; • Обучает группу чему-то новому	• Когда осваиваются «объективные» знания
Манипулятор	Манипуляция – демонстрация фокусов, основанное преимущественно на ловкости рук, умении отвлечь внимание зрителей от того, что	• Нарочно хвалит группу; • Представляет участников как «подопытных кроликов»;	• никогда

	должно быть от них скрыто махинация, мошенническая проделка	• Группа чувствует себя используемой	
Оппозицио-нер	Оппозиционер - участник, сторонник оппозиции. Оппозиция – (от «противопоставление») – противодействие, сопротивление, противопоставление своих взглядов, своей политики какой-либо другой политике, другим взглядам	• поддерживает тех, кто не соглашается; • констатирует проблему, обстановку; • решает проблему	• иногда, осторожно
Модератор	Модератор – (от «умеряющий») – приспособление для приглушения звука в пианино и роялях в виде деревянной планки с наклеенным войлоком и рычагом управления	• просит участников предоставить информацию; • обеспечивает связь между презентациями; • позволяет группе приносить информацию из разных источников; • помогает группе понимать презентацию, так как презентации дополняют друг друга	• если в презентации участвует много людей; • если презентации не связаны сдруг другом
Фасилитатор	Фасилитатор — облегчение взаимодействия внутри группы облегчать, помогать	• поощряет активное вовлечение участников; • останавливает мешающих; • обеспечивает независимые вопросы и идеи; • работает в команде с группой; • вовлекает участников в многоуровневые дискуссии; • участники овладевают процессом обучения; • участники оценивают свои предыдущие знания	• приемлемо в различных ситуациях; • должно использоваться часто

Как видно из таблицы – только роль фасилитатора обладает способностью работать в различных группах, так как по выражению Э.Н. Гусинского, такой подход способствует становлению демократического общества, в котором будут востребованы широко информированные граждане с самостоятельным мнением, аналитическим складом мышления, ответственным отношением к своим и чужим решениям и поступкам.

В) Выбор ролей в группе. Для эффективной организации группового взаимодействия следует умело распределелить роли в группах.

Роль	Руководит дискуссией и следит за тем, чтобы все члены группы участвовали в дискуссии. Полностью отвечает за продуктивность группы и психологический климат в ней.
Хронометрист (таймер)	Следит по часам за своевременным началом и завершением всех этапов работы. Контролирует использование времени. Следит за тем, чтобы группа вовремя выполняла задание и переходила к следующему.
Чтец	Читает вслух для всей группы задания и любую другую информацию, данную группе для изучения
Секретарь	Ведет записи, фиксирует результаты работы группы
Выступающий (спикер)	Устно подводит итоги всему произошедшему в группе, докладывает всей аудитории результаты работы группы или ее решения
Визуализатор	Подготавливает плакаты, наглядно представляющие тезисы выступления докладчика своей группы, или готовит театрализованную презентацию идей и решений группы
Наблюдатель	Наблюдает за работой группы, анализирует стили работы и дает оценку процессам, происходящим в группе, в сопоставлении с достигнутыми и возможными результатами групповой деятельности

В) Методы распределения ролей в группе.

Процесс рапределения ролей достаточно сложный, поэтому сущетсвует 10 альтернатив распределения ролей.

Роли в рабочих группах могут быть распределены с учетом опыта работы, индивидуальных склонностей, в соответствии с желаниями каждого. Но во всех этих случаях высока вероятность перенесения в ситуацию нетрадиционного урока привычных стереотипов и сковывающих инициативу маски ученика. Поэтому более желательно использование игровых приемов. Ниже дано описание 10 вариантов таких приемов.

1. Выбор по алфавиту.

Напишите список необходимых видов работы. Зафиксируйте их последовательность. Составьте список членов группы в алфавитном порядке.

Последовательно передавайте зафиксированные роли членам группы в алфавитном порядке: первую роль – тому чье имя начинается с буквы «А», вторую – тому, чье имя начинается с буквы «Б» и т.д.

1. **Распределение по датам рождения**.

Члены группы составляют список дат рождения (месяц и число).

Первую роль поручают тому, чей день рождения ближе всего к данному дню семинара.

Например, первый член группы 25.09, второй – 12.05, 3-й – 16.10. первым после урока будет отмечать день рождения 3-й участник. Поэтому первая роль по списку поручается ему, вторая роль – второму участнику, третья - первому.

2. Цифровая лотерея.

Попросите членов группы рассчитаться по порядку. Затем пусть в каждой группе напишут цифры в соответствии с количеством членов и положат в коробку. Предложите всем вытащить номер.

Выпавший по такой жеребьевке номер будет соответствовать виду выполняемой работы.

3. Цветовая лотерея.

Обозначьте каждую роль определенным цветом. Роль получает тот, у кого в одежде есть такой цвет.

4. Случайный выбор.

Сначало вывешивается «счастливое число» и алфавит с числовым кодированием каждой буквы.

Затем все участники заменяют в своих именах буквы с числами и подсчитывают сумму. Тот, чья сумма в группе оказалась ближе всего к счастливому числу, тот получает предлагаемую роль.

5. Времена года.

Определите для каждой роли время года. Роль получает тот, кто родился в это время года.

6. Любители животных.

Предложите вид задания тому, у кого больше всего домашних животных.

7. **Распределение по атрибутам одежды**.

Определите для каждой роли вид одежды или аксесуаров (очки, сумка, украшения). Роль поручается тому, у кого соответствующий вид одежды или аксессуар.

8. Самая большая (маленькая семья).

Роль получает тот, у кого больше (меньше) всего родных (двоюродных) сестер (братьев).

9. Сюрприз.

Перед тем, как участники урока зайдут в аудиторию, расположите подходящие наклейки на столах, стульях. Таким образом, вместе с наклейкой участники урока получают и групповую роль. Такой вариант вызывает подъем

настроения, поэтому особенно уместен во второй половине рабочего дня после небольшого перерыва.

Наклейки могут быть использованы эффективно и тогда, когда совмещаются с раздачей дополнительной серьезной информации.

Таким образом, работа в группах является одной из ключевых в организации образовательного процесса. Правильное распределение ролей, выбор учителем стиля организации группы, выбор методов и приемов – основные средства, обеспечивающие качество обучения.

Литература

1.Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Второй (основной) уровень, третье издание. – Астана, 2012. Leadership, 60 (5) 6-11.

2.Александер Р. (2001) Культура и педагогика. Издательство «Wiley-Blackwell».

3.Тихомирова В.Т., Тасбулатова Ш.У Как быть хорошим фасилитатором: Методическое пособие.-Алматы: Национальный Наблюдательный Центр, 2001. - 102 с.

4.Интернет – источники:

http://www.nkj.ru/archive/articles/5105/

http://thejam.ru/puzzle/krossens.html

http://www.ug.ru/method_article/214

Түйіндеме

Мақалада білім беру жүйесінде топтық жұмыстардың әдістерін қолдану барысын ашып көрсеткен.

Резюме

В статье автор раскрывает методы групповой работы как форма организации образовательного процесса.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ

ЕсельбаеваГульнар Қадырбекқызы,
№45 «Арман» балабақшасының тәрбиешісі,
Алматы облысы Талдықорған қаласы

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті. Осыны ескере отырып мен мектепке дейінгі білім беру саласындағы әр жаңалықты өз қызметімде қолданамын.

Қоғам алға жылжып, дамыған сайын білімді әрі жан-жақты болуды талап етеді. Ал, адам ағзасының функционалды мүмкіншілігі өзгеріссіз қалады. Кейінгі кезде балалардың денсаулығы төмендеп бара жатқанын байқайамыз

Әр ата-ана баласының дені сау, бақытты, білімді болғанын қалайды. Педагогикалық еңбек өтілімнің 30 жылға жуықтағанына қарамастан мені «Баланың денсаулығына зақым келтірмей, ерте жастан оқу, санау, жаза білу қабілеттерін дамытуда жоғары нәтижелерге жетуге бола ма?», «Үйрете отырып, балаға танымдық үрдістен бақыт, қуаныш сезімін ұялатып, эмоционалдық тұрғыда жағымды қуат алуға, өз-өзіне сенімді болуына ықпал етуге бола ма?» деген сұрақтар мазалайды. Осы сұрақтардың сәтті шешілуінің кепілі педагогикалық тәжірибеде инновациялық технологиялардың бірі – Н.А. Зайцевтің әдістемесін қолдану деген шешімге келдім.

Н.Зайцев әдістемесінің басты құндылығы – денсаулықты сақтау қызметінің басымдығы, мұның себебі бала дамуының табиғи заңдылығына қатаң сүйене отырып құрастырылғандығында. Өйткені бала әлемді ойын түрінде, іс-әрекет арқылы, үнемі қимылда жүріп танып біледі.

Аталмыш әдістеменің негізгі мақсаты – ойын арқылы оқыту. Кез келген ойынның негізі ізденіс пен өзіндік қалаудан тұрады.

2014 жылғы 9 қазанда ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу туралы №408 бұйрығы шықты. Осыған сәйкес біздің Талдықорған қаласындағы №45 «Арман» балабақшасы эксперименттік алаң болып бекітілді.

Осы бұйрықты жүзеге асыру мақсатында 2015 жылы 4-10 қаңтар аралығында Санкт-Петербург қаласында «Сауат ашу және бастапқы математика әдістемесі» бойынша өткен авторлық курсқа қатысып, автор Н.А.Зайцевтың өз қолынан сертификат иелендім.

2015-жылы 12-қаңтардан бастап Н.Зайцев әдістемесі бойынша арнайы құралдармен кабинет жабдықтап, өз тобымның балаларымен эксперименттік жұмысты бастап кеттім.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика ғылымдар кандидаттарының кеңесімен Н.Зайцев әдістемесінің кестелерінің ретін ескере ана тілінің дыбыстық құрылымының ережесін сақтай отырып, Н.Зайцев кестесін қазақ тілінде жасадым. Сонымен қатар, орыс тілінде берілген «Складовые картинки» атты топтама құралының «Менің айналамда не өседі?», «Менің айналамда не өмір сүреді?» атты сөздерді қазақ тіліне аударып, «Қазақ әліппесіне» арналған суретті жаңылтпаштарды жинақтадым. Қазақ әліппесін де ән әуенімен айту баланың дыбыстарды жеңіл, әрі оңай үйренуге, қызығушылығын арттыруына көмектесетінін өз тәжірибемде байқадым. Мен дыбыстарды меңгерту барысында қазақ халқының әндерінің әуеніне салып балалармен бірге орындап, әліпби дыбыстарын ретімен айтуды үйреттім. Бұндай әдіс балалардың күннен күнге қызығушылығын арттыра түсті.

Сондай-ақ **«Н.АЗайцев текшелерінің» әдістемелік кешеніне де қосымша** қазақ дыбыстарын қостым.

Осы текшелер арқылы балалар:

- түстер бойынша (сұр, қоңыр және сары)
- көлемі бойынша (үлкен, кіші және қосарлы)

• дыбыстық орындалуы бойынша (ағаш, темір, алтын)

• салмағы бойынша (үлкені – ауыр, кішісі – жеңіл), дыбыстардың дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке, ұяң, қатаң, үнді болатынын меңгере алды.

Соның қорытындысы ретінде «Дыбыстар оркестрі» ойынын ойнату барысында балалар қатаң, үнді, ұяң дыбыстарын ажырата алды.

Балалар ойнай жүріп оқуды, сауатты жазуды, санауды үйренеді және алғашқы математикалық ұғымдарды түсінеді. Музыкалық қабілеті жетіледі, ұсақ моторикасы дамиды, денсаулығы сақталады.

Мектепке дейінгі педагогиканың қағидалары: **нақты-бейнеліктен, көрнекілік-әрекеттікке және сөздік-логикалық** оқытуға көшу екені бәрімізге мәлім.

Баланың ақпаратты барлық сезім мүшелерімен: дыбыстық, моторикалық, кинестетикалық, түстік түрлерін қолдану арқылы қабылдауына мүмкіндік жасау үшін көрнекіліктерді кеңінен пайдаланып, олармен түрлі әрекет ете отырып, сөздік атаулар беруге кірісеміз.

Әдістеменің қағидасы: балаларға: «Мен сендерді оқуға үйретемін», – деп жарияламау, көмек көрсетуде аса белсенділік танытпау.

Қорыта айтқанда, Н.А Зайцев әдістемесінің мұндай ерекшелігі 3-жастан жаңа асқан балалар жинақталған өз тобымда қолдануға лайық деген шешімге келуіме, жұмыс жоспарын құруыма негіз болды.

Аталған сынақ жұмысының қорытындысы 2016 жылдың 5мамырында «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының жетекші маманы Г.К. Мақсұтованың қатысуымен өткен Алматы облысында мектепке дейінгі эксперименттік ұйымдарында жалпы білім беретін оқу бағдарламасын сынақтан өткізудің қорытындысы аймақтық жиында талқыланды. Педагогтар өз пікірлері барысында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі:

- балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын **кіріктіру** көзделгенін атап өтті.

Балабақшамызда 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнын іске асыру** міндеті негізге алынды.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес мен жұмыс жоспарымды түбегейлі өзгерттім:отбасымен бірлесе отырып **«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын** жүзеге асыру;сондай-ақ баланың мектептеоқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

• баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;

• балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;

- әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың даму мониторингін ұйымдастыру;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнының сапасын қамтамасыз ету мақсатында Орталық Бағдарламаға әдістемелік нұсқаулық әзірлеуде; Әдістемелік нұсқаулыққа қосымша ретінде тоғыз өтпелі, ортақ тақырыптар арқылы перспективалық жоспарлаудың жаңа түрі ұсынылған.

Берілген өтпелі тақырыптар мен апталық тақырыптар күні бойы (күн тәртібі сәттерінде) жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың (1 жастан 6(7) жасқа дейінгі) білім беру қызметін жоспарлаудың ортақ тақырыптары ұсынылған.

Осы ортақ тақырыптарды негізге ала отырып **«Дарияның кітапшасы», «Ғажайып кілемше»,«Мені қоршаған әлем»** атты кітапшаларды тігіп әзірледім. Бұл кітапшалар – балалардың жас ерекшелігін таңдамайды, атап айтсақ 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға өте тиімді құрал. Ондағы тапсырмаларды балалар ойнай отырып қызыға орындайды. Өйткені, бұл кітапшалар экологиялық таза, баланың көруіне кері әсерін тигізбейтін түстері ашық және қолға жұмсақ шынайы материалдардан тігіліп жасалған. Кітапшалардың тиімділігі: жаңа тақырыпты игеруге, өткен тақырыпты бекітуге, балалармен жеке жұмыс жасауға, балалардың табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамытуға арналған. Осы ойындардың көмегімен бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі туады да, балалардың тілдік және коммуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді.

Бала бәрін қолымен ұстап көріп, зерттеп, тыңдап жүретін дербес, белсенді, әрекет етуші рөлінде болатынын ескере отырып тоғыз өтпелі ортақ тақырыпқа байланысты алынған кітапшаның тапсырмаларын Н.Зайцев әдістемесінің кішірейтілген әндетіп оқу кестесін кіріктіру арқылы жүзеге асырудың тиімділігін ескердім.

Әдістеменің дамытушылық мағынасы, яғни Н.А.Зайцевтің әдіс-тәсілдер жүйесі балаға әріптерді құрамдар арқылы жеңіл меңгеріп, тез оқып үйренуге көмектесетіндігін байқап, әндету кестесінің барлық бөліктерін кішірейтіп, ыңғайланған нұсқасын кітапшадағы әр тақырыпқа байланысты сөздер құрастыруға лайық жасап, балалардың өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндік туғыздым. Балалардың осы кітапша арқылы кестеге сүйеніп, оқып үйренуге деген қызығушылықтары арта түсті.

Сонымен қатар, осы тоғыз өтпелі тақырыптың «Астана – Отанымыздың жүрегі» атты тақырыпшасын меңгеруге «Ғажайып кілемше» ойынында балалар Астана қаласындағы Бәйтерек манументі туралы үлкен океанариум бар екенін онда қандай балықтар мекендейтінін, қаланың шетінде көлемі орман өсіріліп жатқанын, оның пайдасы туралы Есіл өзеніндегі жүзетін су көліктері туралы тағы басқа мәліметтер алады және әртүрлі тапсырмаларды орындайды, салыстыру, санау, топтауды орындай отырып ойын арқылы геометриялық пішіндерді ажырата алады.

«Естігенімді ұмытып қаламын. Көргенімді есте сақтаймын. Мен өз бетіммен әрекет етсем, ұғып аламын» деген қағиданы өз жұмысымда үнемі ұстанып отырамын.

Балалар табиғатынан түрлі-түсті бауларды байлауға, түймелерді түймелеуге, сыдырманы салуға, ілгектерді ілу сияқты ұсақ қол қимылдарын дамытатын ойындармен ойнағанды ұнатады. Сондықтан мен тігуге деген іскерлігімді пайдалана отырып, бүлдіршіндерге арналған түрлі дамытушы кітапшалар, кілемшелерді жасауға болатынын түсіндім.

Күтілетін нәтижелер

Балалар үшін:

- сөйлеу мүкістігі түзеледі;
- әндетіп қайталау нәтижесінде, музыкалық қабілеті дамиды;
- сөздік қоры байиды;
- логикалық ойлау қабілеті дамиды;
- дербес жұмыс жасап, білімге жету қабілеті қалыптасады;
- физиологиялық және психикалық тұрғыда шаршамай ойнай отырып, оқуға үйренеді;
- денсаулығына күш түспейді;
- шығармашылық қиялын, әлеуетін дамыту; түрлі шығармашылық тәсілмен өз сезімдерін, ойын айта білу іскерлігі қалыптасады.

Педагог үшін:

- баланың жеке және дара ерекшеліктеріне сүйене отырып жұмыс нәтижелілігін арттырады;
- кәсіби әрекетінде өзінің тәжірибесі мен шығармашылық әлеуетін жаңа әдістемелер арқылы ашады;
- педагогикалық үдерістің жаңашылдығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді.

Ата-ана үшін:

- баланың ойнай отырып оқуды тез үйренуі эмоционалдық жағымды көңіл-күй, мақтаныш және таң қалу сезімін сыйлайды;
- баланың мектеп оқуына 100 пайыз дайын болуы ата-ана мен бала уақытын үнемдейді, бала оқу материалын қысқа мерзімде оңай әрі шаршамай орындай алатындықтан қосымша үйірмелерге қатысу мүмкіншілігі артады;
- педагогикалық үдерістің жаңашылдығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
2. «Учебник для родителей воспитателям и учителей» Н.А.Зайцев
3. «Тысяча. и еще...» (методическое руководство) Автор Н.А.Зайцев

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ

Сеилгазинова Сандуғаш Айтмұханқызы,
№45 «Арман» балабақша меңгерушісі,
Алматы облысы Талдықорған қаласы

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау. Бұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «Инновациялық үрдіс» немесе «Педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады.

Инновация ұғымының мәні латының «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту», «өзгерту», «жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымда жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құрал, электронды оқулықтармен оқу әдістемелік кешен, инновациялық банк, инновациялық сайт және т.б. жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндіктер векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып қолданыс табуда.

Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу қызметін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологиялар мектепке дейінгі жастағы балаларға білім берудің ең тиімді құралы болып келе жатыр. АКТ-ды қолдану педагогққа бірден бірнеше педагогикалық міндеттерді орындауға мүмкіндік береді:

- фонематикалық есту қабілетін дамытады;
- лексикалық сөздік қорын дамытады;
- қарапайым сөйлеу дағдыларын дамытады.

Балаларға оқыту бағдарламасын қарағаннан гөрі ертегі, әңгіме немесе танымдық фильм көрген немесе тыңдаған әлдеқайда қызық. Мектеп жасына дейінгі балалардың тікелей білім беру қызметінде қолданылатын барлық ақпараттық құралдарды төмендегідей бөлуге болады:

- аудио;
- бейне;
- мультимедиалық құралдар.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 9–қазандағы №408 бұйрығына сәйкес балабақшамыз оқу процесіне жаңа технологиялар мен білім беру бағдарламасын енгізу жөніндегі сынақ алаңы болып бекітілді.

Осы бұйрықты жүзеге асыру мақсатында 2015 жылы 4-10 қаңтар аралығында Санкт-Петербург қаласында өткен «Сауат ашу және бастапқы математика әдістемесі» бойынша өткен авторлық курсқа қатысып, өзіммен бірге балабақша педагогтары А.Қ.Жұмашева, Г.Қ.Есельбаева сертификат иеленді.

2015 жыл 12 қаңтардан бастап Зайцев әдістемесі бойынша арнайы жабдықталған бөлме ашылып, бүгінгі таңда балабақша ұжымы Н.Зайцев әдістемесін қазақ тіліне аударып, кестелері мен текшелерін дайындап, эксперименттік жұмыс жалғастырылуда.

Балабақшамызда 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілгенМектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнын іске асыру міндеті негізге алынды.

Балабақшаның басым бағыттарының бірі – бағдарламаның мақсатын жүзеге асыру, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа отбасымен бірлесе отырып тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектептеоқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Бағдарламаның міндеттері балабақшаның жылдық жұмысында жүзеге асырылуда:

- заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру; балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;
- әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру; бағдарламаға отбасының қатысуы.

Бүгінгі таңда ұжым өз іс-тәжірибелеріне сүйеніп Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына және Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016-жылғы 22-маусымдағы №391 бұйрығына №1 қосымшаға сәйкесұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарына түбегейлі өзгерістер енгізді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы бағдарламаға әдістемелік нұсқаулық әзірлеуде.

Әдістемелік нұсқаулыққа қосымша ретінде тоғыз өтпелі, ортақ тақырыптар арқылы перспективалық жоспарлаудың жаңа түрі ұсынылған.

Берілген өтпелі тақырыптар мен апталық тақырыптар күні бойы (күн тәртібі сәттерінде) жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың (1 жастан 6(7) жасқа дейінгі) білім беру қызметін жоспарлаудың ортақ тақырыптарының мазмұнын балабақша тәрбиешілері түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы бала қызығушылығын арттыратын ұйымдастырылған оқу қызметін жүзеге асыруда.

Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Біз бүкіл ел бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, III тарау, 18-баптың 17-тармақшасында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандары бағытталған, мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген болатын. Осыған орай инновациялық технологияны соның ішінде интерактивті тақтаны қолдану мақсатында біздің балабақшаның педагогтары Алматы облыстық білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар орталығы ұйымдастырған білім беру үрдісінде интерактивті құрылғыларды қолдану әдістемесі бойынша тренингтік курсқа қатысып, сертификат иеленді.

Бүгінде ұжым «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» акционерлік қоғамы Мемлекеттік стандартқа сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жасалған 20 компьютерлік ойындарын апробациядан сәтті өткізуде. Компьютерлік ойындарда балаларды мектепке дайындауға қажетті біліктілігін дамытуға бағытталған Мемлекеттік стандартқа сәйкес жасалған интерактивті тапсырмалар негізгі математикалық дағдыларды дамытуға арналған: онға және жиырмаға дейін санауды, оларды қосу, азайту және тағы басқа логикалық ойлауды дамытуға бағытталған: «артығын табу», іс-әрекеттің ретін қалыптастыру және т.б. байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған: өзінің әңгімесін құрастыруға, аудиожазба жазуға арналған тапсырмалар бар.

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалған Электронды қазақ үйді қолданудамыз. Ол өзі шағын болғанымен, ішінде балаларға арналған 1200 шығарма бар, олар бес бөлімге бөлінген: қазақ ертегілері балалар әндері күйлер дәстүрлі әндер, терме-толғаулар, бесік жырлары, Абайдың қара сөздері.

Бұрынғыдай ауызша үлгіде емес, заманауи техниканың тетігін тиімді түрде пайдаланған абзал. Бұл электронды қазақ үйді түрлі ұйымдастырылған оқу қызметінде, серуен кезінде, ертеңгіліктерде яғни күн тәртібінің кез келген уақытында қолданған өте тиімді екені іс тәжірибеде дәлелденіп отыр. Бес білім беру саласы бойынша бағдарлама мазмұнын ашуда ұсынылып отырған тоғыз өтпелі тақырыпты игеруде электронды қазақ үйдің бес бөліміндегі шығармалар сараланып алынды. Мысалы «Менің Қазақстаным» апта такырыбының «Астана - Отанымыздың жүрегі» тақырыпшасын ашуда шығармашылықта мүсіндеу, аппликация, сурет салуда Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдаса, музыкадан өлеңін жазған Баян Ақтауова, әнін жазған Мақсат Жәутіковтің «Астана» әнін үйренсе, ал «Қатынас» және «Әлеумет» білім беру салаларында

«Әли мен Айя» мультсериалын интерактивті тақта арқылы тамашалап көре алады. «Таным» білім беру саласында интерактивті тақта арқылы Астананың көрікті жерлерімен танысады.

Яғни, әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын жаңа әдіс-тәсілдер арқылы игеру бойынша осы жүргізіліп жатқан жұмыстарға мониторинг ұйымдастырып отырамыз. 2015-2016 оқу жылы тәрбиеленушілердің білімін, іскерлігін және дағдыларын саралау нәтижесінің жалпы қорытындысы 96%-ды көрсетті.

Автоматтандыру – бұл ақпараттық технологияны күнделікті жұмысты ұйымдастыруда қолдану. Бұрындары барлық немесе кейбір жұмыстар қолмен істелетін болса, бүгінгі таңда компьютердің көмегімен орындалады. Бұл мағұлматтар бір жүйеде сақталады. Бұл, сонымен қатар, талдау және басқару шешім қабылдауға мүмкіндік туғызады.

Ұжым қазірде автоматтандырылған ақпараттық жүйені қолдануда. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе тиімділігі менқолайлығы білім салалары бойынша толтырылған индикатор жүйесінің пайызын өзі есептеп шығарады.

Берілген жүйені енгізудің тиімділігі:

- мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін тиімді басқарудың механизмдерін жетілдіру,
- оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша мониторинг өткізу үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Ұжымның мақсаты– мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудің,дамытудың және оқытудың тұтас білім беру процесінтиімді инновациялық әдіс-тәсілдерін ойын түрінде қолдануды қамтамасыз ету.

Кіріктірілген түрде ұйымдастырылған оқу қызметі балаларға жас ерекшелігіне сай білім, білік және дағдыны қалыптастыруға бағытталған.

Күтілетін нәтижелер

Бала үшін

• Бала бойына адами асыл қасиеттерді сіңіреді; қазақтың бай фольклорлық мұраларымен сусындайды; тілдік қорын молайтады, әдеби қуатын арттырады, қоршаған ортаның сырын біледі; фонематикалық есту қабілетін дамытады; қарапайым сөйлеу дағдыларын дамытады.

Ата – аналар үшін

• Ата-ананың уақытын үнемдейді; баланы тәрбиелеу мен білім беруде педагогпен бірлесе отырып, оның тұлғалық әлеуетін ашуға шынайы қатысу мүмкіндігін алу.

Педагогтар үшін

• Кәсіби әрекеттерінде өзінің тәжірибесі мен шығармашылық әлеуетін білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолдану мүмкіндігі; баланың тұлғалық дамуына және оның жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, басты құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үдерістің жаңашылдығы мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Қоғам үшін

• Бастапқы жалпы білім беру және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету.

Қорыта айтқанда, қолданылып отырған инновациялық әдіс-тәсілдер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес: «Денсаулық», «Әлеумет», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» 5 білім беру салаларының базалық мазмұнын қамтып, жоғарыда көрсетілген төрт күтілетін нәтижеге және әртүрлі іс-әрекеттерді кіріктіру жолымен ұйымдастыру арқылы маниторинг көрсеткішінің нәтижесі жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр.

Әдебиеттер

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

2. Электронды қазақ үй. Ғалымбек Қызырбекұлы. Алматы -2014

3. «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ Алматы - 2015

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ЖАҢАШЫЛ БАҒЫТТАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

Алтынгуль Шарифовна Утебалиева,
№1 Мектепке дейінгі авторлық гимназия директоры,
Атырау қаласы

Бүгінде мектепке дейінгі білім мен тәрбие беретін мекеме басшысының алдында тұрған міндеттер өте ауқымды. Басшы оқу-тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастырумен қатар білім саласындағы жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді жете меңгеріп, оны басқару жүйесімен ұштастыру қажет. Педагогикалық ұжымның іс-әрекетін ұйымдастыру, тәрбие мен оқыту жұмысының тиімді жолдарын тауып, оны бақылап, талдай білу – басшының біліктілігіне тікелей байланысты. Ұжымды заманауи жаңаша өзгеріске қарай бағыттап, алдына дұрыс мақсат пен міндет қоя білген басшы әрдайым жетістікке қол жеткізе алады.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы – білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт көшіне сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Гимназияда түрлі қызмет түрлері мен формалар арқылы жасалған өзара келісімдер және мазмұнды жоспарлар негізінде әлеуметтік орта объектілерімен өзара әрекеттеседі [2]. Мен басшы ретінде ұйымның жаңашыл бағыттағы жұмыстарымды серіктестіктен бастауды жөн көрдім. Біз түрлі әлеуметтік серіктестіктермен өзара әрекеттесе отырып, балалардың жан-жақты, толық жетілуіне, педагогтардың педагогикалық шеберліктерін шыңдаумен қатар, балалардың денсаулығын нығайтуға, оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысты

жоғары көтеруге септігін тигіземіз. Осыған байланысты, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде серіктестік үлгісін жасауда және осы үдерістің №1 гимназияда ұйымдастыру тәжірибиесімен бөліскім келеді. Қоғамдық ұйымдармен жоспарлы және жүйелі жұмыс жасау үшін гимназияның жұмыс жоспары жасақталды. Серіктесті таңдағаннан кейін, онымен серіктестік жасау тілегін білдіріп, келісім шарт жасасамыз. Белгіленген мәселені шешу үшін бірлескен іс-әрекет жоспарын құрастырамыз. Әлеуметтік серіктеспен келіссөз жүргізуде өзара-әрекеттесу мақсатын, серіктестік мерзімін, мазмұнын анықтаймыз. Әр жұмыс келесі принциптерге негізделеді: өз еркіндігі, тараптардың тең құқыға иелігі, бір-бірінің мүдделерін сыйлау, заңнамалар мен нормативті актілерді сақтау.

Түрлі қоғамдық ұйымдардың, мекемелердің біздің гимназиямен серіктестігі келесі бағыттармен іске асырылады:

Х. Досмухамедов атындағы Атырау гуманитарлық университетінің және Қ. Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің мектепке дейінгі және педагогика кафедрасымен – АО «НЦПК», №30, №16, №19 мектептерімен, Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Д.Нұрпейісова атындағы қазақ музыка өнер академиясымен, Атырау облысының шахмат федерациясымен серіктестік жасалды.

Ең алдымен, балаларды сауықтыру мен шынықтыру жұмыстарын жүргізу мақсатында, гимназия №2 қалалық балалар емханасымен, қалалық дәрігерлік-педагогикалық кеңесімен және облыстың салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен серіктестік орнатты.

Бала тәрбиелеу жолында, қажетті мамандарды тиесілі дәрежеде дайындау арқылы біз оқу-тәрбие жұмысының ары қарай дамуына үлесімізді қосамыз, осы бағытта гимназия педагогика оқу ұйымдарымен тығыз серіктестік жасайды. Педагогикалық колледжбен серіктестік – гимназияның білім беру үдерісін ғылыми-әдістемемен қамту, студенттердің бірегей тақырыптағы курстық жұмыс жасауы: «Мектепке дейінгі жас шамасындағы балаларға патриоттық тәрбие беру» курстық жұмысты алдын-ала қорғау, мектепке дейінгі гимназия базасында гимназия педагогтарының қатысуымен ғылыми зерттеулер.

Авторлық бағдарламалар жасақтауда өткізілетін эксперименттік жұмыс, гимназияның инновациялық қызмет атқару барысында Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің мектепке дейінгі педагогика кафедрасымен әлеуметтік серіктестігі. Практика мен ғылымның бірлігі, біріздiлігі жалпы білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі. Бүгінгі күнде мектепке дейнгі және бастапқы білім беру кафедрасымен біріге отырып «Қарым-қатынас», «Шаңырақ», «Үштілділік» тақырыбында эксперимент жұмысын ұйымдастырылып, авторлық бағдарламалар жарыққа шықты. Жұмыстар табысты жүлделі орындардан көрінді, соның ішінде, 2015 жылы «Шаңырақ» авторлық бағдарламасы «Ең үздік авторлық бағдарлама» сайысында I орын, 2013 жылы өткізілген республикалық сайыста «Үштілділік» бағдарламасы III орын иеленді.

Әлеуметтік серіктестік аясында «Жерұйық» (мәдениет орталығы) қоғамдық қорының көрме орталығымен өзара қарым-қатынас тақырыптық көрмелерде болу, БАҚ арқылы жұмыс тәжірибесімен бөлісу, буклеттер шығару, байқауларға қатысу арқылы жүзеге асуда.

БАҚ-мен гимназия арасында тығыз байланыс орнатылған «Астана Зиат» орталығы, «Отбасы және балабақша» журналы, «Өзін-өзі тану» журналы, «Алтын қайық», «Мұнайлы Астана», «Прикаспийская коммуна», «Атырау» газеті, «Білімді ел» ресми газеті, «Дошкольный мир» журналы және облыстық телеарна. Бұндай серіктестік мектепке дейінгі гимназияның бейнесін қалыптастыруға, Республикада және облыста мектепке дейінгі тәрбие тәжірибесін таратуға мүмкіндік береді.

Мұражаймен серіктестік нәтижесінде түрлі тақырыптағы жобалар ұйымдастырылды, гимназияда шағын мұражай жабдықталды. Гимназия мен мұражай серіктестігі бірнеше өзара табысты бағытта жасалады:

- балалардың «мұражай сабақтары» арқылы танымдық аясын жетілдіру;
- зерттеу жұмыстары (ізденіс және балалардың қызықты жұмыс формаларымен апробациясы)
- жобалау (бірлескен бағдарламалар жасау)

Г.А.Айдаралиева атындағы Атырау облыстық шахмат федерациясымен жасалған серіктестік арқасында шахмат ойындарына үйрету бойынша үйірме ұйымдастырылды, «Ақылды ладья» бағдарламасы, сонымен қатар балалар қалалық спорттық сайыстарға қатысты. Шахмат федерацияларымен серіктестік, ата-аналар мен педагогтар арасында жақсы бағаға ие болды. Біздің гимназия тәрбиеленушілері Халықаралық шахмат сайыстарында жүлделі орындарды иеленуде, және әрі де жеңімпаз атанарына сенеміз. Жоғарыда айтылып өткен жұмыс, яғни сыртқы қоғаммен жасалған байланыс, қоғамның балабақшамен оның қызметіне тілектес болуына көмегін тигізетіндігін көрсетеді.

Еліміздің ертеңі болар балалар тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, оларға рухани тәрбие беру мақсатында, біздің мектепке дейінгі гимназия рухани-адамгершілік тәрбиесін дәріптейтін өзін-өзі тану пәніне ерекше көңіл бөледі. Гимназияның педагогикалық ұжымымен пәнаралық байланыстарды іске асыру көмегімен өзін-өзі тану технологиялар арқылы тәрбиеленушілерге рухани-адамгершілік білім беру жүйесі жасақталды. Заманауи білім беру дамуының бастапқы үрдісінің бірі – оның мазмұнын кіріктіріп оқыту. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, кіріктіріп оқыту балаларда әлемнің толық бейнесін қалыптастыруда, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді, қарым-қатынас жасау қасиеттерін жетілдіреді.

Бұл технологияның әдістемелік жаңалығы – оның интерактивті тәртібінде, тәрбиеленушілерді рухани-адамгершілік құндылықтарға өмірдің барлық тұстарын үйретуді қарастыруында. Бұл үдеріске тек қана балалар ғана емес, ата-аналар мен пән мұғалімдері де тартылады. Кіріктіріп оқытудың мақсаты – бұл балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруда, қарым-қатынас қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретін, түрлі қызмет түрі арқылы белгілі бір тақырыпты ашу.[1] Кіріктіріп оқытудың педагогикалық әдістемелік

технологиясы түрлі болуы мүмкін, алайда қандай да болмасын жағдайда оны үлгілеу қажет. Ал қажетті үлгі схемасын іздеу – педагогтың шығармашылық белсендігінің көрсеткіші.

«Шаңырақ», «Қарым қатынас» авторлық бағдарламары мен «Өзін-өзі тану» бағдарламасы бір негізгі рухани-адамгершілік тәрбиелеу мақсатын ұстанады. «Шаңырақ» авторлық бағдарламасының негізгі мақсаты – туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, балалардың туған өлкесі туралы білімін кеңейту, балалардың бойына туған жерінің табиғатын қорғауды тәрбиелеу.

«Өзін-өзі тану» оқу қызметінде облысымыздың табиғаты туралы, туған өлкенің табиғи байлықтары туралы бейнероликтерді қолданамыз, осы аймақтың танымал адамдарымен кездесулер ұйымдастырамыз. «Мұнай және балық-туған жердің басты байлығы», «Туған өлкенің ең үздік ауданы», «Туған өлкенің танымал тұлғалары». «Қарым қатынас» авторлық бағдарламасы және «Өзін-өзі тану» бағдарламасы арқасында, балалар өздерінен келеңсіздік әрекетін ұстауды, жанжалдан алшақ болуды, өздерінің әрекеттерінің бағалауына мұқият қарауды үйренеді. Гимназияда біз ата-аналарды бірлескен жұмысқа тартуға тырысамыз. Осы жұмыстардың бір формасы ретінде, «Ең үздік гимназия отбасы», «Ең үздік жоба» байқаулары өткізіледі.

Жоғарыда көрсетілген барлық балалардың ата-аналармен жұмыстары өз жемісін береді. Біз қалалық және облыстық шараларда өз жобаларын қорғаған тәрбиеленушілерімізбен мақтан етеміз, біздің балалардың үздік жобалары облыстық әдістемелік кабинетінің «Дарынды балалар» жинағына енгізілді. Ал, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай өткізілген «Отбасым менің өзімде» байқауында гимназиямыздың Нұрғалиевтер отбасы «Үздік жоба» марапатына ие болды.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенде қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын (4). Біздің ұйым қазақ, орыс және ағылшын тілін үйрету арқылы үштілді білім беруді қолға алды. Жұмыстың басында шығармашылық ұжым үштұғырлы тілді дамыту «Үштілділік» жобасын жасақтады. Бұл жоба балалардың туған тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілінде келісімді білім алу жағдайында үштілді қатар меңгеру мәселесіне бағытталған. «Үштілділік» жобасының ең басты мақсаты – үш тілде сапалы да терең білім беру, балалардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, үш тілде еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу.

Осы жұмыс барысында, алдымен, біз үш тілде оқытудың моделін жасақтадық:

1. Тілдік дамытушы орта ұйымдастыру;

2. Үштілділікті меңгеру бойынша оқу бағдарламаларын құру;

3. ҰОҚ, музыка, ойын-сауықтар, ертеңгіліктер, театрлық іс-әрекеттер арқылы тәрбиешілер мен мамандардың өзара байланысында билингвальді компонентті пайдалану;

4. Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін көтеру;

5. Жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу;

6. Мектеппен байланыс.

Гимназияда үштілдік дамыту үшін барлық жағдай жасалған. Оқу жоспарына сәйкес II-кіші сәбилер тобынан бастап орыс топтарында қазақ тілі, қазақ топтарында орыс тілі пәндері және ағылшын тілін оқыту ересек топтарда оқытылады. Бұл топтардағы оқу қызметтері мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Бұдан басқа ортаңғы топтарда ағылшын тілінен ақылы үйірме бар. Үйірме жұмысы «Қызықты ағылшын тілі» атты бағдарлама бойынша жүргізіледі. Ересек топтардың вариативтік бөлімінде біз «Үштілділік» авторлық бағдарламасын пайдаланудамыз.

Авторлық «Үштілділік» бағдарлама ересек топтардың балаларына тілдерді үйрету мақсатын вариативтік бөлімінде іске асыруға бағытталған. Бағдарламада тілдерді үйретудің педагогикалық шарттары мен әдістемелік негіздері, жолдары және оқу қызметтерінің технологиялық карталары, дидактикалық материалдары мен ойындары, хрестоматиясы және қосымшалар жасақталған. Бағдарлама бойынша ҰОҚ жаппай немесе топтық негізде, сонымен қатар басқа да қызмет түрлерімен кешенді сабақтасады (айналамен таныстыру, тіл дамыту, бейнелеу өнерімен). Біз балалардың тілдерді меңгеруге деген ынталары мен қызығушылықтарын инновациялық технологияларды пайдалану арқылы арттырудамыз.[3] Бұл жұмыс түрлерін атап айтсақ, ActivInspire Primary бағдарламасы арқылы жасалған флипчарт-ойындар, Power Point – триггер бағдарламасы арқылы жасалған ойындар, мнемотехнология, Т.Бьюзеннің ментальді картасымен, перфокартамен жұмыс, түрлі интерактивті ойындар, «Сиқырлы қалам» интерактивті оқу-танымдық кешені мен тілдерді үйренуге арналған дамытушы мультфильмдерді, электронды қазақ үйді оқу қызметінде де, оқу қызметінен тыс жұмыс түрлерінде де жиі қолданамыз. ActivInspire Primary бағдарламасы бойынша флипчарттарды үнемі түрлендіріп отырамыз. Сонымен қатар, балалардың алған білімдерін бекіту мақсатында мнемотехника, перфокарталарды тиімді қолдануға тырысамыз. Оны флипчарт түрінде де, триггер ойыны түрінде де қолданамыз.

Балаларға тілдерді меңгеруге байланысты шараларды тәрбиешілермен, саз, би, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері мамандарымен үнемі бірлесіп өткізуге жұмыстанамыз. Педагогтар жалпы үш тілді үйрету оқу қызметінде жиі түрлендіру әдістерін қолданады. Мысалы: математика оқу әрекетінде үш тілде 10-ға дейін санау, музыкада үш тілде өлең айтып, үш тілде көркем сөз оқып, үш елдің биін билейді. Тілдерді жетік меңгеру барысында мынадай тәсілдер қолданылады: дүйсенбі – қазақ тілі күні, сәрсенбі – ағылшын тілі, жұма – орыс тілі күні болып белгіленіп, осы күндері педагогтар ата-анамен де, баламен де

сол күнге белгіленген тілде сөйлеседі. Тұрмыстық, еңбек, ойындық үдерісте, күн тәртібінде, оқу әрекетінде үйренген материалдарын нақтылайды. Мысалы: жуыну кезінде тәрбиеші балаларға үш тілде сөйлесе алады. Балалар қолдарын жуып, сүртіп жүріп дене мүшелерін, жуыну құралдарын үш тілде қайталаса, серуенде киімдер туралы, жыл мезгілдерін үш тілде қайталайды. Біздің алдымыздағы бүгінгі бала – ертеңгі елдің қожайыны. Сондықтан бүгінгі күннен бастап Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеуге атсалыса отырып, мектепке дейінгі жастағы балаларға тіл үйретудегі жасалып жатырған жұмыс табысты нәтиже әкеледі деп сенеміз.

- Нүктелер арқылы сурет салу. Нүктелер саусақ немесе қылқалам ұшымен тықылдату әдісі арқылы түсіріледі, нүктелердің көлемдері әр түрлі болуы мүмкін. Нүктелер арқылы салынған сурет мозаика сияқты болады. Контур нүктелерді қойып суреттің сызбасы дайындалады. Балаға нүктелерді сызықтармен қосу ұсынылады. Пайда болған бейнені аяқтауға, бояуға, сюжет ойластыруға және ат қоюға болады. Жұмысты аяқтаған соң балалар ашық түстерді немесе суық және жылы түстерді көп қолданған суреттерді топтастырады
- Құммен, тұзбен, жарма ұнтағымен сурет салу әдісі. Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты

ұнататыны сөзсіз. Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылып алынады, пва желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып шығамыз, жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды, тұзды, түрлі түсті борлармен боялған жарманы себелеп шығамыз.

Осы әдістердің балалармен жұмыс жасауда өте тиімді екенін ескере келе, өз іс-тәжірибемде жиі қолданып, «ТРИЗ әдісін бейнелеу өнерінде қолдану» тақырыбында жұмыс жүргізудемін.

Мақсатым: балаларды сурет салудың техникалық дағдыларын үйрету. Сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету.

Жұмыс барысында бастыру әдісімен балалар «Күзгі алаңқай», «Тәтті дәрумендер». «Мейірімді жүрек», «Ғажайып аквариум» тақырыптарында жұмыс жасады. Боялған жүгері собығы, сулы дәке, боялған түйіршікті целофанды бастыру арқылы сурет салу нәтижесінде ғажайып суреттер пайда болды.

1-сурет. Бастырма әдісі бойынша балалар «Күзгі алаңқай» тақырыбында жұмыс жасауда.

2-сурет.

Қылқаламды тік бастыру арқылы боямақтарды бояу

«Ғажайып аквариум» суретін салу барысында сулы жұқа дәкені пайдаландық. Мұнда балаларға дайын аквариум пішіні берілді.Сулы ақ дәкені көк, жасыл түстерге бояп, бастыру арқылы аквариум әлемі пайда болды.

Балалар шығармашылық қабілеттерін әрі қарай жалғастырып, түрлі штамптар көмегімен балықтарды бастырып салды.

Балауызбен сурет салу әдісі арқылы «Менің қалам» тақырыбында балалар өз туған қаласын, ондағы биік үйлерді бейнеледі.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде «Сиқырлы әйнектер» тақырыбында, балалар дайын әртүрлі пішіндегі әйнектерді өрнектеді. Балалар жұмыс алдында қандай өрнектер салатынын ойланып, қаламмен бірнеше суреттерді салып, салынған сурет үстінен балауызбен бастырып шықты. Түрлі түсті бояумен бояды. Әйнектегі аяз салған суретті өздері де сала алатындығын түсінді.

«Мерекелік отшашу», «Ұлттық оюлар» тақырыбында пва желімі мен тұзды пайдаланып сурет салуда балалардың ұшқыр ой қиялдары дамыды, қызығушылығы артты.

Эбру суда сурет салу әдісі бойынша жүргізілген жұмыс алдында, балаларға суды дайындауды көрсеттім, қандай құралдарды қолдану керектігін түсіндірдім. Суды дайындау үшін суға крахмал (желім не қоюландырғыш) қосылады. Ол су бетіндегі бояуды ұстап тұрады. Балалар су бетіндегі бояуды таяқшаларды қолдана отырып, ғажайып бейнелерді жасай білді. Мысалы; көбелек, гүлдер, жүрекше т,б бейнелер. Бұл әдіс балалар бойындағы қорқынышты жоюға, өзін ортада еркін ұстауға бейімдейді.

Сия тамшысы арқылы сурет салуда балалар «Гүлдеген алма ағашы», «Томпақ бізде қонақта» тақырыптарында жұмыстар жасады. Әртүрлі бағытта жүргізілген сызық неге ұқсайтынын тауып, қосымша бөлшектерін бейнеледі.

Томпақ жайлы өз ойларынан шыққан өлең шумақтарын ортаға салды. Мысалы:

Томпақ, Томпақ, Томпақсың
Сүп сүйкімді ғажапсың
Сенімен бірге әдемі
Аспан жұлдыз әлемі

Саусақпен сурет салу әдісі бойынша боялған саусақты басу арқылы піл, шаян, құс, балық т.б. суреттер сала білді.

Балалар Монотипия сурет салу әдісі бойынша жүргізілген жұмыста табиғаттағы жыл мезгілдерін көрсете білді.

Осы әдіспен жұмыс жасауды дамыту аясында ата-аналарға балалармен үй тапсырмасы ретінде қосымша тапсырмалар берілді.

Көпіршікпен сурет салуда «Бақбақ», «Қиял әлемі» тақырыптарында жұмыс жүргізілген кезде, түрлі түсті көпіршіктерді қолданып, қағаз бетіне

түтікше арқылы гүлдерді, бейнелерді сала білді. Көпіршікпен сурет салу балаға ең қызықты іс әрекеттің бірі.

Нәтижесінде балада көркемөнер туралы білімі қалыптасады, шығармашылығы дамиды, отбасы және балабақша ынтымақтастығы орнайды, сурет салу іс-әрекеттері арқылы бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілік оянады. Іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады.

Әдебиеттер:

1. Ф.Н.Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика». Астана 2012 жыл.

2. Ф.Ниязбекова. М. Сансызбайқызы. «Балабақшада баланы мектепке дайындау» Алматы «Шартарап» 2000жыл.

3. Д.А.Кошанова.А.Г.Молдаханова. «Біздің балабақша» 2007жыл

БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІГІ

Даримова Ф.А.
№67 балабақшасының меңгерушісі
Астана қаласы

Мақсаты:

- ата-аналармен бірлесе отырып,баланың тұлғасын дамытуға бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру;
- отбасымен бірігіп балардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау;
- баланың тұлғалық әрекетінің дамуы үшін отбасымен бірге эмоционалды жағдай туғызу, психологиялық жағынан кедергісіз жетілуін қамтамасыз ету.
- отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып, балаларды әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау.

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы - өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі.

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады.

«Жаста білген,басқа сіңген тәлімің,өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас», - деп классик жазушы айтқандай балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын, ұлттық сезім нышандары, сөз өнері оның болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтеді.

Оны туған жерге, елге, халқына деген сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу – аса жауапты міндеттердің бірі.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы.

Осы екі арнада жүргізілген тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана мақсатымыз нәтижелі болмақ.

Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мақсаттардың бірі – айналаны тану, сезіну,қабылдау, түсіне қарай таңдау, әсерлей білу, өзіне мақсат қоя білуге баулу. Өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы тамаша көріністерден жан азығын алып әсерлене білуге үйрету. Білімге, білуге, құштарлыққа, әсемдікке, талғампаздыққа тәрбиелей отырып, баланы болашақ білім ордасы – мектепке дайындау.

Педагог ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасындағы өнегеге байланысты екенін білеміз. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым – қатынасын талап етеді.Бұл қарым-қатынастың жаңашылдығы «ынтымақтастық» және «өзара қарым-қатынас» деген түсініктермен анықталады.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің отбасымен өзара қарым-қатынас барлық нысандары мен түрлерінің негізгі мақсаты балалар, ата-аналар, педагогтар арасында сенімділік қатынасты орнату, оларды бір командаға біріктіру, өздерінің проблемаларымен бөлісу және бірлесіп шешу қажеттілігіне тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі мекеме педагогтары мен ата-аналардың өзара сабақтастығы мен серіктестігін мынадай жұмыс бағытында іске асыруға болады:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру;
- іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу, әртүрлі үйірмелер, клубтар) және қосымша қызмет көрсету;
- балалардың шығармашылық жоспарларын іске асыруға жағдай жасау;
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету;

I.Педагогикалық - психологиялық сауаттылыққа жетілдіру.

Ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерінің түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруына ықпал етеміз. Ата-ана баланың мүмкіндігін ескеру, сонымен қатар кідіріс те болдырмау керектігін түсінеді. Ата-аналардың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтайтын жағдайлардың кешені өз деңгейінде болу қажет. Олар отбасының

тұрмыстық жағдайы, құрылысы және отбасы мүшелерінің саны, психологиялық жағдайы, мәдени білім деңгейі, ата-ана өнегесі.

Ата-аналарға педагогикалық сауаттылықтарын жетілдіру мақсатында «Білгім келеді» сабағын өткіздім. «Бала тілі - бал» тақырыбында арнайы топ газетін шығарып балалардың қызықты сәттері мен өз қиялдарынан шыққан тәтті сөздерін жазып іліп қойдық. «Жылжымалы папка» ата-анамен байланыс дәптеріне ата-аналар өз пікірлерін жазып, кеңестермен танысты. «Балам өсіп келеді...» тақырыбында ата-аналарға эссе байқауын өткізіп пікірсайыста талқыладық.

II. Іс- әрекеттің түрлі формалары

Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Бәрін мен дұрыс істеймін бе, неге менде тәрбиелеудің өзге нәтижесі қалыптасқан, неге үйрену керек деген рефлекстік қызмет «іске қосылады». Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс – тілектерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейілінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін біздің балабақшада «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды. Балаларды қол өнердің кейбір түрлеріне, кесте тігуге үйретсе, кейбір ата-аналар ертеңгіліктерге бірігіп декорация жасауға, киімдер тігу, атрибуттар дайындау сияқты жұмыстарға атсалысады. Мерекелер, балаларды қорғау күні қарсаңында «Сүйікті ойыншықтарым», «Ғажайып балалар әлемі» атты акциялар өткізіп ата-аналарымыз өз қалаулары бойынша демеушілік жасап балаларға сыйлықтар тарту етті.

Құм терапиясы арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

III. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дұрыс бағытта дамыту үшін олардың жас ерекшеліктері мен нақты дара ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастыру қажет. Балаларға арналған көркем шығармалар баланы шынайы болмысты нақты әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп баяндап баланың сөздік қорын молайтып,тілін байытамыз.Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнерімен жалпы топтық ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс уақыттарда шұғылдана алады. Барлық білім салалары бойынша іске асыруға болады.

Балалардың логикалық ойлау қабілеті, интелектуалдық дарындылығы, есте сақтау қабілеттері түрлі логикалық, сенсорлық ойындар арқылы баланың шығармашылық қабілеті дамып, ақыл-ой белсенділігі арта түседі.

Шығармаларды, ертегілерді, әңгімелерді еске түсіріп сөйлеу шығармашылығын дамыта отырып, театрлық көрсетулер ұйымдастыруға болады. Ата-аналармен жүргізілген жиналыстарда балалардың жұмыстарынан көрме жасап қоямыз. Ата-аналармен біріге отырып қуыршақ театрлары мен ертегілерді бірігіп сахналаймыз. «Тыңда балам, ертегі» айдарымен ұсынылатын әжелердің ертегілерін тыңдаймыз.

Ата-аналармен, балалардың шығармашылықтарын шыңдай түсу мақсатында «Жарасымды отбасы» сайысын өткіздім. Онда отбасылар өз өнерлерін көрсету, қол өнер шеберліктерін, тест тапсырмаларын орындау сияқты сайыс кезеңдерінен өтіп өз бағаларын алды.

IV. Қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу.

Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіскер ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрінде өткіземіз. Бұл екі жағдай да, нақты міндет: нені анықтау қажеттігі, немен көмектесуге болатыны белгіленеді, ата-аналардың пікірлерін де тыңдаймыз.

Ата-аналар конференциясы. Конференцияның негізгі мақсаты – отбасылық тәрбиелеудің тәжірибесімен бөлісу. Ата-аналар алдын- ала мәлімдеме дайындайды, немесе оларды бірлесіп те дайындаймыз. Конференцияның өзекті тақырыбы мысалы, «Бала денсаулығына қамқорлық» атты конференцияға Қазақ түрік лицейінің балалар дәрігері, диетологі Жолмаханова Жұмагүл Сағынтаевна қатысуымен балабақша ішілік конференция өткіздік. Бұған барлық ата-аналар, тәрбиешілер, балабақша қызметкерлері қатысты. Сондай-ақ мұндай конференцияларға балалар әдебиетінің жазушыларын, заңгерді қатысуымен өткізіп, ата-аналармен пікірлер бөлісіп, өз қызметтерінің бала тәрбиесіне тигізер пайдасы туралы тәжірибелерімен бөлісе алады.

Конференцияны мектеп жасына дейінгі мекеме балаларының, қызметкерлерінің, отбасы мүшелерінің бірлескен концертімен аяқтауға болады.

V. Әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке даралығын дамытуға отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлі емес өзара іс-әрекеті бірлігінің педагогикалық принципі негізінде жүзеге асыруда байқауға болады.Тәрбиешілердің, қоғамдық ұйымдардың және отбасының ұрпақты тәрбиелеуде бірлесіп қоян-қолтық жұмыс істеуін талап етеді.Егер де тәрбиелеу күштері қалыптаспаса және бір-біріне қарама-қайшы келсе, онда бала психикалық жүктемелерге тап болады.

Дамытушы ортаға

• Демалыс аймағы;

• Интеллектуальдық - танымдық аймақ;

• Өз бетінше бейнелеу әрекетін жасау аймағы;

• Ойын аймағы.

1.Балалардың педагогикалық-психологиялық даму картасы

Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторлары. Тәрбие мен білім берудегі дамытушы ортаның деңгейін анықтаушы индикатор жасаймын

2.Отбасындағы баланың дамуын зерттеу (отбасына бару сауалнама, тест, интерпритация - суреттері, т.б) жазып қоямын

3.Тренинг жұмыстарын ұйымдастыру

«Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі»

4.Топтық,жеке кеңес беру

Кеңестер. Әдетте кеңестер жүйесі құрастырылады, олар жеке дара немесе ата-аналар топтарымен жүргізіледі. Топтық кеңестерге бірдей проблемалы немесе тәрбиелеуде бірдей табыстары бар әр түрлі топтың ата-аналарын шақырамыз.Ата-аналардың белгілі білімдерді, әдістерді меңгеруі, проблемалық мәселелерді шешуге көмек көрсету кеңестердің басты мақсаты болып табылады.Кейбір жас ата-аналарға семинар - практикумдардың маңызы зор. Бұл нышан оқытудың әдістері мнн тәсілдері туралы айтуға, кітапты қалай оқу керектігін көрсетуге, иллюстрациялы суреттерді көруге, оқығаны туралы әңгімелеуге, жазуға қолын жаттықтыруға мүмкіндік береді.Топтық жиналыстарды талқылауға 2-3 мәселені ұсынады бір сұрақты тәрбиеші дайындайды, басқа мәселелер бойынша ата-аналар немесе мамандардың біреуі дайындайды. «Балалардың кітапқа деген қызығушылығын қалай ояту керек?», «Теледидар балаларды тәрбиелеуде дос па әлде жау ма?» өткізуге болады.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Біздің мақсатымыз XXI ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (13.05.2016ж № 292 ҚРҮҚ)

2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

3.Р.Қ.Аралбаева Мектепке дейінгі педагогика - Алматы-2012

III СЕКЦИЯ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жубандыкова Акгуль Мурзалиевна, п.ғ.к.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Ахан Қарлыға
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
2 курс студенті

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу-оқыту процесінің сапасын арттыру өзектілігі арта түсті [1].

Өйткені қоғамның қызығушылығын қанағаттандыру және қол жетімділік пен сапаны қамтамасыз етуге бағытталған мектепке дейінгі деңгей үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды құрамы болып табылады.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы тәжірибеге енгізілуде.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға заман көшіне сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы соншалықты кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Қарқынды дамып жатқан технология ғасырында, біздің елімізді алдыңғы қатарлы мемлекеттер арасына қосуды мақсат еткен Елбасымыз «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» деп сеніммен айтқан. Баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы кішкентай жастан басталады. Демек, еліміздің сенімді болашағын тұрғызу үшін біздің негізгі мақсатымыз инновациялық технологияларды жатық меңгерген «жаңа заман баласын» тәрбиелеу. Бұл қажеттілікті айқындау үшін, білімнің алғашқы сатысын меңгеретін, тәлім мен тәрбие алатын, алғашқы білім мекемесі – балабақшадағы педагогтар сапалы, жан-жақты дамыған, әрі шығармашыл болуы қажет.

Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу керек.

Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай

жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Әрине мұндайда педагогикалық технологияға анықтама берген ғалымдардың бірін атап өтсек, олар: В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.М.Кларин, П.И.Третьчков, И.П.Сенновский, Г.А.Монахова, М.А.Чошанов т.б. өз еңбектерінде қарастырып өткен.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

«Инновациялық технологиялар» термині жаңадан енгізіліп жатқан жоқ, онымен барлық мекемелер жақсы таныс, әрі оны қолданысқа енгізген. «Инновациялық технологиялар – білімнің басым мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды». Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: денсаулық сақтау, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, деңгейлеп оқыту, ТРИЗ, ӨТШТ, Монтессори әдістемесі, Тәй-тәй, В.Воскобович, Г.Доман, З.Дьенеш технологиялары және т.б.

Бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін де елдің білімі, білім беру сапасы жоғары деңгейде болуы шарт. Осы білім беру жүйесінің бастауы мектепке дейінгі ұйымдардан басталатынын ұмытпауымыз керек. Ал, мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру жүйесін қалай дамытамыз? Әрине, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану арқылы.

Заманауи қоғамға тәрбиеші-орындаушы емес, тәрбиеші-зерттеуші, жоғары білімді, бастамашыл тәрбиеші қажет.

Инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік т.б. қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді, әр педагог өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды сауатты қолдану негізінде баланың еркін дамуына, жан-жақты тәрбие мен білім алуына, белсенді шығармашыл болуына жағдай жасалады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі дидактикада баланы дамытудың әртүрлі материалдары қолданылады. Дегенмен, бала ақылының дамуына арналған, соның ішінде математикалық, ойлау қабілеттігін дамытуда ең маңызды деген материалдарды бір қалыпқа келтіріп қалыптастыру мектепке дейінгі оқыту барысында кез-келген маманның қолынан келе бермейтін күрделі шаруа. Венгер психологы, әрі математигі Дьенеш жасаған логикалық блоктар баланың

алғашқы жылдарындағы логикалық ойлауын дамыту мен олардың ойлау қабілеттерін математиканы меңгеруге дайындауда неғұрлым тиімді әдістеме болып отыр.

Логикалық блоктарды венгердің психолог-математигі Золтан Дьенеш ойлап тапқан. Балаларды блоктар арқылы ойната отырып, оларға нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен жуандығын көрсетіп, ажыратуға үйретуде, информатикадан бастапқы сабақтар және математика тұрғысынан алғы ұғымдарды меңгертуде таптырмас құрал. Ол балалардың ойлау әрекеттерін дамытады (сараптама, салыстыру, боптау, жалпылау), логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін және танымдық қабілеттерін (қабылдау, есте сақтау, наразға алу, елестету) жетілдіреді. Дьенештың блоктарымен ойнай отырып, бала әртүрлі заттық әрекеттер жасайды (бөлу, белгілі ережемен орналастыру, қайта орналастыру және т.б.). Дьенештың блоктары үш жастан асқан балаларға арналған.

Дьенештің логикалық блоктары 48 геометриялық фигуралардан тұрады:

а) төрт пішінді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш);

б) үш түсті (қызыл, көк және сары);

в) екі көлемді (үлкен және кішкентай);

г) қалыңдығының екі түрі болады (жуан, жіңішке).

Жинақта бірдей бір де бір фигураны кездестірмейсіз. Әрбір геометриялық фигура төрт ерекшелігімен беріледі: пішіні, түсі, көлемі, жуандығы.

«Логикалық блок» атты дидактикалық жинақ 48 көлемді геометриялық пішіндерден тұрады, олар бір-бірінен көлемі, түсі, қалыңдығы мен пішіндері бойынша ажыратылады. Осылайша әр пішін төрт өзіндік ерекшелігімен белгіленеді: түсі, пішіні, көлемі және қалыңдығы. Жинақта осы ерекшеліктері бірдей келетін пішіндерді таба алмайсыз, олардың әрқайсысы өзінше әртүрлі. Ерекшеліктерінің нақты нұсқасы (қызыл, көк, сары, тіктөртбұрышты, дөңгелек, үшбұрышты, шаршы) және пішіндердің көлемі, қалыңдықтары мен үлкендіктері әртүрлі болғандықтан балалар оларды жылдам ажыратып, айтып бере алады.

Логикалық блоктардың жинағы баланың заттарды бір түрінен екінші, үшінші және төртінші ұқсастықтарымен салыстыра отырып, ойлау өрісінің дамуына жетелейді. Блоктармен әртүрлі қимылдар жасау барысында балалар алдымен заттардағы ортақ бір ұқсастықты байқауға машықтанады (түсі, пішіні, көлемі, қалыңдығы), оларды салыстырып, топтап, әрқайсысының ұқсастықтары бойынша орналастыруға бейімделеді. Осыдан кейін олар заттарды бір ғана ұқсастығымен емес, екі, осыдан кейін үш және төрт ұқсастықтары бойынша топтауға, жіктеуге, бөлуге, орналастыруға машықтанады. Осымен бірге балалардың мүмкіндіктеріне қарай бір ғана жаттығуда тапсырманың деңгейін оңай алмастыруға болады. Мысалы, бірнеше бала аюдың лашығынан Машаға ата-әжесіне баратын бағытты табу үшін жол салады. Ал бір бала жол салғанда онда біркелкі пішіндерді қолданбай салуы керек, ал екінші бала жол салғанда пішіні мен түсі жағынан біркелкі фигуралар болмайтындай етіп салуы керек,

үшінші бала жанында пішіні, түсі мен көлемі жағынан біркелкі келмейтіндей етіп жол салу керек. Мұнда бірінші бала бір ерекшелікті ұстанса, екінші бала екі ерекшелікті ұстанады, яғни бірден пішіні мен түсіне көңіл бөліп отырады, ал үшінші бала бір уақытта үш бірдей ерекшелікті ұстанып отырып, жол салады.

Логикалық блоктарды қолдана отырып балалар әртүрлі әрекеттер жасайды; салады, ауыстырады, алып тастайды, жасырады, іздейді, «араздасып қалған» ойыншықтарды өзара ажыратады және тағы да көптеген осындай әрекеттер жасайды, ал осыны жасай отырып, олар осы әрекеттерге қатысты өз пікірлерін айтады. Логикалық блоктар дегеніміз геометриялық пішіндердің жинағы болғандықтан (дөңгелек, тіктөртбұрыш, біржақты үшбұрыш, шаршы), олар баланың ерте жастан бастап көптеген басқа да дамытушылық тапсырмаларды орындау кезінде заттың пішіндері және геометриялық фигуралармен танысуында кеңінен қолданылады.

Әдістемеде біртіндеп күрделене түсетін логикалық блокты жаттығулар мен ойындардың 4 тобы берілген:

- Ерекшеліктерді анықтау және абстракциялау қабілетін дамытуға арналған
- Заттарды ерекшеліктері бойынша салыстыра білуді дамытуға арналған;
- Топтау және жалпылау әрекеттерін дамытуға арналған;
- Логикалық әрекеттер мен операцияларға деген қабілетін дамытуға арналған.

Кейбір ойындар мен жаттығулар назар аудару мен есте сақтауды дамытуға бағытталған. Жоғарыда аталғандарға қарағанда олардың балалармен жұмыс жасауда қатаң анықталған жүйесі жоқ. Бұл ойындардың балаға есте сақтауы мен назарға алу қабілеттерін дамыту мақсатында кез-келген уақытта ұсынуға болады. Кейбір ойындарды санамағанда қалған барлық ойындар мен жаттығулар үш нұсқада берілген (I, II, III). Бірінші нұсқадағы ойындар мен жаттығулар балалардың бір ғана ерекшелікпен топтастыруға машықтандырады (бір ерекшелікті екіншісінен ажырата білу, осының негізінде заттарды топтау, жалпылау). Екінші нұсқадағы ойындар мен жаттығулардың көмегімен екі ерекшелікті тең салып отырып, әрекет етуге машықтанады (екі ерекшелікті анықтау, заттарды бірден екі ерекшеліктері бойынша салыстыру, топтау және жалпылау). Үшінші нұсқадағы ойындар мен жаттығулар бірден үш ерекшелікпен қатар әрекет жасауға машықтайды.

<u>Балалардың ұйымдастырған іс-әрекеттері</u>

Төртінші топтан басқа барлық ойындар мен жаттығулар (логикалық) нақты бір жас шамасына белгіленбеген. Бір жастағы балалардың психологиялық деңгейлері әр түрлі болады ғой, олардың кейбірі ойын мен жаттығудағы кезеңдерді әлсін-әлсін меңгерсе, ал кейбір балалар бірден шапшаң әрекет етуі мүмкін, бірақ барлық бала берілген деңгейлердің барлығынан ерте ме, кеш пе, өтуі тиіс. Сондықтан балалармен жұмысты бастамас бұрын әр бала интеллектуалды дамудың қай сатысында тұрғанын анықтап алған жөн.

Блоктар арқылы ойындар мен жаттығулар өткізу.

Баланың алдына бірнеше фигуралар қойылады, бала олардың есіне сақтап қалуы керек, кейін фигуралардың біреуі жоғалып кетеді немесе басқа түрімен ауыстырылады немесе екі фигураның тұрған орындары бір бірімен ауыстырылады. Бала осы өзгерістерді байқауы керек.

Барлық фигураларды қапшыққа саламыз. Балаға қапшықтың ішіне қолын салып, сипалай отырып, барлық дөңгелек фигураларды (барлық үлкен немесе жуан) алуды ұсыныңыз.

Барлық фигуралардың тағы да бір қапшыққа салыңыз, бала қапшықтан бір фигураны алып шығып, оның бір немесе бірнеше белгілерін айта отырып, суреттеп беруі керек. Немесе қапшықтан алмай тұрып, пішіні, көлемі мен жуандығын айтып беруі керек.

Үш фигураны алыңыз, бала оның қайсысын қандай себеппен артық екенін айту керек (түсі, пішіні, көлемі мен жуандығы жағынан).

Бір фигураны алып түсі (көлемі, пішіні, жуандығы) осыдан басқа болатын барлық фигураны табуды ұсыныңыз. Осындай тапсырмаларды ерекшеліктерін кезектестіре отырып, жалғастырыңыз: қызыл, сары, қызыл, сары (пішіні мен көлемі, жуандығы бойынша кезектестіруге болады).

Фигуралардың біріншісі екіншісінен бір ғана ерекшелігімен дараланатындай етіп, бір тізбекке салыңыз: түсі, пішіні, жуандығы.

Жанында түсі мен пішіні жағынан бірдей болмайтындай етіп, фигураларды саламыз (түсі мен көлемі; көлемі мен пішіні, жуандығы мен пішіні және т.б.).

Әрбір блоктың жұбын табу керек, мысалы, көлемі бойынша: үлкен сары дөңгелек кішкентай сары дөңгелекпен жұптас болады және т.б.

Дьенештың блоктары балалардың заттар мен нәрселердің ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыруда көптеген мүмкіндіктерге жол ашатын материал ретінде танымал болды. Логикалық блоктар балаларға ойлау операциялары мен әрекеттерін меңгеруге мүмкіндік тудырады: заттардың ерекшеліктерін анықтау, оларды абстарктылау, салыстыру, топтау, жалпылау, жасыру және т.б., сондықтан Дьенеш блоктарының көмегімен оқыту тапсырмасы қазіргі кезде тиімді деп танылып отыр.

«Логикалық блоктар» дидактикалық материалдары әлемнің көптеген елдерінде жетістікпен қолданылып келеді. Соңғы он жылдықта бұл материал біздің еліміздің педагогтары арасында ең тиімді әдіс ретінде танылып отыр.

Дьенеш логикалық блоктарды мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда ойын материалы ретінде пайдаланудың тиімді екендігін көрсетті:

- Балаларды заттардың ерекшеліктерімен таныстыру: түсі, пішіні, көлемі;
- Ойлау машықтарын дамыту: салыстыру, сараптау, топтау, жалпылау, абстарктылау, жасыру және т.б.;
- Ойлаудың қарапайым алгоритмдік мәдениетін меңгеру;
- Қабылдау, есте сақтау, назарға алу, елестетудің танымдық үрдістерін дамыту;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дьенештің блоктары – мектепкедейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы бойынша балалардың танымдық дамуындағы тапсырмалардың жетістікпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материал.

Дьенештің блоктарын үйлестірушілік, әртүрлі жастарда, сонымен қатар қысқа мерзімде болатын топтарда пайдалану табысты тәжірибе жинақталған.

Қорытындылай келетін болсақ, қай педагогикалық технологияны қолдансақ та, оны таңдаудың мақсаты бір, ол –сенімді болашаққа жол ашатын - дарынды, шығармашыл, қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі көрсетілген. Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына Дьенеш блоктарын пайдаланудың маңыздылығын анықталған.

Кілт сөздер: педагогикалық инновация**,** мектепке дейінгі білім,инновациялық технология, Дьенеш блоктары

Summary

Pedagogical Innovations in Work with Parents in a Preschool Educational Institution High-quality preschool education is considered as a significant reserve of increasing quality and availability of the following education stages. The general purpose of innovative activities in a preschool educational institution is to improve the ability of the pedagogical system of the educational institution to achieve a new quality results of the education process.

Key words: pedagogical innovations, preschool education, an innovative activity, preschool educational institutions, Gyenesh blocks

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2016 ж.
2. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016 ж.
3. Ю. Атемаскина. Современные педагогические технологии в ДОУ. Детство –Пресс, 2011 ж.
4. Блоки Дьенеша: Для самых маленьких (2-3г).-Корвет, 2015 ж.
5. «Логика и математика для дошкольников» Методическое издание Е.А. Носова; Р.Л. Непомнящая. (Библиотека программы «Детство») «Санкт-Петербург». «Акцидент» 2000.

РЕАЛИЗАЦИЯ НОВЫХ ПОДХОДОВ К ПРИМЕНЕНИЮ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ – ОДИН ИЗ ЭФФЕКТИВНЫХ ПУТЕЙ РАЗВИТИЯ ОДАРЕННОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Андрей Васильевич Ахаев,
доктор педагогических наук, профессор, академик МАК,
президент Центра международного партнерства
г. Усть-Каменогорск

Происходящие в обществе социально-экономические преобразования, масштабная информатизация, смена ценностей и представлений обусловили формирование новой образовательной парадигмы, в соответствии с которой образование является не целью, а одним из вспомогательных средств интеллектуального развития человека, а обучение умению самостоятельно добывать информацию, выделять проблемы и искать пути их решения, уметь критически анализировать получаемые знания и применять их в различных ситуациях становятся непременным условием продвижения в успешное будущее [1; С.6].

В связи с этим актуализируются задачи: создания оптимальных условий для самоактуализации, творчества, личностного развития; использования инновационных педагогических технологий, способствующих развитию ключевых компетенций личности; разработки и внедрения новых подходов к выявлению, развитию и поддержке одаренных детей, в том числе, наиболее раннего возраста.

В работе с детьми дошкольного возраста (в рамках ведущего для них вида деятельности) одним из факторов создания развивающей образовательной среды является использование игровых технологий, имеющих огромный потенциал с точки зрения формирования субъектной позиции ребёнка в отношении собственной деятельности, общения и самого себя [2; С. 142].

Вопросы теории игры, ее методологических основ, социальной природы значения для развития обучаемого, изучены достаточно глубоко и исследовались в трудах Л.С. Выготского, А.Н. Леонтьева, Д.Б. Эльконина, В.П. Беспалько, Е.В. Бондаревской, М.П. Горчаковой - Сибирской, М.В. Кларина, М.М. Левиной, В.М. Монахова, С.Я. Савельева, Г.К. Селевко, В.В. Серикова, И.Б. Сенновского, Н.Ф. Талызиной, П.И. Третьякова и др.

С.А. Шмаков выделяет следующие черты, присущие большинству игр: свободная развивающая деятельность, предпринимаемая по желанию самого человека, ради удовольствия от самого процесса деятельности, а не только от результата («процедурное удовольствие»); творческий, в значительной мере импровизационный, активный характер этой деятельности («поле творчества»); эмоциональная приподнятость деятельности, соперничество, состязательность, конкуренция («эмоциональное напряжение»); наличие прямых или косвенных правил, отражающих содержание игры, логическую и временную последовательность ее развития [3; С. 13].

Кроме того, игра стимулирует познавательную активность детей, способствует самостоятельному поиску ответов на возникающие вопросы, проблемные ситуации, противоречия; в игре позиции взрослого и ребенка равнозначны и выстраиваются на паритетных началах, что обусловлено характером игровых взаимоотношений; игра позволяет актуализировать жизненный опыт детей, включая их обыденные представления о чем-либо; способствует формированию символической функции сознания, которая помогает детям переносить свойства одних вещей на другие, компетентностно-ориентированных умений, лежащих в основе готовности дошкольников к общественно-значимым и общественно-оцениваемым видам деятельности и др. [4].

Мы согласны с мнением В.С. Кукушина, который считает, что значение игровой технологии невозможно оценить развлекательно-рекреативными возможностями. В том и состоит ее феномен, что являясь развлечением, отдыхом, она способна перерасти в обучение, в творчество, в терапию, в модель типа человеческих отношений и проявлений в труде, воспитании[2; С. 143].

В трудах В.П. Беспалько, Е.В. Бондаревской, В.В. Давыдова, В.В. Хрипко и др. подчёркивается, что дидактическим, ролевым, организационно-деятельностным играм необходимо отвести особое место среди приёмов активизации познавательной деятельности, развития личностных качеств. Л.А. Акимова, М.В. Буланова-Топоркова, Л.С. Зорилова, В.С. Селиванова, В.И. Черниченко отмечают, что следует методически грамотно использовать игры в системе новых технологий обучения, чтобы они нашли своё место, принося максимальный эффект в целях развития личности [6; С. 1075-1077].

Несмотря на разработанность теории и методологии игры, анализ современного состояния дошкольного образования на основе данных социологических исследований позволяет выявить существующие противоречия между:

-потребностью общества в активном, адаптивном, творчески развивающемся ребенке, овладевшем основными нормами взаимодействия с ближайшим окружением, природно-технической средой, доступной ему, и содержанием, методами организации работы с детьми в сфере дошкольного образования;

-представлениями родителей, воспитателей, руководителей дошкольных организаций и педагогов школ о цели образования, содержании и методах дошкольной образовательной деятельности [5; С. 7].

Практика показывает, что роль игровых технологий недооценивается, недостаточно разработана методика использования игр в образовательном процессе, при этом часто не учитывается фактор организации здоровьесберегающей среды и др. Многие дети дошкольного возраста не умеют организовывать свою игровую деятельность, наполнять ее смыслом.

Следовательно, одной из значимых проблем является организация педагогической поддержки игры, разработка новых подходов к применению игровых технологий в образовательной деятельности детей дошкольного

возраста. Об актуальности, своевременности данной проблемы, инновационности игровых технологий свидетельствуют разработка и внедрение в образовательный процесс идей методики социо-игровой педагогики, преимущества которой, в сравнении с традиционной педагогикой, отразили А.П. Ершова и В.М. Букатов [7; С.32] (таблица 1). Кроме того, в настоящее время находят активное применение авторские игровые методики: Воскобовича, З.П. Дьенеша, Д. Кюизинера, Е. Даниловой, Г. Домана - А. Маниченко, Н. Зайцева и Е. Чаплыгина и др. Каждая из них имеет свое предназначение и специфическую направленность.

Таблица 1 - Различия традиционной и социо-игровой педагогики.

Социо-игровая педагогика	Традиционная педагогика
Умение действовать в темпе общей работы, слышать и видеть окружающих, оказывать своевременную поддержку товарищу в игре, на занятии, доводить дело до предполагаемого результата.	Воспитанники оторваны друг от друга, задавлены требованиями программ.
Воспитатель и воспитанник – партнеры (субъект-субъектные отношения).	Диктат воспитателя (субъект-объектные отношения).
Развитие самостоятельности.	Послушное повторение формулировки.
Отсутствие в работе педагога дискретности (дидактические знания не расчленяются на части, а переплетаются друг с другом).	Наличие дискретности - дидактические знания делятся (принципы, методы, приемы и результаты).
Занятие – игра – жизнь между группами (малыми социумами – отсюда термин – социо-игровая).	Занятие никак не располагает к свободному творчеству в игре.
Игра присутствует в жизни ребенка постоянно.	Ребенок в первую очередь должен получать новые знания (занятия) и только при наличии свободного времени играть.
Равноправие детей и взрослых – основа социо-игрового подхода. Взрослый и ребенок имеют одинаковое право на ошибку.	Деятельность педагогов весьма декларативна: взрослый всегда прав, и ребенок не должен с ним спорить, отстаивать свою точку зрения.

Исходя из выявленных проблем, в Восточно-Казахстанской области управлением образования и региональным научно-практическим центром «Дарын» начата реализация инновационного проекта «Дарынды мектеп». В рамках проекта одним из значимых мероприятий является открытие в дошкольных организациях образования области лабораторий игровых

технологий «Ой-ойна». Основной целью их работы является создание условий для развития и поддержки одаренных детей, способствующих максимальному раскрытию их способностей, реализации интеллектуального и творческого потенциала, обеспечивающих возможность совершенствования методов и форм обучения и воспитания.

С целью решения вопросов научного, организационно-методического сопровождения деятельности данных лабораторий разработан интеллектуально-развивающий игровой комплект «VALEO» для детей дошкольного возраста. Он легко «вписывается» в образовательную программу любого дошкольного учреждения, являясь составной частью развивающей образовательной среды. Структура и содержание комплекта разработаны в соответствии с деятельностным, личностно-ориентированным, компетентностным подходами.

Основные преимущества игрового комплекта «VALEO» в отличие от других авторских игровых комплектов и методик:

1) соответствие ГОСДВО и среднего образования, ГПРОН на 2016-2019 годы, Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан;

2) возможность использования для эффективной организации ОУД и игровой деятельности детей 2-6 лет по пяти образовательным областям: «Здоровье», «Коммуникация», «Познание», «Творчество», «Социум». Количество деталей и разделов в лотках рассчитано на подгруппу до 15 человек;

3) изготовление из качественного, экологически чистого натурального материала (дерева и хлопка);

4) строго обоснованное цветовое решение (в соответствии с тестом Люшера);

5) удобное расположение деталей в лотках; наличие рабочей поверхности, а также возможность перемещения пенала за счет вмонтированных колесиков;

6) возможность интеграции игрового комплекта «VALEO» с различными авторскими игровыми методиками;

7) возможность использования в качестве регионального компонента, так как учтены национальные особенности.

Игровой комплект «VALEO» может быть использован для развития социальных и коммуникативных умений; познавательно-исследовательской, продуктивной (конструктивной) деятельности; логических способностей; мелкой моторики; сенсорного развития; формирования элементарных математических представлений и др.

С целью оказания методической помощи разработаны специальные дидактические упражнения. Они могут браться за основу при организации занятий, игр. Дидактические упражнения можно усложнять, используя в комплексе методы и приемы мотивации и стимулирования мыслительных способностей дошкольников, познавательной активности.

В рамках методических рекомендаций по использованию интеллектуально-развивающего комплекта «VALEO» также предложен Комплексный план организации взаимодействия организаций образования области, внедряющих технологии игровой педагогики, на базах которых открыты игровые лаборатории «Ой-ойна». Это, на наш взгляд, способствует решению еще одной проблемы – отсутствия связей на уровне «образовательное учреждение - образовательное учреждение», обеспечивающих непрерывное социально-педагогическое сопровождение одаренного ребенка в социуме; эпизодичности взаимодействия областных специализированных школ с организациями образования области; несистемности организации межведомственной и внутриотраслевой интеграции в работе с одаренными детьми.

Комплект «VALEO» прошел апробацию в КГУ «Валеологическая специализированная школа-комплекс для одаренных детей» управления образования Восточно-Казахстанской области, назначенной опорным учебным заведением по внедрению игровых лабораторий «Ой-ойна». Экспериментально-педагогическая работа проводилась в течение 2014-2016 гг. Для диагностики результативности экспериментальной работы были сформированы экспериментальная и контрольная группы.

Исследование уровня интеллектуальных способностей дошкольников проводилось с помощью следующих методик: теста Гудинаф-Харриса «Нарисуй человека»; модифицированной методики Лурия А.Р. - Карпова С.Н. «Логическая классификация» - для выявления умения определять взаимосвязь предметов и объектов, видеть их измерение во времени; стандартизированной методики «Прогрессивные цветные матрицы» Дж. Равенна - для оценки уровня развития общего и невербального интеллекта.

Данные эксперимента показали, что после целенаправленного применения интеллектуально-развивающего комплекта у дошкольников экспериментальной группы достигнута положительная динамика уровня интеллектуальных способностей (таблица 2).

Так, например, количество детей с высоким уровнем возросло по показателям:

-«уровень интеллекта» - на 9%;

-«уровень развития логического мышления» - на 12%;

-«уровень развития общего и невербального интеллекта» - на 2%.

Количество детей с низким уровнем уменьшилось по всем показателям на 4%.

Результаты опытно-педагогической работы доказали эффективность игрового комплекта «VALEO» и позволяют говорить о целесообразности его дальнейшего использования в учебно-воспитательном процессе дошкольных организаций образования.

Таблица 2 – Показатели уровня интеллектуальных способностей детей дошкольного возраста (экспериментальная группа) по итогам контрольного эксперимента.

Кол-во по уровням	Уровень интеллекта, %		Уровень развития логического мышления, %		Уровень развития общего и невербального интеллекта	
	Констатир. эксп.	Контр.эксп.	Констатир. эксп.	Контр.эксп.	Констатир. эксп.	Контр.эксп.
Высокий	31	40	16	28	16	18
Средний	58	52	72	64	76	78
Низкий	12	8	12	8	8	4

Использование комплекта позволит педагогу рационально организовывать занятия, снижать утомляемость детей, повышать их умственную работоспособность, развивать природные задатки, способности, создавать предметно-развивающую и здоровьесберегающую среду. В соответствии с этим деятельность игровых лабораторий «Ой-ойна», начинающих функционировать с 2016-2017 учебного года во всех городах и районах Восточно-Казахстанской области, будет основываться на применении данного комплекта.

Таким образом, интеллектуально-развивающий игровой комплект «VALEO» позволяет не только организовать целенаправленный воспитывающий, обучающий, формирующий, развивающий педагогический процесс, но и реализовать задачи интеллектуального и творческого развития дошкольников.

Резюме:

В данной статье рассматривается вопрос реализации новых подходов к применению игровых технологий через развитие одаренности детей дошкольного возраста на примере интеллектуально-развивающего комплекта «VALEO».

Литература

1. Жилбаев Ж.О. Обновление содержания образования: государственные общеобязательные стандарты среднего образования // «Инновации в образовании: поиски и решения». Материалы международной научно-практической конференции.том I. - Астана, 2016. - 330 с.

2. Михайленко Т.М. Игровые технологии как вид педагогических технологий // Педагогика: традиции и инновации: материалы международной научной конференции. Т.I. - Челябинск: Два комсомольца, 2011. - С. 140-146.

3. Вавилова Л.Н., Кузина Т.С. Методические рекомендации / Под общ.ред. В.М. Паниной. – Кемерово: Изд-во ГОУ «КРИРПО», 2007. - 94 с.

4. Жукова А. Игровые технологии как фактор интеллектуального развития

дошкольников. http://www.maam.ru/detskijsad/-igrovye-tehnologi-kak-faktor-intelektualnogo-razvitija-doshkolnikov.html

5. Виноградова Е.А. Дошкольное образование: состояние и основные проблемы развития (социологический анализ). Автореф. дисс. … канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2001. – 152 с.

6. Карбышева К.С., Кобзева Н.А., Никонова Е.Д. Актуальность игры в обучении иностранным языкам // Молодой ученый. - 2015. - №9. – С. 1075-1077.

7. Ершова А.П., Букатов В.М. Возвращение к таланту: педагогам о социо-игровом стиле работы. - Красноярск, 1999. - 221 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҚҰРУДА М.МОНТЕССОРИ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Исмайлова Р.Б.
П.ғ.к., доцент
Аршимбаева Советхан
№167 бөбекжай балабақшасы
Алматы қаласы

Бүгінгі таңда республикамызда білім берудің негізгі мақсаты – бұл біртұтас біліми орта құру арқылы қазақстандық білім сапасын арттыру. Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасында, 2016-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында: «Білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу», – деп көрсетілген. Бұл межелі міндет мектепке дейінгі ұйым кезеңнен басталып, жаңа бағыттары қарастырылуда.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының негізгі құралдарының бірі – орта. Орта бала үшін жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибенің көзі. Мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық үрдісінде дамытушы ортаның рөлі. С.Л.Новоселованың пікірінше: Дамытушы заттық орта балалардың дербес шығармашылық және ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар, ойыншықтар, құралдар, іс-әрекетінің материалдық нысаналардың жүйесі. Оның басты бағыттарының бірі балаларды әлеуметтендіру және оған сәйкес заттық дамытушы орта құру. «Заттық ортаны» осылайша игерудің баланың тұлғалық жағын дамыту, бұйымдық әлемге шығармашылық көз қарасын ояту үшін зор маңызы бар.

Баланы әлеуметтендіруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақтың зерттеу мәселесі деп есептейміз.

Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүние танымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой-өрісін дамытып, еңбекке баулу балабақшалардағы барлық топтарға бірдей ортақ міндеттер. Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін кеңейтудің негізгі айналадағы ортамен табиғат құбылыстарын бақылату.

Заттық орта жұмысында айналадағы қоғамдық өмір шындығын, табиғат тамшыларын бақылатып, баланың таным,сезім қабілетін жетілдіру басты роль атқарады. Балалармен арнайы өтілетін осы жұмыс барысында тәрбиеші әр заттың аты, сапасы, қажеттігі жайында түсіндіреді. Баланы заттың атын сөзбен айтуға үйретеді. Айналадағы қоғамдық өмір, өлі, тірі табиғат құбылысын бақылатқанда да әр объектіні сөзбен атап, түсіндіріп баланы заттық ортаға сөзбен қызықтырып, қабілетін дамыту көзделеді.

Баланың ойнайтын алғашқы ойыны – заттық ойын. Басқаша түсіндірсек бұл затты игеру. Сіз балаға беретін ойыншықтар арасында қуыршақта, аюда, сайқымазақта, ұсақ ойыншықтар да бар. Бастапқыда бұл ойыншықтардың барлығы үлкендер үшін балалар ойыншықтарға басқа заттарға қарағандай қарайды, яғни олар үшін ойыншықтардың басқа заттардан айырмасы жоқ. Екінші жылдың басында олардың ойыншықтармен ойнауы елеусіз болады. Балалардың тілін жетілдіру мен байыта түсу үшін олардың айналасындағы әсерлі сабақтар өткізу және нақты тілдік білігін қалыптастыруды жүзеге асыру қажет болады.

Әр сабақта балалармен заттық орта туралы әңгімелесу, екі-үш жаңа сөз меңгерту көзделеді.Жылдың аяғында 3-4 жас аралығында балалар заттық ортадағы қойылатын негізі талаптар мынадай:

- балалар бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) білуге тиісті, жылдың соңына қарай жасыл түсті үйретуге болады. Түстеріне сәйкес топтау заттық құрамына қарай түстерге белгілеу.
- үш пішінді (үшбұрышты, төртбұрышты, дөңгелекті) білуге тиісті. Пішіне сәйкес топтау.
- заттық ортада құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тос таған, ағаш қасық, қоржын, көрпеше, кілемше, ою, білезік, сақина, алқа, сәукеле, тақия, белдік) толық меңгеруге тиісті.

Мектепке дейінгі оқу тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында шынайы өмірде тиімді ету қабілеттерін дамыту үшін Монтессори әдісін қолдану тиімді деп білдім. Монтессори материалы арқылы бала затты түсінеді және оны қолдануға тырысады. Монтессори материалы қандайда бір іс- әрекетке итермелейді.Монтессори материалы төрт түрлі жолмен іске асады:

Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар - ең алғашқы жылында бала қозғалыс жасау үстінде жүреді. Онда сензитивтік периодтың даму жолы қалыптасады. Алғашында қозғалысы онша болмағандықтан, моторлық жүйесін қосу үшін тәрбиенің негізіне үлеседі. Моторлық даму жеке -дара қозғалыс темпін құлшындыруға әсерін тигізеді. Оған қозғалыс жасау үшін түрлі жаттығулар жасалады, өзіндік іс-әрекетке итермелейді. Бір сызықтың бойымен жүру тепе-тендік сақтауға итермелейді. Басқада топтық жаттығулар балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойындар бір-бірін сыйлауға үйретеді. Жаттығуға арналған материал тәжірибе жасау барысында жас ерекшелігіне сай болу керек. Жаттығудың шарты түсінікті болу керек. Нәтижесінде өзін-өзі тәрбиелеуге үйренеді.

Жаттығулардың негізгі мақсаты: баланы қоршаған ортаға деген жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру. Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулардың түрлері:

1.Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю;

2.Металды тазалау;

3.Кесілген гүлдерді күту жолдары;

4.Бір сызықтың бойымен жүру;

5.Тыныштандыру жаттығулары.

6.Қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар;

Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю;

Керекті құралдар: поднос, шүберек,лейка.

Мақсаты: Қозғалыс жүйесін дамыту, қоршаған әлем ішінде тепе-тендікті сақтауға үйрету. Жас мөлшері 3 жастағы балалар. Материалмен жұмыс жасау жолдары: лейка суға толтырылады. Тәрбиеші лейканы қолына алып жоғары көтереді. Ыдысқа суды құяды. Лейканы қайтадан үстел үстіне қойып, ыдыстағы суды қайтадан лейкаға құйды. Төгіліп қалған суды сүртіп отыру қажет.Сезім мүшесін дамытатын материалдар- әр сезім мүшелерін дамытуды ұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады. Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады.

Бала моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалды қайталауға тура келеді.Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін орындауға тырысады. Бірақ сабақ кезінде бала сол материалмен жұмыс жасау жолын толығымен таныс болу керек. Мұнда жұмыс барысында балаға сөз беріледі. Тапсырманы орындай алмайтындарға қайтадан тағы бір сабақ өткізу керек. Алған білімін бекітіп, содан кейін жаңа сабақты өтілуі керек. Сабақ 3 құрылымнан тұрады:

1. Көлемін анықтауға арналған материалдар;

2. Бір сызықтың бойымен жүру;

3. Тыныштандыру жаттығулары;

Мектепке дейінгі баланың тұлғасын және танымдық процесстерін дамыту, қарым - қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты. Дамушы заттық орта - бұл бала қызметінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны.

Заттық ортаның негізгі элеметтері - сәулетті-ландшафтық және табиғи - экологиялық объектілер; ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары; баланың өсу барысына байланысты ірі ауқымдағы конструкторлармен (модульдермен), ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жарақтандырылған ойын кеңістіктері; тәрбие мен оқытудың аудиовизуалдық және ақпараттық құралдары болып табылады. Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап - оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай - ақ участкені заттық кеңістікке ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың

элементтері (құрал - жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал, т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс. Бұл мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымдағы заттық дамытушы ортаны құрудың принциптерін, мазмұнын және әр топқа қажетті заттарды жинақтауды талап ететіндегін тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1.Ясвин В.А. Психология отношения к природе. – М.: Смысл, 2000-456с.

2.Короткова Н. Предметная развивающая среда: подход в взаимодействию детского сада с семьей. // Ребенок в детском саду.-2004. №2 –с 28-31.

3.Вишнякова С.М. Профессиональное образование: Словарь. Ключевые понятие, термины, актуальная лексика.- М.: НМЦ СПО, 1999.-538с.

4.Мухина В.С. Психология дошкольника: Учеб. пособие для студентов пед. института / Под ред. Л.А.Венгера. – М.: Просвещение, 1975-239с.

5.Новоселова С.Л. Развивающая предметная среда: Методические рекомендоции по проектированию вариативных дизайн-проектов развивающей предметной среды в детских садах и учебно-воспитательных комплексах. – М.: 1995.- с. 15-28.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ДО

Сергазина Жумабике Жаныбековна,
магистр педагогики, старший преподаватель

Современные требования к дошкольному образованию ориентируют педагогов на развивающее обучение, диктуют необходимость использования новых технологий, при которых синтезировались бы элементы познавательного, игрового, поискового и учебного взаимодействия. Создание условий, обеспечивающих выявление и развитие способных и одаренных детей, реализацию их потенциальных возможностей, является одной из приоритетных задач педагогики и психологии. Для создания такой развивающей среды необходимо внедрять в воспитательно-образовательный процесс дошкольной организации (ДО) педагогические технологии, имеющие интерактивный характер, обеспечивающие самостоятельную деятельность ребенка.

Практика дошкольного образования показывает, что на успешность обучения влияет не только содержание предлагаемого материала, но и форма его подачи, которая способна вызывать заинтересованность ребенка и его познавательную активность. В основу игровых технологий положена идея направленности интеллектуально-игровой деятельности дошкольников на результат, который достигается при решении проблемных и творческих задач.

Игра – ведущий вид деятельности дошкольника. Л.С. Выготский подчеркивал, что «через игровую деятельность и движется ребенок. В этом смысле она может быть названа ведущей, так как определяет развитие».

Замена игры другими видами деятельности обедняет воображение дошкольника, а оно признано важнейшим возрастным новообразованием (О.М.

Дьяченко), тормозит развитие общения как со сверстниками, так и со взрослыми, ограничивает эмоциональный мир (Т.И. Бабаева, М.И. Лисина, В.И. Логинова, Н.Н. Поддъяков). Игра или элементы игры, целесообразно включенные в обучение, придают учебной задаче конкретный, актуальный смысл, мобилизуют мыслительные, эмоциональные и волевые силы детей, ориентируют их на решение поставленных задач.

В настоящее время актуальность игры повышается из-за перенасыщенности современного ребенка информацией. Важной задачей обучения дошкольников является развитие умений самостоятельной оценки и отбора получаемой информации. Понятие «игровые педагогические технологии» включает достаточно обширную группу методов и приемов организации педагогического процесса в форме различныхпедагогических игр. Игра позволяет сделать более доступными сложные задачи обучения и способствует становлению осознанной познавательной мотивации дошкольников.

Для реализации такого подхода необходимо, чтобы образовательные технологии, разрабатываемые для обучения дошкольников, содержали четко обозначенную и пошагово описанную систему игровых заданий и различных игр с тем, чтобы используя эту систему, педагог мог быть уверенным в том, что в результате он получит гарантированный уровень усвоения ребенком того или иного предметного содержания. Игровые технологии строятся как целостное образование, охватывающее определенную часть учебного процесса и объединенное общим содержанием, сюжетом, персонажем. В нее включаются последовательно:

- игры и упражнения, формирующие умение выделять основные, характерные признаки предметов, сравнивать, сопоставлять их;
- группы игр на обобщение предметов по определенным признакам;
- группы игр, в процессе которых у дошкольников развивается умение отличать реальные явления от нереальных;
- группы игр, воспитывающих умение владеть собой, быстроту реакции на слово, фонематический слух, смекалку и др.

При этом игровой сюжет развивается параллельно основному содержанию обучения, помогает активизировать учебный процесс, осваивать ряд учебных элементов. По характеру педагогического процесса выделяются следующие группы игр:

- обучающие, тренировочные, контролирующие и обобщающие;
- познавательные, воспитательные, развивающие;
- репродуктивные, продуктивные, творческие;
- коммуникативные, диагностические, профориентационные и др.

Типология педагогических игр по характеру игровой методике:

- предметные
- сюжетные
- ролевые
- деловые

- имитационные
- игры-драматизации.

Специфику игровой технологии в значительной степени определяет игровая среда: различают игры с предметами и без предметов, настольные, комнатные, уличные, на местности, компьютерные и с ТСО, а также с различными средствами передвижения.

Игровая образовательная технология - способ организации деятельности детей в процессе обучения предметному содержанию. Назначение игровой образовательной технологии - это не развитие игровой деятельности, а организация усвоения детьми предметного содержания (математического, естественно - экологического и др.).

Включение игры в ход организованной учебной дечтельности (ОУД) дело непростое. Существуют противоречия между учебной и игровой деятельностью, с которыми обязательно сталкиваются педагоги при внедрении игровых методов обучения в воспитательно-образовательный процесс. Хорошо известно высказывание Л.С. Выготского о том, что обучение должно вести за собой развитие, а не плестись в его хвосте. Благодаря использованию игровой технологии процесс обучения дошкольников проходит в доступной и привлекательной форме.

Организовать и проводить обучающие занятия можно следующим образом:

1. Занятия – сказки. На первом этапе особая роль в организации игровой и познавательной деятельности отводится взрослому. Он знакомит с персонажами сказок, подбирает игровые задания, играет и занимается вместе с детьми. В каждой игре присутствует сказочный герой, которому по сюжету необходимо решить какую – либо проблему.

2. Комбинированные, из большого количества игр с небольшим набором игровых заданий. (Целесообразно проводить, когда дети давно играют и хорошо знают все игровые упражнения)

3. Занятия – досуги (особенно в старшем дошкольном возрасте, включала, как итоговое на закрепление пройденного материала)

4. ОУД (формирование элементарных математических представлений, развитие речи, рисование, основы экологии и конструирование) .

Во время ОУД взрослый ставит вопросы, задачи, привлекает к решению. В совместной деятельности взрослый - это партнер по игре, в процессе которой идет живая беседа, создается атмосфера творчества, самостоятельности и определенной свободы. ОУД заканчивается, тем, что взрослый подводит итог (что узнали нового), совместная деятельность плавно перетекает в самостоятельную деятельность. В самостоятельных играх ребенок закрепляет самостоятельно полученные знания, навыки, тренирует умения, совершенствует мелкую моторику, развивает интеллект, а самое важное появляется неограниченная возможность придумывать и творить.

Как показывает опыт, применение развивающих игр делают учение увлекательным, снимают проблемы мотивационного плана, порождают интерес

к приобретаемым знаниям, умениям, навыкам. Использование развивающих игр в педагогическом процессе позволяет перестроить образовательную деятельность: перейти от привычных ОУД с детьми к познавательной игровой деятельности, организованной взрослым (в прямой или опосредованной форме). Окрашенное положительными эмоциями общение с взрослыми в игре, выполнение интересных игровых заданий, яркое, красочное оформление игровых пособий делает пребывание ребенка в дошкольной организации радостным. Как правило, игры не оставляют равнодушными ни детей, ни взрослых и дают импульс к творческим проявлениям.

Аннотация

Важной задачей обучения дошкольников является развитие умений самостоятельной оценки и отбора получаемой информации. Игра позволяет сделать более доступными сложные задачи обучения и способствует становлению осознанной познавательной мотивации дошкольников. Применение развивающих игр делают учение увлекательным, снимают проблемы мотивационного плана, порождают интерес к приобретаемым знаниям, умениям, навыкам.

Түйін

Мектепке дейінгі балалардың өз-өзіне баға беру және қабылданған мағлұматты жеткізе білу негізгі міндет болып саналады. Ойын балалардың түрткілерін және қыйын жаттығулардың шешімдерін онай әрі тиімді табуға көмектеседі.Ойын арқылы балалардың қызығушылығын және түрткілерін оятуға үлкен мүмкіндік бар.

Литература

1.Воскобович, В.В. Технология интенсивного интеллектуального развития детей дошкольного возраста 3-7 лет «Сказочные лабиринты игры» / В.В. Воскобович, Т.Г. Харько, Т.И. Балацкая. - СПб. : НИИ «Гириконд», 2000.

2.Михайлова, З.А. Игровые занимательные задачи для дошкольников. Книга для воспитателей детского сада / З.А. Михайлова. – М. : Просвещение, 1985 - 65 с.

3.Чего на свете не бывает? Занимательные игры для детей от 3-х до 6 лет. Книга для воспитателей детского сада и родителей / Под ред. Е.Л. Агаевой, О.М. Дьяченко. – М. : Просвещение, 2001. - 65 с.

4. Интернет –ресурсы: «МААМ. RU», «Социальная сеть работников образования nsportal.ru», «Детские уроки.BabyLessons.ru»

АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Койбагарова Куан Назаровна
мектепке дейінгі пәндер оқытушысы
Гумманитарлық колледж
Астана қаласы

Бүгінгі таңда АКТ оқыту барысындағы мақсат пен міндетті жүзеге асыру құралдарының біріне айналса, компьютер қазіргі өмірдің әрбір саласындамаңызды орын алды.

Білім беруді ақпараттандыру – кешенді, көп жоспарлы, ресурсты үдеріс, оған балалар, педагогтар және мектепке дейінгі ұйымның ұжымы да қатысады. Оны құру үшін даму және ақпаратты-технологиялық ортада міндетті түрде ғылыми-әдістемелік, ақпараттық, технологиялық, ұйымдастырушылық және педагогикалық әлеует, жинақталған білім беру жүйесінде әрекет ету қажет.

Жүйелі түрде өзгеріп отыратын әлемде түпкілікті жетілдіру және технологияның күрделенуі ақпараттық білім беру жүйесінің іргетасын қалайды. Білім беру саласының дамуы, мемлекеттік құжаттарда айқын ерекшеленеді,ең маңыздысы ұлттық басымдылықпен айқындалады. Ақпаратты технологияны тек қана мектепте ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымда да қолдану маңызды рөл атқарады, біз оны тек қана нақтылы тәжірибе жүзінде бақылай алатынбыз.

Ақпараттық технологияның дамуы әр түрлі ортада ерекше орын алып, қажетті мәдениеттің бір бөлшегіне айналды. Ақпаратты технологияны қолдану тәрбиешіге жаңа әлеуметтік ортада өзін жайлы сезінуіне,ал білім беру мекемесіне дамыған ашық білім беру жүйесіне көшуге әсерін тигізеді.

Ақпараттық технологияны мектепке дейінгі ұйымда қолдану мақсатқа бағытталып, отандық және шет елдік зерттеулер бойынша: баланы интеллектуалды жеке тұлға ретінде қалыптастырады (С. Новоселова, Г. Петку, И. Пашелите, С. Пейперт, Б. Хантер және т.б.).

Қазіргі кезде ақпараттық,әсіресе телекоммуникациялық технология балабақша ұжымы мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты жоғарылатуға мүмкіншілік тудырып отыр.

Балабақшаның жеке ғаламтор желісі арқылы ата-аналардың мектепке дейінгі ұйым жайында,топтар,ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, өткізілетін іс шаралар,мерекелер мен ойын-сауықтар жайында ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Мектепке дейінгі ұйымның желісінде қолданушының рұқсаты бар,ал ата-аналарда мұндай сайтқа кіру үшін міндетті түрде «кілті» болады.

Мектепке дейінгі және басқа да білім беру мекемелерінде бұл сайт ата-аналарға білім беру жүйесі, тәрбие берудегі әдіс-тәсілдер болып табылады. Мұндай сайт беттерінен ата-аналар балалардың денсаулық

сақтау,қауіпсіздік,балалардың отбасы мен қоршаған ортадағы іс-әрекетін, мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысты кеңестер алуға болады.

Қазіргі кезде отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлесіп қызмет етуі баланың дамуына әсер етеді және мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты жоғарылатуға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, жаңа технологияларды, дәстүрлі емес формаларды, қазірге кезде ақпаратты технологияларды қолдану мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан, арнайы пәндерді өткізу барысында бәсекеге қабілетті, жан-жақты маман даярлау – біздің міндетіміз.

Оқытушы АКТ-ны арнайы пәндерді оқытуда қолдана отырып, студенттердің бір-бірімен ақпарат алмасуын қамтамасыз етіп, білім беріп қана қоймай, студентті дамытады, тәрбиелейді және өзін-өзі кәсіптік, шығармашылық тұрғыда дамытуға мүмкіндік алады.

Ақпараттық қоғамдағы болашақ мамандарды даярлауда АКТ-ды арнайы пәндерді оқытуда еркін қолдану арқылы әрбір студенттің арнайы пәндерді оқудағы білім сапасын, сонымен қатар, кәсіби шеберлігін арттырады. Кәсіби шеберлік педагогикалық іс-әрекетті жоғары деңгейде меңгерумен сипатталады. Бұл – болашақпедагогтардың тиімді және мақсатты жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы білім кешені және іскерлік пен дағды.

Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде АКТ – кәсіби шеберлік құралы ретінде орын алады. Сондықтан болашақ педагог мамандар міндетті түрде АКТ өз бағытында қолдана білуі керек.

АКТ-ғы кәсіби шеберлік – педагогикалық іс-әрекеттегі шексіз міндеттерді шешуде жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияны еркін қолдану қабілеттілігі.

Біздің мекемеде арнайы пәндерді оқытуда әрбір оқытушы мен студенттің АКТ элементтерін қолдану мүмкіндігі орасан зор. Соның ішіне желідегі ақпараттар, электрондық оқулықтар, анықтамалар мен сөздіктер, дидактикалық материалдар, презентациялар, білім сапасын бақылайтын бағдарламалар қатары жатады.

Бүгінгі таңда арнайы пәндер оқытушысы ретінде, АКТ-ды студенттердің кәсіби шеберлігін дамыту және қалыптастыру мақсатында қолданамын. Ақпараттық қоғамға өту, білім сапасын көтеру қазіргі заман талабы, сондықтан болашақ кәсіби маман даярлау – біздің басты міндетіміз. Арнайы пәндерді оқыту барысында АКТ-ны қолдану үшін, оқытушы өз пәнін жан-жақты жетік меңгеруі және еркін қолдана білуі тиіс.

АКТ-ны сабақтарда еркін қолдану үшін, әрбір тұлғаның АКТ-ны қолдана білу шеберлігін жоғарлатуда ішкі тілегі мен талпынысы болуы керек.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша арнайы пәндер қатарындағы мектепке дейінгі психология және бейнелеу өнері әдістемесі пәндерін оқыту барысында интерактивті тақта мен компьютер жүйелі түрде қолданылады.

Арнайы пәндерді оқыту барысында АКТ-ны қолдана отырып, кәсіби шеберлікті қалыптастыру жұмыстары белсенді жүргізіледі. Сабақтарда барысында төмендегі АКТ құралдары қолданылады:

- Microsoft PowerPoint;
- Activ Inspire;
- Интернет желісі;
- Анықтамалар мен психологиялық сөздіктер;
- анимация негізінде құрылған тапсырмалар мен түсіндірулер.

Арнайы пәндерді жүргізе отырып, оқытушы ретінде күнделікті қолданып жүрген АКТ құралдары және студенттерден де осы деңгейде талап етіледі. Сонымен қатар, студенттер психология, мамандандыру сабақтарында компьютерді тиімді қолдана отырып шығармашылық папка жинақтайды. *Шығармашылық папка мазмұны:*

- кесте
- психологиялық сөздік
- балабақшадағы жұмыс түрлеріне байланысты тапсырмалар
- балаларға арналған психологиялық тәжірибелер
- балаларға, ата-аналарға және педагогтарға арналған тренингтер
- ата-аналар мен педагогтарға арналған кеңестер.

Ал, бейнелеу өнері әдістемесі сабақтарында шығармашылық папкаға тақырып ретіне сай бейнелеу өнері іс-әрекетінің түрлері, оның ішінде:

- әр жас тобына арналған сурет үлгілері
- жапсыру үлгілері
- құрастыру және оригами үлгілерінің жасалу жолдары нақты көрсетіліп салынады, яғни барлық үлгілер бағдарламаға сай балабақшада берілетін тақырыптарға негізделеді.

Осындай жұмыстар қатарын жүргізе отырып, студенттердің кәсібилігін белгілі бір деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін АКТ-ны қолдана отырып, түрлі формадағы жұмыстар қатары ұйымдастырылып жүргізіледі:

- тренинг;
- семинар;
- іскерлік ойындар;
- үстел;
- жеке және топтық кеңестер.

Оқыту барысының тиімділігін арттыру, ақпарат алмасу үшін ақпараттандыру элементтерін жүйелі түрде қолданамын. Арнайы пәндерді оқыту барысындағы теориялық білім іс-тәжірибемен өте тығыз байланыста. Сондықтан, менің алдымдағы негізгі мақсат – жұмыс барысындағы тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі. Ал, бүгінгі күні осы мақсатқа жету жолы АКТ-ны толығымен сабақтарымда қолдану. Мәселен, психология және мамандандыру сабақтарында әрбір студенттің психолог қызметімен теориялық тұрғыда ғана танысу емес, сонымен қатар, практикалық тұрғыда жұмыс жасай білуі тиіс. Балабақшада тек балалармен ғана емес, ересектермен жұмыс

түрлерін жүргізу керек, осы орайда әрбір студент аудитория алдында өзін еркін ұстап, ойындағысын тыңдаушыларға жеткізе білуі керек. Ал, бұл дағды мен іскерлік, бір емес, бірнеше тәжірибе арқасында ғана келеді.

Тәжірибені жинақтау үшін, әрбір студент АКТ-ды қолдана отырып, балаларға арналған тапсырмалар қатарын, көбіне, фильмдерді қолданады, анимация арқылы және Activ Inspire бағдарламасы бойынша дайындап, топ ішінде және іс-тәжірибеге барғанда жүзеге асырады. Ата-аналармен және педагогтармен жүргізілетін семинар, тренинг, дөңгелек үстел, іскерлік ойындарды Mickrosoft PowerPoint, аудио,видеоны қолданып жүзеге асырады. Бұл тәжірибелер күнделікті беріліп жатқан білімдер жүйесіне негізделеді. Психология және мамандандыру сабақтарын оқыту барысында балаларға арналған ойындар, суретті тест тапсырмалары, тәжірибе барысы интерактивті тақтаны және компьютерді қолдану арқылы дайындалады. Жарқын бейнелер, суретті тапсырмалар бүлдіршіндердің ғана емес, сонымен қатар студенттердің жадында да сақталады. Бейнелеу өнері сабақтарында іс-әрекеттің мазмұнымен, жасалу жолдарымен таныстырған кезде АКТ-ның үлесі зор. Әрбір жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде педагогтың демонстрациялық құралы болуы қажет. Осы орайда тыңдаушыларды толық қамту, барлығына бірдей деңгейде түсіндіру мәселесі орын алады. Бұл оқытушылар ғана емес, тәрбиешілердің де күнделікті кездесетін мәселесі. Ал интерактивті тақта және компьютер, оның ішіндегі түрлі бағдарламалардың көмегімен осындай оқылықтардың орнын толтырамыз. Сонымен қатар, бейнелеу өнері әдістемесі сабақтарында теориялық білімді бекіту үшін, практикалық сабақтарда бейнелеу іс-әрекеті түрлері орындалады. Бұл орайда АКТ студенттің жұмыс дәптері рөлін де атқара алады, барлық заттар мен сюжеттің мазмұнның жасалу жолдарын қарастырып жүзеге асырады.

Студенттер іс-тәжірибеге барған кезде арнайы пәндер бойынша жүргізілетін жұмыстарды АКТ құралдарын қолдана отырып жүзеге асырады. Студенттер ұйымдастырылған оқу қызметтерін флипчартта дайындап, интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін толығымен қолдану міндеттеледі. Қазіргі таңда осы бағыт бойынша тек балалармен атқарылатын іс-әрекеттер қатарын практикалық тұрғыда жүзеге асырудамыз, болашақта ата-аналармен және педагогтармен жүргізілетін жұмыс бағытының мазмұны мен құрылымын жүзеге асыруды қолға аламыз. Бейнелеу өнері әдістемесінен тақырыптық жоспарға сай ұйымдастырылған оқу қызметінің демонстрациялық құралы электронды тұрғыда өңделуде. Мұның барлығы студенттердің кәсіби шеберліктерін қалыптастыруда АКТ-ны қолданудың тиімділігінің және оқытушының АКТ-ны тиімді пайдалануының көрсеткіші.

Әдебиеттер

1.Баймолдаев Т. «Ақпараттық – білімдік ортада педагогтардың ақпараттық коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру» //Информатика негіздері №1, 2010 жыл

2. Ерболатов А. «Жаңаақпараттық технология – мектепте» //Информатика негіздері №2, 2010 жыл
3. Сламбекова Т. «Педагогикалықпсихолгия»
4.Сұлтанова Г. «Жаңатехнологиялардыұтымдыпайдалану» //Бастауышмектеп №12 2005 жыл
5. Ералиева М. «Оқытудыңқазіргітехнологиялары» //Бастауышмектеп №5, 2006 жыл
6. Габдуллина З.М. Развитие навыков работы с компьютером у детей 4-7 лет. Волгоград, 2010.
7. Кочергина Г.Д., Оценка эффективности использования мультимедийных презентаций в педагогическом процессе http: //rrrc.roslobr.ru/

Түйіндеме

Мақалада автор білім беру үдерісінде оқытушылардың ақпараттық технологияларды қолдануының маңыздылығы жөніндегі сауалдарға жауап іздейді. Сонымен қатар автор іс-тәжірибе үдерісінде АКТ технологияларын студенттермен қолдануға назар аудара отырып, ерекше атап көрсетеді.

Резюме

В статье автор раскрывает вопросы актуальности применения информационных технологий преподавателями в процессе обучения студентов. Также автор акцентирует внимание на применении студентами ИКТ технологий в процессе практики.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Шалабаева Алия Болековна
№14 «Нұрай» бөбекжай-балабақшасының директоры
Атырау облысы Атырау қаласы

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі беруге аса назар аударған жөн»

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасының мектеп жасына дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясы мектеп жасына дейінгі балаларды жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыру мәселелерінің ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі екендігін ескере отырып, басты қажеттілік ретінде қабылданған еді. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің

де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техникада оның басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі, осыған орай педагогтың қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіндктердің қажеттігі туындайды.

«Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде ииіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай заманға лайық тәрбие мен білім беру ісі қазіргі заманның айғағы. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің маңызы зор. Елімізде мектепке дейінгі тәрбие саласының даму деңгейі қандай екендігіне көз жүгіртейік. Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда 7 жасқа дейінгі балалардың 70%-ын қамтитын Орталық Азиядағы ең үздік білім беру жүйесі болды. 1991 жылы 8743 балабақша болды, олардың жартысынан астамы (4868) «оңтайландыру» кезеңінде жекешелендірілді, балабақша ғимараттарының бір бөлігі қараусыз қалды, бұзылды. Соңғы он жылда мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамту мақсатында Елбасының қолдауымен, тапсырмасымен «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан» бағдарламалары жасақталып, жаңа үлгідегі типтік балабақшалардың құрылыстары жүргізіліп, бұрынғы балабақшалардың ғимараттары кері қайтарылып, жөнделіп, жұмыс істеп тұрған балабақшаларға жапсаржайлар салынып, іске қосылды. Жекеменшік әріптестік жұмыстары негізінде жекеменшік балабақшаларда мемлекеттік тапсырыс орналастырылып, кезекте тұрған балаларды балабақшамен қамтуға үлкен мүмкіндік берді.

Халқымыз талай ғасырлардан бері аңсап келген Тәуелсіздігіне 25 жыл толды. Осы уақыт ішінде еліміз дамып, көркейіп, халықаралық аренада өз орнын алып үлгерді. Қазақстанның бүгінгі мақсаты – әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену. Елбасымыз өзінің халыққа Жолдауында: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен көрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елді құрдымға жіберген. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ алуға тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана-Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда», – деген Елбасының сөзі Мәңгілік елді жасаушы халықты алға жетелейді.

«Мәңгілік ел» – барша қазақстандықтардың ұлттық идеясы болғандықтан, балабақша ұжымымының мақсаты тату тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен көркейіп өсуін насихаттау бойынша өткізілген «Біздің Отанымыз – бірліктің берекелі бесігі» атты шарасы Қазақстанда тұратын әр ұлттың мәдениетімен танысып, тағамдарынан дәм татып, ұлт

ойындарын ойнап, балалардың қызығушылығын танытты, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру» тақырыбы бойынша ұйымдастырылған шарада ұлттық идеяның мақсаттары, міндеттерін түсіндіру арқылы өз елін мақтаныш етуге, өткен тарихын ұмытпауға бағыт бағдар берілді.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген жиырма бес жылында 2006 жылдың 26 қазанынында мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарына арналған «Балбөбек» бағдарламасы бекітіліп, бағдарламаға сай оқу кешенді жиынтығы жасақталды. Бағдарламаға сәйкес балаларға арналған «Бөбектерге байғазы» хрестоматиясы, «Тіл халық қазынасы» т.б оқу әдістемелік нұсқаулары қолданысқа берілді. Одан кейін «Қайнар», «Мектеп жағдайында 5-6 жастағы балаларға мектепке дейінгі дайындыққа арналған жалпы білім беру бағдарламасы», «Балабақшада 5-7 жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындық бағдарламасы», «Қарлығаш», «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бекітіліп, тәлім тәрбие үрдісінде қолданылды.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі білім беру саясаты, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне байланысты, ең алдымен мектепке дейінгі білім беру жүйесіне бала қабілетін ашатын алғашқы саты ретінде жоғары талаптар қояды. Республиканың мектепке дейінгі білім беру мазмұнының мониторингі көрсеткендей, аталған бағдарламалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ете алмағандықтан, мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістерді қамтамасыз ететін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бірыңғай үлгілік оқу бағдарламасы жасақталды. Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелердің жетістіктерін ескере отырып әзірленген. Бағдарламаның бұрынғы бағдарламалардан ерекшелігі – қолайлы әлеуметтендіруге және балалардың қажетті дағдыларды игеруіне ықпал ететін, мектеп жасына дейінгі балалардың кешенді дамуын қамтамасыз ету.

Заман ағымына қарай күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде үлгілік оқу бағдарламасы негізінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану жұмыстарына тоқталайын. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Біздің балабақшада тәрбиешілер «Ойын технологиясы», «Тәй-тәй», «Монтессори технологиясы, «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы», «Ақпараттық технологиясы», «Жобалау әдісі» технологиясы және т.б. инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамыта отырып, мектепке дайындау жүйесін құрды.

Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталатындықтан, біз күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін «Тәй-тәй технологиясының» элементтерін пайдалана отырып, орталықтарға бөліп ұйымдастырып, орталықтардың басшылықтарына ата-аналарды қатыстырып, ата- анамен байланысымыз нығайды. Бұл технологияның тиімділігі әрбір баланың қай салаға жақын екендігін айқындауға септігін тигізеді.

Сондай-ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балабақшамызда қолданылатын жаңа инновациялық технологияның бірі «Ойын технологиясы». Ойын арқылы балалардың ой өрісін дамытуға болады. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыруға көмектесетіндігіне көз жеткіздік. Балабақшамызда «Монтессори технологиясына» көптен көңіл бөлініп, арнайы бөлме дайындалып жасақталуда. Монтессори технологиясы баланың назарын дамытуға, шығармашылық және логикалық ойлауға, жадын, сөйлеу қабілетін, қиялын, моториканы қалыптастыруға көмектеседі деген тұжырымға келдік.

Қазіргі таңда біздің балабақшамыз «Жобалау әдісі» инновациялық технологиясы бойынша екі жылға жұмыс жоспарын жасақтап, нәтижелерін көруде. «Жобалау» әдісі – қандай да бір мәселенің шешімін көрсететін жоба жасау үрдісі. Ол оқу үрдісі жағдайында орындалатын және оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына бағытталған іс-әрекеті бола алады. Жобалау әдісін қолданған кезде балалардың логикалық ойлау, зерттеу қабілеттері дамиды, белсенділігі артады, балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдері жоғарылайды, жоба әдісімен дәстүрлі әдісті салыстырған кезде балалардың қызығушылық, іздемпаздық, шығармашылық, танымдылық қабілеттерінің жоғары деңгейге жету мүмкіншілігінің болатындығын айтуға болады. Нәтижесінде тәлім-тәрбие үрдісі сапасы жақсарады, балалардың ойлау, көрсетілген мәселені түсіне білу, педагогтар, ата-аналармен ынтымақтасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіндігі артады.

Тәрбиеші – жобаның негізгі ұйымдастырушысы, кеңесшісі, сарапшысы, ақпарат орталығы. «Жобалау» әдісінің технологиясы бірлескен жұмысқа бағытталған: тәрбиеші – бала, бала – бала, бала – ата-ана. Жобаға қатысушы бала өзінің қоғамға, қоршаған айналаға, адамдарға, құрдастарына деген қажеттілігін сезіну керек. Ұжымдық бірлескен жұмыстарының нәтижесін көреді. Жобаға қатысқан нәтижесі суреттерінде, жапсырма жұмыстарында, өзі құраған ертегіде, қолымен жасақтаған альбомында, көрмелерде көрінсе балаларда белсенділік, жауапкершілік, бір-біріне деген сыйластық, сену, танымдық қызығушылықтары артатыны мәлім.

Педагогтар барлық әдістемелік шараларда балалармен, ата-аналармен бірлескен жобаларын таныстырып, презентациялар өткізді. Биылғы жылы аталған «Жобалау» әдісі технологиясы бойынша педагогтардың екі жылғы жұмыстары жинақталып іс-тәжірибесімен бөлісуге құжаттар жинақталып, тарату жоспарланып отыр.

Инновациялық жаңа технология баланы жан-жақты құзыреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар, бастысы, бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланыс күшейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекеттің мақсаты – білім беру үрдісін заманауи тиімділігі жоғары технологиялармен және балалардың

негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Барлық педагогикалық инновацияларды балабақшада балалардың жас ерекшеліктері мен әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады, сондықтан: «Егер айтып берсең, ұмытамын. Егер көрсетсең, мүмкін есіме сақтаймын. Егер еліктіре тартсаң, расымен ұмытпаймын», – деген ежелгі қытай ойшылы, философ Конфуцидің нақыл сөзі барша балалардың тәрбиешіге жолдауы іспеттес деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1.«Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014, 17 қаңтар . [1]

2. Амангелді Айталы. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014 ж 26 ақпан Тәрбие.орг сайтынан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтары және мәні.

3.Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы, 2014ж.

4.«Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру: балаларды ерте жастан дамытуды ұйымдастырудағы отандық және халықаралық тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Алматы, 2014 ж.;

5.Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық.Астана, 2013 ж

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Т.И. Жаныбекова
директор «Детский сад-ясли №6
«Күншуақ» акимата г. Усть-Каменогорск, ВКО

Термин «инновация» появился в исследованиях культурологов XIX века и первоначально обозначал введение некоторых элементов одной культуры в другую и изучение их отношений.

В начале XX века инноватика формируется как наука о нововведениях, изучающая закономерности технических нововведений в материальном производстве. Развивается она как отражение потребностей в деятельности по разработке, внедрению новых услуг, идей в основные сферы человеческой активности. Педагогическая инноватика развивается с конца 50-х гг. XX в на Западе, с 80-ых гг. - в России.

В Республике Казахстан с начала 2000 года идет активный процесс реформирования содержания дошкольного воспитания и обучения, включающий конкретизацию социальных и педагогических функций на основе

исторических и культурных традиций казахского народа и других этносов, проживающих на территории страны.

Сегодня в дошкольных организациях Казахстана педагоги имеют возможность проявлять творчество, более смело использовать инновации.

Главной целью инновационных технологий образования является подготовка человека к жизни в постоянно меняющемся мире и создание комфортной образовательной среды, позволяющей детям быть здоровыми, приобретать психологическую, личностную уверенность и успешно социализироваться в окружающем мире. При инновационном подходе к организации педагогической деятельности все усилия направлены на поиск и выбор оптимальных педагогических решений.

Сегодня апробируются и эффективно внедряются в процесс воспитания и обучения дошкольников следующие технологии: личностно–ориентированные, дифференцированные, проектного обучения, здоровьесберегающие, игровые, проблемного и развивающего обучения, компьютерные технологии, интерактивные, социоигровые методики и другие.

При использовании инновационных технологий происходит более качественное изменение личности ребенка по сравнению с традиционной системой, что дает возможность значительно ускорить процесс поиска и передачи информации, преобразовать характер умственной деятельности, автоматизировать человеческий труд.

Внедрение инновационных подходов позволит мотивировать действия, самостоятельно ориентироваться в получаемой информации, формировать творческое нешаблонное мышление, развивать их природные способности.

Современный детский сад – это место, где ребенок получает опыт широкого эмоционально-практического взаимодействия со взрослыми и сверстниками в наиболее значимых для его развития сферах жизни. Детский сад, в котором ребенок реализует свое право на индивидуальное развитие в соответствии со своими потребностями, способностями и возможностями, через создание для этого организационно-педагогических условий; педагог развивает свои профессиональные и личностные качества, руководитель обеспечивает успех деятельности детей и педагогов; учитывает особенности взглядов родителей на желаемое будущее своих детей и ориентирует их на конструктивно-партнерское взаимодействие с детьми, педагогами и родителями.

Сегодня детскому саду нужен педагог, способный строить работу с детьми на основе прогрессивных инновационных технологий и новых программ. Он должен быть творцом педагогического процесса, обладать гибким мышлением, умело использовать инновации.

Немаловажным в дошкольном образовании является речевое развитие детей дошкольного возраста. Проблема речевой недостаточности дошкольников заключается в том, что ребенок мало времени проводит в обществе взрослых (все больше за компьютером, у телевизора или со своими игрушками), редко слушает рассказы и сказки из уст мамы и папы.

Для решения этой проблемы можно использовать методику мнемотехники, которая обеспечивает успешное освоение детьми знаний об особенностях объектов природы, об окружающем мире, эффективное запоминание рассказа, сохранение и воспроизведение информации и, конечно, развитие речи.

Использовать мнемотаблицы можно при:

- обогащении словарного запаса;
- обучении составлению рассказов;
- пересказах художественного произведения;
- отгадывании и составлении загадок;
- заучивании стихов.

Также в работе по развитию речи можно применить метод синквейна. «Синквейн» (от французского слова) означает - «стихотворение из пяти строк». Форма синквейна была разработана американской поэтессой Аделаидой Крэпси. Сравнительно недавно педагоги стали применять синквейн для координации пальцев при письме, использовать его как один из методов развития речи. Алгоритм синквейна для детей, которые пока не умеют читать: Условные обозначения:

слова-предметы (существительные)
слова-признаки (прилагательные)
слова-действия (глаголы)
слова-предметы (существительные)

Также в работе по развитию речи можно рекомендовать и методику «Карты ума» Тони Бьюзен для детей старшего дошкольного возраста. «Карты ума» - это инструмент, за универсальность их недаром называют «швейцарским ножиком мышления». «Карты» учат анализировать информацию и выделять ключевые слова. Они идеально подходят для планирования. Применение инновационных методов и приёмов в работе по развитию речи помогает детям дошкольного возраста развивать основные психические процессы - память, внимание, образное мышление и сокращает время обучения связной речи.

Вывод: Использование инновационных технологий в образовательном процессе дошкольных организаций положительно влияют на качество усвоения содержания Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения, повышает профессиональный уровень педагогов, создает условия для личностного развития детей. Применяя различные инновационные технологии, педагог делает процесс более полным, интересным, насыщенным.

Литература

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения: РК, 2012 № 1080, Приложение 1 к ППРК от 13 мая 2016 года №292

2. Типовая программа дошкольного воспитания и обучения в РК (приказ МОН РК от 12 августа 2016 года №499)

3. Майер А. А. Управление инновационными процессами в ДОУ: Методическое пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2008
4. Поташник М. М. , Хомерики О. Б. Структуры инновационного процесса в образовательном учреждении//Магистр. 1994. №5.
5. Сластенин В. А. Подымова Л. С., Педагогика: инновационная деятельность. М, 2003.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА МАЙТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Іргебекова Гүлнәр Іргебекқызы
«Балдырған» балалар бақшасының меңгерушісі
Алматы облысы, Сарқан қаласы

Қазіргі кезеңде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты міндеті – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Бала – болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиетін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Ал бала беріліп жатқан тәрбие мен білімді меңгеруі үшін біз олардың денсаулығын сақтап қана қоймай нығайтып түзетуіміз керек.

Бүгінгі қоғамда дұрыс аяқ киім кимеудің, олардың жайсыздығының салдарынан майтабандылық көбейіп кетті. Табан күмбездерінің деформациялануына қарай майтабандықтың екі түрі анықталған: бойлық және көлденең. Көбінде сәбилерде бойлық майтабандық байқалады. Бұл туа біткен және жүре пайда болған түрде болады. Майтабандық деген нақты диагнозды сәбилерге 5–6 жасында қоюға болады. Одан ертерек, шамамен 3 жасында белгілерін байқауға болады. Барлық сәбилердің табаны үш жасына дейін жалпақ болып келеді. Яғни, бұл жастағы сәбилердің тері асты майы өте көп мөлшерде болады. Айлайда, уақыт өтісімен табандағы май біртіндеп ысылып, сіңірлер мен бұлшық еттер жиырылып, қатая бастайды. Майтабандықтың салдарынан балаларда төмендегідей қиындықтар туындауы мүмкін. Табанның аса маңызды қызметі – амортизация қабілеті – бұзылады. Нәтижесінде жүріп, жүгіру кезіндегі дене тербелісі сирақ, ұршық буындары мен омыртқаға беріледі. Буындарға ұзақ уақыт салмақ түскендіктен қабынулар нәтижесі артрозға алып келуі мүмкін. Майтабандықтың омыртқаға тигізетін әсерінен омыртқа қисайып, сколиозд пайда болуы мүмкін. Ал аяқтың шаршап ауырсынуы, бас ауыруы болашақта баланың сабағының нашарлауына алып келеді. Бұл ауруды емдеудің негізігі мақсаттары: табандағы ауырсынуларды жою, аяқтың бұлшық ет-сіңірлерінің жұмысын күшейту және табанның қызметін қалпына келтіру. Майтабанды емдеудің негізгі екі әдісі бар: хирургиялық жолмен (ота жасау) және керітартпа жолмен. Керітартпа жолмен

емделу тәсілі: емдік гимнастиканы, массаж, аяқ ванналары, физиотерапия, дұрыс ортопедиялық жолмен жасалған аяқ киім немесе ұлтарақ кию.

Сондықтан ата-аналар назарын осы мәселеге аударып, балаларға дер кезінде көмектесіп майтабандылықтың алдын-алу жұмыстарын жүргізу балабақшадан басталу керек. Осы бағытта біз «Майтабандылықтан арылайық» атты жоба жұмысын жүзеге асырудамыз.

«Майтабандылықтан арылайық» жобасының барысы

Жоба мақсаты: *Майтабан белгілері бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізу арқылы нәтижеге қол жеткізу.*

Міндеттері: *Майтабандылығы бар балаларды, майтабандылықтың кезеңдерін анықтау;*

- Олармен жұмыс істеу принциптерін нақтылау;

- Жаттығу кешендерін жоспарлау;

- Ата – аналармен, дәрігерлермен ынтымақтастық орнату;

Жобаның өзектілігі: *Қазіргі қоғамда дұрыс аяқ киім кимеудің, олардың жайсыздығының салдарынан майтабандылық көбейіп кетті. Ата-аналар 12 жасқа дейін балалардың бойындағы бұл ауытқушылықтарына дер кезінде назар аудармағандықтарының салдарынан өсе келе артроз, артрит, омыртқааралық жарық (грыжа), остеохондроз, маймақтық, омыртқаның қисаюына шалдығатынын кеш біледі. Сондықтан ата-аналар назарын осы мәселеге аударып, балаларға дер кезінде көмектесіп майтабандылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу балабақшадан басталу керек.*

Жоба мерзімі*: ұзақ мерзімді*

Жобаға қатысушылар*: Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер, медбике, балабақша жұмысшылары, ата-аналар, аурухана дәрігері, балабақша тәрбиеленушілері.*

Жоба өнімі*: жылжымалы папкалар, бейнематериал, түзетімду жатығуларына арналған құралдар.*

Күтілетін нәтиже: *Майтабандылығы бар балалардың майтабандылық кезеңі 1 сатыға төмендейді. Тәрбиешілер мен дене шынықтыру нұсқаушысы осы мәселеге қатысты тәжірибе жинақтайды. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығаяды.*

Жоба кезеңдері

-дайындық (мотивациялық-ұйымдастырушылық)

-негізгі (ендірушілік)

-қорытынды (қорытындылаушы)

<u>Дайындық кезеңі</u>

Мақсаты: майтабандылықтың алдын-алу бойынша балабақшаның педагогикалық, медициналық қызметкерлердің, ата-аналардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу, майтабандылық белгісі бар балалар санын анықтау.

Міндеті: Педагогтар мен медбикенің, ата-аналардың «майтабандылық» туралы білімдерін анықтау;

- «Майтабандылық» туралы педагогикалық тәжірибелер, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, теориялық білім жинақтау;

- Тәрбиеленушілер арасында майтабандылық белгісі бар балаларды анықтау.

Жұмыс мазмұны:

тығыз байланыста болғандықтан, біз "Мектеп алды оқыту негізінде денсаулық сақтау технологияларын дамыту" атты тақырыбымызды толық қамтыдық әрине жұмысымыз әлі де нәтижелі жалғасын табуда. Жалпы асыққа тоқтала кететін болсақ, асық – төрт түлік малдың ішінде қой - ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәле - жаладан аулақ, шымыр - қайратты болсын дегені. Асық патшасы – сақа. Оның ең ірі, шымыры арқардың асығы – құлжа не қолқар деп аталады. Кейде қошқардың асығын ұстайды. Шымыр, салмақты болса, қойдікі де жарайды. Иіргенде, алты қырынан түседі. Асық иірудің өз атаулары бар: алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі; тәйке (тауа) – асықтың иіріленде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие; бүк – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие; шік – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие; табан – асықтың тәйке жағы болып табылады. Сонымен қатар асық ату ойыны көз жітілігін, мергендікті дамытады, баланың бойында еріктілікті, ұстамдылық пен шыдамдылықты, қарсыласын сыйлай білу, адалдық және басқа да ізгі қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады. Асық ату ойынын таңдаған себебіміз осы. Ойымызды іске асыру үшін жан – жақты көп іздендік мәселе ұлттық кітапханамызға барып, асық туралы мәліметтер жинастырдық. Ата-аналарымызбен де бұл ойымызбен бөлісіп балаларға қазіргі таңда смартфондар мен компьютерлердің зиянды жақтарын, олардың бала денсаулығына пайдасыз екенін төмендегідей түсіндіріп дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып компьпютермен асықтың өсіп келе жатқан бала ағзасына пайдасымен зиянын

Компьютерлік ойындар	**Асық ойыны**
Баланың жүйке - жүйесін тоздырады	Баланың ойлау қабілетін дамытады
Баланың бойына тұйық мінезді қалыптастырады	Адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді
Қан айналымын бұзады	Денені шынықтырады
Жүрек - қан тамырларының жұмысын баяулатады	Қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады
Көздің көруін нашарлатады	Көз қашықтықтан көруге қалыптасады
Бойдың өсуіне кері әсер етеді	Бойдың жылдам өсуіне көмектеседі

Денсаулық сақтау технологиясымен жұмыс жасай жүріп, неге біз асықты қолданбасқа деген ой туындады. Асықты алғанымыздың себебі не? Қазақтың ұлттық ойындарының ең алғашқы сатысы халқымыздың салт - дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде әуелі асықты айтамыз. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды Асықты жаңа заман талабына сай модернизациялау, жаңғырту, жаңару.

Бірінші кіші топта балалар боялып, тесілген асықты бір түстен кейін екінші түсті жіптерден өткізіп, тізбектеп тізуді қолданады. Бұл тізбекті тізу арқылы баланың түстерді есте сақтай отырып, бір – бірінен ажырата алу дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар балалар қолымен жұмыс жасау барысында, баланың қолының ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасау арқылы, саусақтары иілгіш болып жұмыс жасауға жаттығады. (бірінші кіші топтағы жұмыс төмендегі әдіспен жүзеге асырылуда)

Екінші кіші топтар үшін асықпен жұмыс сәл күрделілеу. Яғни екінші кіші топ балалары асықпен түрлі – түсті балаларға арналған бояуды пайдаланады. Бұл жерде балалар санына байланысты төрт – төрттен бірнеше топқа бөлінеді, әр топқа тиесілі түс пен шеңбер сызылған парақшалар беріледі. Балалар парақшада берілген шеңбердің ішіне асықты бояуға малу арқылы парақша бетіне нүктелер тусіруі тиіс. Осылай бірнеше рет қайталап жасайды. Нәтижесінде парақ бетінде әр балада әртүрлі бейне пайда болады. Балалар үшін бұл жасырын пайда болған бейне қызықты әрі сиқырлы сәт болады. Бұндай әдісті қолдану балалардың саусақ моторикасын дамытумен қатар, баланы берілген тапсырманы таза әрі ұқыпты орындауға баулиды.

Балабақшамызда екі кіші топ болғандықтан, тағыда бір әдісті басқа топтарда қолдануды жөн көрдік. Тоқтала кетсек, келесі әдіс бұл фетралық қағазбен жұмыс. Бұл әдіс логиканы дамытуға, математикаға жақындау. Себебі, фетралық қағаз торкөз дәптер беттері сияқты шаршыларға теңдей бөлінген. Мысалы: балалар фетра қағазы қанша дөңгелек, шаршы немесе үшбұрыш тізілсе сонша асықты тізе білуі тиіс. Яғни балалар бұл тапсырманы мұқият мән бере отырып, ойланып отырдайды. Себебі, берілген тапсырма бойынша заттың саны әрі фетра қағазында шаршылардың ішіне асықты дұрыс орналасуынан шатаспауы тиіс. Тапсырма салыстыру әдісіне байланысты болғандықтан балалар қызыға отырып орындайды.

Ортаңғы топ үшін құмда мазмұнды бейне салуды алдық. Бұл тапсырма ойын әдісі арқылы жүзеге асырылады. Балалар құмның үстіне асықпен түрлі мазмұнды суреттер сала отырып, нені бейнелегендерін айтып береді. Яғни бұл әдіс бала үшін қызықты әрі пайдалы. Баланың ұсақ моторикасымен қатар бейнелеуге деген қызығушылығы артады, қиялы дамиды жәнеде ең бастысы өзінің ойындағындай естіп салынған бейнені өз сөзімен түсіндіру барысында сөздік қоры молаяды, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.

Ересек топтарына келетін болсақ, бұл топтары үшін мозайка әдісін алдық. Балалар жеке – жеке отырғызылады. Оларға асықтан жасалған белгілі бір бейнеленген пішін беріледі. Пішінді балалар дәл сондай қалыпта боялған асықтармен құрастырып шығулары тиіс. Бұл тапсырма балалардан ұқыптылық пен мұқияттылықты талап етеді. Себебі, тапсырманы орындау барысында балалар пішіннің көлемімен қатар оның ішінде берілген түстерден жаңылмауы тиіс. Ересек топтары үшін тапсырма қызықты әрі өте пайдалы. Бала логикалық жағынан ойланып қана қоймай сонымен қатар, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеттері артады және бір – бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдылыққа тәрбиеленеді.

Тағы бір ересек топтары үшін пайдаланылған әдіс топпен жұмыс. Балаларды үш-үштен топқа бөліп отырғыза отырып, мозайка тақтайшасына түрлі пішіндер, түрлі түспен боялып, қасына әртүрлі түске боялған асықтар беріледі. Балалар осы берген пішіндерге боялған асықтардың ішінен пішінді ашатындай түс таңдап, көлеміне сәйкес тізіп шығуы тиіс. Тапсырманы орындау барысында баланың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеті дамиды. Ересек топтарындағы балалар үшін бұл оңай тапсырма болмағанымен балалар қызыға орындайды. Себебі, бұл жастағы бала күнделікті балабақшаға келерде өздерінің не киетіндетірін, қандайда бір зат сатып аларда өздері ересек

адамның көмегінсіз таңдап алатын, эстетикалық талғамы енді ашылып келе жатқан сәт болып табылады. Сондықтанда ересек тобындағы балалар бұл тапсырманы зер қойып, қызыға отырып орындайды.

Мектепалды даярлық топтарына келетін болсақ, «Сиқырлы қолғаптар мен», «Иновациялық дәстүрлік дене шынықтыру тақтайшаларымен» жұмыс жасауды жөн көрдік. Себебі, бұл қолғаптар мен денені шынықтыруға арналған тақтайшалар арқылы балалар түрлі денені шынықтыратын әдістерді жасай алады. Мәселен, сиқырлы қолғаптар арқылы балалар бір – бірлерінің арқаларына уқалау, сипалау әдісімен омыртқа, арқа жоталарына демалдыру әдісін жасайды. Денені шынықтыратын тақтайшалармен аяққа, табанға арналған түрлі шынықтыру әдістерін жасай алады. Бұл әдістерді қолдану барысында балалардың арқаның ұюы, майтабандылық, аяқтың ұйып қалу деген қолайсыз жағдайлар жойыла бастайды. Балалар түрлі жаттығуларды жасау барысында шыдамдылыққа, төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.

Жалпы асыққа тоқтала кететін болсақ, асық – төрт түлік малдың ішінде қой - ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәле - жаладан аулақ, шымыр - қайратты болсын дегені. Асық патшасы – сақа. Оның ең ірі, шымыры арқардың асығы – құлжа не қолқар деп аталады. Кейде қошқардың асығын ұстайды. Шымыр, салмақты болса, қойдікі де жарайды. Иіргенде, алты қырынан түседі. Асық иірудің өз атаулары бар: алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі; тәйке (тауа) – асықтың иіріленде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие; бүк – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие; шік – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие; табан – асықтың тәйке жағы болып табылады. Сонымен қатар асық ату ойыны көз жітілігін, мергендікті дамытады, баланың бойында еріктілікті, ұстамдылық пен шыдамдылықты, қарсыласын сыйлай білу, адалдық және басқа да ізгі қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Куспанова Ризвангуль Хасангалиевна
«Бәйтерек» бөбекжайының әдіскері
БҚО, Теректі ауданы,
Подстепный ауылы

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу».

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы

Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиялық Жолдауында: «Біз білім – ғылым – инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз, біріншіден, бұл – уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры», – деп атап көрсеткендей, білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды пайдалану. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологияларын меңгеру педагогтан орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер педагогтың инновациялық технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық технология – педагогтың кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер көзі. Мұның өзі инновациялық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, инновациялық технологиялар – білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, балалардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында инновациялық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы.

«Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық қажеттіліктерімен тығыз байланысты білім беру және технологияларды жетілдіру көзі» деп атап өткеніндей, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе: әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына инновациялық енгізудің тиімді инновациялық әдістерін іздестірумен және оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр.

Заман сұранысына орай мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Осыған орай,

соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, балабақша өміріне енгізіліп, кеңінен қолданылуда. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде бірнеше педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір ұйымдастырылған оқу қызметінде қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымда әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда тәрбиеленушілердің әрекеті, технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлықтарына жете көңіл бөлінуі тиіс.

Мысалы, «ТРИЗ» қолдаушылары алдында тұрған басты мәселе – дайын формуланы балалармен ҰОҚ өткізуде схемалық түрде қолдану ниетінен сақтандыру. Балалар тумысынан үлкендердің ақпараттарын талдай отырып, өздерінің қандай да бір жүйесін құруға, өзінің пәктігі мен аңғалдығын көрсете, жүріп жатқан үдерістердің заңдылықтарын ұғынуға талпынады. «ТРИЗ» оқиғалар мен құбылыстардың заңдылықтарын түсіну үдерісімен мүмкіндігіне қарай танысуды ұсынады. «ТРИЗ» технологиясы балалармен тарихи тақырыпта әңгімелесуді ұсынады: қарындашты ойлап табу тарихы; үстелді ойлап табу тарихы; дөңгелек, шам, радио, робот және т.б. тарихы. Объектіні даму тұрғысынан қарау үнемі жетілдірудің, ойлап табудың себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Балалар ойлап табудың қайшылықтарды шешу екендігін түсіне бастайды.

Қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісінде өзекті ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылуда. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру баланың еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие үрдісін тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекетпен тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы балалардың ойлау белсенділігін арттыруға, ҰОҚ барысында бірнеше технологияны тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс – іс-әрекеттегі оқытуды ұйымдастыру.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай балаларды толыққанды, жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыру үшін тәрбиешілер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет.

Жалпы технологияны меңгеруде педагогтардың жан-жақтылығы және білімі қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Білім және Ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін жаңа формацияның педагогы қажет», – деген болатын.

Сондықтан қазіргі заманғы педагогтардың ең басты қасиеті – инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы тәрбиеленуші тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін, өзіндік пікірі бар жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Осы мақсатта біздің «Бәйтерек» бөбекжай ұжымының педагогтары үнемі ізденісте жүреді. Мектепке дейінгі ұйымда пайдалануға болатын барлық технологияларды жақсы меңгерген тәрбиешілер әр оқу қызметтерін тәрбиеленушілерге пайдалы, қызықты, әрі оларды жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп өткізуге тырысады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басым бағыттардың бірі – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту. Елбасы мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртуға қоғам назарын аудара отырып: «Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелер негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға оқытудың заманауи инновациялық әдістерін енгізу, ал білім беру технологиялары – жасампаз болуы қажет», – деп тапсырма берген болатын.

Инновациялықтехнологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізетіндігін, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектесетіндігін жете түсінген тәрбиешілер инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторларды ескеріп келеді:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

-тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

Мектепке дейінгі ұйымымызда инновациялық технологияны пайдалану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады:

1-кезең – оқып үйрену;

2-кезең – меңгеру;

3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану;

4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Осы кезеңдерден өтіп, бірнеше инновациялық технологиялар түрін жетік меңгерген тәрбиешілер бір-бірімен тәжірибе алмасып, өз тәжірибелерін үнемі жетілдіре отырып, кәсіби шеберліктерін шыңдайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 9 қазандағы №408 бұйрығы негізінде, Білім басқармасының 2015 жылдың 20 қаңтардағы №28 «Жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын аппробациядан өткізу бойынша» бұйрығымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы бойынша сынақ алаңдары бар 5 мектепке дейінгі ұйымдар бекітілді. Солардың бірі «Бәйтерек» бөбекжайы 2015-2016 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарда жалпы білім беру оқу бағдарламасы мен инновациялық технологияларды аппробациялау және қолдану бойынша сынақ алаңы болып таңдалып, тиімді әрі жүйелі жұмыстанғаны үшін эксперименттік топтардың тәрбиешілері Кубаева З., Утегенова Ж. (І кіші топ

тәрбиешілері), Бактиярова Д., Сатыбаева А. (II кіші топ тәрбиешілері), Искалиева Ж., Утепбергенова С. (ортаңғы топ тәрбиешілері) Аудандық білім беру бөлімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

2016 жылы бөбекжай ұйымының педагогтары С. Серікқалиева, А. Сарсенова, А. Зайнуллинаның облыс көлемінде «Мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологияларды қолдану жолдары» атты әдістемелік көмекші құралдары таратылды.

Біздің мектепке дейінгі ұйымда күнделікті қолданылатын инновациялық оқыту технологияларына тоқталып өтелік:

- З.Дьенештің логикалық блоктар балаларды математиканы игеруге дайындау және алгоритмикалық ойлау мәдениетін дамыту құралы:
- Денсаулық сақтау технологиясы;
- Монтессоридің педагогикалық жүйесі;
- Мнемотехнология;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту (ТРИЗ) технологиясы;
- «Фребель сыйы» технологиясы;
- Ақпараттық технология;
- «Зайцев» технологиясы;
- Ойын технологиясы және т.с.с.

Аталмыш технологияларды жетік меңгерген педагогтар ұжымы инновациялық технологияларды ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қолдану тақырыбында облыс көлемінде бірнеше семинар ұйымдастырып, тәжірибелерімен бөлісіп жүр.

«Мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырылған оқу қызметінде жаңа технологияларды қолданудың тиімді жолдары» атты облыстық семинардан фотокөріністер

«Денсаулық сақтау» технологиясы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметіндегі күннің екінші жартысында ұйымдастырылатын ұйқы ашар жаттығулары

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінің элементтерін пайдалана отырып ұйымдастырылған оқу қызметі «Сиқырлы су»

Мнемотехнология бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі «Су асты әлемі»

Педагогикалық технологияларды зерттеп, тәжірибеде қолдана келе келесідей тұжырым жасауға болады. Оқу үрдісі өзінің барлық мазмұнымен, ұйымдастырылуымен, педагогтың қызметтік мінездемесімен тек қана баланы біліммен қаруландыруға ғана бағытталмай, сонымен қоса олардың жан-жақты дамуына бағытталған. Көп жылдар бойы мектепке дейінгі білім беру жүйесі балалардың танымдық дамуын қамтамасыз етті. Алайда, мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту негізінен бала тұлғасы қасиеттерінің дамуына бағытталған. Бүгінгі таңда негізгі басымдық – бала мен тәрбиешінің тұлғалы-бағытталған әрекеті. Баланың жеке-даралығын түсіну, қабылдау, қызығушылықтарын ескеру, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, эмоционалдық игіліктерін сақтау – міне, осылардың барлығы қазіргі кездегі тәрбиешінің басты міндеттері.

Осылайша, инновациялық технологияларды қолдану – тәрбиешіні қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, денсаулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы біз:

- Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылықтарын оятамыз;
- Өз бетті ізденуге, зерттеуге, яғни өзін - өзі дамытуғы мүмкіндік туғызамыз;
- Өзіне қызмет көрсету дағдылары мен кез-келген жағдайға тез бейімделуге үйретеміз;
- Сөздік қорларын молайта отырып, ойларын еркін жеткізуге баулимыз;
-Тәрбиеленушілердің танымдық қабілеттерімен қатар, сенсорлық, шығармашылық қабілеттерін дамытамыз;
- Оларды жүйелілікке, нақтылыққа баулимыз. Инновациялық технологиялар тәрбиешілер үшін жаңа мүмкіндіктер, тың жаңалықтар және жарқын болашақтың ертеңгі ұрпағын тәрбиелеудің сенімді кепілі болмақ.

Әдебиеттер

1. ҚР «Білім туралы» Заңы 2015 жылғы 24 қараша №419 бұйрық
2. «Қазақстан – 2050 стратегиясы» ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.2014
3. 2016-2019 жылдарға арналған ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы 2016 жыл 1 наурыз №205 жарлық
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2016ж 12 тамыз №499 бұйрық

5. «Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа технологияларды тиімді қолданудың жолдары» - Сериккалиева С., Сарсенова А., Зайнуллина А. - Орал, 2016ж

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Арғынбекова Салтанат Атабековна
№26 «Нұрай» балабақшасының әдіскері
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Мақсаты: Дидактикалық ойын түрлерін пайдалану арқылы ересек топ балаларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Ойын іс-әрекетін оқыту үрдісінде қолдану жолдарын айқындау;
2. Дидактикалық ойын түрлерінің жіктемесін жасау;
3. Ересек топ балаларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруға арналған дидактикалық ойындар мазмұнын жасау;
4. Ересек топ балаларының оқу іс-әрекетіне қызығушылығын қалыптастастыруға арналған тәжірибелік зерттеу жүргізу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды заман талабынан тыс қалдырмауға, әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігін ұлттық болмыспен қабылдауға бейімдей отырып, олардың санасын «ұлттық құндылықтарды меңгерген жаңа дәуір балалары» моделіне бағыттай білу қажет.

Бүгінгі таңдағы заманауи өзгерістер ағымы балалар психологиясының дамуына ықпал етуде, ойын іс әрекетін тиімді қолдануды көздейді. Сондықтан да мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеуде ойын түрлерін ұтымды пайдалану қажет.Ойын іс-әрекеті арқылы балалар оқу материалдарын тез меңгереді, ақыл-ойы дамиды. Себебі, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті – ойын. Балалардың өте жауапты сензитивті осы кезеңінің ерекшелігін есепке алу аса маңызды, өйткені баланың мектеп жасына дейінгі шақтан, кіші мектеп оқушысы кезеңіне өтетін күрделі, ауыспалы кезеңі. Нақты осы шақта балалардың іс-әрекет түрлері де бірте-бірте, ойыннан оқу әрекетіне ауысады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ынталандырудың негізгі әдісі де – ойын. Ойын әдісі арқылы балалардың оқу іс-әрекетіне танымдық қызығушылығын қалыптастырамыз. Ойын іс-әрекеті, ойын түрлерін пайдалана отырып ұйымдастырылған оқу қызметінде, топ серуендерде, әртүрлі тәрбие іс-шараларында сюжетті-рөлдік, дидактикалық ойындар, ойын-жарыс элементтерін пайдалану керек. Ойындар, олардың сан алуан түрлері ежелден этнографтарды, психологтарды, археологтарды, педагогтарды және басқа ғалымдарды қызықтырған. Балалар тәрбиесінде ойындардың алатын орны жайлы Қазақстанда тұңғыш еңбек жазғандардың бірі педагог Н.С.Құлжанова болды.

Ойын іс-әрекетін бүгінгі таңда пайдаланып, балалардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру бала мен тікелей қарым-қатынасқа түсу, оны оқыту үрдісіне ынталандыру, сапалы қасиеттерін ашу білім, біліктілігін, іскерлік пен дағдысын қалыптастырудың маңызы зор.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын іс-әрекеті балаларды тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде қарастырылса, ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын оқыту әдісі ретінде көрініс табады. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепалды даярлауда дидактикалық ойындар ойын әдісі ретінде үлкен маңызға ие. Мектепке дейінгі ұйымдардың ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойындарды дидактикалық мақсатта қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Мектепке дейінгі кезеңнің оқу іс-әрекеті процесінде аса дайындықты қажетсінбейтін дидактикалық ойындарды пайдалану керек және олар оқытатын, үйрететін сипатқа ие болуы тиіс. Дидактикалық ойындарды ұйымдастырғанда оның сабақтың мақсатына жетуге көмектесетін жағын ескеру маңызды. Оларды сабақтың әрбір кезеңіне сәйкес дұрыс пайдалану да өте тиімді. Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру мен жүргізу педагогикалық тұрғыдан бірқатар шарттарға байланысты:

1.Ойынның ұйымдастырылған оқу қызметінің дидактикалық мақсатына сәйкестігі.

2.Ойындардың мазмұны мен формасына қарай әртүрлілігі;

3.Ойынға қатынасушылардың белсенді шығармашылық позициясы;

4.Ойынның балаларға түсінікті және тартымды болуы;

5.Ойынның эмоционалды болуы.

Дидактикалық ойын өзінің қызметі мен атына сай орындалуы үшін оның арнайы құрылымы болуы шарт. Оның құрылымы :

1. Міндеті;
2. Әрекеті;
3. Ереже;
4. Нәтиже, ойынның аяқталуы.

1. Міндеті. Әрбір дидактикалық ойынның белгілі міндеті болады, ол дидактикалық мақсаттан келіп туындайды. Ойынның (мақсаттан келіп) міндеті оның оқу мазмұнын құрайды. Ойын мазмұны балалардың қызығушылығын оятады, олардың танымдық іс-әрекетін дамытады және жаңа білім, іскерлік, дағдымен байытады.

2. Әрекет – ойынның негізгі бөлігі. Әрекетсіз ойынның мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір дидактикалық ойынның міндеті әрбір баланың мінез-құлқын анықтап, ұйымдастырып, бір тұтас ұжымға біріктіретін әрекет арқылы іске асады. Ол балалардың қызығушылығын оятып, олардың ойынға деген эмоционалдық қатынасын анықтайды. Дидактикалық ойында әрекет нақты анықталған және айқын түрде белгіленген. Ол әртүрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда төмендегідей негізгі шарттарға сәйкес келуі тиіс:

3. Ереже ойын міндетіне бағынады. Олар іс-әрекетті ойынның міндетін жүзеге асыруға бағыттай ұйымдастыруды көздейді. Сондықтан дидактикалық

ойында іс-әрекет ережемен тығыз байланысты. Ережелер бала ойын үстінде не және қалай істеу керектігін анықтайды.

Ережесіз іс-әрекет жайбарақат дамып, дидактикалық міндеттің жүзеге асуына ықпал ете алмайды, сөйтіп өзінің негізгі сипатынан айырылады. Дидактикалық ойынның ережесі іс-әрекетті ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен бірге оның тартымдылығын арттырады.

4. Ойын нәтижесі – бұл міндетті шешу мен ережені орындау. Нәтиже мен ойынның аяқталуын екі тұрғыдан бағалау қажет: баланың көзқарасы тұрғысынан және тәрбиешінің көзқарасы тұрғысынан.

Балабақшада дидактикалық ойындарды оқу іс-әрекетінде қолданудың бірқатар педагогикалық шарттары бар:

- дидактикалық ойындарды балабақшада пайдалану қарапайымнан күрделіге, нақтыдан абстрактілеуге және керісінше принципіне сәйкес қолдану;
- беріліп отырған дидактикалық ойындарды өткен материалды еске түсіру және бекіту барысында тиімді, жүйелі қолдану;
- дидактикалық ойындарды көрнекілікпен астарлап қолдану, көрнекіліктерді эстетикалық талаптарға сай жасап, ойынның дидактикалық мақсатына сай дұрыс қолдану;
-дидактикалық ойындарды әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде материалдардың дидактикалық мақсатына сай қолдану;
- ойындарға қажетті көрнекіліктер жасау, оларды арнайы қораптарға салып жүйелі пайдалана білу керек.

Тәрбиеші бағдарламалық материалға сәйкес мазмұны жағынан әртүрлі дидактикалық ойындарды, саяхат-ойындарын, тапсырма-ойындарды, жарыс-ойындарды, әңгіме-ойындарын, танымдық іс-әрекеттің сипатына қарай әртүрлі ойындарды, орындаушылық іс-әрекеті талап ететін, қайта жаңғырту әрекеті орындалатын, бақылау әрекетін, ізденушілік әрекетті көздейтін ойындарды пайдаланады. Содан кейін тәрбиеші ойынның құрылымындағы орнын және оны жүргізу әдістемесін анықтайды. Дидактикалық ойындардың қайсысын болсын өткізу барысында балалар түрлі іс-әрекеттерді орындайды. Дегенмен, оларды қандай да бір іс-әрекеттің басым орындалуына орай топтастыруға болады. Демек, ойын барысында орындалатын негізгі іс-әрекеттерді анықтап, оның түрлерін іс-әрекетке орай алмастырып отыруға тура келеді.

Кейбір дидактикалық ойындарда балалардың орындаушылықпен (берілген үлгіге еліктей отырып), біршамасында еске түсіруімен, (қайта жаңғырықтандырумен) байланысты, қайсы бірінде тексеру мен бақылау, өзгерту, түрлендіру, әртүрлі мүмкін нұсқаларды іздестіру сияқты іс-әрекеттер орындайды. Ойын элементтерін пайдалану нәтижелі болу үшін осы сияқты іс-әрекеттерді алмастыра отырып дидактикалық ойындардың өзгермелі болуын да жүзеге асыруымыз керек.

Тәжірибелік бөлім

Жоба мақсатына сай ересек топ балаларының оқыту үрдісіне танымдық қызығушылығын қалыптастыруда дидактикалық ойындарды қолданып арнайы тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргіздік. Оқу-тәрбие үрдісінде біз жасаған

дидактикалық ойын жіктемелерін пайдаландық. Эксперименттік жұмыс анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдерін қамтыды. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім, білік, дағды сапаларын жоғары, орта, төменгі деңгей бойынша анықтадық.

Жоғары деңгейі: балалар дидактикалық ойыннан алған эстетикалық әсерін эмоциялық сезіммен қабылдайды; өздігімен сұрақтар қою, талпынумен шектелмейді, сол сұрақтарға бейнелі сөзбен жауап береді; ойындағы тапсырмаларды, бейнелерді әсерлі теңеулермен, эмоционалды түрде талдайды, олардағы күрделі көріністерді өзінің қиялымен ұштастыра шешуге талпынады; ойнай отырып оқу-танымдық тапсырмаларды орындайды, күнделікті өмірде қолдануға белсене қатынасып, өз пікірлерін ашық, айқын білдіре алады

Орташа деңгейі: ұнатқан дидактикалық ойынға ғана әсерленеді, ойын тапсырмаларын орындауда қиналады; ойын жағдаяттары мен тапсырмаларын суреттеуде қиындық танытады; дидактикалық ойын амалдарын кейде орындай алмайды, оның шешімін іздестіруде ішінара белсенділік көрсетеді, талпынбайды; түсінгі болғанымен, жүйелі емес.

Төменгі деңгейі: дидактикалық ойынды ешбір әсерсіз қабылдайды; өздігімен сұрақтар қоя білмейді; оларға талдау бере алмайды; ойын тапсырмаларының күрделі көріністерінің шешімін іздестіруге талпынбайды, оларды танып-білуге әрекеттенбейді, дидактикалық ойын туралы ұғымы аз, оны білудегі түсініктері шамалы, құштарлығы баяу.

Ересектер тобында дидактикалық ойындарды тәжірибеде қолданудың өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	**Өлшемдер**	**Көрсеткіштер**
Эмоционалдық	Дидактикалық ойынды эмоционалды қабылдауы	-дидактикалық ойында алған эстетикалық әсерін эмоциялық сезіммен бере білуі; - ойын бейнесіндегі әсемдікке әсерлене білуі; - ойынды қабылдауда қуанышын әсерлі сезіммен жеткізуі; - ойын тапсырмаларын орындау.
Интеллектуалдық	Дидактикалық ойынды қабылдаудағы ой белсенділігі	- ойында өздігімен сұрақ қоя білуі; - дидактикалық ойын тапсырмаларын орындауға талаптануы; - дидактикалық ойын мазмұнын, өзінің қиялымен ұштастыра еркін әңгімелеуі; - дидактикалық ойын әсерін басқаларға (достарына, тәрбиешілерге, ата-анасына) әңгімелеп бере білуі.
Еріктік	Дидактикалық ойынды қабылдаудағы еріктік	- дидактикалық ойынға ынталы назар аударуы; - дидактикалық ойындағы күрделі көріністерді қабылдаудағы мінез-құлқы;

	бағыттылығы	- дидактикалық ойындағы күрделі көріністерді шешуде әр түрлі амал-жолдарды іздестіруі; - дидактикалық ойын тапсырмаларын орындау әрекеті;

Бүгінгі таңда әлемдік қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар жүйесінде жеке тұлғаны табиғатқа үйлесімді тәрбиелеу қағидасына сәйкес бала тәрбиесіне жаңа мазмұн беру мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Жобада көздеген негізгі мақсат-міндеттеріміз, яғни оқыту-тәрбие үрдісінде дидактикалық ойындарды пайдаланудың жүйесін жасау, оның тиімділігін айқындау. Жұмысты қорытындылай келіп дидактикалық ойындарды балабақшада жүргізілетін барлық іс-әрекеттерде пайдаланудың орны ерекше екендігі дәлелденіп отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалар өте еліктегіш, жаңаны жаны сүйгіш келеді. Сондықтан тәрбиеші жұмыс барысында дидактикалық ойындардың сан алуан түрлерін пайдалана отырып, балалардың ынтасын арттырып, алған білімдерін өмірде қолдана білу мен ізденімпаздық дағдыларын жетілдіре түседі. Ойын түрлерін тиімді пайдалана білу балалардың өмірге бейімделуіне, талпынуына көмектеседі.

Ересек топ балалары жас ерекшеліктеріне сәйкес ойынға ынталы, тапсырманы жылдам, дәл орындауға құмар, тез шаршап, серігіп қалады. Дидактикалық ойын түрлерін қолдану балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне қызығушылығын арттырады. Біздің де көздегеніміз – осы.

Әдебиеттер

1.Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан 27 желтоқсан 2016 ж.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана-2016 ж.

3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана-2016 ж.

4. Керимбаева Р.Қ. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда ойын әдісін пайдалану.- Тараз, 2010-120 б.

5.Ахметов С. Дидактикалық ойындар мен логикалық есептер.-А: 2004ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Туймебаева Гулнара Кенесовна
«Арайлым» балабақша әдіскері
Шардара қаласы, ОҚО

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына септігін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты енгізуінде.

Педагог пен баланың өзара әрекет етуі жүзеге асырылатын оқытудың интерактивті әдістерін қолдану барынша маңыздылығы жөнінде мәлімденеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.Бүгінгі таңда білім, ғылым саласындда инновациялық педагогикалық технологияларды енгізудің маңызы білім әлемінде зор болса, мектеп жасына дейінгі баларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогикалық техналогиялар маңызды ұғымдардың біріне айналып отыр.

Білім берудің бастапқы сатылары балабақша табалдырығынан екені баршамызға ежелден мәлім. Оның мақсаты – мектепке дйінгі білім мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті балалардың жан дүниесіне терең үңіліп ұғына білуді талап етеді. Осы орайда балабақшада қолданылатын бірнеше технологияларға қысқаша тоқталып өткен жөн.

Жобалау қызметінің технологиясы

Жобалау қызметі-кез-келген білім мазмұнына бағытталған, іздемпаздық, зерттеушілік, тәжірбиелік міндеттердің шешімін табу үшін нақты мақсаттарға бағытталған қызмет.

Ақпараттық – коммуникативтік технологиялар

Бұл – ақпаратты өңдеу алгоритмі, тәсілдері, механизмдері секілді қорытылған ұғым.

Үздіксіз білім берудің бірінші кезеңі мектепке дейінгі тәрбиеге қойылатын жаңа талап: қазіргі ақпаратты технологияларды пайдалана отырып білім беру (компьютер, интерактивті тақта, планшет және тағы басқалары).

Кабинеттерді (сканерлеу, интернет, принтер, салйд-презентация) топтарды, стендеді көркемдеу үшін үйлестірмелі материалдарды сұрыптау. Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын компьютерлік бағдарламаға қойылатын талаптар:

*Зерттеушілік сипатқа ие болу;

*Тәрбиеленушілердің өз бетіндік жұмыстары үшін қарапайымдылық мәнінің болуы;

*Мектепке дейінгі дастағы тәрбиеленушілердің бойыда білік тері мен дағдысын кең көлемде дамыту;

*Оларды жас ерекшелігіне сәйкестендіру;

*Қызығушылық тудыруды қамтамасыз ету.

Денсаулық сақтау техналогиялары тәрбиеленушінің білім алуы мен дамуының барлық кезеңдерінде оның денсаулығын сақтауға бағытталған.

Барлық білім беру ортасы факторларының өзара байланысуы мен әркеттесуін қамтамасыз ететін, баланың бойында салауатты өмір салты бойынша қажетті білім, білік дағдыны қалыптастыратын өлшемдер жүйесі.

Көзге арналған жаттығулар:

*ортапедиялық жаттығулар;

*релаксация;

*стречинг;

*Демалу жаттығулары:

*саусақтың жаттығулары;

*түзетуші жаттығулар;

*қимыл-қозғалыс және спорттық ойындар;

*динамикалық үзіліс;

Салауатты өмір салтын меңгеруге арналған әдістер мен әдістемелер:

*дене шынықтыру жаттығулары;

*коммуникативтік ойындар;

*ойын терапиялармен ойын тренигтер;

*нүктелі массаж;

*түзетуші технологиялар;

*әуендік өзара әректтесу технологиялары;

*ертегі терапия;

*логоритмика;

*түстер терапиясы;

*арт терапия.

Зерттеуші қызмет технологиясы

Балабақшадағы зерттеушілік қызметі технологиясының мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің бойында зерттеушілік ойлауға қабілеттілікті негізгі түйіндік құзіреттілікті қалыптастыру.

Экспреминтальдық-зерттеушілік қызметі ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері:

*әңгімелесу;

*бақылау.

Мектепке дейінгі педагог партфолиясы

Қазіргі білім беру жүйесі жаңа тұрпатты педагогты қажет етеді. Бұндай басымдылыққа педагог партфолиясы арқылы қол жеткізуге болады

Дидактикалық онлайн альбом мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс жасу ұсынылады**.**

Альбомда лексикалық тақырып бойынша дидактикалық материалдармен түрлі түзету жаттығулары ұсынылады. Әдетте дидактикалық онлайн альбом ата-аналардың, тәрбиешілердің, логопедтердің көмегімен жасалады.

Ойын технологиясы

Оқу үдерісінің айқын бір бөлігінің және жалпы мазмұнды, оқиғаны, персонажды, қамтамасыз ететін бір тұтас білім беру үдерісі ретінде құралады. Оның құрамына жүйелі бір ізділікте мыналар енгізіледі:

Заттардың сипаты, негізгі белгілерін салыстыра алу, белгілеу секілді біліктіліктерін қалыптастырушы ойындар мен жаттығулар;

Нақты бір сипаттамасы бойынша заттарды қорытатын, олар бір-бірінен ерекшелейтін ойындар тобы;

Ойын - айналадағы дүниені тану тәсілдерінің бірі;

Инновациялық педагогикалық технологияларды балабақша жұмысына тереңдей енгізу төмендегідей шарттардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді:

*білім беру сапасын арттырады;

*тәрбиешілердің біліктілігін арттырады;

*педагогикалық тәжірбие мен оның жүйелігін енгізеді;

*тәрбиеленушілерге компьютерлік технологияларды қолданылады;

*тәрбиеленушілердің денсаулығын бекіту мен оның денсаулығын сақтайды;

*тәрбие мен білім сапасын арттырады.

Біздің балабақшамызда да білім мен тәрбие беруге арналған қазіргі инновациалық дамытушы ортамен жабдықталған. Педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, шығармашылық бағыт- бағдарын айқындап, баланы тәрбиелеу мәселелерінде отбасы мен біріге көптеген іс-шараларда жүзеге асыруда. Педагогтар істерін шеберлікпен атқарып, заман талабына сай білімдерін жетілдіріп жүр.

Ата-аналарда өз баласының тәрбиесімен білікті мамандардың айналысқанын қалайды. Тұңғыш ағартушы педагог Ы.Алтынсарин: «Күнәнің ең үлкені – бала жанының нәзік пернелерін дұрыс сезіне алмайтындарда», – деп, бала тәрбиесіндегі басты тұлға ұстаздардың өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырған. Біздің балабақша төмендегідей формада мамандардың шеберлігін арттыру жұмыстары жүргізіледі:

1.Педагогтарды міндетті біліктілік арттыру курстарына жіберіп, білімдерін жетілдіру;

2.Түрлі байқаулар, конкурстар ұйымдастыру. Оған ата- аналарды қатыстырып, балаларды қуанышқа бөлеу;

3.Ғаламтордан мектепке дейінгі ұйымдардың жаңалықтарымен хабардар болу, инновациялық ізденіс, тәжірбие алмасу, түрлі тақырыптарда семинар кеңес өткізіп отыру;

4.Шығармашылық топ құру. Балабақшадағы оқу тәрбие процесіне қатысты заманауи технологияларды енгізу жолдарын қарастыру. Бұл топқа білікті педагог кадрлар кіреді. Білікті педагогтармен бірлесе отырып, жас мамандармен де жұмыстар жүргізу жүйелі жолға қойылған. Жас мамандарға аға тәрбиешілер бекітіліп берілген. Сонымен қатар, тәрбиешілерге кеңес беру, жан- жақты ізденіп ақпараттар алып, оларды балабақша тәжірбиесінде қолдану жолдарын іздестіру маңызды мәселе.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған қазіргі қолданылып жүрген инновациялық технологияларды қолдану арқылы, тәрбиелеу оқу үрдісінде бала мен педагогтың тығыз байланысы нәтижесінде тәрбиеленуші

адамгершілік тәрбие алады, тіл байлығы, сөздік қоры дамиды, ой-өрісі кеңейеді, жеке тұлға болып дамиды. «Айтсаң, мен ұтамын; көрсет, мен есте сақтаймын; істеуге мүмкіншілік бер, мен түсінемін» деген қағиданы ұстанып, алдағы уақытта басқа да зерттеу технологияларды қолдану арқылы тәжірбие жұмыстарын жүргізуді қолға алу міндет. Әр ұстаз оқу тәрбие жұмысына шығармшылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, оқу қызметін түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз. Әр педагог өз жұмысына қабілетті болса, онда болашақта Қазақстан Республикасының болашағы көркейіп, дамыған елу елдің қатарына қосыламыз.

Әдебиеттер:

1. А. Ахметов. Принципы технологии исодержание образовательной программы. Алматы. 1995ж.

2.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технолия. Оқулық. ТарМу 2003ж.

3.Белая К.Ю. Инновационная деятельность в ДОУ. Әдістемелік құрал.

4.«Әдіскер – Методист» журналы 2013 ж.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛДОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Аманшиева Сания Шалабаевна
№8 «Өркен» бөбекжай әдіскері
Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласы

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайып, биікке самғауы үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі.

Балабақша – келешек ел басқарар, жер-суына иелік етер, ел-халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін өсірер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. «Аулына қарап, азаматын таны» дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иманжүзді білімдар азамат болып өсуі, ең алдымен, ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша – бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан, балабақша – баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады», – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін,

жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану педагогтан үлкен шеберлікті талап етеді. Сол себепті, кәсіби дамып өсу, жаңа технологияны меңгеру – балабақша педагогтарының басты мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Қоғам талабы – заман талабы, өйткені «Әр адам – өз заманының баласы», сәбиді есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудың төмендегідей негізгі бағыттары белгіленген:

• білім беру мазмұнын түбегейлі өзгерту;

• мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;

• үш тілді оқыту негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында көптілділікті дамыту;

• Отандық және шетелдік әдістемелер мен технологияларды зерделеу негізінде білім беру үдерісін технологияландыру.

Білім беру үдерісін технологияландыру педагогтардың балалар әрекеттерін ұйымдастыруы мен мектепке дейінгі білім берудің сапасына оң әсер етеді. Қазіргі заманғы педагогтердің инновациялық технологияларды білуі уақыт талабы. Сол себепті:

-Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

-Педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен психологиялық-педагогикалық мәдениеттік деңгейін жоғарылату;

-Балабақша ұжым мүшелерінің тиімді қызметтестігіне жағдай жасап, оқу-тәрбиелік жұмысының деңгейін жоғарылату;

-Мектепке дейінгі баланың жеке тұлғасы дамуы үшін тиімді жағдай құру;

-Білім беру ұйымдарындағы жас педагогтардың кәсіби шеберлігін жоғарлату;

-Ата-аналармен жұмыс істеуде серіктестік орнатуға көмек көрсету;

-Мектепке дейінгі жастағы балаларға жеке бағытталған педагогикалық және психологиялық көмекті жүзеге асыру сынды мақсаттарды алдымызға қойып, педагогикалық ұжыммен бірлесе осы бағытта жұмыс атқарудамыз.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды.

Дамыта оқыту технологиясы – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен ортаны модельдеуге болады. Мультимедиалық бағдарламаларға енгізілген ойын компоненттері үйренушінің таңымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді.

Оқытуда пайдаланатын интерактивті құралдар: тақта, компьютерлер балаларды диагностикалауда жақсы көмекші болып келеді:

- Зейінін дамытуда;
- Есте сақтау қабілетін дамытуда;
- Ойлау қабілетін дамытуда;
- Тілін;
- Жеке тұлғасын дамытуда;
- Оқу әрекетінің дағдыларын қалыптастыруда.

Ақпараттық мәдениетке бейімдеу – ол тек ғана компьютерлік сауаттылық емес, соңымен қатар этикалық, эстетикалық және интеллектуальдық сезімін меңгеруі. Балалардың оңай түрде түрлі электронды, компьютерлік жаңалықтармен жұмыстана білу тәсілдерін меңгеруі сөзсіз. Бала бір минутта 1 мыңға дейін шартты бірлік ақпаратты қабылдап өндей алады, ал көру органдары «қосылғанда» 100 мың шартты бірлік ақпаратты қабылдайды деген эксперимент арқылы дәлелденген. Мектепке дейінгі ересек жастағы балада ырықсыз зейіні жақсы дамығаны белгілі, бірақ балаға ақпарат қызықты,

көрнекілік болғанда зейіні жинақталатыны, жағымды эмоциялар туғызатыны да белгілі. Компьютерді біріккен және өз бетімен әрекеттенуде қолдану баланың мотивациясын көтеру және оқуға деген жекелендіруінің бір тиімді тәсілі болып келеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады және жағымды эмоциялық фон туғызады.

Үш тілді оқыту негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында көптілділікті дамыту мақсатында екінші кіші топтан орыс тілі, ағылшын тілі оқытылуда, орыс, ағылшын, тілдерінің кабинеттері ұсынатын заттық-кеңістік орта жасақталды. Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы.

«Step by Step» технологиясы баланы жан-жақты жетілдіруге, дербестікке талпындыруға, өзіндік дамуына жағдай туғызып, кез-келген жағдайлардан дербес әрекет етіп, ой қорытып, өз бетінше қадам жасауға үйретуге бағдарланған. Біз де *«Step by Step»* технологиясын толық қолдана алмағанмен, элементтерін оқу іс-әрекеттерінде жиі қолданамыз.

Бөбекжайда **М.Монтессори әдісінің** элементтері кеңінен қолданылуда.Бұл әдіс қалыпты жағдайда баланы бақылауға және ол қандай болса, сондай күйде қабылдауға негізделген. «Өздігінен даму» технологиясы(Монтессории мектебі) баланы жан-жақты дамытуға, дербестікке тәрбиелеуге бағытталған. Итальян психологі М.Монтесори түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі – оның еркіндігі мен дербестігінің дамуында. Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды, әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне қарай үлкендермен бағаланады. Мұндағы басты мәселе, бала өз-өзін бағалайды.

Жоба – ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді процестер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс.

Мұғалім іс-әрекеті	**Жобаны орындау кезеңдері**	**Оқушы іс-әрекеті**
• Тақырып ұсынады; • Алдына проблема қояды; • Кеңес береді; • Бақылайды; • Көмектеседі; • Тексереді; • Толықтырады; • Жобаны бағалауға қатысады.	• Жобалық тапсырманы дайындау • Жобаны құру • Нәтижелерді шығару • Қоғамдық таныстыру	• Проблеманы талдайды; • Салыстырады; • Зерттейді; • Ойларын нақтылайды; • Құрастырады; • Көркемдейді; • Жобаны қорғайды.

«Арт-терапия» терминіағылшын тілінен аударғанда бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. Арт-терапия – бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды

шешуге көмек көрсету. Арт-терапияны қолдану мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізуге септігін тигізеді:

- Танымдық үрдісін дамыту;
- Өзінің ішкі әлемін түсіну қабілетін дамыту;
- Өзіне-өзінің сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту;
- Зердесін дамыту;
- Эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
- Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;
- Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту
- Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту
- Ой өрісін дамыту
- Ойлауды дамыту.

Инновациялық технологияларды игеру, қолдану мақсатында бөбекжайымызда «Жобалау технологиясы – педагогтарды кәсіби ізденіске, шығармашылыққа бастау кепілі», «Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері», «Step by step» бағдарламасының элементтерін оқу іс-әрекетінде тиімді қолдану», «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілі мен шығармашылығын театр арқылы дамыту әдіс-тәсілдері», «Электоронды оқыту жүйесін ұйымдастырудың технологиялық аспектілері» тақырыптарында семинар, кеңестер өткізілді.

Мектепке дейінгі шақ бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезеңі екенін білеміз. Яғни, осы жас шамасындағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің жүйкелік-психикалық дамуы қалыптаса түсетін уағы. Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған алуан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Баланы тәрбиелеу мен оқыту кезеңдеріндегі денсаулығын нығайту және сақтауды қалыптастыруға бағытталған бар білім салалары өзара байланысты және өзара әрекеттеседі.

Біз 2013-2014 оқу жылынан бастап «Дені саудың – жаны сау»аттыдаму бағдарламасымен денсаулық сақтау технологиясы бойынша жұмыс атқарудамыз, денсаулық сақтау технологиясы баланың жинақтылығын, зейінін, ойлау белсенділігін және есте сақтау қабілетін қажет етеді, оқу-тәрбие үрдісінде қоршаған ортаны танып білуде, жолдастарына және өзіне деген оң көзқарасты орнатады. Бөбекжайда балалармен әртүрлі спорттық шаралар, сайыстар өткізіліп, «Массаж» жобалық жұмыстары жүргізілуде, шахмат, дойбы үйірмелері жұмыс жасайды, «Толағай», «Әкем, шешем және мен», т.с.с. отбасылық сайыстар, мектеп пен балабақша аралық дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, шаңғы тебу бойынша жарыстар ұйымдастырылады. Денсаулық сақтау бағытында арт-терапияның да алатын орны ерекше, бөбекжайымызда әуен терапиясы, бейнелеу терапиясы, ертегі терапиясы бойынша жоспарлы түрле жұмыстана отырып, оң нәтижелерге қол жеткізудеміз.

Бөбекжайымызда ерте жас тобы мен кіші топтар арнайы жабдықталған сенсорлық кабинетте жұмыстанады. Сонымен қатар ерте жас топ балаларының

тілін, ойын, зеректігін дамыту мақсатында Доман технологиясы қолдану қолға алынды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру барысында жаңа педагогикалық технологияны енгізуді өз міндетімізге алып отырмыз. Бұл аталған инновациялық технологиялар мен дамытушы әдістемелер білім сапасын арттырудағы біліктілікті арттыру жүйесінің рөліне жаңаша сипат беруге бағытталған құндылықтар мен талпыныстарды көрсетеді.

Қазіргі заманғы қазақстандық білім беру үлгісіне көшуде және әлемдік білім кеңістігіне енуде кәсіби білікті, құзыретті педагог қана өз жұмысын жаңадан құрып, жоғарғы нәтижелерге жете алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.НазарбаевтыңҚазақстан халқына Жолдауы: «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» Астана қаласы, 2004 жылғы 19 наурыз

2. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы /баптары бойынша түсіндірмелерімен / және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. Астана, 2000.

3. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2005.

4. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».– Алматы, 2001.

5. К.Ю.Белая «Инновационная деятельность в ДОУ» әдістемелік құралы. 2005ж.

«Шахмат» үйірмесінің ашылу барысы Би терапиясы

Бейнелеу терапиясы

«Су- өмірдің нәрі» «Күшік» «Бағдаршам»
жобалық жұмыстары

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Г.К.Ахметова,
№ 17 «Шұғыла» балабақшасының әдіскері
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Әр Қазақстандықтың ең басты ұстанымы – өмір бойы білім алу.
Н.А.Назарбаев

Қазіргі таңда әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру – өмір талабы. Осы ретте білім ортасында әрбір мүмкіндігі шектеулі баланың даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп инклюзивтік білім берілуде.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан, ол даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады.

Әлемаралық «Барлығының мүмкіндіктерін дамыту» жобасы аясында Ақтөбе қаласындағы № 17 «Шұғыла» МДҰ 2004 жылдың тамыз айынан бастап облыстық іздену-қалыптастырушы экспериментке «Жалпы білім беру жүйесіне мүмкіндігі шектеулі балаларды кірістіру» тақырыбымен шықты.

Осы уақыттан бастап біздің балабақша мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсетіп келе жатыр.

Ақтөбе облысының 2008 жылғы 2 қаңтардағы № 46 бұйрықтың шешімі негізінде № 17 «Шұғыла» МДҰ-да 2007 жылдың 27 шілдедегі ҚР «Білім беру» Заңының 30 бабына сәйкес инклюзивті білім беру кабинеті құрылды.

Инклюзивті білім беру кабинетінің жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі, әр баламен мамандар жұмыс жасайды: психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік мұғалім. Сонымен, түзету-педагогикалық мамандарының тобын әртүрлі

мамандар құрайды және инклюзивті білім беру кабинетінде олардың барлығын педагог деп атаймыз. Сондай-ақ команданың белсенді мүшелері баланың ата-анасы. Команданың әр мүшесі ортақ жұмысқа өз үлесін қосады, әртүрлі мамандар баланың мәселесін өз көзқарасымен көреді және оны жоюға мүмкіндік береді.

Түзете-дамыту бағдарламасын құруда және оны жүзеге асыруда мамандар міндетті түрде бірігіп әрекет етеді: жұмыстың нәтижесін бірге талқылайды, балада болған өзгерістерді, алдағы сабақты өткізуге ұсыныстар айтады, бағдарламаға түзетулер енгізеді.

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға жүйелі педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетіп, оларды қалыпты дамыған балалардың ортасына кірістіру.

Міндеттері:

1) тірек-қимыл аппараты, зияты, естуі, көру қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтік оңалтуда, оларды қалыпты дамыған балалардың ортасына кірістіруде жүйелі педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;

2)баланың мәселесін жүйелі түрде пәнаралық команда мамандарының тексеруі мен түзету-педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсету үшін баланың қажеттілігі мен мүмкіндіктерін анықтау;

3)баланың дамуын әлеуметтік жағдайда ескеріп, жеке дамыту бағдарламасын құру және өңдеу;

4) түзете-дамыта оқыту формасын жеке және топтық түрде өткізу;

5) мүмкіндігі шектеулі балаларды отбасында тәрбиелеуде ата-аналарды оқыту және кеңес беру;

6) мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескеріп, білім беру ортасына кірістіруде жалпы білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру және дайындау ;

7) Арнайы міндеттері:

1.білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға сәйкес баланың дамуын әлеуметтік-тұлғалық, зияттылық, көркем-эстетикалық тұрғыда жүргізу;

2.тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқушылығына квалификациялық түзетуді жүргізу.

3.денсаулығында ақаулығы бар балаларды тұтас білім беру кеңістігіне кірістіру.

Инклюзивті білім беру кабинетіндегі түзете-дамытушылық жүйені ұйымдастыру әдіскердің бекіткен оқу жоспарымен, календарлық жылдық жоспарымен және сабақ кестесімен ұйымдастырылады.

Баланы медициналық-педагогикалық, клиникалық зерттеуден кейін жекешеленген принцип негізінде оқу-тәрбиелік жұмысы жүргізіледі.

Сөйлеу ерекшелігін, назарын, еңбекке қабілеттілігін, олардың дамуының динамикасын, білім деңгейін анықтау, оқу материалын меңгерудегі мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін жүйелі зерттеу тәрбиеленушінің болашақ дамуын және түзету жұмыстарын таңдау үшін жүргізіледі.

Инклюзивті білім беру кабинеті төмендегідей жабдықталған:

Түйіршіктері бар пуфик-кресло
Түйіршікті трапеция
Жерге жаятын және қабырғаға ілетін төсегіштер
Құрғақ бассейн (1080 дана.)
«Транформер» жиналатын балалар креслосы
Аяққа арналған сенсорлы жол (жастықшалар – 7дана.)
Құрғақ душ
Көпіршікті бағанды айналы балалар бұрышы
Панно «Жұлдызды аспан»
Айналы шарға кәсіптік жарықтың берілуі
Жарық әсерлі дөңгелек (1дана)
Ротатор «Солнечный» жарық проекторы

Инклюзивті білім беру кабинетінде балалар қазақ және орыс тілдерінде білім алады.

ИБК мамандары жеке және топтық жұмыс түрлерін пайдаланады, олар;

- кешенді психологиялық- медициналық- педагогикалық зерттеу;
- балалар мен ата-аналарға жеке және топтық кеңес беру;
- тәрбиешілер мен ата- аналарға жеке және топтық кеңес беру;
- тәрбиешілер мен балаларға жеке және топтық кеңес беру;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың тілдік және танымдық қабілеттерін түзету;

Кешенді зерттеудің пайдалылығы дамушының жеке компоненттері арасындағы өзара байланыстың толық талдауын, сонымен қатар жеке тұлға мен даму факторын береді. Баламен жүргізілген жеке және топтық жұмыстың біріктірілуі, отбасына және мамандарға көрсетілетін әдістемелік көмек,түзету-оңалту үдерісінде баланың жеке тұлғасының дамуына оңды әсер етеді.

Толық диагностикалық зерттеуді жүргізу кезінде медициналық және отбасылық анамнез, бала дамуының әлеуметтік жағдайы, соматикалық жағдайы, есту, көру, қозғалыс сферасының жағдайы, баланың эмоционалдық сферасының дамуының ерекшелігі, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ерекшелігі мен психикалық дамуының бұзылуы, мінезінің ерекшелігі зерттеуге эмоционалдық реакциясы және көзқарасы анықталады.

Бұл жұмыстың нәтижесі анықталған диагноз арқылы психологиялық-педагогикалық оңалту мен әлеуметтік бейімделуге жағдай жасайды, ал ол оқытуда жаңа түзетулер енгізуге және жеке әрекет етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде жинақталған барлық мәліметтер әр баланың ерекшелік қажеттілігіне қарай «портфолиосына» салынады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылады.

Психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагогтың қатысуымен бұзылу түрі, ақау құрылымы, жас ерекшелігі және әр баланың, тұлғаның ерекшелігі есепке алына отырып, түзете-дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Баланың жеке тұлғасының мүмкіндіктері мен қабілеттері зерттеліп, психиатр мен педиатрдың нұсқаулары ескеріліп, әлеуметтік бейімдеуде психофизикалық кемшіліктерін түзету жұмыстары жүргізіледі.

Балаларға ыңғайлы орта жабдықталған. Топта балалармен ынтымақтастық пен достық орын алған. Танымдылық қабілеттерін дамытуға әртүрлі оқытудың әдістері мен тәсілдері қолданылады. ИББК жұмысының бір бағыты – тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы.

Кеңес беру жұмысы баланың жеке тұлғасына қатысты және басқа адамдармен қарым қатынасы жөнінде де түрлі мазмұнды қамтиды. Көбінесе тәрбиешілер мен ата-аналардың сұрауы бойынша өткізіледі. Ата-аналарға кеңес берудің мақсаты – отбасының балаға оқыту мен тәрбиелеу барысында әлеуметтік психологиялық жағдай тудыру. Біріншіден, кеңес беру мәселе туындағанда қажет.

Ата-аналармен жұмыс барысын ұйымдастыруда жекеше көмек беру әдісі қолданылады. ИББК мамандарының ата аналарға кеңес беру жұмысын ұйымдастыруда жалпы педагогикалық және арнайы жағдайларды ұстануы қажет.

Олар:

– ата аналар мен мұғалімдердің арасындағы қарым қатынаста өзара сенімнің болуы;

– ата-аналарға мейірімділікпен қарау;

– әр отбасының жағдайын түсініп, жасын, тәрбиелеу дайындықтарының деңгейін ескеру қажет;

– әр отбасының ата-аналарының топпен жұмысын ұйымдастыру;

– ата-аналармен өзара әртүрлі жұмыс формаларын өткізу;

– ата-аналармен жұмыс барысында нақты реттілікті қамтамасыз ету.

Осылай ықпал ету барысында әр отбасыға жеке көмек көрсету көзделеді.

Ата-аналардың кеңеске жүгіну себептеріне сараптама:

1. Танымдылық қабілеттерінің төмендігі мен оқудағы үлгермеушіліктері;
2. Бейімдеудегі қиындықтар;
3. Психологиялық және жас ерекшеліктері;
4. Отбасындағы тәртібінің қиындықтары.

ИББК ұжымының алдында мынадай міндеттер қойылған: педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекетін толықтай ұйымдастыру. Бұл міндеттің мынадай негізгі бағыттары анықталды:

1. ата-аналардың құқықтық және педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылату мақсатында ақпараттандыру;
2. ата-аналарды тәрбиелік білімдендіру жүйесіне тарту.

Осы бағыттарға сәйкес мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасымен жұмыс жасалды. Бұл жұмыс мына негізде жүргізілді:

- отбасының қажеттілігі мен қызығушылығын анықтау, отбасын зерттеу;
- тәрбиеленушілердің отбасымен жеке-дифференциалды жұмыс жүргізу;
- ата-аналармен әртүрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру;
- білімдендіру аясында ата-аналардың өтінішін қанағаттандыру;

- тәрбиелік- білім беру жүйесіне ата-аналарды қатыстыру;
- ата-аналармен тиімді жұмысты құру үшін жағдай жасау (отбасылық отырыстар, кітапхана, видеотека, топтардағы ақпараттық кеңістік).

Жаңа технологияларды қолдану

Қазіргі таңда ИББК ата-аналармен нақты жұмыс жүйесін жолға қойған, ол екі кезеңді қамтиды: мазмұнды және аналитикалық.

Аналитикалық кезең отбасын зерттеуді мына әдістер арқылы жүзеге асырады: сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу, отбасын бақылау. Жұмыс мазмұнын және ұйымдастыру түрін анықтау мақсатында ата-аналарға сауалнама жүргізілді. Сауалнама көрсеткендей, ата-аналармен жұмыс барысында көптеген шешілмеген сұрақтары бар екенін және оның өздігінен шешілмейтінін көрсетті. Сондықтан да бұл жұмыс жүйелілікті және жауапкершілікті қажет етеді. Ата-аналармен жұмысты жеке талаптарын ескере отырып құрдық. Аналитикалық кезеңде отбасы түрін отбасылық тәрбие деңгейіне қарай анықтадық.

Мазмұнды кезең ата-аналармен тиімді формаларды іздеуді қажет етті. Біздер оларды ұжымдық, жеке және көрнекі-ақпараттық деп бөлдік.

Дәстүрлі ұжымдық формалармен бірге, ата-аналар жиналысы, конференциялар сияқты дәстүрлі емес формаларды енгізе бастадық: отбасылық қонақ үй, ата ана мектебі, ойын-практикум, бірлескен мерекелер, ашық есік күндері, ата-аналар және балалармен ойын сабақтарын өткізу.

Жеке форма түрінде көбінесе ата-аналармен әңгімелесу, тақырыптық кеңес беру, ақпараттық папкінің көмегімен сырттай кеңес беру өткізіліп тұрды.

ИББК психологиялық медициналық педагогикалық консилиум жұмысы ұйымдастырылған, оны өткізу барысында баланың дамуының деңгейі, динамикасы, мақсатқа жетуі, жұмыс формасын таңдау, дамытудың тиімді жолдарын ұсыну талқыланады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар қазіргі таңда екі облыстық экспериментке қатысады: «Білім беру ұйымындағы денсаулық сақтау технологиялары», «Қазіргі білім беру қауымдастығындағы әлеуметтік коммуникациялар: психологиялық аспект» мектепке дейінгі мекемемен өткізіледі. Осы эксперимент аясында келесі бағдарламалар жұмыс жасайды: «Тастар құпиясы», «Көпіршік патшалығы», «Тантамарески театры», «Эбру», «Пилатес», «Резистбол».

Біздің балабақшада Инклюзивті білім беру – білім беруде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуда алдында шексіз мүмкіндіктердің ашылуы.

Әдебиеттер

1.Бгажнокова И.М., Уфимцева Л.П. Обучение, воспитание, развитие учащихся с нарушением интеллекта. Красноярск, 1998г.

2.Громова Т.Б. Страна эмоций. М.: УЦ Перспектива, 2002г.

3.Кэдьюсон Х., Шеффер Ч. Практикум по игровой психотерапии. СПб.: Питер, 2001г.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ М.МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Садырова Айгүл Күмісбекқызы
«Астана» балабақшасының әдіскері
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Ұрпақтың азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдерін қалыптастырудың қайнар көзі мектепке дейінгі кезеңнен бастау алатыны ақиқат.

«Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде ииіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, заманға лайық тәрбие мен оқыту ісін кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, тың идеялар мен шығармашылықты қажет етеді. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде М.Монтессори технологиясын пайдалану, инновациялық әдістерді қолдану заман талабы.

М.Монтессори технологиясының негізгі бағыты – баланың іс-әрекетіне еркіндік беру, таңдауына, қызығушылығына және пікіріне құрметпен қарау, баланың өздігінен дамуын бақылау.

М.Монтессори технологиясының ұраны: «*Менің өзім жасауыма көмектес!*». Демек, М.Монтессори технологиясын балабақшада пайдаланудың тиімділігі – өзінің даму ортасында еркін, өзіндік пікірін айта алатын тұлғаны қалыптастыру.

М.Монтессори әдісінің мақсаты: балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бүгінгі таңда М.Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштемей, ойын арқылы оқыту және тәрбиелеу, баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен тапсырма уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан, оқыту үрдісінде М.Монтессори жүйесін қолданудың өзіндік ерекшеліктер бар. Сондай-ақ, олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады.

М.Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, таңдау еріктілігі және педагогтің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады.

М.Монтессоридің әдістемесі мен құралдарының маңыздылығы – балалардың жас ерекшеліктері мен қабылдау мүмкіндіктеріне қарай пайдалануға болатындығында.

Бала – болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының бұйрығымен 2013-2014 оқу жылынан бастап Байзақ ауданының «Астана» балабақшасы эксперименттік алаң ретінде таңдалып алынды.

Эксперименттік алаң жұмысын жүргізудің негізгі мақсаты: балабақша жағдайында инновациялық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру, жаңа бағдарламалар әзірлеу, оқу-әдістемелік кешендер жасау, озық іс-тәжірибелерді насихаттау.

Аталған инновациялық эксперименттік жұмыс, бүгінгі таңда көкейкесті, өзекті тақырыпты ғылыми тұрғыда негіздеу, жобаны жасау, тәжірибені апробациядан өткізіп, тиімді нәтижесін шығаруға бағытталған. Ғылыми-педагогикалық эксперименттік жұмысты жүргізуші арнайы шығармашылық топ құрамы 7 штаттық бірліктен тұрады: инновация әдіскері, педагог-психолог,5 қосымша білім беру педагогі (ғылыми кеңесші, ұйымдастырушы педагогтар).

Эксперименттік жұмыс негізгі төрт кезеңде қамтыды:

1-кезең: Тәжірибе алмасу кезеңі. (2013-2014 ж.ж.)

- *Бағыты:* Монтессори технологиясымен жұмыс жүргізу жолдарын меңгеру, теориялық және практикалық машықты қалыптастыру.

2-кезең: Даярлық кезеңі (2014-2015 ж.ж.)

- *Бағыты:* Балабақша жағдайында Монтессори әдістемесін ендірудің психологиялық-педагогикалық аспектілерінің теориялық негіздері.

3-кезең: Ендіру кезеңі (2015-2016 ж.ж.)

- *Бағыты:* Монтессори әдістемесін оқыту үрдісіне енгізудің мазмұндық-технологиялық аспектілерін жүзеге асыру.

4-кезең: Қорытынды кезеңі (2016-2017 ж.ж.)

- *Бағыты:* Ғылыми-педагогикалық экспериментті қорытындылау, нәтижесін шығару, озық іс-тәжірибені насихаттау, тарату.

Балабақша жағдайында эксперименттік жұмысты ұйымдастырудың негізгі жолдары анықталды:

1. Басқару-ұйымдастыру қызметі;
2. Жұмысты ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Педагогтармен жұмыс;
5. Психологтық-педагогтық бағыт;
6. Бақылау, реттеу жұмыстары.

Осы тұрғыда 2013-2014 оқу жылынан бастап балабақшаның тәжірибесіне «М.Монтессори педагогикасын» енгізіп, жұмыс жасап келеміз. Балабақшада арнайы «М.Монтессоридің ғажайып әлемі» кабинеті ашылған. Мектепке дейінгі кіші, орта, естияр жас топ балаларымен жүргізілетін «Монтессоридің ғажайып әлемі» вариативті оқу қызметі, «Өзім жасауыма көмектес» үйірмесі мен балалармен жеке жұмыс осы кабинетте ұйымдастырылады. Монтессори кабинеті 5 аймаққа бөлінген: «Сенсорлық аймақ», «Математикалық аймақ», «Күнделікті өмір жаттығулары аймағы», «Тілдік аймақ», «Ғарыштық аймақ».

Кабинет балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне сай, арнайы Монтессори модульдері мен құрал жабдықтарымен, көрнекілік, дидактикалық материалдармен жасақталып, безендірілген. М.Монтессори әдістемесі бойынша оқытуда, балалар өз ойын еркін білдіруге, байланыстырып сөйлеуге, қорытынды жасауға үйренеді. Балаларды барынша еркіндікте тәрбиелеу мен оқытуда, мектепке дайындық мерзімді де жеңіл өтеді. «Монтессоридің ғажайып әлемі» кабинетіндегі жұмыс барысында, балалар өз үйлерінде ойнап отырғандай, емін еркін түрлі тапсырмаларды қызыға орындайды. Ал педагогтердің міндеті: балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу; негізгі түстерді айыра білуге үйрету; ұсақ қол моторикасын дамыту; алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру; зейінін тұрақтандыру, тәртіпке үйрету. Монтессори кабинетіндегі негізгі жұмыс қағидасы балаға жағымды атмосфера қалыптастыру.

Балабақшада біз Монтессори материалын төрт түрлі жолмен пайдаланамыз. Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулар бастапқыда бала қозғалыс жасау үстінде жүреді. Алғашында қозғалысы онша болмағандықтан, моторлық жүйесін қосу үшін тәрбиенің негізіне үйлеседі. Моторлық даму жеке-дара қозғалыс темпін құлшындыруға әсерін тигізеді. Оған қозғалыс жасау үшін түрлі жаттығулар жасалады, өзіндік іс-әрекетке итермелейді. Бір сызықтың бойымен жүру тепе-тендік сақтауға итермелейді. Басқа да топтық жаттығулар балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойындар бір-бірін сыйлауға үйретеді.

Сезім мүшесін дамытатын материалдар: әр сезім мүшелерін дамытудыұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін,дыбысын ажырата алады. Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады.Бала моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалдықайталауға тура келеді. Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін орындауға тырысады.Бірақ жұмыс кезінде бала сол материалмен жұмыс жасау жолыментолығымен таныс болу керек. Мұнда жұмыс барысында балаға сөзберіледі. Тапсырманы орындай алмайтындарға қайтадан тағы бір рет көрсетіліп, бекітіледі.

Сондай-ақ, біздің тәжірибеде математикалық материалдар ойлау қабілетінің дамуына көп септігін тигізеді. Бала ең алғашқыда көптеген заттар мен жұмыс жасау арқылы өз білімін жетілдіреді. Монтессори материалы сезімді дамытады, оған қоса математика әлеміне жетелейді. Бала мұнда математикалық ұғымдарды тез игереді. Сан және онға дейін санау жүйесін тез

игереді. Математикалық Монтессори материалы баланы сенсоматорлық ішкі қажеттілігіне сүйене отырып қанағаттандыру жолдарын іздеуге тырысады. Математикалық материалды пайдалану жүйесін білген соң, түрлі қиын тапсырмаларын қиындықсыз орындайды. Мысалы: ашық түсті моншақтарды пайдалану арқылы сан құрамымен пішін туралы түсініктері пайда болады.

Сөздік қорын дамыту материалдары қарым-қатынас жасау үшін адамның сөздік қоры ең басты рөл атқарады. Бала туғаннан өсе келеқоршаған ортадағы адамдар мен қарым-қатынас жасау үшін сөйлеугетура келеді. Балабақшаға келген балаларда сенсорлық даму кезеңі болғандықтан, түрлі ойындар, әңгімелесу мен сұрақтар қою арқылы ойлау қабілетімен сөйлеу қабілеті күрт дамиды. Түрлі әңгімелер айтып тыңдауға көмекшілер ата-аналар болып келеді. Жалпы 2 жастағы бала негізінен 200-ден астам сөздерді меңгереді, ал 5 жастағы бала 3000-нан астам сөздердіигереді. Бала түрлі сұрақтар қою арқылы өзіндік сөздік қорындағы жетпей жатқан қажеттілігін қанағаттандырады. Сөйлеу қабілетін дамыту үшінМонтессоридің ойындары мен түрлі жаттығуларын қолданамыз.

Жаттығуға арналған материал тәжірибе жасау барысында жас ерекшелігіне сай болу керек. Жаттығудың шарты түсінікті болу керек.Нәтижесінде өзін-өзі тәрбиелеуге үйренеді. Жаттығулардың негізгі мақсаты: баланы қоршаған ортаға деген жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру. Сондықтан да біздің тәжірибемізде қолданылып жүрген Монтессори әдістемесі балалардың заттық ортасын құрып, өмірді таныту жолының негізі бола алады. Бұл әдістің тиімділігі балалар өзін-өзі тәрбиелеуге және ұқыпты болуға үйренеді. Жалпы Монтессори әдісі баланың ішкі дүниесімен таныса отырып, қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында көп еңбек сіңіреді. Айналадағы заттық орта туралы түсініктерін қалыптастыруда Монтессори әдісін жүйелі түрде қолданудың маңызы зор. Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын түрі – заттық орта. Заттық орта әртүрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады.

Осы тұрғыдан келгенде М.Монтессори әдістемесін біздің балабақшаға енгізудің маңызы зор деп есептеймін. Себебі біздің балабақшаға келетін балалардың басым көпшілігі әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан ауыл балалары. Мұндай балалардың психологиясында өз-өзіне деген сенімсіздік, тұйықтық пен ұяңдық бар. Ал, М.Монтессори әдісінің мақсаты: балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу; өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру; балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Бүгінгі таңда эксперименттік жұмыстың 4 кезеңі бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына сай, М.Монтессори әдістемесін жасап, тәжірибеге енгізу, озық іс-тәжірибені насихаттауды іске асыруда. Әлеуметтік құзіреттілігі бір ізге түскен балабақша түлегінің моделі қалыптастыру мақсатында «М.Монтессоридің ғажайып әлемі» мектепке дейінгі ұйымдағы балаларға арналған бағдарлама негізінде әзірленген технологиялық

карталар жинағын құрастырудамыз. Бұл жинақта балалалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жаңаша, дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, баланың ақыл-ойын, таным процестерін, қимыл-қозғалысын, сөйлеу мәдениетін дамыту, сондай-ақ, тәрбиелеудің жаңаша әдістері қарастырылған. Білім берудің «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Әлеумет», «Шығармашылық» салалары бойынша М. Монтессоридің 5 аймағы сәйкестендірілген.

М.Монтессори педагогикасын этнопедагогикамен ұштастырудағы басты мақсат: қазақ халқының көне тұрмыстық қажеттілігінде қолданылған құралдармен қатар, дәстүрін, ана тілін толық меңгеріп, заман талабына сай өздігінен шешім қабылдай алатын ұлттық сана сезімі дамыған, адамгершілігі мол, қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызу.

«Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеуде М.Монтессори педагогикасын пайдалану» кіші, орта, естияр жас топбалаларына арналған жалпыға білім беру стандартына сүйене отырып құрылған.

М.Монтессори әдістемесіндегі тапсырмалар қазақи нақышта құрастырылған. Мысалы, М.Монтессори әдістемесі бойынша «Бауларды өткізу» тапсырмасын «Өру түрлері» тапсырмасымен байланыстырылған; «Сипап сезу тақтайшасы» мен «Әйгерімнің сәукелесін әшекейлеу», «Ғажайып оюлар», «Жүн түту», «Құлыпты модуль», «Қолды білезік» пен Диірмен тарту» тақырыптарында тапсырмаларды балалар орындайды. М.Монтессори құралдарымен қатар қазақи нақыштағы құралдар күнделікті оқу қызметі барысында үнемі қолданылады. М.Монтессори педагогикасында балалар өз-өздерін дамытады.

«М.Монтессоридің ғажайып әлемі» жинағы мектепке дейінгі ұйымдағы бағдарлама талаптарына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай әзірленген және балабақша педагогтарына арналған.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 даму бағдарламасы». //Егемен Қазақстан.2012ж.

2.Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты-Астана.2016 ж.

3.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана 2016 жыл.

4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.– Астана2016ж.

5.М.Монтессори. Балалар үйі. Ғылыми педагогика әдісі. – Гомель, 1993.-332 б.И.В.Ивеев. Логика.-М., 2003г

6.М. Монтессори: «Менің әдісіме басшылық»: ауд. Р.Лансберг.-М.,1916 ж. -63 бет

7.Сороков Д.Г. Даму психологиясы негіздері-М.: МГАЛП баспасы, 1997.-57-68 б.

8.Сорокова М.Г. Система М.Монтессори.Теория мен практика. Москва., 2005ж

«ACTIVINSPIRE» БАҒДАРЛАМАСЫН БАЛАБАҚШАДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

А.С.Курпеева,
«Таңшолпан» бөбекжайының әдіскері
ағылшын тілі маманы, педагогика ғылымдарының магистрі
ОҚО, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында.
Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру саясаты еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі XXI ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Мұндай күрделі міндеттерді шешуде мектепке дейінгі ұйымдардың алатын орны ерекше. Қазіргі таңда еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» немесе «инновациялық процесс» деп атайды. Яғни педагогика ғылымында жаңа әдіс-тәсілдерді, құралдарды пайдалану.

Мектепке дейінгі білім беру үрдісінде ақпараттық-технологияларды пайдаланудағы мақсатымыз – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу қызметіне белсенді, білімінің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге дұрыс көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кез келген ұйымдастырылған оқу қызметінде әр түрлі, әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, тілін, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Ақпараттық технологияны оқыту үрдісінде қолданылатын жаңа түрдегі құрал белсенді экран – интерактивті тақта. Интерактивті тақта арқылы жұмыс жасау қазіргі заман талабы.

Интерактивті тақта – бұл болашақ ұрпақтың жан-жақты білім алып, сауаттылыққа жол ашатын бірден бір құрал. Электронды есептеуіш машинасы тәрізді бұл тақта да жоғары технологияда жасалып шығарылған. Тақта ақпараттың бірнеше түрін бере алады, бейнелеу, фигураларды ендіру, цифрлық жүйе орнату және сол сияқты көптеген мағлұматты көрнекі түрде баяндауға, түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тақтаны қолдану барысында педагогтар

бұрынғыдай көрнекі құралдар дайындау кезінде қиыншылықтарға кездеспейді, оның орнына алдын-ала дайындалған сабағын ұсынады және уақыт үнемдей алады.

Интерактивті тақтамен жұмыс жасауға арналған ActivInspire бағдарламалық қамсыздандыруының мүмкіндіктерін тиімді қолдануға, түрлі флипчарттар дайындауға нұсқау болатын бірнеше үйретуші бағдарламадан және флипчартты дайындау әдістемесі баяндалған қосымшадан тұрады. Флипчарт – қажетті беттер санынан тұратын негізгі жұмыс аумағы.

Бүгінгі таңда интерактивті тақтада жұмыс жасау үшін қолданып жүрген бағдарламалардың бірі – ActivInspire бағдарламасы. Бұл бағдарламаның көптеген мүмкіндіктері мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісіндегі жұмысын жеңілдетеді. Оқу қызметі барысында материалды жеңіл тусіндіру үшін түрлі қызықты, тартымды, балалардың ойлау қабілетін дамытатын мүмкіндіктерін қолдана алады. Сабақтарды сақтау, толықтыру оның қызметін жақсарта түседі. Сабақты түсіндіру барысында педагог тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде педагог қосымшаны іске қосу, CD – ROM, Web – түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тінтуірді ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және тағы басқа әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды оқу қызметінде пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

– Пән бойынша базалық білімді меңгеру;

– Алған білімді жүйелеу;

– Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;

– Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;

ActivInspire – заманауи оқыту және үйрену тәжірибесінің іргетасы. Оқу қызметіне пайдалануға арналған бағдарлама педагогтарға интерактивті тақтада сабақ жүргізуге мүмкіндік береді.

Сан алуан арнайы әрекеттерге толы жаңа сабақтар жасау және оқуды бағалау тапсырмаларын жеке балалармен, топтармен және барлық тәрбиеленушілермен қолдануға болады.

ActivInspire – ең жақсы, толық түрде біріктірілген интерактивті технологиялық бағдарлама.

Бүгінгі таңда мемлекет үшін ұлттық білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізуге жағдай жасау, оның қарқынды дамуына қосылған маңызды үлес болып табылады. Осы орайда оқу үрдісінде интерактивті тақтаны қолдану ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуге бағытталған бағдарламаның бастамасы болып отыр.

Activ Inspire бағдарламасының негізгі мүмкіндіктері:

- Алдын-ала дайындалған мазмұнды, оның ішінде дүние жүзінің жетекші білім жариялаушыларынан қоркөздерді қарау және ойнату;
- Шырағдан, сиқырлы сия, сағат пен бояу құралын қоса арнайы құралдардың сан алуан түрлері;

- Қос пайдаланушы режимі екі пайдаланушының мұғалім және бала қаламдарын бөлек пайдалануыну;
- Дыбысты жазу құралы мен бейнебетті жазу құралы сияқты бай мультимедиялық қолдау;
- Таң-тамаша қалыпты және қолтаңбаны тану құралдары;

Осы аталған бағдарлама бойынша «Тұңғиық сандықша», «Сиқырлы сия», «Сілтемені қою», «Мультимедиа файлдарын қабылдау», «Тік қозғалыс бағыты», «Флипчарттардағы контейнерлерді пайдалану» үлгелерін көрсеткім келеді. Олар қосымшада беріледі. Жалпы «Тұңғиық сандықша» флипчартын жасауда «Туындынының анықтамасы» тақырыбы бойынша балаларға алгоритмді жасырын тұрған тізбек ретін рет-ретімен көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламада барлық пәндерден интерактивті сабақтар дайындауға болады және мұндай оқу қызметі ұйымдастыру балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. ActivInspire бағдарламасында сабақтарды дайындауға көптеген функциялар қолданылады, мысалы: слайд жасау және жүргізу, арнайы эффектіні материалдарға қосу, кілттік кезеңдерді айыру, қосымша ақпараттарды балаларға жеткізу. Сондықтан да осындай сабақтарды жүргізу балалар үшін қызықты, әрі олардың сол сабақты толық меңгеруіне көп көмектеседі.

Флипчартты сабақта қолдану оң атмосфераны туғызады, балалар арасында бірлесе жұмыс жасау дағдысына ие болады. Белсенді және тынымсыз балаларға тосқаулықтар мен шектеулер болмайды. Баяу қабылдайтын балалар да үлкен экраннан көрген дүниені тез есте сақтай алады. Балалар тақтаға қуана шығып геометриялық фигуралар сызуға, схема жасауға, тақтаға маркермен жазып, оны сүртуде белсене жұмыс жасайды. Сондай-ақ интербелсенді тақтада жұмыс жасау, баланы белсенділікке тәрбиелейді, суреттермен, мәтіндермен жұмыс жасауда қызығушылықпен орындайды.

Атақты психолог Л.С.Выготский: «Дұрыс ұйымдастырылған іс-әрекет процесі баланың дамуына дұрыс таным қалыптастырады», – деген болатын. Осыған орай мектеп жасына дейінгі білім берудегі зерттеу әдістерін жаңашыл педагог ретінде дамытуымыз қажет, бағдарламалық материалмен шектелмейбаланың ой-өрісін дамытуға әр тәрбиешінің жаңашылдықпен ізденгені дұрыс.

Яғни, бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияның негізделуін және де ақпараттық құралдардың кеңінен қолдануын қажет етеді. Сөзімді «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген халқымыздың дана сөзімен қорытындылағым келеді. Баланың тәрбиелі ұрпақ болып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын – балабақша. Бала тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең маңызды міндет. Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байланысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, біліміміздi аямайық!

ActivInspireбағдарламасын іс-тәжірибеде қолдану

Мультимедиа файлдарымен жұмыс

«Тұңғиық сандықша»

Әдебиеттер

1. «Балабақша» Республикалық педагогикалық журналы, №3, 2017 [25 б.]
2. Зарина Е. С. Учебный фильм о загадке свойства Перетащить копию программы ActivInspire. Элементы сложной презентационной техники ActivInspire.
3. Ясеновская Л.Н. Вставка активной ссылки на веб-узел в ПО ActivInspire.
4. Виссарионова С.Ю. Учебный фильм об инструментах Модификаторы ручек в программе ActivInspire интерактивной доски ActivBoard.
5. Андреева В.П. Как составить кроссворд в ActivInspire.
Майоров С.В. «Вставка изображения в ActivInspire»
6. Бирюкова Ю. В. «Использование ИКТ на уроках в начальной школе по» http://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/okruzhayushchii-mir

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДОВ АРТ- ТЕРАПИИ В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ РЕБЕНКА

А.Т.Сапаралина,
методист я/с №45 «Самұрық»
города Астана

Образовательная политика Казахстана, отражая общенациональные интересы, учитывая общие тенденции мирового развития, направлена на формирование нового типа личности, способной достойно представлять Казахстан в ряду ведущих стран мира.

Успешность решения поставленных задач зависит от реализации конкретных образовательных программ, определенных в Государственном общеобязательном стандарте дошкольного воспитания и обучения РК, который предусматривает и обеспечивает внедрение инновационных технологий в образовательный процесс дошкольной организации.

Педагоги я/с №45 «Самұрық» г. Астаны разработали собственную программу «Інжу - Маржан», которая направлена на формирование культуры

детей, на их духовно-нравственное, социальное, личностное и интеллектуальное развитие.

Характерна особенность программы «Інжу - Маржан» состоит в использовании передового опыта инновационных технологий в области арт-терапии с расширением, развитием и применением данного направления на основе культурных особенностей нашего народа.

В основе программы заложено уникальное направление психотерапии, которое официально признано в ученых кругах с 1938г. Арт-терапия - это «язык» визуальной, пластической и корректной коммуникации, экспрессии и гармонии. Согласно восточной мудрости, «картина может выразить то, что не выразит и тысяча слов». В настоящее время арт-терапия приобрела педагогическое направление.

Использование данного термина не связано буквально с лечением заболевания (как известно “therapia” в переводе с латинского означает лечение), имеется в виду “социальное врачевание” личности, изменение стереотипов ее поведения средствами творчества. Педагогическое направление связано с укреплением психического здоровья ребенка и выполняет психогигиенические (профилактические) и коррекционные функции.

Предложенная программа дает возможность найти точки соприкосновения для создания научно-методической базы казахстанской школы арттерапии на основе культурных особенностей нашего народа и создаст эффективные точки роста казахстанской науки в области арт-терапии.

Программа арт-терапии «Інжу - Маржан» позволяет решать следующие важные педагогические задачи:

- развивать ценные социальные навыки через творческий процесс: дети учатся корректному общению, сопереживанию, бережным взаимоотношениям со сверстниками и взрослыми при помощи удивительных направлений в искусстве;
- развивать мелкую моторику для развития речи и профилактики соматических заболеваний, сенсорные ощущения для раскрытия внутреннего потенциала и расширения творческих способностей;
- научить использовать различные формы творческого процесса, где складываются условия, при которых каждый ребенок переживает успех в той или иной деятельности, самостоятельно справляется с трудной ситуацией;
- воспитывать уважение и желание продолжать и использовать культурные традиции и обряды нашей страны в целях роста и образования детей в условиях инновационных технологий.

В мировой практике арт-терапия развивается уже на третьем, четвертом поколении, передавая уникальный опыт развития человека. Российская школа арт-терапии существует сравнительно недавно. Казахстан в данном направлении делает свои первые, но уверенные шаги, потому, что мы опираемся на опыт наших предков. Хочется привести пример опыта, который мы получили, благодаря программе в ходе экспериментальной площадки в период 2011- 2014 гг.

Наш Казахстан богатая страна, способная гармонично совместить в себе древние национальные традиции и обряды и современные направления в образовании и психологии нашего народа.

Занятия арт-терапией предполагают следование следующим основополагающим принципам:

- Занятия арт-терапией предполагают использование ребёнком разнообразных изобразительных средств с целью выражения с их помощью содержания своего внутреннего мира.
- Работа ребёнка с материалами протекает в определённых условиях, помогающих создать у него ощущение безопасности и способствующих свободному выражению содержания своего внутреннего мира.
- Занятие происходит в присутствии специалиста, обладающего достаточным знанием природы художественного творчества и способного понимать психологическое содержание рисунков ребёнка и выступать в качестве посредника в «диалоге» ребёнка со своим рисунком.

Арт-терапевтическая деятельность предполагает использование терапевтом определённых приёмов, помогающих ребёнку осознать отражённые в его рисунке содержание его внутреннего мира.

Программа выстроена таким образом, что на каждом этапе апробации включен богатейший материал, на который мы ссылаемся, изучаем и одновременно исследуем вместе.

Экспериментальная площадка разделена на этапы :

I этап- подготовительный - 2011-2012 г.

II этап- внедрение и апробация экспериментальной программы- 2012-2013г.

III этап- итоговый эксперимент- 2013-2014г.

В период подготовительного этапа 32 педагога детского сада прошли обучение и переподготовку по арттерапии в институте повышения квалификации педагогов города Астаны (400 часов).

В режиме II этапа эксперимента с 1 сентября 2012 года работали две средние группы «Зәм-зәм» и «Кәусар» - воспитатели - Молдабекова Гаухар Аскаровна, Рахметова Кульзада Онайбековна и Бахишева Кундыз Кармысовна.

Экспериментальная площадка работает по трем направлениям арттерапии: песочная терапия, глино-терапия, музыка терапия.

На основе программы «Інжу- маржан» педагогами детского сада были разработаны методические пособия для средних и старших групп по трем направлениям. В методическом пособии были расписаны все занятия по девяти темам:

1 «Кіріспе»
2 «Бесікке салу»
3 «Көрімдік»
4 «Жеті ата»
5 «Бес жақсы»
6 «Тұсау кесер»
7 «Асар»
8 «Бәйге»
9 «Бата»

Каждую тему раскрывают четыре занятия - за весь учебный год 36 часов по каждому направлению.

На втором этапе были проведены два городских семинара: 12 ноября провели семинар «Путешествие в мир арт-терапии», где силами педагогов были проведены ознакомительные для детей экспериментальных групп работы с элементами арт-терапии. Детям было показано, что они будут изучать. В подготовке семинара воспитатели работали в творческой мастерской, создавая сказочную атмосферу для детей.

26 февраля провели городской семинар «Развитие творческой активности детей через методы арт-терапии», где были показаны занятия по темам:

- «Ер қанаты- ат» по глино-терапии
- «Ақ жол» по песочной терапии
- «Жайлаудағы түрлі –түсті ауа» по музыкальной терапии.

На III этапе эксперимента педагогический коллектив работал над разработкой методического материала для представления в институт повышения квалификации на рассмотрение научного экспертного совета.

По завершению эксперимента с 18 по 20 июня 2014 года провели методическую неделю:

- семинары для воспитателей, методистов, заведующих и методистов Управления образования города Астаны;
- семинар «Арт-терапия как инновационная модель в развитии творческой активности детей».

Сеинары провели на должном уровне и получили высокую оценку Управления образования города Астаны.

Заключение

На сегодняшний день материально-техническая база сада охватывает все 9 направлений арт-терапии.

Методы, используемые на занятиях:

- Изотерапия - **мощные положительные эмоции**
- Глинотерапия - **восприятие мира, развитие мышления**
- Музыкальная терапия - **звуки музыки**
- Песочная терапия - **течение времени**
- Сказкотерапия - **философия жизни**
- Танцедвигательная терапия – **восприятие красоты природы и ее могучую силу, восхищение ею**
- Фототерапия - **проявление мгновений**
- Сенсорная терапия - **мои и твои сигналы**
- Телесно-ориентированная - **тело-язык чувств**

Арт-терапия - это развитие творческих способностей детей через искусство.

Экспериментальная площадка дает свои результаты не только в работе с детьми, но и влияет на взаимодействие и благоприятный микроклимат в коллективе.

Программа по арттерапии «Інжу-маржан» рассчитана на детей дошкольного возраста.

Литература

1. Государственный общеобяза-тельный стандарт образования РК Утвержденный приказом МОН РК от 15. 05. 2016 г. №291
2. Жиенбаева С.Н. Қол еңбегі. – Алматы, 2009ж.
3. Эльконин Д.Б. Детская психология М.,1960ж.
4. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. А., 1996ж.
5. Габриелла Рот Арттерапия- познание себя. - М., 1998ж.
6. Выготский Л. С. Игра и ее роль в психологическом развитии ребенка: Вопросы психологии. – М., 1966. – 541с.
7. В.Л.Сухомлинский Духовный мир школьника. – М., 1946.- 590с..

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Уразбаева Гүлнұр Жалғасқызы
«Алтын ұя» балабақшасының тәрбиешісі
Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Театр – адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы,
сахна өнері – тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу,
яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес.
Шәкен Айманов

Республикамыздағы соңғы жылдардағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамуы жалпы білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының біріне айналды. Елбасының бастамасымен іске асырылған ***«100 мектеп 100 аурухана»*** *және* «Балапан», сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекетік бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдар санының шарықтап өсуіне тың серпін берді. Оның айғағы ретінде Қызылорда облысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар саны бүгінгі күні 791-ге жеткенін және 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 100 % құрап отырғанын, ал өзім қызмет ететін Қызылорда қаласындағы «Алтын ұя» балабақшасы ***2009 жылы «100 мектеп 100 аурухана» бағдарламасы аясында 320 орынға арналып салынғанын, және сол жылғы қараша айында балабақшаны Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өзі келіп ашқанын*** мақтанышпен айтқым келеді.

Сондай-ақ, бүгінгі күні білім берудің мазмұнды аспектілерін дамытуға айтарлықтай көңіл бөлініп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты жаңартылды. Аталған стандарт негізінде біріңғай «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу» бағдарламасы әзірленіп, жаңа оқу жылынан қолданысқа енгізілді.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда театрландырылған қойылымдардың рөлі ерекше екені бәрімізге мәлім. Ал жаңартылған Стандарттың «Коммуникация» білім беру саласына жеке «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі болып енгізілуі осы бағыттағы жұмыстарымызды жандандырып, әрі қарай жалғастыруымызға ықпалын тигізді.

Балалардың тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдардың маңызы ерекше. Балалар кейіпкерлерді ойнай жүріп, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілі дамып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауындағы: «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек», – деген сөзін басшылыққа ала отырып, оқу қызметімде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланамын. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

-компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта)

-ғаламтор және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Музыка оқу қызметтерінің әрбір бөлімінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді. Балаларға музыкалық шығарманы тыңдата отырып, оның мазмұнын экраннан бейнеролик, фотосуреттер, тұсаукесерлер арқылы көрсетемін. Бұл балалардың музыкалық шығарманы қабылдауына үлкен әсері етеді. Музыкалық-дидактикалық ойындарды ойнатуда *ActivInspire* бағдарламасын қолданамын. Бұл бағдарлама – балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығын арттырып, ойынға белсене қатысуына септігін тигізеді. Музыкалық ойындар ғана емес, жалпы оқу қызметін *ActivInspire* бағдарламасымен өткіземін. Және оның тиімділігі:

- Ұйымдастырылған оқу қызметінде көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
- Оқу қызметінің өнімділігі артады.
- Тәрбиеленушілердің білім деңгейіне оң әсер етеді.

Өз іс-тәжірибемде осы бағдарламамен бірнеше оқу қызметтерін өткіздім. Атап айтсам: «Музыкалық қобдиша», «Музыкалық алтыбақан», «Анашым», «Әжем менің сүйікті», «Музыка қалашығына саяхат» және т.б.

«Үштұғырлы тіл» бағдарламасының аясында қолданылатын әдістер мен технологиялар

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде үштілді білім беру– көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негізі.

«Үш тілдің бірлігі» мәдени жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу.

Музыка оқу қызметінде үштілділікті дамытуға мынандай әдістермен қол жеткіземін:

- Үштілдегі «Сәлемдесу», «Қоштасу» әні арқылы
- Билингвальды құрауыштар арқылы
- Ойнату арқылы
- Мнемотехника әдісі арқылы
- Саусақ театры арқылы
- Ақпараттық технологиялар арқылы

«Тілдің үштұғырлығы» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Біз күлімдеп ән шырқаймыз» атты үш тілдегі әндер жинағынан өзімнің тақырыптық жоспарыма әндерді қостым.

Балаларға қажетті тілдерді (орыс және ағылшын) ойын әдістемесінің негізінде меңгертуді таңдаймын.

Әрбір оқу қызметімде I кіші топта қазақ тілінде ғана, II кіші тобында қазақ және орыс тілдерінде, ортаңғы, ересек топтарында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде «Амандасу», «Қоштасу» әнін орындаймын. Әр тақырыпқа байланысты оқу қызметімде негізгі сөзді үш тілде айтамыз.

Мақсатты жүйелі жұмыс, музыкалық ойын әдістерінің әртүрлі түрлерін пайдалану мектепке дейінгі жастағы балалардың орыс және ағылшын тілдерін барынша жылдам меңгеруіне көмектесетіндігіне сенімдімін. Мысалға өзімнің оқу қызметтеттерімде мынандай ойындарды пайдаланамын:

Fox– Түлкі –Лиса, Clap – stamp, Good bye, my little friends!- «Сау болыңдар, менің кішкене достарым! », What is your name?- «Сенің есімің кім?» Hello, my little friends! – «Сәлем, менің кішкене достарым!»

Мен осындай *ойындарды,* әндерді үйрету үшін оқу қызметтерімде мнемосхеманы пайдаланамын. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін оқыту енгізілген. Балалар ағылшын тілінде бірталай сөздерді меңгереді. Балаларға суреттерді көрсетсең орысша және ағылшынша аудармаларын айта алады. Сондықтан да мнемосхеманы пайдалану өте тиімді.

Мысалы:

Clap – stamp Қолымызды шапалақтаймыз – **хлоп-**	Хлопаем в ладоши **- clap -clap -clap** Топаем ногами **- stamp- stamp- stamp**

хлоп-хлоп Табанымызбен тықылдатамыз – **топ-топ-топ** Міне біз былай билейміз –**танцуем** Жоғарыға ұшамыз – **полетели** Балық сияқты жүземіз – **плаваем** Ал енді отырайық – **садимся!**	Вот теперь мы танцуем **-dance-dance-dance** Полетели, полетели **-fly-fly-fly** Плаваем мы, плаваем **-swim-swim-swim** А теперь **sit down** садимся!

Мнемотехника дегеніміз грек тілінен аударғанда «есте сақтау өнері» деген мағынаны білдіреді. Балаларға әннің сөзін жаттатудың ең оңай және тиімді жолы. Балалар әннің сөздерін суреттерге қарап отырып жылдам жаттайды.

Саусақ театры. Саусақ театры ілін дамытады, есте сақтау қабілетін дамытады, эмоционалдық дамуына әсер етеді. Мұнда бала бір мезетте 10 атауды үйреніп алады. Мен өз іс-тәжірибемде балаларға саусақ театры арқылы бірнеше ойындар мен әндерді үйреттім. Мысалы: «Бармақтар отбасы» әнін үш тілде үйретуде осы саусақ театры өте тиімді. Балалар әннің сөзін жылдам және қызығушылықпен жаттайды. «Hello, my little friends!» ойынында саусақ театры арқылы 8 жануармен танысады.

Hello, my little friends! – «Сәлем, менің кішкене достарым!»

Мақсаты: Балалардың ритмикалық және музыкалық- тілдік қабілеттерін дамыту.

Hello, hare! (Қоян, Заяц)
Hello, cat! (Мысық, Кошка)
Hello,panda!(Панда, Панда)
Hello, bear!(Аю, Медведь)
Hello, cow!(Сиыр, Корова)
Hello, giraffe!(Керік, Жираф)
Hello, mouse!(Тышқан, Мышь)
Hello, my little friends!
Hello, dog!(Ит,Собака)

Жобалау технологиясы. Балаларды музыкалық тұрғыдан дамыту мақсатында жобалау технологиясын пайдалану өте тиімді. Жобалау технологиясы арқылы педагог пен бала, бала мен ата-ана, педагог пен ата-ана арасындағы байланыс нығая түседі. Балалар бұл технология арқылы бір сұраққа жан-жақты жетілген, нақты жауаптар ала алады.

Жобалау әдісін қолдану тиімді болғандықтан, мен оқу қызметтерімде және оқу қызметтерден тыс уақытта осы әдісті пайдаланамын. Балалардан туындаған «Ұрмалы аспаптар дегеніміз не?», «Неге ол ұрмалы деп аталады?», «Қазақ ұлттық ұрмалы аспаптарына нелер жатады?» деген сұрақтарға жауап берудің жолы ретінде *«Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптары»*атты жобасын құрдым.

«Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптары» жобасы.

Жобаның түрі: Қысқа мерзімді.

Жобаның типі: Танымдық, зерттеушілік.

Жобаның мақсаты: Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарын жан-жақты

зерттеу әрекетін ұйымдастыру, нәтижеге қол жеткізу.

Міндеті: Ұрмалы аспатардың шығу тарихы, құрылысы, түрлері, қалай қолданатыны жайлы танып білу.

Зерттеу нысаны: Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптары

Жобаны жүзеге асыру кестесі

Жұмыс түрлері	**Өткізілуі**
Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарын туралы мәліметтер беру	Әңгіме: «Ұрмалы аспаптар дегеніміз не?»,
Ұрмалы аспаптардың басқа аспаппен үндестігі	«Келіншек» халық күйін орындау
Саяхат	1. Сарқан гуманитарлық колледжі, Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі 2. Сарқан аудандық мәдениет үйі
Көркем әдебиет	Аспаптар туралы жұмбақтар жасыру
Өнімді әрекет	Ұрмалы аспаптарды қолдан жасау, «Аспаптар» атты бояуға арналған суреттер, топта музыкалық бұрыш жасау.
Музыкалық іс –әрекет	Ұрмалы аспаптармен билеу: «Асатаяқ», «Барабан».
Қорытынды	Мюзикл: «Ұрмалы аспаптар айтысы»

Жалпы мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық дамуына әсер ететін осындай жұмыстардың арқасында мынандай нәтижеге қол жеткіземіз: *аспапта ойнау кезінде дыбыстың таза шығуына толық қол жеткізеді; ұрмалы аспаптар туралы нақты мағлұматтарды біледі; шығарманы таза нақышына келтіріп орындайды; үш тілде амандасып, ән айтады; интербелсенді тақтамен жұмыс жасай алады.*

Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие қажет деген ойдамын.

Бүгінгі бала – ертеңгі қоғам қайраткері. Болашақтың жарқын болуы үшін аянбай еңбек ету менің басты парызым деп білемін.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

3. «Музыкалық жетекшінің анықтамалығы» республикалық педагогикалық журналы № 12(48) 2016 жыл

4. Ғаламтордан алынған деректер

5. «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы

ПСИХОЛОГО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕМЕНТОВ АРТ –ТЕРАПИИ

Нагасимова Дана Юрьевна,
педагог-психолог, «Ясли – сад № 24»
Павлодарская область, г. Аксу

Образовательная политика Республики Казахстан на современном этапе заключается в достижении качества образования, его соответствии актуальным перспективным потребностям личности, общества и государства. В связи с этим, безусловно, значительную роль в развитии ребенка играет первая ступень образования – дошкольное образование. Здесь закладывается база личностного развития человека, создается своеобразный «фундамент личности». Это период расцвета детской познавательной активности; ребенок пытается упорядочить и объяснить окружающий мир, установить в нём связи и зависимости. В связи с этим необходимым условием является психолого-педагогическое сопровождение образовательного процесса.

Психолого-педагогическое сопровождение следует понимать как взаимодействие ребенка и взрослого в практической деятельности, направленной на развитие. Поддержать и направить этот интерес, обеспечить его целенаправленное педагогическое и психологическое сопровождение – значит способствовать развитию творческих возможностей ребенка.

В основу модели психологического сопровождения положены принципы:

-гуманизма, предполагающего веру в возможности ребенка;

-системного подхода, основанного на понимании человека, как целостной системы;

-комплексного подхода к сопровождению развития ребенка;

-учет индивидуальных и возрастных особенностей ребенка, предполагающий содержание, формы способы сопровождения, соответствующие индивидуальным возможностям ребенка, темпам его развития.

Отсюда возникает вопрос, как построить образовательный процесс так, чтобы он отвечал психофизиологическим особенностям детей, требованиям школы, родителей и ценностным ориентациям современного общества? И здесь немаловажную роль играет использование в работе элементов арт–терапии. И ребенок, и взрослый в арттерапевтическом процессе приобретают ценный опыт позитивных изменений. Постепенно происходит углубленное самопознание, самопринятие, гармонизация развития, личностный рост. Это потенциальный путь к самоопределению, самореализации, самоактуализации личности[1,9с]. В своей работе использую элементы песочной терапии, метод мандала.

Наиболее важный и трудный этап в жизни ребенка – поступление в детский сад и адаптация к новым условиям. Опыт этого периода во многом определяет в будущем взрослую жизнь человека, его успешность. Адаптивные

возможности ребенка младшего возраста ограничены, поэтому резкий переход малыша в новую социальную ситуацию и длительное пребывание в стрессовом состоянии могут привести к эмоциональным нарушениям или замедлению темпа психофизического развития. Резкая смена условий нередко сопровождается тяжелыми переживаниями, снижением активности речевой, игровой, сказывается на здоровье, малыши тяжело переносят разлуку с мамой, приходят в отчаяние, оказавшись в незнакомой обстановке, в окружении чужих людей.

Чтобы период адаптации к детскому саду для ребенка прошел быстрее и спокойнее, в своей работе использую элементы песочной терапии. Песок – идеальная развивающая среда, где можно творить без страха что-либо испортить или сломать. Песок имеет замечательное свойство «заземлять» негативную психическую энергию, стабилизировать эмоциональное состояние. Работа с песком имеет следующую структуру:

1 этап – разминка или согревающие игры с сухим песком («Здравствуй, песок», песочный дождь, дорожка из песка, песочные замки и т.п.);

2 этап - непосредственно обучающая часть (создание песочных картин, придумывание сказки, обыгрывание стихов, потешек, опыты с песком);

3 этап - этап прикосновений и игр на поверхности мокрого песка (чудесный песочек, следы на песке, построим горку, наполним формочки).

Были предложены задания: «Кулички из песка», «Ласковые ладошки», «Путешествие в сказочную страну», «Игрушки» и др. С помощью подноса с песком и миниатюрных фигурок ребенок, проходящий песочную терапию, получает возможность пообщаться с самим собой, прикоснуться к тому, что не выразишь словами, прочувствовать то, что было скрыто раньше от сознания.

Невербальные способы психотерапии, такие как юнгианская песочная терапия, оказываются способны помочь даже тогда, когда лечение словом (например, психоанализ) оказалось безрезультатным. "Часто руки знают, как распутать то, над чем тщетно бьется разум" сказал когда-то Карл Густав Юнг, швейцарский психоаналитик, показавший всему миру, что бессознательное способно говорить с человеком на языке символов.

Песоная терапия дает неограниченные возможности экспрессии, так как игры с песком насыщены разными эмоциями (восторгом, удивлением, волнением, радостью), позволяет создавать символические образы, отражающие неповторимый внутренний мир ребенка. Удивительное происходит в том, что песочная сказочная страна - не что иное, как проекция внутреннего мира ребенка.

На песке с детьми мы проигрываем любимые сказки: «Колобок», «Создаем сказочную страну», «У солнышка в гостях». Сказку на песке можно разыгрывать, передвигая персонажи в разных направлениях. При этом дети постепенно учатся соотносить речь с действиями персонажей, начинают самостоятельно творить, фантазировать, изменяя сюжет, добавляя новых действующих лиц. Манипулируя игрушками, он может показать более адекватно, чем выразить в словах, как относится к себе, значимым взрослым,

событиям в своей жизни, окружающим. *Игры с песком позволяют повысить адаптационные возможности ребенка, создают положительный образ детского сада.*

Сравнительный анализ результатов адаптации младших дошкольников поступивших в детский сад



Степень адаптации детей к детскому саду в целом имеет положительную динамику. Легкая степень адаптации с 2013-2014 учебного года повысилась на 10%.

Однако важно отметить, что на этапе адаптации используются обучающие игры, направленные на развитие тактильно - кинестетической чувствительности и мелкой моторики рук.

Эти несложные упражнения способствуют стабилизации эмоционального состояния (отпечатки наших рук, отпечатки кулачков, скользим ладонями по песку, шагаем пальчиками).

Ценность этих упражнений в том, что наряду с развитием тактильно - кинестетической чувствительности и мелкой моторики, развивается речь, внимание и память ребёнка. Происходит формирование таких черт личности, как инициативность, самостоятельность, умение «решать» проблемы в игре. Применение «песочной терапии» делает течение адаптации более легкой.

В работе с детьми необходимо создание адекватных условий воспитания и обучения с учетом индивидуальных особенностей ребенка. Одной из приемлемых форм работы с детьми является метод мандалы. Первооткрыватель мандалотерапии Карл Густав Юнг.

Мандалотерапия - это безопасный и естественный способ изменения эмоционального состояния, снятия напряжения, выражения чувств и развитие саморегуляции. Рисование мандал способствует развитию образной памяти, целостному восприятию мира, распознанию нюансов различных звуков, развитию интуиции, эмоционально-чувственного мира, а в итоге – становлению творческой личности.

Метод мандала используется как при индивидуальной, так и при групповой форме работы с детьми. При разукрашивании мандал у детей формируются психические процессы: память, воображение, внимание;

совершенствуется мелкая моторика рук. У ребенка в процессе восприятия образов возникает чувство сопереживания, он духовно обогащается. Создавая мандалу, ребенок создает и свои персональные символы, отражающие его внутреннее состояние. Например, если ребенок рисует круг – это равновесие и порядок, треугольник – если вершина направлена вверх, это означает мужественность, движение, стремление к совершенствованию, если вниз – разрушение. Цветок – символ красоты и жизни. Простое разглядывание мандалы, то же приносит определенную пользу. Выбираемые цвета в мандале – это отражение внутреннего состояния ребенка. Дети очень часто неадекватно выражают свои эмоции, не могут правильно оценить эмоции других детей, что является барьером в налаживании доброжелательных взаимоотношений. Это естественный способ улучшения эмоционального состояния, снятия напряжения, выражения чувств, который способствует развитию творчества, художественному и духовному самовыражению детей.

Мандалы используются с детьми, начиная с младших групп в таких направлениях как:

- раскрашивание мандал-раскрасок;
- создание собственных мандал из цветного песка, декоративных мелких камней, природного материала.

Совершенно не важно, умеет ли ребенок рисовать, лепить, моделировать, работать с карандашом, красками, пластилином, глиной. Педагог не ставит выполнение определенного задания, он создает условия для самовыражения, мотивируя его.

Таким образом, психолого–педагогическое сопровождение сегодня является не просто суммой разнообразных методов коррекционно – развивающей работы с детьми, но выступает как комплексная технология, особая культура поддержки и помощи ребенку в решении задач развития, обучения, воспитания, социализации.

Литература

1. Лебедева Л.Д. Практика арт-терапии: подходы, диагностика, система занятий.- СПб.: Речь, 2008

2. Диагностика в арт-терапии. Метод «Мандала». Под редакцией А.И. Копытина СПб.: Речь, 2005

3.Грабенко Т.М., Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Чудеса на песке. Песочная терапия. Спб.: Институт специальной педагогики и психологии, 1998.

4. Сакович Н.А. Технология игры в песок. СПб.: Речь, 2006

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жумашева Гулсая Букеновна
№4 «Айгөлек» бөбекжайы
қазақ тілі мұғалімі
Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласы

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді деп есептеймін. Сондықтан білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Заман ағымына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар мектепке дейінгі ұйымның жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалық ізденісін, балалардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, баланы қызықтырып оқыту керек деп санаймын.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы.Қазақ тілін балаларға нәтижелі үйрету үшін оны оқыту әдістемесін жетілдіру – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Балабақша жасындағы балаларға өзге тілді меңгерту-жүйелі түрде жүзеге асу керек. Бұл П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Л.В.Занновтың ғылыми-тәжірибелік еңбектерінде дәл көрсетілген.

Тәжірибеде көрінгендей, жұмыс барысында ең қиынға түсетіні ол ауызша сөз байланысын құрастыру. Оның ішінде келесі міндеттерді жүзеге асыру өте күрделі:

1. Қазақ тілді үйренуге, түсінуге және оны ықыласпен тыңдауға деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыру
2. Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы мен сөйлеу мәдениетін дамыту
3. Қарапайым диалогты жүргізуге жеткілікті, қажетті ең аз мөлшердегі лексикалық, грамматикалық база жасау

Сонымен қатар, берілген материал сөзді біліп қана қоймай, оны меңгеру технологиясын игерту керек. Балалармен тілді үйретуде балаларды қабілеттілігі бойынша топтарға бөлуге болады. Мысалы:

1-топ: тілді білмейтін балалар және кейбіреулері жеке сөздерді түсінеді.

2-топ: педагогтың айтқанын түсініп, оны дұрыс орындайды, сұрақтарды түсінеді, бірақ қазақ тілінде емес, өз тілінде жауап береді.

3-топ:өз ойын жеткізе біледі, сұрақтарға толық жауап береді.

Осындай әртүрлі деңгейлерді ескере отырып, келесі принциптерге негізделген жоспар құрамын:

1. Оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастыруда іс-әрекеттің тәсілін, ыңғайын табу.

2. Ұстаз бен балалар қарым-қатынасының интерактивтік түрлерін, дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану.

Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды оқытудағы қолданылатын жаңа технологиялардың бірі-ұйымдастырып оқыту формасы. Олар: дидактикалық, дамыту, жарысу, пікірталас, интеграция, дыбыстық, шығармашылық ойындар.

Мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана аламыз, алайда мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстануда қолданылатын әдіс-тәсілдердің саны шектеулі. Басты себеп-жас ерекшеліктерінде.

Қазақ тілін оқытуда ғалымдарымыз (Ф.Оразбаева, А.Жапбаров, Б.Құлмағамбетова, Н.Оралбаева, Д.Әлімжанов,А.Әбілқаев, С.Қазыбаев, С.Әбдіғалиев, Ә.Исабаев) ұсынған жалпы дидактикалық ұстанымдар төмендегілер: ғылымилық, жүйелілік, сәйкестік, көрнекілік, саналылық, белсенділік, беріктілік, теорияны тәжірибемен байланыстыру, жеке тіл үйренушілердің психикалық ерекшеліктерін ескеру, сатылық, лайықты болу, түсініктілік, оқытудың сабақтастығы ұстанымдары т.б.

Қазіргі заманда жиі кезесетін технологиялар төменгі кестеде көрсетілген:

№	Технологиялар атауы	Авторлары
1	Саралап деңгейлеп оқыту	Қараев Ж.А.,Кобдикова Ж.У.
2	Модульдік оқыту технологиясы	Жампеисова М.М.
3	Дамыта оқыту технологиясы	Тұрғымбаев Т.,Эльконин Д.Б. Давыдов В.В.,Зайцев В.
4	Проблемалық оқыту технологисы	Монахов М.
5	Ірі блокпен оқыту технологиясы	Шаталов, Эрдниев П.М.
6	Жобалау әдістемесі	Дж. Дьюи
7	Сын тұрғысынан ойлау	Джинни, Л. Стил, С.Крутис, Ч.Темпл
8	Жеделдетіп оқыту технологиясы (тілді дамыту)	Жүнісбеков Ә.
9	Алдын-ала оқыту технологиясы	Лысенкова А.
10	Тұлғалық гумандық технологиясы	Амонашвили Ш.
11	Шоғырландырып- қарқындап оқыту (Концентрированно- интенсивное обучение)	Нұрахметов Н.Н. Абдығалиев К.А.
12	Жүйелілік тұрғысынан оқыту технологиясы	Ғалиев Т.Т.
13	Интерактивті оқыту технологиясы	Я.А. Каменский

Жаңа технологиялардың ішінен балабақшада қолдануға болатын жаңашыл технологиялардың бірі-**модульдік оқыту технологиясы** . Әр балаға жеке тұлға ретінде қарап даралау, мүмкіндігіне қарай деңгейлік тапсырмаларды өздеріне таңдату арқылы баланың өз деңгейін өзіне анықтауға, жұмыстың түрін

қызықтыра түсуіне әсер ететіні анық. Модульдік жүйеде материалдарды оқытып-үйрету «жалпыдан жекеге» қағидасы негізінде жүргізіледі. Бұл технология:

- Бала тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- Танымдық үрдістерді (жады, ойлау, зейін, елестеу, қабылдау) дамытуға;
- Сөздік қорын, ауызша тілін, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытуға;
- Төл дыбыстарды дұрыс, орнымен қолдануға ықпал етеді.

Бұл технологияның бірнеше әдістері, яғни стратегиялары бар:

• «Топтастыру» - «Единство»
• «Нартәуекел» - «Риск»
• «Шығармашылық» - «Творчество»
• «Ой толғау» - «Логика»
• «Көрнекілік» – «Наглядность»
• «Қызығушылық» – «Интерес»

Осы стратегияларға жеке тоқталар болсам: (педагогтармен жұмыс)

«Топтастыру» стратегиясын білімді жинақтау кезінде, яғни қорытынды сабақтарда қолдануға болады. Мысалы: ертегіні талдағанда екі ұқсас бейнелердің ортақ қасиеттерін табу (Күн, Ана).

«Мақта қыз бен мысық» және «Ұр, тоқпағым, ұр» ертегілері. Ұқсас белгілері: адам бойындағы жаман қасиет, яғни тіл алмаушылық, айтқанды тыңдамау, өз дегенімен жүру.

Тақырыптары: «Үй жануарлары» және «Жабайы аңдар»

«Нартәуекел» стратегиясын күрделі сұрақтар қою арқылы терең мазмұнды мәселелерді шешуде балалардың бойындағы жігер, белсенділік қабілеттерін дамыту үшін қолдануға борлады. Мысалы: «Толағай» ертегісі бойынша «Мен Толағай болсам, не істер едім?»

«Шығармашылық» стратегиясы баланың шығармашылық қабілетін дамытып, түрлі формада жұмыс істей білуге баулиды. Мысалы: рөлдік ойындар, тақырып бойынша жұмбақ, мақал-мәтел айту т.б.

«Ой толғау» стратегиясы –тақпақ құрау, ертегі құрастыру, мәнерлеп оқу. Тақырыптары: «Менің елім», «Қазақстан қалалары»

«Қызығушылық» стратегиясы – оқу іс-әрекеті барысында баланың есте сақтау қабілетін сұрыптауға мүмкіндік береді. Немесе оны «Миға шабуыл» (мозговой штурм), «Ой шақыру» деп те атауға болады. Тақырыптары: «Салауатты өмір салты», «Адамның дене мүшелері», «Дене мүшелері»

Пазл әдісі-шағын кесінділерден тұтас бейне құрау. Қиындыға бөлінген суреттерден біртұтас сурет құрайды, мәтін құрастырады.

Мысалы: жануарлардың қиылған бейнелері

Фрейм технологиясы

- Білімді жүйелеуді, құрылымға салуды білдіреді.
- Тыңдау не оқу арқылы алынған ақпаратты жинақтау, ортақ белгілеріне қарай топтастыру, өзара байланысын анықтау.
- Қоршаған ортаны танып-білудің, оны есте сақтаудың моделі.

Фрейм технологиясы ағылшын тілінен аударғанда бірнеше мағынаны білдіреді:

1. Зат есім ретінде Фрейм - түрлі интеллектуалды және басқа да нысандардың құрылымдық бірлігі;

2. Етістік ретінде «жоспар құру», «ой-пікірін білдіру»

3. Сын есім ретінде «шеңберлік, яғни шеңбер аясында» деп аударылады

Негізін салушы американдық ғалым М.Минский. Фрейм сурет, сызба, таблица түрінде қолданылады. Балабақшада Фрейм технологиясының бір ғана элементін ала аламыз

Венн диаграммасы :



Бүгінгі таңда жиі сөз болып жүрген инновациалық технологиялардың бірі-

КЕЙС-технологиясының тарихы

«Case» сөзі ағылшын тілінен «жағдай», «жағдаят» деп аударылса, «технология» -қандайдабір ғылымда қолданылатын интеллектуалдық құралдардың, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. ХХ ғасырдың басында 1920-жылдарда АҚШ-тың Гарвард университетінің бизнес-мектебінде енгізілді. Кейс жаттығулары жазылған алғашқы жинақ 1921 жылы Коупленд пен Волас Донамның басшылығымен жарыққа шықты.

КЕЙС-технологиясы-шын және ойдан шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивтік технология.

Мәні өте қарапайым: оқытуды ұйымдастыру үшін нақты жағдаяттарды бейнелеу қажет. Балаларға шын өмірлік жағдаят талдауға беріледі. Берілген жағдаят тек практикалық мәселені бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар сол мәселе шешімінде қолданылатын білім комплексін анықтайды.

Кейс-технологялардың негізгі мақсаты

- Балалардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;
- Әртүрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту;
- Ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету

Кейс-технологиялардың негізгі ерекшеліктері

- Практикалық жағдайларды зерттеу;
- Болған жағдайларды баяндау;
- Балалар проблемамен танысып, оны шешудің жолдарын іздейді

Кейс-технологияларға жатады

- жағдайды талдау әдісі («Менің күн тәртібім», «Тазалықты сүйеміз», «Апта күндері»);
- инцидент әдісі («Жылға талас» ертегісі);
- рольдік ойындар әдісі («Мамандықтар»)

- іс хабарды талдау әдісі (Ауа –райы)
- ойындық жоба («Ақ серек пен Көксерек»; ойын технологиясы)
- дискуссия әдісі(«Мен президент болсам не істер едім?»)

Балабақшада ең кең қолданылатын - **Ойын арқылы оқыту технологиясы.**

Ұйымдастырылған оқу қызметі үстінде өткізілетін ойындардың жүргізу түрі:

1) Жалпы

2)Топтық

3)Жекелей

Ойын - маңызды іс. Егер біз ойынды тек көңіл көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Ойындардың қай - қайсысы болса да баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікті, т.б. толып жатқан қасиеттерді талап етеді. Әрқашан да педагог ойынғақойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орындап отыруы тиіс:

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер менматериалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жергеқойылуыкерек.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.
3. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз етуі керек.

Алғашқы тіл сабақтарынан бастап, баланы өзге тілде сөйлеуге құлшындыратын айналасындағы зат, құбылыстардың қазақша атауларын үйрету үшін қолданылатын ыңғайлы әдістердің бірі – дидактикалық ойындар деп батыл айта аламыз.Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: **дидактикалық ойындар дегеніміз** – балаларға белгілі бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет.

Ендеше, бұл ойындар оқытуға арналған. Ойын баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Педагог балалармен ойынды заттармен **үстел үсті және сөздік ойын** түрінде де өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Бірдей ойыншықты тап». **Үстел үсті ойынын** ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: *«Дұрыс құрастыр»* ойынында М.Монтессори әдісі бойынша қажетті материалдарды қолданып, балалар өз қиялдарына сай қажетті фигуралар, пішіндер құрастыра алады. **Пазл әдісі** бойынша жануарлар бейнесін құрау

Ал **сөздік ойын** арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». *«Мені қайтала» сөздік* ойынының шарты: бір бала қандай да көкөністің атын атайды, қасында отырған бала соны қайталап, тағы бір көкөніс атауын қосуы керек, үшінші бала екеуін қайталап, үшінші сөзді қосады. Осылай ойын 5-6 сөзге

дейін жалғасады. *«Бес қадам»* ойынын ойнайық. Ортаға шығып, бір карточканы алыңыз, әр қадам сайын сонда көрсетілген суреттің тізбегін құрайсыз. Бұған массажды жолдарды қолданамын. Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есіңде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды.

Балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында **танымдық-шығармашылық ойындар** қолданудың маңызы зор. Олар балаларға қоршаған ортаның, табиғат құбылыстарының өзгерістерін, оның қалай пайда болатынын қызықты да есте қаларлықтай етіп қабылдайды. Танымдық -шығармашылық ойындарды ұтымды пайдалану педагогтың біліміне, біліктілігіне, шығармашылық қабілетіне, креативтілігіне байланысты. Мысалы: *«Не? Қайда? Қашан?»,* «Тапқыр болсаң, талас жоқ», «Кім жылдам?» сынды зияткерлік ойындар өтілген тақырыптарды пысықтауға өте тиімді.

Осындай түрлі инновациялық технологияларды қолдану арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Мектеп жасына дейінгі өзге ұлт балаларының қазақ тілін білуге деген ынтасын арттырады
- Балалардың коммуникативтік іскерлігі мен сөздік қоры толығады
- Сурет бойынша сөйлем құрастыра алады
- Тілдік қарым-қатынасқа түседі және өз ойын қазақ тілінде жеткізе біледі

Бүгінгі күн талабының мектепке дейінгі тәрбие реформасындағы ерекшелігі-жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, мемлекеттік тілді тиісті деңгейде меңгерген және қолдана білетін жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер:

1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі - Стандарт) .

2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы.

3.Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді үйрету бағдарламасы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен (2015 жылғы 4 наурыздағы №2 хаттама) ұсынылған.

4. «Кішкентай Тілмаш» үштұғырлы тілді дамыту бойынша әдістемелік құралы. Алматы кітап-2014ж.

5. «Сыйқырлы қалам» оқу-әдістемелік жинағы.

6. «Сыйқырлы балапан» оқу-әдістемелік жинағы.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ У ДОШКОЛЬНИКОВ

Степанова Т.А.,
психолог детского сада «Littlepeople»
Акмолинская область, г. Кокшетау

Сегодня существует множество различных психокоррекционных упражнений, используемых в групповой работе с детьми, которые являются конкретным воплощением какого – либо метода из следующих направлений: игротерапии, арттерапии, поведенческой терапии, социальной терапии.

Игротерапия – наиболее популярный метод, используемый в работе с детьми, так как ближе всего отвечает задачам развития.

Известный психолог О. А. Карабанова в качестве основных психологических механизмов коррекционного воздействия игры выделяет:

1.Моделирование системы социальных отношений в наглядно-действенной форме в особых игровых условиях, исследование их ребенком и его ориентировка в этих отношениях.

2.Изменение позиции ребенка в направлении преодоления познавательного и личностного эгоцентризма и последовательной децентрации, благодаря чему происходит осознание собственного «Я» в игре и возрастает мера социальной компетентности и способность к разрешению проблемных ситуаций.

3.Формирование наряду с игровыми отношениями реальных отношений, т. е. равноправных партнерских отношений сотрудничества и кооперации между ребенком и сверстниками, обеспечивающих возможность позитивного личностного развития.

4.Организацию поэтапной отработки в игре новых, более адекватных способов ориентировки ребенка в проблемных ситуациях, их интериоризация и усвоение.

5.Организацию ориентировки ребенка на выделение переживаемых им эмоциональных состояний, обеспечение осознания их благодаря вербализации и, соответственно, осознания смысла проблемной ситуации в целом и формирования ее новых значений.

6.Формирование способности ребенка к произвольной регуляции деятельности на основе подчинения поведения системе правил, регулирующих выполнение роли и правил, регулирующих поведение в игровой комнате [1,с. 7-8].

Игротерапия является одним из методов особого психологического воздействия с терапевтическим эффектом, применяемая как с детьми, так и с взрослыми. Игра является основой множества методик, которые объединяет игротерапия.

Игра - это самая первая деятельность в развитии человека. С нее начинается детство. Она создает благотворную среду, в которой все участники способны установить между собой дружеские отношения. Здесь не место страху, тревогам, беспокойству и напряжению. Поэтому психологическая

коррекция использует взрослую игру для различных тренингов, в которых разыгрываются различные ситуации.

Положительные эмоции, которые дает детям и взрослым участие в игре, решает проблемы негативизма, неуверенности в собственных силах, страхов. Игра настолько динамична, что ситуации меняются очень быстро, это заставляет ее участников постоянно приспосабливаться к новым ролям. Роли - особые единицы игры, ее основа. В сюжетах лежат реальные события действительности. А содержание вызвано тем, что именно воспроизводят ее участники. Игровая терапия - это всегда свободное взаимодействие. Психологи могут использовать ее как краткосрочно, так и продолжительное время.

Для проведения игротерапии показателями могут быть такие особенности развития личности, как замкнутость, вредные привычки, инфантилизм, нарушения поведения, неадекватная идентификация у мальчиков и юношей по половому признаку и др. Особую эффективность игровая терапия проявила в работе с детьми, которые подверглись насилию, испытывают трудности после развода родителей, отличаются агрессивным поведением, страдают различными проявлениями страхов, с трудом осваивают школьную программу, отстают в речевом развитии. Применение игровой терапии активно помогает при работе с умственно отсталыми детьми, способствуют излечению от нейродермита, астмы, заикания, болезней желудочно-кишечного тракта.

Работая с детьми и применяя в своей работе различные развивающие, дидактические и подвижные игры, я узнала, какие психологи занимались изучением игротерапии.

Свою историю игротерапия начала с того момента, когда возникли теоретические основы психоанализа. Такие психологи как: Мелани Кляйн, Анна Фрейд, Гуг- Гельмут занимались изучением того, как игра влияет на ребенка. Одной из заслуг М. Кляйн стало создание ею психоаналитической игровой техники, смысл которой заключался в следующем: свои игрушки ребенок использует, прежде всего, для того, что бы символически, в игре, проявить свои переживания, фантазии и страхи. Первоначально М. Кляйн в целях истолкования игры ребенка использовала фрейдовский метод толкования сновидений. Однако впоследствии она, наблюдая за игрой детей, небезуспешно перешла к использованию метода свободных ассоциаций. Гуг-Гельмут создала игровую технику детского психоанализа. А. Фрейд предпочитала использовать метод наблюдения. Мысли и желания ребенка, по мнению А. Фрейда, могут выражаться не в словах, а в действиях во время переживания им различных игровых ситуаций [2, с. 381,251].

Данные психологи посвятили игровой терапии множество работ, подкрепленных серьезными практическими исследованиями. В настоящее время психокоррекция называет игротерапию одним из основных методов, опирающихся на понятие о том, что игра оказывает сильнейшее воздействие на человеческую личность, независимо от возрастных особенностей.

Игра является ведущим видом деятельности дошкольников, это способ переработки полученных из окружающего мира впечатлений, знаний. Уже в

раннем детстве ребенок имеет наибольшую возможность именно в игре, а не в какой-либо другой деятельности, быть самостоятельным, по своему усмотрению общаться со сверстниками, выбирать игрушки и использовать разные предметы, преодолевать те или иные трудности, логически связанные с сюжетом игры, ее правилами. В игре он развивается как личность, у него формируются те стороны психики, от которых впоследствии будет зависеть успешность его социальной практики. Поэтому считается, что важнейшей задачей в педагогической практике является оптимизация и организация в ДО специального пространства для активизации, расширения и обогащения игровой деятельности дошкольников.

Цель игровой технологии - не менять ребенка и не переделывать его, не учить его каким-то специальным поведенческим навыкам, а дать возможность «прожить» в игре волнующие его ситуации при полном внимании и сопереживании взрослого.

Задачами является достижение высокого уровня мотивации, осознанной потребности в усвоении знаний и умений за счёт собственной активности ребёнка, а также подбор средств, активизирующих деятельность детей и повышающих её результативность.

При использовании игровых технологий необходимо организовать педагогический процесс так, чтобы игровые технологии, как игровые моменты проникали во все виды деятельности детей: труд и игра, образовательная деятельность и игра, режимные моменты и игра.

Игровая деятельность в ДО выполняет различные функции развлекательную, коммуникативную, самореализацию в игре, игротерапевтическую, диагностическую, коррекции, социализации.

Главными чертами игры являются свободная развивающая деятельность, творческий, импровизационный, активный характер, эмоциональная сторона деятельности, наличие правил, содержания, логики и временной последовательности развития.

В своей профессиональной деятельности я занимаюсь теоретическим изучением игровых технологий, а также практическим применением при проведении ОУД с детьми дошкольного возраста. Тема самообразования: «Развитие познавательных процессов у детей при помощи дидактических, развивающих и подвижных игр».

Цель: Развивать у детей познавательные процессы: память, внимание, мышление, воображение, восприятие. Раскрывать у детей способности и таланты.

Задачи: Подбирать интересные развивающие методики для развития у детей любознательности и способностей.

В своей работе я применяю дидактические развивающие и подвижные игры, которые помогают детям развивать их способности и кругозор.

Однако игра – это не только удовольствие и радость для ребенка, что само по себе очень важно. С ее помощью можно развивать внимание, память, мышление, воображение у детей. Те качества, которые необходимы для

дальнейшей жизни. Играя, ребенок может приобретать новые знания, умения, навыки, развивать способности, подчас не догадываясь об этом [3, с.3].

Игры, которые я использую в своей работе.

Дидактическая игра «Что из чего сделано» позволяет научить детей различать, какой предмет сделан, из какого материала.

Дети изучают привычные для них предметы и узнают, из какого материала они сделаны. У детей расширяется кругозор, и они приобретают новые знания, играя в эту игру.

Рис. 1 *Игра «Что из чего сделано?»*

Дидактическая игра «Волшебный мешочек» помогает развивать у детей тактильные ощущения и восприятие, а также закрепить умение узнавать на ощупь различные предметы и называть их.

Детям нравится играть в эту игру. Они находят с завязанными глазами игрушки в мешочке. И называют их.

Рис. 2 *Игра «Волшебный мешочек»*

Из подвижных игр я использую такие как «Кегли», «Шарик», которые способствуют сплочению детского коллектива, меткости, ловкости, развитию двигательной активности и закреплению названий цветов.

Ребята весело сбивают кегли, развивая свою ловкость.

Играя с детьми в дидактическую игру «Кому, что надо для работы?» я показываю различные предметы, а ребенок соотносит его с определенной профессией: врача, воспитателя, повара, строителя и т.д. Таким образом, в игровой форме дети закрепляют свои знания о различных профессиях.

Для развития коммуникативных навыков, в своей практике я использую такие игры, как: «Пойми меня», «Назови ассоциацию». Во время этих игр дети учатся понимать друг друга без слов.

Можно проигрывать сценки: в магазине, в больнице, в садике, в парикмахерской.

Я показываю ребятам, что они будут показывать одно действие или сценку. В эту игру дети играют с удовольствием, становятся маленькими актерами. Показывают одно действие или сценку.

Для развития познавательных процессов, например внимания, мы с детьми играем в игры «Моя тень», «Что изменилось?». Дети учатся сконцентрировать внимание и правильно повторять движения. Эти игры развивают внимательность. Дети должны правильно повторять за педагогом все движения и научиться выполнять одинаковые движения.

Рис. 3 *Игра «Моя тень»*

В своей работе я применяю большое количество развивающих и подвижных игр. Дети развиваются играя.

Комплексное использование игровых технологий разной целевой направленности помогает подготовить ребенка к школе. Каждая игровая ситуация общения дошкольника с взрослыми, с другими детьми является для ребенка «школой сотрудничества», в которой он учится и радоваться успеху сверстника, и спокойно переносить свои неудачи; регулировать свое поведение в соответствии с социальными требованиями, одинаково успешно организовывать индивидуальную и групповую формы сотрудничества.

Как показывает опыт, игровые технологии тесно связаны со всеми сторонами воспитательной и образовательной работы детского сада и решением его основных задач. Они направлены на повышение качества педагогического процесса через решение ситуативных проблем, возникающих в ходе его осуществления. Благодаря этому, игровые технологии оказываются одним из механизмов обеспеени качества образования в детском саду.

Литература

1. О.Н. Истратова «Практикум по детской психокоррекции». – Изд.5-е.- Ростов н/Д: Феникс, 2011. – 349

2. 100 великих психологов. – М.: Вечер, 2004. – 432 с.

3. Чего на свете не бывает? Занимательные игры для детей до 6 лет/ Е.Л. Агаева, В.В. Брофман, А.И. Булычева и др. – М.: Просвещение, 1991. – 64 с.

ОТБАСЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАР

Кабенова Жұмагүл Токаевна
«Балапан» балабақшасының тәрбиешісі
Қостанай облысы, Жітіқара қаласы

«Бала тәрбиелеу- болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек».
Н.Назарбаев

«Бала естігенін емес, көргенін көңіліне түйеді» деп, халық даналығында бекер айтылмаған.

Ұлттық білім беру жүйесін модернизациялау саясаты – дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енудің шарттарының бірі. Модернизация оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі ретінде білім беру сапасына қойылатын жаңа талаптарын айқындайды. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін модернизациялау мектепке дейінгі ұйымның іс-әрекетінің сапалық өзгерістеріне, даму тәртібіне көшуге ықпал ететін инновацияны меңгерген жағдайда ғана мүмкін. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін модернизациялау жағдайындағы жұмыс жасап жүрген педагогтар оқу-тәрбие материалының жаңа мазмұнын шығармашыл ойлап түсіну, жан-жақты тәрбиенің аса тиімді жолдарын, формалары мен әдістерін табу қажет. Кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін меңгеру жоғары дамыған кәсіби ойлауға, педагогтың шығармашылық әлеуетін белсендіруге бағытталған. Жобалық әдіс – оқытудың қазіргі кездегі инновациялық әдістердің бірі. Бұл әдісті қолдану балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асырудың бір бағыты болып келеді. Жеке тұлғалық бағдарлы тәсіл –баланың тұлғасын, оны дамытудағы ыңғайлы, қауіпсіз, қолайлы жағдайларын құрып, табиғи әлеуетін жүзеге асыруды қамтамасыз етуін білім беру жүйесінің басты орнына қояды.

Инновациялық бағыттардың бірі: «Отбасылық педагогикалық жобалар»

Жобалық іс-әрекет мектепке дейінгі жастағы балалардың ақыл-ойын тиімді дамытуы үшін балалардың танымдық белсенділік ерекшеліктерін түсіну қажет. Жобалық іс-әрекетте бала қойы міндеттердің орындалуына байланысты түрлі мүмкіндіктерді зерттейді, өзінің анықтаған критерийлері бойынша ұтымды тәсілін таңдайды. Мектепке дейінгі жастағы жобалық іс-әрекеттің өзіндік ерекшелігі баланың түпкі ойының өзі ғана, оның техникалық мүмкіндіктерінен озады. Осыған орай, баланың ойындағысын жүзеге асыруда оған көмек беру маңызды. Басқа балалардың көмегіне сүйену қиын. Жобалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін үлкендерді қатыстыру қажет, алдымен баланың ата-анасын, себебі жалғыз өзі бұл іс-әрекетті орындай алмайды. Тәрбиеші жобаның тақырыбы бойынша балаларға тапсырмалар ұсынады (орман

алаңқайының макетін жасау, өсімдіктердің суреттері салынған альбом, плакат, дала гүлдерінің гербариі және т.б.).

Балалар ата-анасымен бірге өздерінің қалауы бойынша тапсырманы таңдап алады. Тәрбиеші тапсырмаларды берудің алдында оларды мұқият ойластыруы керек. Тапсырмалар тым қиын соқпайтын, «ниетпен және қуанышты» орындалатындай, жеңілдеу болғаны дұрыс. Қажет болған жағдайда тәрбиеші анықтамалық, практикалық материалды ұсынып немесе оны қайдан табуға болатынына нұсқау жасайды.

Жобамен жұмыс жасау педагогтарды жаңа ізденіске, ата-аналарды балаларымен отбасылық ынтымыққа, ал балаларды өз ойын толық дәлелдеп қорғай білетін қөшбасшылыққа тәрбилейді. Балалар өз бетінше ойларын жеткізуге, еркін пікір таластыруға, ақпарат көздерін жинауға үйренді.

Жобаның соңғы кезеңі – қорғау. Ол әрқашан өте қызықты көрініс. Жобаны қорғау үшін қонақтарды, ата-аналарды, балаларды шақыруға болады. Эмоционалдық қызудың жоғары деңгейі дәл осы кезеңге келеді және оны жобаның әлеуметтік маңыздылығымен күшейту қажет. Жоба кімге және не үшін құрылғанын және не себепті қажет екенін түсіндіру керек. Жобаны қорғау формасы қызықты да жарқын, әр баланың, ата-ананың, педагогтың жасаған үлесін айқындап көрсете алатындай ойластыру керек. Баланың ата-анасымен бірлесіп орындаған жұмысы бір-бірін жақсы түсініп, өзара қолдаушы қарым-қатынас орнатуға септігін тигізері сөзсіз.

Жобалардың негізгі мақсаты – отбасын нығайту, балалар мен ата-аналарды қатысушылардың нәтижелі қарым-қатынасы мен серіктестігі негізінде пайда болатын шығармашылық процеске қатыстыру.

Жобалар не үшін керек?

Балаларға: жобалау балалардың белсенділік түрлерінің басқа формаларының дамуымен орны толмайтын танымдық іс-әрекетінің маңызды сферасы болып келеді. Ол мектепке дейінгі жастағы баланың дамуына жағымды әсер ететін қасиеттердің қатарына ие. Ең алдымен баланың болмыс салалары туралы білімдері кеңейтіледі. Ол көбінесе зерттеушілік және шығармашылық жобалардың орындалуымен байланысты. Сонымен қатар, баланың танымдық, коммуникативтік және реттегіш сияқты жалпы қабілеттері дамиды.

Педагогтарға:педагог жұмыстарының нәтижелерін жобалай білу; педогогикалық ықпал етудің жолдарын жоспарлау; тәрбие мен оқытуда кездесетін қиыншылықтардың нәтижелерін болжау; нақты педогогикалық тапсырмаларды бөліп көрсету, оларды шешу шарттарын анықтау; балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін басқару жұмыстарын жоспарлау және тәрбие мен оқыту жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін, құралдарын таңдай білу.

Жобалау педагогтарды мүмкіндіктер кеңістігінде болып, үйреншікті және үлгі бойынша іс-әрекеттерді қолданбауға, күнделікті шығармашылық өсуді талап етеді.

Ата-аналарға:Баланың және ата-ананың болмыс өмірі мағыналы мазмұнымен толысады, оның өзі түрлі альбомдар, қызықты істер мен

дәстүрлермен көрсетіледі. Жобалық іс-әрекеттің қорытындысы – бұл басқа балаларға және ата-аналарға нәтижелерін көрсететін презентация. Жобалардың тақырыптары әр түрлі болуы мүмкін: «Жасыл әлем құшағында», «Ұлттық сәлт-дәстүрлер», «Ғажайып арамшөп», «Аналардың бәрі жақсы», «Қыстайтын құстар», «Сау болайық» және т.б.

Бастапқы кезеңде жобалық іс-әрекет тәрбиешінің бағыттаушы рөлін ескереді, ал кейін ата-аналар бастамасын өз қолына алуы мүмкін.

Осылайша, отбасылық жобалар балалар мен ата-аналардың дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық қуат беріп, отбасындағы жағымды өзгерістермен толады, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығын құруға ықпал етеді. Әрбір дені сау бала туғаннан әр нәрсені зерттеп білуге, ізденуге деген құштарлығы, белсенділігі басым болады. Осындай ішкі ынта ықылас зерттеу жасауға түрткі болып, баланың психикалық және өзіндік дербес дамуына жағдай жасайды. Балалардың өздігінен зерттеу жасай отырып алған білімдері репродуктивті тұрғыда алған білімдеріне қарағанда берік болады. Жобалық іс-әрекет процесінде біздің балалар ойлауға, өз ой түйінін жасай білуге, ақпаратты шығармашылықпен ізденуге, олардың бойында презентациялық, ізденіс танымдық дағдылары мен іскерліктері дамыды. Балалар бір-біріне көмекке келуге, ұжымда жұмыс жасауға үйреніп, оқыту процесі олардың тұлғалық қалыптасуы үшін маңызды екенін түсінеді.

Тәрбиеші ойынға тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы деп қарамай, балаға берілетін танымның білім мен тәрбиенің құнды негізі деп қараса ғана үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, мақсатына жете алады. Ойын арқылы ғана дамыған бала алғаш мектеп есігін ашқанда білімді, қоғамдық тәжірибені тез меңгеріп, мінез-құлқын, ерік-жігерін, қабілетін дамытып, дүниетанымын кеңейтіп, болашаққа қызығушылықпен қарайды.

Қазіргі кездегі оқытудың инновациялық әдістерінің бірі – жобалық іс-әрекет. Мұнда балаларды өз бетінше ойлауға ғана емес, сонымен қатар ақпаратты шығармашылық іздеуді жүзеге асыруға, проблеманы табуға және шешуге, балалардың қызығушылықтарын оятып, оқу процесін тұлғалық маңызды етуге мүмкіндік беріледі. Біздің балабақшада жобалық әдіс үшінші жыл қатарынан жүзеге асырылуда. Қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді де көптеген жобалар туындады. «Өнімді күз», «Жәндіктер», «Сиқырлы ауа», «Жітіқарату-ған елім» «Менің сүйікті үй жануарларым», және т.б. Жобалық іс-әрекет аясында педагогтар мен ата-аналар арасында бұл әдістің мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын дамыту үшін маңыздылығы жөнінде түрлі бағыттағы жұмыс жүргізіледі: әңгіме, іскерлік ойындар, пікірталастар, кеңестер, семинар-практикумдар, балалар жұмыстарының көрмесі, жобалардың презентациялары және ЛЭПБУК жасалған.

Балалардың бұл жас аралық кезеңі тұрақты зейін, бақылағыштық, талдау, синтез, өзін бағалаудың алғашқы қабілеттерімен, бірлескен іс-әрекетке ұмтылысымен ерекшеленеді. Жобада білімнің әр саласы мазмұнын біріктіруге

болады, сонымен қатар, балалардың, ата-аналардың, педагогтардың бірлескен ізденіс-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру үшін кең мүмкіншіліктерін ашады.

Жобалау технологиясын жүзеге асыру біздің балаларға өз бетінше жобалардың тақырыптарын, идеяларын ұсынуға мүмкіндік берді. Олардың қисынды ойлауы, әр құбылысты жан-жақты зерттеу керектігі туралы түсініктері қалыптасты. Жұмыс процесінде балалардың белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасты. Тәрбиешілер әр баланың өзін-өзі тануына ықпал етіп, оның жеке ерекшеліктерін ашып, жеке тұлғасының өзіндік мәдени аймағын құра білді. Балаға деген жақсы қарым-қатынасы, тілектестік, әлемге деген сенім сезімдерін қалыптастыруда. Білім беру модернизациясы әрдайым өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыратын, білімін, дағды-іскерліктерін жаңартып, ізденіске ұмтылатын педагог жүзеге асыратынын есте сақтауымыз керек.Жобалық іс-әрекет процесіндегі жеке тұлғалық бағдарлы тәсіл балалар ұжымын олардың жеке ерекшеліктеріне орай топтарға бөліп, рөлдерге бөлуді қарастырады:

- зерттеуші – ақпаратты жинау кезеңіне жауап береді; өз бетімен және тәрбиешінің, ата-аналарының көмегімен керек ақпараттарды іздейді.
- шығармашыл – жаңа шығармаларды ойлап шығарады, безендіреді;
- көмекші – қарым-қатынастарды келістіруге, жобаның басқа қатысушыларына көмек көрсетеді;
- ұйымдастырушы – жұмысты орындау кезеңдерін бақылайды;
- баяндаушы – басқа қатысушылармен бірге презентацияны дайындайды.

Тәрбиешінің міндеті – жобадағы рөлдерді бөлуге көмектесу, балалардың ұжымдағы қарым-қатынасын үйлестіру. Жобалық іс-әрекетте әр баланы жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың ұжымдағы қарым-қатынасына ықпал ету. Осылайша жобалық іс-әрекеттегі балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың ұжымдағы қарым-қатынасына ықпал етуге мүмкіндік аламыз.

Қорыта айтқанда, жобалық әдіс – баланы өз бетімен мәселелерді табу және шешу, ойлауға ғана емес оқыту процесін тұлғалық маңызды ететін оқыту технологиясы «Танымның» барлық тәсілдерін біріктіретін жобалар әр балаға өзіне ұнайтын таным жолын таңдауға мүмкіндік береді. Әрқайсысы өз бағытында іс-әрекет етіп (біреуі мүсіндейді, оқиды, «кітап жазады», тәжірибе жасайды) барлығы бірге көп мәлімет алады.

«Жеке тұлғалық бағдарлы тәсіл бұрынғы жылдары педагогтың талаптарын орындайтын «жақсы тәрбиеленуші» қалыптасып келген дәстүрлі білім беру жүйесіне альтернатива болады. Жеке тұлғаға бағытталған білім беруде тәрбиеші балаға қажетті білім беру ортасын құру арқылы, топтағы әр баланың білімді өз бетімен алуға, саналы түрде шешім қабылдау, өз таңдауын жасауға мүмкіндік беретін жағдайлардың біртұтас жүйесі арқылы басқарады. Осылайша, балалармен жобалық іс-әрекетте жұмыс жасай отырып, педагог білімді тек трансляциялап қана қоймай, танымдық іс-әрекеттің үйлестірушісі, ұйымдастырушысы, серіктес зерттеуші, сараптаушы, кеңесші ретінде шығып, әр баланың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарына қарай

шығармашылық дамуы үшін жағдай жасап, білім беруді ізгілендіруге қолайлы жағдайларды құрады.

Бұл баяндамада балалардың танымдық белсенділік ерекшеліктерін түсіне отырып, жобалық әдіс арқылы балаларды өз бетімен мәселелерді таба алуға және шеше білуге үйрететін түрлі әдіс-тәсілдер мен жобалар және оларды ата-аналармен бірге жүргізудің жолдары көрсетілген.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Қазақстан-2050(Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы)-Астана, 2012
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2016
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудын үлгілік оқу бағдарламасы, 2016.
5. Мухина В.С. Психолгогия детей дошкольного возраста. –Алматы, 1986.
6. Отбасы және балабақша №3,2016; №5,2016.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІ

Рауаш Жұлдыз Жангелдинқызы
№ 22 «Алтын бесік» балабақшасының тәрбиеші
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы

Балалық шақ – баланы болашақ
өмірге даярлау емес, адам өміріндегі
ең шыншыл, ең әсерлі, ең қайталанбас кез.
В.А.Сухомлинский

Заманауи педагогикалық зерттеулер нәтижесі танымдық процестің өз жүйесін жоғалтуын мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің басты мәселесі ретінде көрсетеді. Мектепке дейінгі бүлдіршіндер арасында мектепке барудан бас тартатын, оқу қызметіне көзқарасы төмен балалар саны көбеюде, балалардың үлгерімі төмендей түсуде. Бұл жағдайды қалай шешуге болады? Жобалау әдісі - өзекті және өте нәтижелі әдіс, өйткені балаға алған білімін сараптауға, талдауға мүмкіндік береді, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, қарым-қатынасын нығайтады, осыған орай баланың мектепке бейімделуі оңай өтеді. Қазіргі таңда біздің алдымызда белсенді, ізденімпаз ұрпақты дайындау міндеті қойылған. Жобалық іс-әрекет баланың нақты өмірімен педагогтерді, ата-аналарды байланыстыра отырып, ұжымда жұмыс жасауға, серіктес болуға, жұмысты алдын ала жоспарлауға үйретеді. Әрбір бала өзін көрсетіп, өзінің қажетті екендігін сезінеді, осыдан өз күшіне сенімділік туады.

Жобалау әдісі – балалардың өз бетімен ізденушілік, танымдық, өнімдік іс-әрекет жасауға негізделген педагогикалық жаңа үрдіс. Бұл әдіс тек қана бүлдіршіндерге емес, педагогтердің өздеріне де қызықты және пайдалы,

өйткені ол белгілі бір тақырыпқа материал жинақтауға, мәселе бойынша өз білімдерін сараптауға, ата- аналармен қарым- қатынасты жаңа деңгейге жеткізуге, тәжірибелік жұмыстарда балалардың нақты серіктесі боп сезінуге, таным процесін қызықты және барынша есте қаларлық етуге жағдай жасайды.

Жобалау әдісі балабақшаның білім беру саласына бірбеткей және кедергісіз енеді. Осыған орай, мен өз тәжірибемде бұл әдісті белсенді қолдана бастадым және бұл бағыттағы жұмыс тәжірибеммен бөліспекпін. Заманауи әдістемелік нұсқаулықтарда жылына қанша жоба жүргізуге болатындығы туралы нақты ұсыныстар жоқ. Менің ойымша, жылына төрт жобадан төмен болмауы тиіс.

Зертеудің мақсаты: Жобалау іс әрекеті әрдайым, бір әрекетпен шешіле қоймайтын белгілі бірмәселені шешуге негізделген, сондықтан балаға дәстүрден тыс, оған эмоционалдық-рухани жағынан әсер ету, аталған жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

Зерттеу объектісі: Мектепке дейінгі балаларға жобалау әдісін қолдануда олардың білімдерін дамыту.

Зертеудің ғылыми болжамы: Балабақшада жобалау іс-әрекеті мақсатты, жүйелі түрде ұйымдастырылса, келесідей міндеттер жүзеге асады:

- шығармашылық бастау, қиялы даму, жаңалық ашу;
- терең ойлау және өз бетімен сайлай білу;
- мәселелерді қойып, оларды шешу;
- қоршаған ортаның, елінің, қоғамның, өз қаласының, жақындарының мәселелеріне бейжай қарамау.

Жобалау іс-әрекетін жоспарлау «Жоба не үшін қажет?», «Не үшін ол жүзеге асырылмақ?», «Жобаның өнімі қандай болмақ?», «Жоба қандай түрде жүзеге асырылады?» деген сұрақтардан басталады. Жобамен жұмыс жасау бірнеше кезеңнен тұрады. Әрбір кезеңде педагог пен баланың қарым-қатынасы жеке тұлғалардың қатынасы ретінде жүзеге асырылады.

Жоба барысы:

Бірінші кезең – «Тақырыпты таңдау». Педагогтың міндеті – балалармен бірге терең зерттеуге тақырыпты таңдау, танымдық іс-әрекеттің жоспарын құру.

Екінші кезең – «Дайындау» кезеңі. Тәрбиешінің міндеті – топта балалардың қиялын орындауға жағдай жасау. Жобаны жүзеге асыру әр түрлі іс – әрекет түрлері арқылы жүзеге асады. Жобалау әдісін қолдану тиімділігі бұл жағдайда, үшінші кезеңде баланың психикалық функциялардың, сонымен қатар баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл кезеңде мәселені талқылауда туындап, педагог мәселені жеткізуін, салыстыруын, тәжірибелерді ұйымдстыруына көмектеседі.

Үшінші кезең – «Жүзеге» асыру кезеңі. Балалар үшін ең бағалы, материалдық өнім қойылады. Тәрбиешінің мақсаты – балаларға өз жұмысы туралы әңгімелеп беруге жағдай жасау. Өз жетістіктерінен мақтаныш сезіміне бөлеу, нәтижеге жетуі туралы ойлану.

Төртінші кезең – «Нәтижелік» кезең (қорытынды). Жобалау іс-әрекеті барысында баланың белсенділігінің артып, баламен педагогтің қатынасы өзгеруі мүмкін. Педагогтің оқытушы-ұйымдастырушылық орны кезең бойынша ізденушілік пен өзіндік жұмыстардың дамуына байланысты жобалау іс-әрекетінің аяғында бағыттаушы және түзетуші болып өзгереді.

Жобалау іс-әрекеті қысқа мерзімді 1 күн, 1 апта немесе ұзақ мерзімді 1 ай, бірнеше ай, 1, 2, 3 жыл бола алады.

Балабақшамыз жобалау әдісі арқылы бірнеше бағытта жұмыс жасайды. Соның ішінде «Шағын мұражай» жобасы, «Экологиялық баспалдақ» жобасы, «Әдеби калейдоскоп» жобаларын айта кетейін.

«Әдеби калейдоскоп» жобасы

Мектепке дейінгі балалық шақ – зерек, кітапқұмар, өмірді және бұл өмірде өзін тани алатын, рухани сезімдерін қалыптастыра отырып, бағалай білетін оқырманды, оның көркем сөзге қызығушылығын арттыратын кез. Әрбір бала әріп танып, оқи алмаса да оқырман боп саналады.

Жобаның өзектілігі:

Қазіргі заманғы ата-аналар жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығына көп көңіл бөлмейді, себебі олардың туындыларын XXI ғасырдың балаларына қызықты емес деп есептейді. Бұл жоба жергілікті ақын-сазгер Көмек Ыбырайұлының шығармаларының өзекті және заманауи, олардың қызықты, тілге қонымды екендігіне дәлел бола алады.

Жобаның мақсаты:

Ересек топ балаларын Маңғыстаулық ақын-сазгер Көмек Ыбырайұлының шығармашылығымен таныстыру.

Жоба міндеттері:

- Балаларды Көмек Ыбырайұлының өмірбаянымен таныстыру;
- Көмек Ыбырайұлының негізгі шығармаларымен таныстыру, шығармаларды эмоционалдық-образдық қабылдауын қалыптастыру;
- Көркем сөзден ләззат алу, ертегілер, пьессалар, өлеңдер мен әңгімелердің астарлы мағынасын ұғыну;
- Балаларда шығармалардың кейіпкелеріне қиналып, уайымдай білуін тәрбиелеу. Балалардың мейірімділігін, туған өлке табиғатының сұлулығын байқауды тәрбиелеу. Рухани-патриоттық тәрбие бойынша жұмысты жалғастыру;
- Балалардың танымын және ақыл-ойын, тілін дамыту;
- Ата-аналарды отбасылық кітап оқуға қызықтыру.

Бұл жобаның нәтижесінде: К.Ыбырайұлының өмірбаянымен, шығармашылығымен танысты. Ауызша сөйлеу компоненттерін дамыды: «Ойынпаз», «Футболшы», «Жүзгіш баланың әні» өлеңдерін жаттады; «Төрт түліктің айтысы», «Әжемнің ертегісі», «Құрбақа қалай тасбақаға айналды», «Сазайын тартқан түлкі», «Аңғал аю», «Ерлік жасамақшы болған көжек» ертегілерін оқу, сахналау; тілдік грамматикалық құрылымын қалыптастырылды, қағаздан шағала, аю, күшік, қоян құрастырды; қағаз майлықтардан түйе, тасбақа, жылан кесіртке жасады;

Бейнелеу және эстетикасы дамыды: «Ерлік жасамақшы болған көжек» ертегісі бойынша суретін салды; «Тасбақа», «Жылан», «Түйе» өлеңдері бойынша жапсырды; «Шөл дала жануарлар мен жәндіктері» тақырыбында ұжымдық мүсіндеді; «Анашым», «Туған жер», «Қош келдің, Наурыз!», «Балабақшам – өз үйім» әндерін жаттады;

Еңбек іс әрекеті: кітап бұрышында ұйымдастырылған оқу қызметі, педагог пен балалардың бірлескен жұмысы, К.Ыбырайұлының тақырыптық кітаптарын дайындады.

«Экологиялық баспалдақ» жобасы

Мақсаты: Ұлттық мәдениет элементері арқылы балалардың өлкеміздің бақша өсімдіктері туралы білімдерін тереңдету және жүйелеу.

Міндеттері:

- Қазақ халқының мәдениет тарихын қатыстыру арқылы балалардың танымдық әрекеттерін белсендіру;
- «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын белсендіру, тіл белсенділігін дамыту, балалардың комуникативтік қабілеттерін, сөздік қорын молайту;
- Балаларды шығармашылыққа қызықтыру;
- Көкөністер ұғымын бекіту, олардың сипаттау, өсу орны, дәмдік қасиеттерін білу;
- Көкіністердің пайдасы туралы білімдерін шыңдау;
- Тәжірибелеу қызығушылығын дамыту;
- Еңбекқорлыққа баулу.

Бұл жобаның нәтижесінде: Балалар **к**өкөністерді атауға және ажыратуға, оларды топтастыруға, белгілері арқылы табуға, қысқа әңгімелер құрауға үйренді, көкөністер лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қоры молайды, сахналаулауды, рөлдерге бөліп ойнай білуді, табиғатты аялауға, қамқор болуға, көкөністердің өсуі мен дамуына жағдай жасауға үйренді, халық ауыз әдебиетімен терең танысты.

Балалармен бірге:

1. Топта терезе алдында «Бақша» өсірілді;
2. «Бақша» дидактикалық ойынын жетік меңгерді;
3. «Кішкентай пияз» тыныс алуды дамыту нұсқаулығы жасалынды;
4. Ата-аналарға көкөністердің пайдасы туралы альбомы жасақталды;
5. Балалар шығармашылығы көрмесі ұйымдастырылды;
6. «Біздің қайырымдылық істеріміз» баспа бетіне жарияланды;
7. Қолөнер көрмесін ұйымдастырылды.

«Балабақшадағы шағын мұражай» жобасы.

Мұражайлар экспозицияларының тақырыптары әр алуан және ерекше болып келеді. Мұражайдың мәдени білім беру қызметі бағыттарының бірі ақпараттандыру, білім беру, шығармашылық бастауларды дамыту, тілдесу және тыныңу. Мұндай тұжырымдар уақытша, өйткені олар бір-бірін бірде алмастырып, бірде толықтырып отырады.

Шағын мұражай арқылы білім берудің мақсаты: Мұражайлық педагогика бағытын жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Мектепке дейінгі мекемелердің дамытушы ортасын толықтыру;
- Тәрбие- оқыту бөлімін жаңа түрлермен толтыру;
- Тәрбиеленушілерде мұражайлық тұрғыда ұғымды бекіту;
- Танымдық қабілеттері мен танымдық қызметін дамыту;
- Жобалау- сараптау қабілеттерін қалыптастыру;
- Өз білімдерін талдауға үйрету;
- Шығармашылық және логикалық ой мен түйсікті, қиялды дамыту;
- Белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру.

Біздің балабақшада «Қайнар» шағын мұражайы құрылған. Әрине балабақша жағдайында мұражайдағылардай үлкен экспозициялар құру мүмкін емес, сондықтан олар шағын мұражай болып саналады. Шағын мұражай балалардың жас шамасына, білім алу бағдарламасына сәйкес жасалған.

Мұндай дамытушы ортаның басты жемісінің бірі балалар мен ата-аналардың қатысуы. Үлкен мұражайда экспонаттарды ұстауға болмайды, ал шағын мұражайда ұстау қажет. Шағын мұражайға күнде барып тұруға болады, экспонаттардың орнын ауыстырып, жан-жақты қарап шығуға болады. Үлкен мұражайда бала бақылаушы, шағын мұражайда автор, тіпті экспозицияны құрушы бола алады.

Дайындау кезеңі – «Шағын мұражайды жасақтау». Мұнда, біз педагогтардың шығармашылық тобын құрып, шағын мұражайды дайындадық. Оның ішінде: мұражайлық экспозициялармен шағын мұражайды тақырыптық жоспарлауға кірістік. Шағын мұражай бөліктерін атау, шағын мұражай орнын белгілеу, экспозицияларды жоспарлау, шағын мұражай дизайнын ойластыру, экспонаттарды сараптау шағын мұражайдың төл құжатын рәсімдеу, шағын мұражай экспозициялары түрлерімен жұмыс жасау.

Жүзеге асыру кезеңінде: Біздің шағын мұражайымыз «Қайнар», «Ұлы даламның кішкентай бөлшегі» және «Сурет галереясы» атты үш бөліктен тұрады. Бұл бөліктермен әр түрлі жас шамасындағы балалар оқу қызметі барысында танысады. Шағын мұражайды экспозициялармен толтыру бірізділікпен өтеді.

Өткізілген жұмыстардың нәтижесінде:

1. Балаларда қазақ халқының мәдениетін білуге, жергілікті мәдениетке, балалар әдебиетіне, қоршаған ортаға қызығушылығы оянды;
2. Тарихи білімдердің ең кіші бөлшегін алды;
3. Танымдық тәрбие беру бойынша көрсеткіштері жоғарылады;
4. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білді;
5. Ұлттық ойындарға қызуғышылықтары артты;
6. Шағын мұражайда көрген экспонаттарды қағаз бетіне бейнеледі және мүсіндеді;
7. Қолдан жасалған бұйымдар арқылы көрме ұйымдастырды.

Бұл жобалау әдісі ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы мен тәрбиешінің бірлескен жұмысын қамтиды. Ата-аналармен өткізілген көптеген жұмыс («Маңғыстау – маңғаз мекенім» сурет көрмесі, «Туған өлкем-Маңғыстау» қолөнер бұйымдары көрмесі, «Дымково ойыншықтары» көрмесі, «Ерлігің естен кетпес» сурет көрмесі және т.б.)нәтижесінде әзірленген бұйымдар балабақшамыздың шағын мұражайын толықтырды.

Тәжірибелік-зерттеу нәтижелері қосымшадан ұсынылды.

Қорыта келе айтарым, жобалау нәтижесі әрине бізді қуантады, бірақ әлі жоба әрекеттерін жетілдіру керек. Ата-аналармен бірігіп, жеке жұмыстар, яғни балалар мен ата-аналар және балалардың іс-жобасын талдап, тәжірибе жүзінде қолдануды ойға алдым. Жұмыс нәтижесі балалардың жеке тұлға ретінде ақылды, мейірімді, талантты болып қалыптасуын қамтамасыз етеді. Жоба нәтижесінде мектепке дейінгі балалардан алдарына мақсат қоя білетін, оған жету үшін білім жинақтау, кедергілерден өтуге жол іздейтін талантты тұлға қалыптасады. Талдау және нәтиже бағасын салыстыру арқылы жобаны алдағы уақытта одан әрі жетілдіру керектігін түсінеміз.

Әдебиеттер

1.И.Малошова «Здравствуй музей»,№11 Дошкольное воспитание 2009жыл, 24-29 бет;

2.Н.Рыпсова, Л.Логинова «Мини – музей в детском саду» Москва, Линко-Пресс, 2008жыл;

3.Т. Чумалова «Музейная педагогика для дошкольников» №10 Дошкольное воспитание 2007жыл, 44-50 бет;

4.Н.Е.Веракса, А.Н.Веракса «Проектная деятельность дошкольников» Москва, 2010 жыл;

5.Л.С.Киселева, Т.А.Данилина «Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения», Москва, 2006жыл;

6.№8 «Отбасыжәнебалабақша» журналы, 2015жыл;

7.№3,2 «Ребенок в детском саду» журналы, 2008жыл.

САНА МЕН ДЕНЕ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

(Мүмкіндігі шектеулі балаларға пилатес арқылы ағзасының дамуы мен физикалық дұрыс қалыптасуына көмектесу)

А.А.Сактаганова
№17 «Шұғыла» балабақшасының
дене шынықтыру нұсқаушысы
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауында: «**Дені сау ұлт - жалпы ұлттық міндет.** Салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау жұмысын жандандыру керек», - деп атап айтқан еді. Сонымен қоса, балалық шақтан бастап денешынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы

мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қою керектігін баса назар аударды. Міне, осы жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында дені сау, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын тәні сау ұрпақ тәрбиелеу мақсатында біздің № 17 «Шұғыла» мектепке дейінгі ұйымында заманауи денсаулық сақтау технологиялары жарық көрді. Қазіргі таңда «Денсаулық» саласы «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінде кеңінен қолданылуда. Атап айтқанда: степ аэробика, скип аэробика, фитболмен пилатес.

Мақсаты:

1.өз денсаулығына саналы көзқараспен қарауға тәрбиелеу;

2.баланың бойында қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиеттерін қалыптастыру;

3.денсаулық адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру.

Аталған технологияларды қолданар алдында біз олардың балаларға тиімділігін ескере отырып, бағдарламалар құрдық: «Фитболмен пилатес», «Стретчиг- фитнес для мозга», «Қозғалыс – денсаулық кілті».

«Фитболмен пилатес» бағдарламасы вариативтік бөлімге енгізілді, бағдарлама жүктемесі: ортаңғы және ересек топтарына арналған. Ортаңғы топтарда аптасына 2 рет - 72 сағ, ал ересек топтарда - 36 сағ.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өміріндегі пилатестің алатын орны ерекше. Пилатестің ерекшелігі - адам жасына шек қоймайды. Пилатеспен үлкен де, кіші де, егде жастағы адамдар да айналыса алады. Сонымен қатар, пилатеспен айналысуға ешнәрсе кедергі жасамайды. Жарақат алу, сіңірлердің тартылуы сияқты жағдайлардың мүлдем болмауы да мүмкін. Себебі қимылдардың барлық түрі асықпай, баяу және толқынды түрде жасалады.

Сондықтан пилатес жүйесі балаларға қолайлы. Пилатес жүйесі көп жағдайда арқаның бұлшық еттерін қатайту, иық және омыртқа сүйектерін жақсартуда мол пайдасы бар, бұл спорт түріне жас кезінен бастап көп көңіл бөлу керек. Қазіргі таңда екінің бірінде омыртқа ақаулығы кездеседі. Бірақ пилатеспен айналысқан адам, мұндай мәселеге тез шешім таба алады. Пилатестің астарында «дене болмысына бақылау жасау» деген мағына жатыр. **Пилатес балаларды дұрыс тыныс алуға**, ағзасындағы қан айналымының жақсаруына, бір сөзбен айтқанда ағзаның жағдайын толығымен жақсартуына көмектеседі. Пилатес балаларды тек физикалық емес, сонымен қатар психикалық жағдайын қадағалауға тәрбиелейді.

Пилатес - тек сәнді сөз емес, сонымен қатар фитнеске деген сәнді бағыт. «Пилатес дегеніміз не?» деген сұраққа қысқаша былай жауап беруге болады: пилатес жаттығулары - біріншіден; ұқыпты және нәзік түрде арқаға, омыртқаға арналған жаттығулар кешені, дене болмысын сұлуландыратын гимнастика.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде степ-аэробика, гимнастикалық доптармен жасалынатын жаттығулар, фитболмен пилатес жаттығуларын кеңінен пайдаланамыз.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізгі бөліміндегі міндеттерді шешу үшін арнайы дайындалған әртүрлі негізге бағытталған фитнестің кешенді

жаттығуларын қолданамыз(көп күшті қажет ететін аэробиканың би түрі, скип-аэробика, степ-аэробика т.б.).

Олардың бәрі шапшаңдыққа, секіргіштікке күшті болуға басқа да қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамытуға арналған. [2].

Сонымен қатар, заманауи технологиялар түрлі сауықтыру шараларында да кеңінен пайдалынылады, мысалы скип-аэробика. Фитнестің бұл бөлігінде балалар шапшаң, күшті болып қана қоймай, басқа да қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамытады және би қимылдарын үйреніп, әуенді тыңдап, әуенмен бірқалыпты қимылдайды (сурет 1,2).

Аэробикамен айналысу балаларға көп қуаныш әкеліп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды [3].

Біз балаларға арнайы жеке - стептер дайындадық. Степ - бұл отырғыш тәрізді спорттық құрал, биіктігі 8 см, ені - 25 см, ұзындығы - 40 см. Степ-аэробикада міндетті түрде балаларға жақсы көңіл-күй сыйлайтындай ритмикалық музыканы пайдаланған жөн. Степ-аэробикамен түрлі нұсқада айналысуға болады:

- толық сауықтыру шарасы ретінде (мектеп жасына дейінгі балалармен 25-35 мин.);
- ұйымдастырылған оқу қызметінде (ұзақтығы 10-15 мин.);
- ертеңгілік жаттығу ретінде;

Степ-аэробиканың бір кешені толық ұйымдастырылған оқу қызметі ретінде балалармен үш ай бойы жүргізіледі, кейбір жаттығулар балалардың меңгеруіне қарай жұмыс барысында өзгеріп, күрделінуі мүмкін (сурет 3,4,5).

Жоғарыда аталған заманауи денсаулық сақтау технологиялары арқылы біз мынадай жетістіктерге қол жеткіздік:

1. табиғи өсуді қолдауға жол ашты;
2. өз қозғалысын бақылауды, тепе-теңдікті сақтауды үйретті;
3. барлық бұлшық еттердің қатаюын қадағалады;
4. күш, иілгіштік қасиеттерін арттырды;
5. дұрыс тыныс алуға үйретті;
6. зейінді тұрақтандыруға дағдыландырды;
7. өзінесенімділік қасиетін ояту;
8. балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуына көмек берді.

Әдебиеттер:

1. Клубкова Е.Ю. Фитбол гимнастика в оздоровлении организма.- 2013г.

2. Шихи К. Фитнес-терапия: Исчерпывающее руководство для тех, кто хочет сохранить силу и здоровье своего тела и преодолеть болезни. Пер. с англ. Гришин А. В. – М.: Тера-спорт, 2001. -216 с.

3. Авербух М. Двигайся и живи больше; уникальная фитнес-программа для продления молодости / Пер. с англ. Т. Новиковой – М.: Фаир- Пресс, 2004. - 272 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Г.Н. Оспанова, С.К. Аскатова
«№5 «Бала әлемі» ясли бақшасы
ШҚО, Семей қаласы

Біздің елімізде бала тәрбиесіне туғаннан бастап көңіл бөлу өзекті мәселенің бірі. Бұл – біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүрлі үрдіс. Бала дүние есігін ашқан күннен бастап сол қоғамның белді бір мүшесі ретінде дамып қалыптасуы керек. Туғаннан бастап дұрыс тәрбие мен білім алған бала өз елінің қалаулы азаматы болып өсетіні сөзсіз.

Заман бір орында тұрмайды, үнемі даму үстінде. Білім беру саласындағы елімізде болып жатқан өзгерістер мен жаңашыл бағыттар қазіргі таңда тек қана мектептерді қамтып қоймай, балабақшадан бастау алып отыр. Сондықтан да қазіргі біздің міндетіміз – балаларды қоғамдағы өзгерістерге төтеп бере алатын, тәрбиелі де білімді ұрпақты тәрбиелеу.

Елбасымыз биылғы Жолдауында: «Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет. Қазіргі кезде көптеген елдер осындай міндетті орындауға ұмтылуда. Өсімнің жаңа моделіне көшу тәсілі әр жерде әр түрлі екеніне сенімдімін. Біз өзіміздің мықты тұстарын пайдаланып, Тәуелсіздігіміздің 25 жылында бірге қалыптастырған әлеуетімізді жоғалтып алмауымыз керек қой. Бұл жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ.

Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Осыған орай, Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын», – деді.

Елбасымыз атап айтқандай, цифрлық технологияны қолдануды жүзеге асыру үшін өсіп келе жатқан жас ұрпақ жаңа ақпараттық-коммуникациялық техникаларды еркін қолдана білуі қажет. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты енгізуінде. Педагог пен баланың өзара әрекет етуі жүзеге асырылатын оқытудың интерактивті әдістерін қолдану барынша маңызды бола бастады [2-3].

Қазіргі таңда балабақшада қолданылып жатқан жаңашыл бағыттағы инновациялық технологиялардың маңызы зор. Нақты тоқтала кетер болсақ,

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оның ішінде интерактивті әдістер, флипчарт сабақтарының тиімділігіне тоқталып кетейік. Ақпараттық-коммуникациялық технология тәрбие мен білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоя отырып, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа жаңаша білім беруге жетелейді. Сондай-ақ балаға білім берудегі дәстүрлі әдістемелердің орынын алмастыра отырып, жан-жақты ауқымды білім беруге мүмкіндік береді[2-12]. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны білім беру жүйесінде қолдану үшін қажетті құралдар болуы қажет олар: (компьютер, аудио, кино, видео т.б).

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімділігі:

- техникалық құралдар арқылы білім беруді заманауи етуге болады;
- бала техникалық құралдар көмегімен әлемді жақын тани алады, баланың ой - өрісін дамытуда жаңаша білім алуды көздейді;
- бала мен педагог арасындағы қарым-қатынасты жақындата түседі;
- педагог қарастыратын тақырыпты бейнелік тұрғыда эмоционалды бояуы қанық материалдар көмегімен қолдана алады, бала да педагог та уақытты үнемдейді, білім беру әрекетінің құрлымын толықтырады, мазмұнын байытады;
- АКТ қолдану арқылы ата-аналардың отбасы жағдайында балаларға арналған компьютерлік ойындарды дұрыс таңдауға бағыттайды;
- АКТ қолдану балабақшада педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмыстарды жүргізуге өз көмегін тигізеді.

Аталған технология көмегімен жоспарлау, бақылау, мониторинг жасауға болады. Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру.

Презентациямектепке дейінгі балаларға түсінікті ақпараттық бейнелі түрін береді және балалардың образды ойлау жүйесін қалыптастырады. Мультимедиалық презентациялар арқылы жарқын жүйе ретінде дамытушы және үйренуші материалды беруге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қабылдаудың әртүрлі жақтары іске қосылады, ақпаратты суретті бейне арқылы бала ойында сақталуына жағдай жасайды. Компьютер күнделікті өмірде көре бермейтін кейбір өмірлік жағдаяттарды модельдеуге мүмкіндік береді. Мультимедиалық презентациалар арқылы тапсырманы түсіндіру мен бекітудің әдеттен тыс жаңа тәсілдерін қолдану, балалардың туындыны елес назарын жоғарлатып, ой өрісін жан-жақты дамытуға көмектеседі. Балалардың мультимедиалық презентацияларды игеруі сөздік қоры байытып, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамытады.

Интерактивті оқыту үйретуші, жүргізуші, мұғалім, тренер, жетекші арасындағы белсенді қарым-қатынасқа негізделген. Интерактивті оқыту – субьекті мен обьектіні оқытудың қайтарымды байланысы бар жақсы ұйымдастырылған, арасындағы ақпараттық екі жақты ауыстырылымы бар оқытудың түрі.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

• компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;

• Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыстану;

•Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу);

•ActivInspire бағдарламасында флипчарт-сабақтар құру[2-22].

Флипчарт – бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс үстелі. Бұл көптеген беттері бар кітапты еске түсіретін дәстүрлі қағаз флипчартының экранды түрі, бір мезгілде бірнеше флипчарт ашуға болады. Флипчарт бетінде бейнелеу фонын қосуға, фильмдер мен ойындарды көрсетуге болады.

Педагогтың көңіл аударатын мәселелер:

1.СанПиН талаптарына сүйеніп, білім беру барысында компьютермен жұмыс жасауда 5 жастағы балалармен 10 минут, 6-7 жастағы балалармен 15 минут 2-3 метр арақашықтықтық сақтау және күні бойына 1 рет, аптасына 3 рет қолдану талап етіледі.

2.Мультимедиялық жұмыстарды (презентациялар) әзірлеуде арнайы психолог мамандар кеңесіне жүгіну керек. Балалардың қабылдауына және танымдық үрдістерін дамытуға көмектесетін тапсырма санына көңіл бөлу қажет.

3.Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің соңында көзге арналған жаттығуларды жасауға көңіл бөлу керек.

4.Бала жасына сай емес, баланың қабылдауына ауыр слайдттар мен суреттер, анимацияларды қолданбау.

Жоғарыда айтып кеткендей, кейінгі ақпараттарға сүйенер болсақ, ақпараттық-коммуникациялық технологияны балабақшада қолдану мәселесі қазіргі таңда еліміздің барлық балабақшаларында кеңінен қолға алынған. Солардың бірі біздің балабақшамыз деп айтуға толық негіз бар(фото№1). Қазіргі таңда педагогикалық ұжым «Мектепке дейінгі мекемеде сапалы тәрбие мен білім беруді жүзеге асыруда инновациялық әдістемелер мен технологияларды қолдану» тақырыбында зерттеу жұмысын қолға алған. Бұндағы мақсат: мектепке дейінгі балалардың жеке тұлғалық, эмоционалдық, әлеуметтік және зияткерлік дамуы үшін қолданылатын инновациялық әдістемелер мен технологияларды жүйелеу, іс тәжірибеге енгізу арқылы сапалы тәрбие мен білімді қамтамасыз ету. Тақырыпты таңдаудағы басты себептер:

• инновациялық әдістемелерді тиімді қолдана отырып мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, эмоционалдық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын жүзеге асыру;

• мектепке дейінгі кезенде сапалы тәрбиелеу мен білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында инновациялық әдістемелерді дербес таңдап, педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Педагогикалық ұжым аталған тақырып бойынша қол жеткізген жетістігін Республикалық, облыстық, қалалық деңгейде еркін қолданып жүр. Педагогтар іс-тәжірибелері «Отбасы және балабақша», «Бала мен балабақша», «Педагогика жаршысы» Республикалық ғылыми – әдістемелік журналдарында жарияланды. Былтырғы оқу жылында Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы «Шығыс» өңірлік орталығының ұйымдастыруымен өткен

«Инновациялық технологиялар арқылы мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қабілетінің дамуы – тәрбиеленушілердің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың бір факторы» тақырыбындағы облыстық мектепке дейінгі мекеме меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған семинар жұмысында 29 педагог өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Семинар жұмысы барысында педагогтар ақпараттық-коммуникациялық құралдар көмегімен балаларға арналған көрнекіліктерді талапқа сай көрсете білді. Сондай-ақ берілген тақырыптар аудио, видео құралдар көмегімен балалардың назарына ұсынылды (фото №2). Интерактивтік тақтаны балалар еркін қолданып, берілген тапсырмаларды орындай білді.

Бүгінгі таңда шығармашылық топ тәрбиешілері мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуын жүзеге асыруда қазіргі заман талабына сай ұсынылып жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімді тұстарын қарастырып біртіндеп іс тәжірибеге енгізудің жолдарын қарастырып қана қоймай, әдістемелік құрал әзірлеп шығарды. Аталған құрал ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арналған «Таным» білім саласына қатысты қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметіне

қосымша ретінде ұсынылған «Бауырсаққа арналған қызықты математика» ойын-сабақтар жинағы. Ойын-сабақтағы жинақталған тапсырмалар, ойындар, жаттығулар негізінен балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын бекітуге, тиянақтауға арналған. Жинақтың мазмұны балалардың өздеріне таныс ертегі кейіпкері бауырсақтың бастан кешкен оқиғалары желісінде өрбиді. Тапсырмалар ақпараттық-коммуникациялық құралдар көмегімен жүзеге асады. Қазіргі таңда аталған ойын-сабақтар ортаңғы топтағы вариативтік компонент сағаттарында кеңінен қолданылуда. Аталған әдістемелік құрал рецензияға ие. Ойын-сабақтардың тиімділігі мен кейбір тапсырмаларын шығармашылық топ тәрбиешілері республикалық, облыстық деңгейде насихаттап жүр.

Қорыта айтқанда, жаңа педагогикалық технологиялардың қай-қайсысын алып қарастырсақ та оқытуды ізгілендіру мен демократияландыруға, балалардың өздігінен бағыт-бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз. Ақпараттандыруға үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкілхалықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына жас ұрпақтың қабілеті жететініне сенім мол. Осындай өзгермелі заманға сай ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог та заманға сайбілімді, кәсіби шеберлігі жоғары, талғамы биік болу қажет. Бала бойына балабақша қабырғасынан бастап сіңірген тәрбие мен білім, келешекте өз жемісін берері анық. Балаға дұрыс әрі нақты берілген білім оның келешегіне өмірлік азық бола алады.

ЛЭПБУК – КАК УНИВЕРСАЛЬНОЕ ДИДАКТИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ В РАБОТЕ С ДОШКОЛЬНИКАМИ

Зейнуллина Г.Е.,
воспитатель мини-центра «Арман»
КГУ «Соколовская СШ»
Кызылжарский район, СКО

Создание национальной системы дошкольного образования, ориентированного на полноценное развитие личности каждого ребенка, выдвигает постоянно повышающиеся требования к образовательному процессу. Пересматриваются прежние ценности и приоритеты, цели и педагогические средства. Тем самым выполняется ориентир, поставленный в Послании Президента – лидера Нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана: «…в ходе модернизации системы образования необходимо внедрять в процесс обучения современные методики и технологии». [1]

В условиях модернизации образования педагогу необходимо искать новые методы и технологии обучения, которые помогали бы ему обучать и воспитывать личность, которая нужна новому современному обществу — личность, которая может нестандартно мыслить, предлагать и реализовывать различные идеи. [2]

Сейчас перед воспитателем стоит задача научить дошкольников ориентироваться в потоке информаций, поступающих к ним отовсюду. Детям важно не только правильно усваивать и структурировать информацию, но и уметь целенаправленно искать её. Для реализации этих задач необходимо использовать инновационные технологии обучения. Одним из наиболее ярких, развивающих, интересных, значимых методов, как для взрослых, так и для детей дошкольного возраста является универсальное дидактическое пособие *лэпбук*.

У нас в стране лэпбук считается методом новым и, пока еще, не получил широкого распространения. Однако стоит знать, что лэпбук – это самый популярный метод домашнего обучения, используемый родителями по всему миру.

Так что же стоит за модным словом лэпбук? Термин Lapbook впервые был придуман Тэмми Дюби, писателем из Вирджинии, США. Такое название дано, потому что весь проект может быть вписан в книгу, которая помещается на коленях ребенка. Если переводить дословно, то лэпбук (lap – колени, book – книга) – это книжка на коленях. Часто можно встретить и другие названия: тематическая папка, интерактивная папка, папка проектов. Но суть сводится к тому, что лэпбук – это самодельная интерактивная папка с кармашками, мини-книжками, окошками, подвижными деталями, вставками, которые ребенок может доставать, перекладывать, складывать по своему усмотрению. В ней собирается материал по какой-то определенной теме.

Лэпбук - это не только мощный справочный инструмент и особая форма организации учебного материала, это, прежде всего, основа партнерской

проектной деятельности взрослого с детьми (педагога с детьми, родителя с ребенком). Основа лэпбука создается педагогом и дополняется, совершенствуется вместе с детьми и их родителями. В результате такой работы получается отлично проработанный исследовательский проект.

Значение лэпбука в работе воспитателя с детьми:

1. Лэпбук помогает организовать информацию по изучаемой теме и лучше систематизировать материал, сделать его понятным и доступным каждому ребенку (особенно если ребенок «визуал»). Взрослым «визуалам» такая форма обучения тоже понравится.
2. Лэпбуки помогают быстро и эффективно закрепить изученное в занимательно-игровой форме. В любое удобное время ребенок просто открывает лэпбук и с радостью рассматривает книжку, погружаясь в материал. За счет наглядной привлекательности лэпбука обучение происходит непроизвольно.
3. Подключая ребенка к созданию лэпбука, мы помогаем ребенку сделать первые шаги к формированию навыка самостоятельно собирать и организовывать информацию.
4. Лэпбук способствует оформлению результатов совместной проектной деятельности
5. Опыт показывает, что лэпбук хорошо подойдет для организованной учебной деятельности:

- в группах, где одновременно обучаются дети разных возрастов. В папке могут содержаться задания разного уровня, поэтому любой ребенок найдет себе занятия по силам (например, для малышей – кармашки с карточками или фигурками животных, а старшим детям – задания, подразумевающие умение писать и т. д.)
- в группах одной возрастной категории. Эти тематические пособия разрабатываются специально под конкретного ребенка с его уровнем знаний.

Распространены также и «коллективные» тематические папки – лэпбуки в детских садах и школах, изготавливаемые воспитателями и учителями.

В работе педагога лэпбук используетсся с любого возраста. Для младшего возраста - это обобщенные темы, например, «Зима», «Домашние животные», для возраста старшего - это более конкретные темы «Календарь», «Дикий зверь» и другие. Оптимальный возраст ребенка для начала занятий по совместному составлению тематической папки – 5 лет. Дети 7-8 лет уже могут совершенно самостоятельно придумывать и делать свои собственные лэпбуки.

Разновидности тематических папок

Лэпбуки могут иметь несколько разновидностей. В зависимости от назначения, они бывают: учебные; игровые; поздравительные, праздничные; автобиографические (папка-отчет о каком-то важном событии в жизни ребенка: путешествие, поход в цирк и т.д.)

В зависимости от формы: стандартная книжка с двумя разворотами, папка с 3-5 разворотами, книжка-гармошка, фигурная папка.

Организация материала: стандартные кармашки, обычные и фигурные конверты, кармашки-гармошки, кармашки-книжки, окошки и дверцы, вращающиеся детали, высовывающиеся детали, карточки, пазлы, чистые листы для заметок и т.д.

Теоретическая разработка лэпбука.

Сам процесс изготовления лэпбука невероятно захватывающий. Готовые тематические шаблоны для лэпбуков и кармашков для них можно скачать бесплатно в Сети, – это лучший вариант для новичков. Но идеальный вариант изготовления тематической папки совместно с ребенком, тогда он запоминает информацию в процессе создания лэпбука. Это не так уж и сложно – главное, начать и увлечься процессом.

Тема для лэпбука. Преимущество данного вида пособий заключается в том, что его можно посвятить совершенно любой тематике. При изготовлении лэпбука для младших дошкольников темы и материалы должны быть элементарными. Для старших дошкольников можно подобрать материал более сложный. К тому же, если лэпбук изготавливается не для коллектива, а для одного ребенка, надо ориентироваться на него: какие темы нуждаются в изучении или закреплении, насколько ребенок продвинут в той или иной теме.

Лучше всего получаются лэпбуки на частные, а не на общие темы, например, на тему «Насекомые». Но он получится очень обзорным, так как сложно полностью отразить эту многообразную тему в ограниченном объеме папки. Получится книжка с самыми общеизвестными фактами – это хорошо подойдет для детей младших групп, для которых эти факты являются новыми. Для детей старших групп такой лэпбук будет нести мало пользы. Но, если взять какое-нибудь конкретное насекомое и в лэпбуке дать подробную информацию о нем - то это будет гораздо продуктивнее.

План. После выбора темы, надо написать план. Ведь лэпбук это не просто книжка с картинками - это учебное пособие. Поэтому надо продумать, что он должен включать в себя, чтобы полностью раскрыть тему.

Макет. Следующий этап самый интересный - создание макета, как в лэпбуке будет представлен каждый из пунктов плана. Здесь нет границ для фантазии: формы представления могут быть любые. От самого простого - текстового, до игр и развивающих заданий. И все это разместить на разных элементах: в кармашках, блокнотиках, мини-книжках, книжках-гармошках, вращающихся кругах, конвертиках разных форм, карточках, разворачивающихся страничках и т.п.

Сбор информации. Чтобы ребенок видел все возможные способы поиска информации при оформлении лэпбука используется материал из журналов, книг, фотографии, но не из интернет – ресурсов.

Создание шаблона. В соответствии с макетом надо сделать шаблон папки в натуральную величину.

Создание лэпбука в ходе проектной деятельности.

Лэпбук – разновидность метода проекта. Создание лэпбука содержит все этапы проекта:

1. целеполагание - выбор темы.
2. разработка лэпбука - составление плана.
3. выполнение - практическая часть.
4. подведение итогов: лэпбук – средство для реализации деятельностного метода обучения.

Лэпбук - эффективное средство для привлечения родителей к сотрудничеству. Родители обеспечивают поддержку:

- организационную – экскурсии, походы;
- техническую – фото, видео;
- информационную – сбор информации для лэпбука;
- мотивационную - поддерживание интереса, уверенности в успехе.

Тема проекта: «Создание лэпбука – вид совместной деятельности взрослых и детей»

Творческое название: «Лэпбук – ребятам друг!»

Цель: оформление теоретической части проектной деятельности в дошкольной организации

Задачи:

- помочь педагогам систематизировать информацию по проекту;
- дать конкретный пример оформления реализованного проекта.

Тип проекта: творческий, практико-ориентированный, групповой

Участники проекта: воспитатели, дети средней группы и их родители.

Продолжительность: Среднесрочный, февраль - март 2017 года.

В ходе проектной деятельности были определены цели для работы с детьми:

Образовательные цели: расширение кругозора об окружающем мире.

Развивающие цели: развитие познавательной активности, наблюдательности, творческого мышления.

Воспитательные цели:в оспитание интереса к окружающему миру, формирование самостоятельности в самообучении.

Кроме того, были выделены цели:

- **для родителей:** повышение компетентности по данной теме, укрепление детско-родительских отношений в ходе исследования и создания интерактивной папки, самореализация.
- **для педагогов:** организация эффективного сотрудничества с семьями воспитанников, координация деятельности участников проекта на всех этапах, обеспечение постоянного контроля за ходом и сроками реализации проекта, презентация материальных результатов, внедрение новых методов в работу с детьми, обогащение предметно-развивающей среды серией лэпбуков, распространение педагогического опыта.

Основополагающий вопрос: как сделать полезный материал интересным?

